Педагогикалық қызметімде орыс педагогі К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» деген пікірі өмірлік ұстанымыма айналды. Жан-жақты ізденіспен білімім мен білігімді ұштастырып, кәсіби шеберлігімді шыңдап, табысқа ұмтылу, оқушыларымды жетістікке жетелеу басты мақсатым болып табылады. Ал ол үшін бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда заманауи білім берудегі оң өзгерістерге бейімделудегі икемділік, инновациялық технологиялар мен оқыту құралын, жаңартылған білім мазмұны негізінде сабақты тиімді, нәтижелі жоспарлауды меңгеру қажеттілігі туындауы - заңдылық.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда сабақты жоспарлаудан бастау қажет. Нақты оқу уақыты барысында мұғалім мен оқушының нәтижеге бағытталған әрекеттерін, оның мақсат, міндеттері мен әдістерін, тапсырмаларын құрастыру. Жаңартылған білім мазмұнындағы бастауыш сынып оқушыларының сауаттылығының бірден-бір көрінісі қысқа мерзімді жоспарлаудың кейбір ерекшеліктерін өзімнің алдыңғы сабақ жоспарыммен салыстыру барысында анықтадым.

Жаңартылған білім мазмұндағы мұғалімнің функционалдық сауаттылығын дамытудың көрінісі қысқа мерзімді жоспарлауда көрініс береді.

Ұзақ мерзімді жоспардан бөлім бойынша қамтылуға тиісті тақырыптар мен мақсаттар жүйесін білу;

Орта мерзімді жоспар мен оқу жоспарынан белгілі бір бөлімдегі нақты ұсынылған сабақ тақырыбынан оқу мақсатын анықтау;

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту және сыни ойлау жүйесі – нәтижесі алдын-ала белгісіз шығармашылық, зерттеушілік мәселелерді шешумен тығыз байланысты жұмыс. Мұғалімдердің өз беттерінше ізденулері арқылы зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын, ойлаудың зерттеушілік түрін меңгерулеріне, сонымен қатар оқу барысында белсенділік ұстанымдарын қалыптастыруға, функционалдық сауаттылықтарын дамыту шарт. Ұстаздың функционалдық сауаттылығы – бұл педагогикалық іс-әрекетті өзгерту бойынша құндылыққа бағытталған, жан-жақты дәлелденген, талаптарға сай ұйымдастырылған, нақты мақсатты көздейтін кәсіби қызмет. Мұғалімдердің функционалдық сауаттылығын дамытуда жобалық және зерттеу әрекетіне үйрету барысында қойылатын міндеттер төмендегідей болуы мүмкін: – мұғалімдердің функционалдық сауаттылығын дамытуда танымдық қызығушылықтарын дамыту; – шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту; – проблема қою және оны шешудің тәсілдері мен жолдарын табу біліктері мен дағдыларын дамыту; – оқуға және өздігінен ізденуге ынталандыруға жағдай жасау; – білім алушылардың өз әрекеттеріне, қабылдаған шешімдеріне жеке (тұлғалық) жауапкершілік сезімін, өзін-өзі бағалаудың негізін қалау; – тұлғаның бойында коммуникативтік дағдылар қалыптастыру және дамыту; – білімді күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

XXI ғасырда мұғалімдердің функционалдық сауаттылығын дамыту бұл шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін белсенді оқу әдістері мен тәсілдерінің дамуымен байланысты функционалдық сауаттылықты дамытуда Джона Дьюи идеяларына қызығушылық артты. Ол «сын тұрғысынан ойлауды» дамытудың қажеттілігіне назар аудара отырып, оқу материалын белсенді және саналы түрде меңгертуге бағытталған сын тұрғысынан ойлауды қалыптастырудың қағидаттары мен әдістемесін әзірлеп ұсынды:

- көп мәнділікті меңгеру, яғни теориялар мен түсініктердің мән-мағынасын сөздердің, суреттердің және математикалық мәндердің көмегімен жеткізе білу;
- ақпаратты ықшамдай және жалпылап қорыта білу, өз бетінше тиімді және үнемді құрылымдарды, тұжырымдамалық карталар мен схемаларды құруға қабілеттілік;
- нақты, деректен алшақтап, дерексіз, абстрактылы ойлай білу;
- кез келген құбылыстың негізгі, басты қағидаттарын анықтап, таба білу.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда Дьюи идеясын іске асыру тәсілдерінің бірі «жобалау әдісі» бойынша оқыту болды. Қазіргі заманғы педагогикада жобалау әдісі заманауи білім беру жүйесінің компоненттерінің бірі ретінде қолданылуда. Дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерінің тиімді арақатынасы мұғалімнің танымдық және эмоционалдық тұрғыдан дамуына оң ықпал етеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда пәнаралық және шығармашылықпен кіріктірілген бағдарлы жұмыс түрі болып табылады. Бұл әдіс мұғалімдердің қандай да бір мәселені өздігінен зерделеп, зерттеу нәтижесін көпшілікке таныстырып жариялаудан тұратын оқу-танымдық іс-әрекеттерінің жиынтығын қамтиды. Мұғалімдердің коммуникативтік, күрделі мәселелерді шешу жолындаға ізденістік және өз іс-әрекетіне рефлексия жасай білу қабілеттері дами түседі. Сонымен қатар, мұғалімдердің функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстары пәнаралық байланысты нығайтып, екі немесе одан да көп сабақтар бойынша кіріктірілген сабақтар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер өздігінен ізденіп, оларды талдап, дамыту арқылы қорытынды жасап, жаңа нәтиже алуды және оны жариялауды жүзеге асырады.

Қорыта келгенде, сабақтың оқу мақсатына, ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес жоспарланған тиімді деп таңдалған әдіс-тәсілдермен берілген топтық, жұптық, жеке формадағы тапсырмалар белсенді оқу ортасының қалыптасуына, өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Бұған оқуды барынша белсенді, күрделі, қызықты, маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады. Жеке және топпен бірлесе жұмыс істеу қабілеті, сын тұрғысынан ойлау дағдылары, сөйлеу мәдениеті қалыптастыру, өмірлік жағдаяттарда оң шешім қабылдау, адамзаттық құндылықтарға баулу - жаңартылған білім мазмұнының соның ішінде функционалдық сауаттылықты дамыту тиімді тұсы екенін атап айтқым келеді. Демек, «функционалдық сауаттылық» табысты оқытуың мәні – мұғалімдердің бойында ХХІ ғасырда өмірдің барлық саласында табысты болуы үшін қажетті кең ауқымды дағдыларды дарыту болып табылады. Оқушы кез келген ауызша және жазбаша мәтіндерді түсініп оқып, сын тұрғысынан қолдануға, басқалармен әртүрлі тақырып төңірегінде мазмұнды әңгіме жүргізіп, мәтін құра білуге белсенді оқыту мен оқу үдерісінде дағдыланады.

Демек, білім мазмұнының жаңартылған шеңберінде функционалдық сауаттылығын дамыту технологиясы негізінде қысқа мерзімді жоспарды тиімді әзірлеудің табыстылығы оқу бағдарламасының талаптарын орындауға және мұғалімдердің оқу үлгеріміне оң әсер етеді. Жалпы мақаламды қортындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру және сыни ойлау жүйесін қалыптастыру технологиясы бұл мұғалімнің жан-жақты дамуы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы// Егемен Қазақстан, 20 мамыр, 2015 жыл № 92 (28570)
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2019 ж.

Абитаева Н.Е

КГУ «Школа – лицей № 101», г. Караганда

РАЗВИТИЕ ЕСТЕСТВЕННО - НАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Новые стандарты государственного общеобязательного начального образования ставят новые задачи, непременно призывающие поиска новых решений. Результативные методы и приёмы в обучении становятся преимущественно актуальным в образовательном процессе, которые формируют умения учащихся самостоятельно добывать новые знания, собирать необходимую информацию, выдвигать гипотезу, делать выводы и заключения. В арсенале современных педагогических решений, значительное место занимает исследовательская деятельность, в основе которой лежит умение понимать основные особенности естествознания, как формы человеческого познания.


Проштудировав целенаправленность между критериями компетенций, определяющих естественнонаучную грамотность, и требованиям к результатам образования в учебной программе «Естествознания», был составлен план достижения цели: формирование естественно – научной грамотности. Уроки «Естествознания», конечно, не единственная область развития естественно – научной грамотности, следовательно, целесообразно планировать изучение научных текстов по литературному чтению, русскому языку, чтобы этот процесс имел практическое направление. Также на уроках художественного труда проводить опыты и эксперименты, позволяющие увидеть единую картину мировоззрения. Пример: сопоставление свойства глины и пластилина. Первые шаги по формированию естественно – научной грамотности включает развитие умений: воссоздать изученную научную информацию, устанавливать аналогии, классифицировать, преобразовывать знаки и символы, модели и схемы, используя научные факты. Пример: представить структурировано информацию в виде схемы.

1) «Карта памяти» - схема предоставления системы аргументации. Сделать заметки относительно взаимосвязи фрагментов содержания.

Замкнутые линии (овалы) – начинать построение схемы с середины страницы, чтобы можно было ее продолжить в любом направлении.

Слова писать вдоль линии или в том месте, где они заканчиваются.

Пример. Тема урока: Как вращается Земля?



2) «Схема отношений» - эта статистическая схема, на которой линии четко показывают на определенные причинно – следственные связи.

Округлые контуры


Слова, линии, обозначающие связь между компонентами

3) «Паучок» (моно - кластер)

Начинается построение схемы с «туловища»

Затем к «туловищу» с помощью линий присоединяются «ножки»

К «ножкам присоединяются «башмачки»



4) «Кластер» – с помощью кластеров можно в систематизированном виде предоставлять большие объёмы информации (ключевые слова, идеи).

Округлые контуры – туловище, ножки и башмачки.

Слова в округлых контурах при записи слов можно использовать техники сокращения слов

Линии, обозначающие связь между компонентами

В центре кластеров, в главном овале основная проблема

В овалах следующего уровня – вопросы, на которые нужно ответить в процессе выполнения задания, проекта.

Следующим этап формирования естественно – научной грамотности включает в себя самостоятельное приобретение знаний, используя различные источники информации. На этом этапе следует подготовить информацию, которую ученик должен преобразовать в знания. Предоставлять информацию можно разными способами, но наиболее эффективно на уроке это делать наглядно.

Для начала следует просмотреть информацию, изложенную в учебнике. Подбирая информацию нужно следовать трем главным принципам:

- надо определить и систематизировать ту информацию, которая необходима в первую очередь для обучения учащихся. Пример: схема «Содержательная картинка» - это схема, используется на этапе усвоения знаний, до того, как вы составите представление об изучаемом материале.
- информация должна быть изложена кратко, ясно, чётким языком.
- пользуйтесь, насколько это уместно, наглядной моделью, чтобы учащиеся могли непосредственно видеть процесс или результат.



Модель «Солнечной системы»



Модель «Электрической энергии»

Также на данном этапе, на уроке включаю задания, позволяющие сформулировать опыт рассуждения при решении нестандартных задач в жизненных ситуациях. Пример: Приём «Обрати вред в пользу»

Ситуация: Жак Ив Кусто рассказал о таком случае. Вместе, где нерестится рыба, затонуло рыболовецкое судно. Это плохо? А что хорошего?

Ситуация: Ученые-инфекционисты рекомендуют мыть руки не менее 20 секунд, так как именно за это время с рук удаляются все вредные микробы.

Но 20 секунд – это на самом деле очень длительный промежуток. Редко кто из нас тратит на мытье рук столько времени. Как заставить человека мыть руки не кое-как, а ровно столько, сколько требуется для удаления всех микробов?

Особую роль – третий этап в развитии естественно – научной грамотности занимает мини – исследования, эксперименты, умение проводить несложные эксперименты. Которые наглядно демонстрируют различные процессы, происходящие в природе. Пример исследования, опыта.

Тема: «Условия жизни растений». Цель: определить, почему свет важен для растений (рисунок 1, 2).

Цель: определить, как разные вещества влияют на рост растений (рисунок 3).



Рисунок 1



Рисунок 2



Рисунок 3

Тема: Вода. Свойства воды. Цель: Раскрыть понятие о многообразии свойствах воды, и об их значениях в природе.

Для эффективности проведения опытов составляю карточки-инструкции, которые не только позволяют более точно провести эксперимент, но и уменьшают временные затраты на описание эксперимента.

1 опыт

- Провести опыт используя те предметы, которые перед вами на столе.
- Сделать ввод, какое свойство воды вы доказали.
- Затем свой вывод продемонстрировать, перед классом.

Карточка - инструкция:

1. Налей воду из бутылки, вначале в стакан.
2. Перелейте воду из стакана в колбу.
3. Налейте немного воды из колбы блюдце.
4. Что происходит с формой воды?
5. Обсудите наблюдения, при переходе воды в разные по форме предметы?
5. Сделайте вывод о воде.

6. Выберите, кто расскажет классу о результатах опыта.

2 опыт

Цель: знать, почему вода не растекается по монете, а при большом количестве воды, она растекается? (Сила натяжения воды на поверхности)

У вас есть: вода, пипетка, монета.

План работы:

1. Набрать воду в пипетку. 2. Капать на монету воду

3. Сделай вывод.

Заполни таблицу	
Свойство воды	Где встречаем в жизни

Свойство воды	Где встречаем в жизни
Натяжение	Водомерка, дождь, роса.
Вода бесцветна	Для гигиены, чистоты
Вода прозрачна	Аквариум, бассейн, водоемы
Вода не имеет вкуса	для приготовления пищи
Вода не имеет запаха	для удаления жажды
Текущность	для полива, для питья
Не имеет формы	вода протекает по трубам
Является растворителем	в строительстве, в приготовлении лекарств, для стирки белья

Работа таблицей «Применение научных знаний о воде в жизненной ситуации».

На уроках естествознания для достижения цели включаю просмотр видео роликов, которые дают возможность увидеть учащимся те процессы, которые невозможно провести в школе. Учащимся нравится проводить эксперименты, которые проводятся самостоятельно на уроках, и, тем более те, которые можно провести дома. Проводя демонстрационные опыты, эксперименты - данные виды работы привлекают внимание учащихся к изучению столь сложного предмета естествознания.

Исследовательская деятельность даёт возможность учащимся получить более глубокие научные знания об изучаемом веществе или явлении, а также способствует повышению мотивации к учению.

Результатом своей работы считаю умение учащихся составлять план работы, приводить его в действие, формулировать гипотезу, составлять вопросы и уметь на них отвечать, логически строить совокупность приобретенных ими знаний. Когда ученик научится самостоятельно проводить исследование, можно рассчитывать, что в своей жизни он окажется более адаптированным, сумеет планировать деятельность, ориентироваться в различных ситуациях.

Также результат моей деятельности – это ежегодное участие и победы в школьных, городских, областных научно - исследовательских конференциях.

Айдарханова Г.К.

Қарағанды қаласы ҚММ «№101 мектеп-лицейі»

Бастауыш сынып мұғалімі

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ, ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазіргі таңда бүкіл әлемдік жаһандану процесі жүріп жатыр. Әрине, жаһанданудан еліміз де қалыс қалмауда. Жалпы, «жаһандану» аты айтып тұрғандай бір ғана ұлтпен немесе бір ғана халықпен ғана шектелмейтін, бүкіл әлемді бір арнаға тоғыстыратын құбылыс. Ал осы жаһандану жағдайында оқушылардың интеллектуалдық, патриоттық және рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

Еліміздің болашағы – жастардың қолында. Ал сол ел болашағының жарқын болуын ойласақ, әрбір оқушының интеллектуалдық дамуына баса назар аударуымыз керек. Оқушының интеллектуалдық дамуына үлкен әсер ететін жүйе - ақпараттандыру. Қазіргі таңда көзін тырнай ашқан әрбір баланың әлемді танудағы жетістіктері, оның ой-өрісінің дамуы, дүниетанымының қалыптасуы компьютер арқылы жүзеге асырылуда. Ұшқанды қас-қағым сәтте қағып алатын қасиетке ие әрбір оқушының білімге деген қызығушылығын осылай оятсақ, болашағымыз кемел болмақ. Бұл мәселені шешуде мектептің алар жауапкершілігі мол. Ақпараттандыру процесін орта

мектептердің бастауыш сыныптарынан бастау қажет. Мұндай жағдайда жалпы орта білім алған әр оқушы компьютердің қолданылу сферасын білуден басталады. Олар компьютерді іске қосып, бағдарламалар кітапханасынан керекті алып пайдалана білуге, онымен мәтін жазуға, керек ақпаратты іздеп табуға, сурет салуда пайдалануға және т.б. үйренеді. Қазіргі уақытта «қоғамды информатикаландыру», «білім беруді информатикаландыру» деген сөз тіркестері біздің сөздік қорымызға еніп кетті. Қоғамды информатикаландыру – ғылыми-техникалық үрдіс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі. Қоғамды информатикаландыру объективті үрдіс болып табылады. Техниканың дамуына және адамзат жетістіктерінің көбеюіне байланысты қоғамның әр талабын орындау қазіргі кезде қолдан келерліктей іс. Сол сияқты қоғамды информатикаландыруда қоғам қажеттілігі, яғни адамзаттың болашағының қажеттілігі. Қоғамда информатикаландыру адам өміріндегі іс-әрекеттің интеллектуалдық түрлерінің жан-жақты қалыптасуы, әсер етуі мен рөлінің жоғарлауына байланысты. Сондықтан бастауыш сыныптарда информатика сабағын кірістіру бүгінгі күннің өзектілігі мәселесі болып отыр.

Патриотизм мемлекеттің өміршеңдігінің негізі болып табылады және қоғам дамуының ішкі жұмылдырушы ресурсы, жеке тұлғаның белсенді азаматтық позициясы, оның Отан игілігі үшін қызмет етуге дайындығы. Осы орайда, балаларды туған өлкенің тарихымен және мәдениетімен таныстыру жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеудің негізі болып табылады. Сондықтан мұғалім балалардың эмоционалды реакциясын және өз бетінше білім алуға деген ынтасын тудыратын жұмыс әдістерін таңдауы керек. Жұмыстың бұл түрлеріне, мысалы, викториналар, әңгімелер құрастыру, өлкетану тақырыбындағы мақал-мәтелдерді таңдау, туған өлкенің жануарлар мен өсімдіктер әлемі, оның тарихы, сәулеті, танымал адамдар туралы суреттері бар альбомдар жасау жатады. Сондай-ақ патриоттық тәрбие беру үшін сабақ барысына халық ойындарын, халық дәстүрлерін белсенді араластырып, өзара ана тілінде шырқап үйренетін әндерді қосу қажет. Бастауыш сынып оқушыларында патриоттық сезімді қалыптастыру жұмысы жүйелі болуы керек және бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдердің, сондай-ақ ата-аналардың белсенді қызметін қамтуы керек. Бастауыш мектептегі патриоттық тәрбие балаларды жалпы адамзаттық құндылықтарға, Отанымыздың және атап айтқанда, туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне баулуға ықпал етуі тиіс.

Балалардың рухани-адамгершілік дамуы әлеуметтену, тұлғаның құндылық-семантикалық саласын дәйекті кеңейту және нығайту, адамның өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, мемлекетке, Отанға, жалпы әлемге дәстүрлі моральдық нормалар мен моральдық мұраттар негізінде бағалау және саналы түрде құру қабілетін қалыптастыру процесінде жүзеге асырылады.

Оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мен жеке тұлғаны тәрбиелеу, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бағдарламасы руханилықтың дамуына баса назар аударады және жеке көзқарасты қолдануды көздейді. Бұл рухани-адамгершілік даму және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру тұрғысынан педагогтердің назары әрбір оқушыға, оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып бағытталуы тиіс дегенді білдіреді. Мұнда әр оқушы әсер ету объектісі ретінде емес, адамгершілік құндылықтар жүйесін дербес дамытуға, рухани әлемді қалыптастыруға және азаматтық ұстанымды қалыптастыруға қабілетті субъект ретінде түсінілуі маңызды.

Тұлғаны рухани-адамгершілік дамыту мен тәрбиелеудің, азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі құралы тәрбиелеу әдісі болып табылады. Осыдан мұғалімнің тәрбиелік рөлі қайтадан өзекті болады. Мұғалімнің адамгершілігі, ол өзінің кәсіби қызметі мен өмірінде басшылыққа алатын моральдық нормалар, оның педагогикалық жұмысына, оқушыларға, әріптестеріне деген көзқарасы – мұның бәрі оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесі үшін өте маңызды. Егер мұғалім оқушылар үшін адамгершілік және азаматтық жеке мінез-құлықтың негізгі мысалы болмаса, ешқандай білім беру бағдарламалары тиімді болмайды.

Дені сау ұрпақты тәрбиелеу әрқашан да өзекті мәселелердің бірі. Бұл тұста да педагогтың қосар үлесі орасан зор. Осы орайда оқушының физикалық дамуына тікелей әсер ететін педагогтың басты міндеттерінің бағыттарын атап өткім келеді:

- физикалық қасиеттерді дамытуға бағытталған жаттығуларды орындау,
- негізгі қимылдарды орындау,
- спорттың кейбір түрлері туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру,
- қимыл ойындарын меңгеру,
- қозғалыс саласындағы мақсаттылық пен өзін-өзі реттеуді қалыптастыру,
- салауатты өмір салтының қарапайым нормалары мен ережелерін меңгеру.

Жоғарыда аталған міндеттерді педагог өз жауапкершілігіне алып, оқушылардың физикалық дамуына жағдай жасауда бек ұстанса, нұр үстіне нұр болар еді.

Қорыта келе, жаһандану термині нақынды да, жазылым да аз емес. Оқушылардың интеллектуалдық, патриоттық және рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету әсіресе бүгінгі ғаламдық жаһандану жағдайында аса зор және қажет екені белгілі болып отыр. Ерекше атап өткен патриоттық тәрбиенің еліміздің өткен дәуірінде, кейінгісінде тіпті М.Жұмабаевтың «ұлт тәрбиесінен» Б.Момышұлының «халық тәрбиесіне» дейінгі аралығында жас ұрпақтың заман талабына сай болуына бірден-бір тұтқа бола алуына маңызды рөл атқаратын құрал ретінде ұлт санасында өзгерусіз сақталып келе жатқан құбылыс екені кең тұрғыда бағаланып келді.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қайсар рух пен қара күшті қару етіп, еркіндік үшін күрескен бабаларымыздың ерлік жолындағы күресі бүгінгі таңда айбыны аспан тіреген тәуелсіздік тұғырын биіктетті. Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жалынды жастар еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әбенбаев С.Ш. Ұлттық-эстетикалық мәдениет негіздері. — Алматы, 2016.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан халқына Жолдауы. — Астана. 1 наурыз 2012 ж. Егемен Қазақстан.

Аимбетова Г.Б.

КГУ «ОШ №27», г. Караганды

ИНКЛЮЗИЯ В ОБРАЗОВАНИИ – ОДИН ИЗ АСПЕКТОВ ИНКЛЮЗИИ В ОБЩЕСТВЕ

«Если мы не можем покончить с нашими отличиями, мы, по крайней мере, в состоянии сделать мир местом, безопасным для многообразия».

Джон Фицджеральд Кеннеди

Работая над понятием «инклюзивное общество», пришла к выводу, что инклюзия – это возможность включения всех. Не может быть инклюзии, для какой-то эксклюзивной категории людей. Это противоречие внутри понятия.

Инклюзивное общество – создание такой модели общества, при которой в жизненный процесс с остальными, может быть включён человек с любыми особенностями, как психофизического развития, так и культурными, этническими и т.д. Человек с другим материальным положением, другой ориентацией, с другим цветом кожи, беженцы, переселенцы, независимо от состояния здоровья, ВИЧ – статуса и т.д. - не должны чувствовать никаких проблем. Должно быть уважение всех ко всем, отношение к любому человеку, как к равному. Человек, «не входящий в прокрустово ложе», созданное самим же обществом, должен быть принят, понят и чувствовать поддержку государства и соотечественников.

Включается понятие социальной инклюзии.

Социальная инклюзия красной нитью проходит через современную образовательную систему. Также и в образовательной среде, инклюзия - это глубокое внедрение ребенка в образовательную среду, подстроенную под него, и оказание ребёнку и родителям специальных услуг, поддерживающих семью. В основе инклюзии образования положена идеология, предполагающая полное исключение дискриминации детей, данная идеология обеспечивает равное отношение ко всем детям. Инклюзивное образование – процесс развития общего образования, который подразумевает доступность образования для всех, в плане приспособления к различным нуждам всех детей, независимо от особенностей здоровья, внешнего вида, социального статуса и т.д.[1]

Инклюзивное обучение делает ударение на процесс обучения, ориентированный на персону, на разработке индивидуального образовательного маршрута. Основная цель инклюзивного

образования – это создание свободной, безбарьерной среды в обучении и профессиональной подготовке людей с особыми потребностями.

Основные принципы инклюзивного образования:

- Способности и достижения человека не влияют на его ценность.
- Любой из людей обязательно чувствует, и способен думать.
- Каждый ребёнок имеет право быть услышанным, имеет право на общение.
- Дети нуждаются друг в друге, в дружбе ровесников.

Эффективное образование может осуществляться только в контексте реальных взаимоотношений. Для всех обучающихся достижение прогресса скорее в том, что они могут делать, чем в том, что не могут. Разнообразие усиливает все стороны жизни[2].

Главными причинами неприятия учащегося с особыми образовательными потребностями и трудностями в обучении можно назвать - социальные и ресурсные. Существует ряд «вторичных» барьеров «архитектурного характера», так например, отсутствие подъёмников, пандусов и т. д. Над их устранением, безусловно, необходимо работать. Но, без устранения первопричинных барьеров, таких как взаимоотношения «ученик – учитель - родитель», всё остальное уходит на второй план. Другими немаловажными факторами являются проводимая в стране социальная политика, культура, социальные и экономические аспекты. Барьеры можно обнаружить как в школе, так и в местном сообществе, в региональной и национальной политике.

В нашем государстве идея инклюзии провозглашена. Имеются законодательные документы, программы, планы, проекты. Однако, на деле происходит так, что повзрослев, многие из детей с особыми образовательными потребностями, останутся сидеть дома, потому что в ТИПО и высших учебных заведениях нет программ для обучения людей с определёнными нарушениями. Их трудоустройство, мягко говоря, под большим вопросом – нужна система социального предпринимательства, призванная мотивировать работодателя. Ведь, инклюзия предусматривает для человека с особыми потребностями не ограничиваемое участие во всех социальных процессах, на всех ступенях образования, в процессе досуга, на работе, в реализации различных социальных ролей и функций[3]. Инклюзия должна стать нормой общества.

В заключение хочется привести слова Министра образования и занятости британского правительства Дэвида Бланкетта, который не понаслышке знаком с проблемами детей - инвалидов, т.к. сам от рождения был слепой: «Образование детей с особыми потребностями является одной из основных задач для страны. Это необходимое условие создания действительно инклюзивного общества, где каждый сможет чувствовать причастность и востребованность своих действий. Мы обязаны дать возможность каждому ребёнку, независимо от его потребностей и других обстоятельств, полностью реализовать свой потенциал, приносить пользу обществу и стать полноценным его членом».

Литература:

1. "Понятие инклюзии. Интеграция и инклюзия: общее и различие". Кадуркина О.В.
2. «Инклюзивное образование». Материал из Википедии — свободной энциклопедии.
3. Юлдасова А.С. Философия взглядов на инклюзивное образование / Познание – 2016

Акмагамбетова А.А.


*“С.Сейфуллин атындағы гимназия” КММ,
Қарағанды қаласының білім бөлімі*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

Бала жүрегі - кішкентай күйсандық.
Сол күйсандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады.
Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұру керек.
Мұхтар Шаханов

«Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» білім беру мазмұнына қойылатын талаптарда көрсетілгендей, бастауыш білім беру мақсаты оқушылар бойында кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Сол дағдының ең бастысы - білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу. Ал бұл дағдыны қалыптастыру үшін бастауыш мектепте барлық пәндерді оқуда ақпаратпен жұмыс жасаудың алғашқы дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Оқытудың бастапқы кезеңінде кез-келген баланың талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, қорытындылау, жіктеу, қабылдау сияқты логикалық әдістерді қолдана отырып ойлау қабілетін жетілдіру. Нақты білім, білік, дағдылардан бастап оқу объектілері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту және қалыптастыру процесі ойлау қабілеттерін дамыту негізінде жүзеге асырылады. «Мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеу» (PIRLS) қорытындысы бойынша оқушылардың барлық пәндер бойынша пәндік білім дағдысы мықты көрсеткіштер көрсетіп, бірақ оны нақты өзекті жағдайларда қалай қолдану керектігін ескермейтіндігі байқалды. Бастауыш сынып аяқтаған түлектер көп жағдайда алған білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірде өз бетінше қолдануға бейім емес. Сондықтан, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту - функционалдық сауаттылықтың бастауы болатыны бәрімізге мәлім.



Оқушылардың танымдық қабілеттерін Агафонов И.Н., бала қиялын, сөйлеу дағдысын Немов Р.С. «Әңгіме ойлап тап» әдістерінде берілген тапсырмалар арқылы тексеріп, сөйлеу, дәлелдеу, ойлау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларына талдау жасалды.

Осы көрсеткіштерден мектепке қабылданған оқушылардың жоғары деңгей көрсеткішін көрсету деңгейі өте төмен екендігін байқадым. Жалпы мектептегі оқу және оқу сауаттылығы арасында қандай айырмашылық бар деген сұрақ туындауы да мүмкін.

Оқу - бұл интеллектуалды даму технологиясы, мәдениетке ие болу тәсілі, қарым-қатынаста делдал, өмірлік мәселелерді шешудің құралы. Адамдар өздерінің жеке ерекшеліктері мен өмірлік тәжірибелеріне байланысты бір мәтінді әр түрлі түсінеді.

Оқу сауаттылығы дегеніміз оқушының жазбаша мәтіндерді түсіну қабілетін және олардың рефлексиясын, мазмұнын өз мақсаттарына жету, білімі мен мүмкіндіктерін дамыту, қоғамға белсенді қатысу үшін пайдалану қабілетін білдіру.

Бастауыш сыныптан бастап, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға берілетін тапсырмаларда талдау барысында анықталған дағдылар мен біліктер қамтылу керектігіне көз жеткіздім. Өзім қолданған әдістер мен тапсырмалар үлгісін ұсынамын.

Оқушылардың оқу сауаттылығына арналған тапсырма үлгісі. Берілетін мәтінде *ақпаратты іздеуге, қорытынды жасау дағдысын қалыптастыруға, ақпаратты түсіндіру және жалпылауға, мәтіннің мазмұнын, тілін және элементтерін талдау және бағалауға* арналған сұрақтар ұсынылады.

ҚЫС

Қыс бас-тал-ды. Ө-зен қат-ты. О-раз ақ-қа-ла соқ-ты. Зә-кен мен Аб-зал О-раз-ға кө-мек бер-ді. Ақ-қа-ла тез біт-ті. Ба-ла-лар сыр-ға-нақ те-бе-тін бол-ды.
(20 сөз)

Ақпаратты іздеуге арналған сұрақ:

Екі сөйлемді толықтыр: Ораз _____ соқты. Балалар _____ сырғанақ тебетін болды.

Оқушының қорытынды жасау дағдысын қалыптастыруға арналған сұрақ:

Неліктен “Аққала тез бітті”?

Жауабы: О-раз ақ-қа-ла соқ-ты. Зә-кен мен Аб-зал О-раз-ға кө-мек бер-ді.

Қорытынды: жұмысты бірге жасау өз жемісін берді.

Ақпаратты түсіндіру және жалпылауға арналған сұрақ.

Өзен неліктен қатты? Аққаланы қай мезгілде соқты?

Оқушылар осы екі сұраққа қыс мезгіліне қатысты сипаттарды айтып жауап береді.

Мәтіннің мазмұнын, тілін және элементтерін талдау және бағалауға арналған сұрақ:

Суреттер бойынша аққала соғу және сырғанақ тебу ретін анықтап, әңгімелеп беріңдер. Оқушыларға суреттер ұсынылады.

“Графикалық органиайзер” қолдану арқылы сауат ашу пәнінде оқушылардың мәтінді түсініп, сұрақтарға нақты жауап беру дағдылары дамитындығын байқадым.

Мұндай органиайзерлер түрлерін сабақтарда мұғалім шеберлігіне қарай түрлендіріп оқу сабақтарында қолдана беруге болады. Сынып жоғарылаған сайын күрделендіру оқушылардың оқу сауаттылығын арттыратыны сөзсіз.



Сауат ашу пәніндегі 99 - бетте берілген ертегіні оқыған оқушыға осы органиайзерді ұсынамын. Әрине, осы кезде саралау тәсілі қолданылады.

Не? - Құмырсқа.

Не істейді? - Өз илеуіндегі тобынан бөлінеді.

Нелермен? - Ара, қоңыздармен дос болады.

Қайтеді? - Дән тауып алады.

Не болды? - Көмектеспеді.

Негізгі ой: өз мекенінді, туыс, достарыңды ешқашан тастап кетпе.

Қосымша сабақтарда ертегіні талдау жұмысын төмендегідей ұйымдастыруға болады.


Шұбар тауық

Кемпір мен шалдың тауығы не істеді? Сөйлемдерді суреттермен байланыстыр.

Көп жұмыртқа тапты.


Алтын жұмыртқа тапты.

Кемпір мен шалды жұбатты.



Суреттерге сәйкес үзіндіні цифрлар қойып байланыстыр: 1, 2, 3.

<p>Шал: Кемпір, жұмыртқаны жарып көрсек қайтеді, мүмкін ішінде гауһар тас бар шығар? Шал жұмыртқаны қасықпен ұрып-ұрып сындыра алмапты.</p>	<p>Кемпір: Әжелші мен жарып көрейін деді. Кемпір де жұмыртқаны ұрып-ұрып сындыра алмапты.</p>	<p>Тарсылды естіген тышқан інінен шығып, үстелдің үстімен жүгіріп бара жатып, жұмыртқаны құйрығымен қағып кетеді. Жұмыртқа еденге түсіп жарылып қалады.</p>
---	---	---



Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда және оқушылардың қызығушылығын арттыруда күнделікті сабақта әдіс - тәсілдер қолдану өз жемісін беретіні сөзсіз.

“Көршіңізге айтыңыз” ойыны арқылы сөздерге дыбыстық талдау жасау, түсінік беру, атауларын сурет арқылы жазу тапсырмаларын орындатуға болады. Оқушылар алдарында жатқан планшет арқылы берілген суретке дыбыстық талдау жазады немесе суреттің атауын жазады, т.с.с. тапсырманы орындап, жұбына ұсынады. Бұл жағдайда сыныптағы оқушыларда топ құрылатындай етіп, суреттер топтамаларын беру керек.

“Сөздер қоры” әдісі. Екі сандықша тұрады. Бірінші сандықшада өткен тақырып бойынша сөздер жатады. Оқушы тақырыпқа қатысты сөздерді осы сандықшадан алып, түсінік береді.

Сөздердің арасында бүгінгі өтетін әріппен сөздер кездеседі. Оқушылардың бұл сөздерге түсінік бере алмайтыны сөзсіз. Бұл сөздерді тақтаға ілу арқылы бүгінгі тақырып пен оқу мақсатын шығарып аламыз. Оқушылар ойланады, оқиды, талдайды.

Сауат ашу пәнінен көп оқушыларға дыбыстауда қиындық тудыратын “Р” дыбысын өткен кезде Е.Чарушиннің “Бала қалай Р дыбысын айтуды үйренді?” мәтіні бойынша оқиганың өту кезеңіне қарай сөйлемдерді құрастыруды ұсындым.

Тапсырма материалы: сөйлемдер жазылған кеспе қағаздар.

Ол шатырда дыбысын шығармай жылап жатыр.

Ой, қалай қуанды!

Кенет өте жақсы шықты.

Қарrrrrrrrrrrrr!

Бала балалаларға қарай айқайлап жүгіре жөнелді.

Оқушылардың есте сақтау қабілетін арттыруға сауат ашу пәнінде өткен әріп бойынша мнемотехникалық өлең шумақтарын ұсыну өз нәтижесін беруде. Мысалы: “С дыбысы және әрпін өткен кезде төмендегі кестені ұсыну арқылы оқушылар қызығушылығы артып, есте сақтай отырып, қайтадан айтып берді, сөздік қорлары артады.


Суырлы тау етегі,

Сұңқар самғап өтеді.

Сұлу көлде сұқсыр көп,

Сазаны да жетеді.

Міне, оқу сауаттылығына берілген тапсырмаларды түрлендіріп осылайша қолданса, өз жемісін беретіндігі сөзсіз. Енді оқу жылының соңында оқушылардың сөйлеу, дәлелдеу, ойлау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларына осы жұмыстардан соң салыстырмалы талдау жасаймын.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Үкіметінің 2015 жылғы «25» сәуірдегі № 327 қаулысына қосымша, 16 - бет.
2. «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015, 8 – бет.
3. “Графические органайзеры <https://masam.by/graficheskie-organajzery/>
4. “Чтение с увлечением” “Планета” баспасы.

Аманжолова С.Б. Хамзина Ж.У.
«№53 мектеп-лицей» КММ Қарағанды қ.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ: ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Білім беру – болашақтың іргесін қалыптастыру, еліміздің ілгері басыуының алғышарты. Саналы ұрпақ тәрбиелеу ұстаздардың алдында тұрған үлкен міндет. Әлемнің озық елдерімен терезені теңестіру, білім арқылы ғана жүзеге асырылатын үрдіс. Сол себепті, педагог ретінде өзіме жүктелген міндеттің қаншалықты салмақты екенін жақсы түсінеміз.

«Білім негізі - бастауышта», демекші, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуы, өмірден өз орынын табуы, мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап қалана бастайды. Шәкірттің бойында оқуға деген ынта алғашқы сәттен бастап қалыптасатын болса, оны әрі қарай дамыту оңайға түсетіні рас. Оң, солын тани қоймаған, балалықтың буынан босай алай, өмірінің маңызды кезеңіне қадам басқан бүлдіршіндермен жұмыс жасау біздің бірнеше жылғы тәжірибемізге айналғандай. Әр бала жеке әлем. Сол себепті біз барынша жан – жақты әдіс-тәсілді қолданып, балалармен біте қайнасып, біріге қызмет етеміз.

Жалпы, қандай әдіс-әдіс тәсіл болмасын, ең алдымен ол оқушыға қызықты, сабаққа ұтымды және нәтижесін беруі тиіс. Еліміздің болашағы, көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема - әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Әсіресе, соңғы бір жылда енгізілген жаңашылдық, білім беру саласында бұрын-соңды болмаған, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де жаңа қырынан танылған қашықтықтан оқыту әдісі болды. Әлем халықтарын әбігерге салған, тосыннан келген дерттің салдары біздің елді де айналып өтпеді. Қауіпсіздікті алғашқы орынға қойғандықтан, сақтық шараларын барынша ұстануға маңызды міндет еді. Сол себепті аз ғана уақыттың ішінде дәстүрлі оқуды қашықтан білім алуға алмастырып, бастап та кеттік. Бастапқыда жасыратыны жоқ, жұмыс жасау біраз қиыншылықтар туғызғаны рас. Әсіресе, менің шәкірттерім бастауыш сынып оқушылары болғандықтан, олармен сынып ішінде тығыз қарым-қатынас орнатып, үнемі диалог арқылы сабақ түсіндіру жүргізілетіндіктен, қашықтан оқу барысында салмақтың басым бөлігі оқушылар мен ата-аналарға түсті. Себебі, ересек оқушылар гаджетпен жұмыс жасау, ғаламтор секілді нәрселерді бұрыннан білсе, бастауышта оқитын балалар үлкендердің көмегіне көбірек мұқтаж болды. Сондықтан, біз қашықтан оқу барысында шәкірттердің ата-анасымен тығыз қарым-қатынас орнатып, енгізілген жаңа жүйелер, қосымшалар, платформалар жайында толыққанды мәлімет беріп, пайдалану тәртібі, жүйенің артықшылықтары жөнінде айтып отырдық.

Бастауыш сынып оқушыларының дағдыларын меңгертумен бірге қоршаған орта туралы түсініктерді кеңейту, оларды шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс – тәсілдерін іздестіру мен жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы зор.

Сол себепті қашықтан оқу барысында түрлі қосымшалар, платформалар, мессенджерлер пайдаланып, олардың ұтымды тұстарын алдағы уақытта да сабақ барысында жүзеге асыруды жалғастыратын боламыз. Мәселен:

Bilimland.kz – бұл ұстаздар үшін де, оқушыларға да оңтайлы ұйымдастырылған онлайн мектеп. Ең ұтымдысы сабақ жоспарлары мен оқушыларға баға қою, тапсырмалар беру, тексеру тәрізді жұмыстардың бәрі бір алаңқайға топтастырылған. Біз бастауыш сынып оқушыларына тапсырма беру барысында YouTube ссылқасын қою арқылы қызықты тапсырмалар жүктеп, түрлі видеолар көмегімен сабақты түрлендіруді жөн көреміз.

Zoom-конференциясы. Бұл қашықтан оқу барысында қаншама көмегін тигізді. Ең бастысы онлайн түрде оқушыларымның жүзін көріп, тікелей тілдесуге мүмкіндік бар. Яғни, олардың көкейінде қандай да бір сауалдар туындаса, оны бірден маған жолдап, кері байланыс орнатуға тамаша мүмкіндік. Оған қоса, көрнекіліктерді пайдалану барысында да ешқандай қиындықтар туындамайды. Біз шәкірттеріміздің қызығушылығын ояту мақсатында үнемі өтетін тақырыпқа байланысты алдын-ала презентациялар дайындап, оны бірден конференция барысында көрсетіп отырдық.

Vandicam-қашықтан оқыту барысында көмекші құралдардың бірі болды. Мұның негізінде біз видеороликтер дайындап, оны оқушылардың назарына ұсынуды үйрендік. Ең ұнағаны, оқушылар қажет сәтті көшіріп алып, қайталап көрулеріне мүмкіндіктері бар. Түсінбеген жерлері болса видеоны қайта қосып, маңызды деген жерлерін скрин жасауларына жағдай жасалған.

Kahoot-әлеуметтік оқыту үшін ұйымдастырылған сайт. Біз бастауыш сынып оқушыларына сабақ бергендіктен, бұл сайттың бізге үлкен көмегі тиді. Себебі мұнда, әр-түрлі пішіндер көмегімен түрлі викториналық ойындар ұйымдастыруға болады. Дұрыс және бұрыс жауапты бірден анықтайтындықтан ұстаздың да жұмысын жеңілдетіп қойған. Нәтижесін көру, жақсы ұпайға қол жеткізу мақсатында ойынға оқушылар үлкен жауапкершілікпен қатысып, бірлесе атқарған жұмыс өз нәтижесін берді.

Жалпы қашықтықтан оқу барысында өзім қолданған ең маңызды деген әдіс – тәсілдер осы болатын. Оған қоса, WhatsApp желісі арқылы да оқушылармен үздіксіз байланыс орнатып, үнемі кері байланыс ұстап отырдық.

Жалпы, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын, оқуға деген қызығушылығын арттыру барысында мынадай жолдар өз тиімділігін көрсетеді:

1. Баланың бойындағы пәнге қызығушылық па, немесе ынта ма соны ажырату керек.

2. Оқушы бойында қай пәнге қызығушылығы жоғары, қай салаға қабілетті екенін анықтау. Мұғалім оқыту жүйесінде үрдісті шебер басқара білуі және оқушының қызығуын, ынтасын, ықыласын, таным процестерін дамытып отыру керек.

3. Баланың жеке тұлғалық қасиеттері мен қызығушылығын, жас ерекшелігін ескере отырып, сабақты қызықты етіп ұйымдастыру, яғни сабақта жаңа, озық технологияларды пайдалану (ойын арқылы оқыту, деңгейлеп саралап оқыту, дамыта оқыту, сыни тұрғыдан оқыту технологиясының кейбір элементтері т.б.).

4. Сабақты өткізу барысында мақсатты нақты, айқын белгілеп, соған жетудің жолдары мен тәсілдерін көрсету. Сабақтың уақытын бөлу барысында мұғалімдердің осыған назар аударғаны жөн. Сабақты «қызығушылықты ояту» тәсілімен басталуы да маңызды болып табылады.

5. Сабақ барысында тақырыпқа қатысы жоқ болса да, балаларға «жаңалықтар» айту. Бұл жаңалық хабар немесе болған оқиға, әлемдегі қызық жайттар түрінде болуы мүмкін.

6. Баланы мадақтау, ынталандыру, баланың күшіне қабілетіне сенім білдіру, ынталандыру (бағалау барысында балаларға қолдан жасаған суреттер, фигуралар тарату) баланың жұмысын бүкіл сыныпқа көрсетіп үлгі ету, дәптер тексеру соңында ынталандыру сөздерін жазу.

7. Шығармашылықпен жұмыстандыру. Бастауыш сыныптарда шығармашылықпен жұмыс жасауға мүмкіндік көп. Дүниетану, математика, сурет, музыка сабақтарында жеке тапсырма беру арқылы балада ойды тұжырымдап айту, идеяның пайда болуы оны шешу, оның логикалық дамуы көрінеді. Баланың сабақ бойында ынта, ықыласы жоғары болады.

8. Оқу белсенділігін арттыруға арналған ойындар мен тренингтерді қолдану. Баланың оқуға ынтасын ояту үшін оған эмоциянальды жағымды көңіл – күй сыйлаудың маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Төлегенова. У. Жаңа технологияны сабақта қолдану. \Бастауыш мектеп №5-2006
2. Қуанаева. Б. С. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру жолдары. \Ұстаз Ғылыми әдістемелік журнал №1 (54) 2012
3. E-mail:45minut.kz. Бастауыш сыныпта оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс – тәсілдер.
4. Абилова. Ж. Т Жаңа технологияның пайдалану тиімділігі. \Бастауыш сынып әдістемесі №3(22)

Амирова К.Н.

№32 ЖББМ, Қарағанды қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жаһандану заманында білім беру үрдісіне қойылатын талаптардың бірі- білім алушы дамыған, өркендеп келе жатқан қоғам мүшесі ретінде жаңалыққа құштар, өзін және өзгені бағалай алатын, толықтай өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға болуы шарт.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым және практикада жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру, сондай-ақ жеке адамның шығармашылық, рухани, біліктілік күш-қуатын жетілдіруге, жеке тұлғаның жан-жақты толысуына жағдай жасай отырып, зерделі азамат даярлау міндеті көзделген [1].

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы –2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында «...оқыту нәтижесі оқышулардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап кеткен болатын. [2]. Соңғы нормативтік құжаттарда оқушылар дербес жұмыс жасай алу, жаңа әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген, білімдерін өмірлік талаптарға сай келетін, бойында тұнып тұрған шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу. Аталмыш міндет үдемелі дамып жатқан ақпараттық кеңістікте ерекше өзекті болып саналады. Алайда, біздің оқушылар толы жаңа ақпарат легіле ілесе алмай, оны қажеттіліктеріне сай бағдарлап, өңдеп, өз жұмыстарында қолдана алады деп айта алмаймыз. Осы жерден туындап отырған өзекті мәселені бастауыш сынып сатысында оқу-зерттеушілік әрекетті қалыптастыру.

Жаңартылған мектепке бастауыш сынып оқушыларының оқу-зерттеушілік әдістерін қалыптастыруда:

-оқушылардың оқу үрдісінде белсенді, дербес және жұмысты бастай білу бастамашыл ұстанымы қалыптасу;

-зерттеу, рефлексиялық, өзін-өзі бағалау дағдылары;

-іс-тәжірибе барысында бірін-бірі сыйлау құзыреттілігі;

-танымдық қызығушылықтары дамиды;


-оқу өмірмен байланысу принципі;

Жалпы, оқу-зерттеу іс-әрекет-оқушылардың танымдық қызығушылықтары, зерттеу дағдылары, субъективті.

Оқу-зерттеу іс-әрекеті-бұл оқушылардың танымдық мотивтерін, зерттеу дағдыларын, субъективті жаңа білімдерін қалыптастыру болып табылатын мақсаттылықпен, белсенділікпен, мотивациямен және санамен сипатталатын оқушылардың арнайы ұйымдастырылған танымдық шығармашылық қызметі.

Бұл бағыттағы ең тиімді қадамдардың бірі-білім берудің зерттеу әдістерін белсенді қолдану. Осыған сүйене отырып, мұғалім жеке бағдарлау принципіне негізделген балалардың зерттеу мінез-құлқын дамыту тәсілдерін қайта қарады. Бастауыш сынып оқушылардың оқу-зерттеушілік әрекеттерін қалыптастыруда төмендегідей бағыттарды бөліп қарастыра аламыз.

Кесте- 1



Жоғарыдағы кестеге сәйкес бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен физиологиясын ескере отырып, жүйелі ұйымдастырылған жұмыс нәтижесінде оқу-зерттеу қызметі табысты жүзеге асырылып, теориялық білімдерін іс-тәжірибе негізінде қолданылуымен тығыз байланысты ұстана отырып, зерттеушілік біліктері қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларына оқу-зерттеу әрекеттерін тиімді қалыптастырудың бірден-бір жолы- ынталандыру. Белсенділік пен дербестік танытуда білім алушылардың қызметін қолдау мен мақұлдау арқылы жаңа затты тануға деген ұмтылысты көтеруге бағытталған. Оқу-зерттеушілік қызметті қалыптастырудың маңыздысы деп осы қызметте қолдаылатын әдіс-тәсілдерді іріктеп алу, оның ішінде бақылау, экскурсия ұйымдастыру, зерттеу жұмыстары мен жобалар.

Кестеге сәйкес жұмыстарды жүйелеу тырып оқушылар төмендегі дағдыларды меңгереді:

Мәселені анықтап, зерттеу тақырыбын анықтауды.

Зерттеу мақсатын қою.

Болжамдарды (гипотезаларды) ұсыну.

Жоспарлау.

Әдістерді анықтау.

Материал жинау, эксперимент жүргізу.

Зерттеу нәтижелерін өңдеу, қорытындылау жұмыстарын жүргізу.

Нәтижелерді ұсыну.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-зерттеу іс-әрекетін оқушылардың танымдық қажеттілігінің, зерттеу позициясын, оқу-танымдық қызығушылығының айқындығын, танымдық белсенділігінің қарқындылығын, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының оқу-зерттеу іс-әрекетінің қалыптасуын көрсететін өзіндік білім алушылардың өзіндік іс-әрекеті ретінде қарастырамыз.

Жаңартылған білім беру жағдайында мұғалім:

1.Бастауыш сынып оқушылары шешім қабылдауда жағымды нақты орта құру.

2. Мұғалім диалогтік, сұхбаттық қарым-қатынас орнату.
 3. Зерттеушілік әрекет пен тақырыпқа байланысты сұрақтар тізімін таңдай алуға итермелейді.
 4. Сенімді қарым-қатынас орнату.
 5. Оқушының қызығушылығын, мотивациясын ескеріп отыру керек.
 6. Оқушының шешімді өзіндік қабылдауына мүмкіндік беру.
 7. «Мұғалім-бағыттаушы» деген ұстанымды ұстану, оқушыға білімді дайын күйде берілмеуі.
- Қазіргі таңда, білім беруде оқу-зерттеу әрекетін тиімді басқарудың технологиясын әзірлеу өзекті болып, іске асыру үрдісінде оқушылардың қалыптасу деңгейін арттыру мүмкіндігін береді.
- Қорытындылай келе, жаңартылған білім беру үрдісінде маңызды міндеттерінің бірі- бастауыш сынып оқушыларының пәндік білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын игеру ғана емес, сонымен қатар оқу-зерттеушілік іс-әрекеттерін меңгеру жолдары. Оқу-зерттеу әрекеті негізінде білім беру үрдісін ұйымдастыру арқылы оқушылар қоршаған болмысты, білімді дайын күйінде игеріп қана қоймай, сонымен қатар, ақпарат көздерін, әдіс-тәсілдерді қолданып, өзіндік жұмыс арқылы жүргізілуі дағдыларын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (Редакция 01.01.2016 жылы берілген өзгертулер мен толықтырулармен) ИС.- 22.04.2016.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.
3. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім.- Алматы, 2008.

Аханова М.Н.

*КГУ «Уштобинская опорная школа (ресурсный центр)»
Бухар-Жырауский район*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИЁМОВ «ЗЕРЕК» В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

С самого раннего возраста образование играет важную роль в формировании социальных, эмоциональных, и других жизненно необходимых навыков.

В связи с этим подготовка обучающегося считается качественной, если он овладел универсальными учебными действиями, сформировал такие качества личности, как способность к самообразованию, самосовершенствованию, умение использовать свои знания и навыки в новых, постоянно изменяющихся условиях. Ключевой фигурой проведения в жизнь этих идей как эволюционного процесса развития образования является учитель.

Учитель находится в постоянном поиске. Ему необходимо непрерывно повышать свой профессиональный уровень, строить свою работу так, чтобы удовлетворить познавательные потребности детей, чтобы задания, которые они выполняют, способствовали их дальнейшему развитию, развитию высокого интеллекта.

Активизация познавательной деятельности обучающихся – одна из актуальных проблем на современном уровне развития педагогической теории и практики. Педагогическая наука и школьная практика накопили немалый опыт применения методов и организационных форм, стимулирующих познавательные силы обучающихся. Наиболее актуальными и полифункциональными стали активные и интерактивные методы обучения.

положить покупку в пакет. Перед организацией игры «Магазин» воспитанники на уроках должны овладеть определенными действиями, которые являются необходимыми для данной социальной роли. На уроках математики учащиеся знакомятся с монетами и купюрами; учатся выполнять размен и замену монет, находить предложенный номинал купюра, называть стоимость товара; определять время работы магазина. На уроках культуры поведения моделируются ситуации, в которых дети могут оказаться при посещении магазина (ведение диалога с кассиром, продавцом, консультантом). На уроках чтения дети учатся получать информацию с этикеток, упаковок; читать кассовые чеки, соотносить цену на товар в торговом зале и выбитую на чеке. На уроках мир вокруг - определять состав продукта, правила и условия безопасного хранения товара. На уроках человек и мир формируются первоначальные представления о нормах безопасного поведения в социальной среде.

Немаловажным является формирование социальной роли - пассажир и пешеход. Дети каждый день, добираясь до школы и назад домой, выполняют данные социальные функции. В этом социальном статусе учащиеся должны уметь выполнять определенные правила и коммуникативные навыки: уметь обратиться к водителю, кондуктору с вопросом (сколько стоит проезд), спросить у пассажира (где находится нужная остановка), предложить пожилому человеку занять свое место и т.д. Поэтому важно с воспитанниками обыгрывать ситуации в общественном транспорте и формировать умения необходимые для данного социального статуса.

Школьников с ООП необходимо специально обучать правилам ведения диалога в различных жизненных ситуациях. Для формирования диалогической речи сначала можно использовать приём словесных поручений. Эффективным методом развития диалогической речи являются разнообразные сюжетно-ролевые игры, где детям распределяются определенные роли, которым они должны соответствовать, в игре всегда необходима соответствующая атрибутика (телефоны, касса, прилавок магазина и т.д.).

На этапах обучения навыкам исполнения социальных ролей может быть использована различная помощь со стороны взрослых. Уровни такой помощи подразумевают степень самостоятельности выполнения действий:

- 1 уровень: совместное действие, сопровождаемое пошаговой инструкцией или комментарием действий;
- 2 уровень: частичная помощь действием (последнее действие осуществляет ребенок сам);
- 3 уровень: взрослый помогает начать действие, а продолжает и заканчивает ребенок самостоятельно при контроле взрослого;
- 4 уровень: ребенок осуществляет действие сам от начала до конца, опираясь на инструкцию взрослого;
- 5 уровень: ребенок осуществляет действие полностью самостоятельно.

Часто при формировании социальных ролей обучающихся с ООП возникают трудности из-за того, идет расхождение между правильностью выполнения действий и существующей реальностью. В повседневной жизни человеку часто и много приходится импровизировать, постоянно проверять и изменять свои поступки, соотносить с действиями других людей. Дети с нарушением интеллекта испытывают затруднения в такой деятельности, т.к. в фактической жизни часто имеет место противоречие между тем, как люди должны поступать, и тем, как они поступают на самом деле и, наблюдая, ребенок не всегда правильно ассоциирует деятельность и взятые на себя социальные роли. Ролевые конфликты возникают при невыполнении обязанностей по причине нежелания или неумения. Отсутствие необходимых навыков самоконтроля является одной из основных причин слабого развития самостоятельности действий у школьников с нарушением интеллекта.

Основным образовательным результатом обучения детей с ООП социальным моделям поведения является овладение определенными знаниями, формирование и развитие практических умений, самостоятельных жизненных навыков, которые позволят ему успешно адаптироваться в окружающей действительности и интегрироваться в социум. Не умея контролировать свои действия, и не будучи уверенными в их правильности, дети часто обращаются с вопросами и за помощью, нуждаются в постоянной направляющей и контролирующей роли со стороны взрослых. Многократное повторение и закрепление понятий в ходе повседневной деятельности способствует выработке определенных умений, которые могут стать привычкой и потребностью для ребенка. Воспитание привычки ведет к формированию черт характера, необходимых ребенку в самостоятельной жизни.

Литература:

1. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. / Под ред. В.В. Воронковой. - М: Школа-пресс, 1994, - 416 с.
2. Елисеева И.Г., Даурцева Г.Ю. Организация мониторинга и оценка уровня функциональной грамотности школьников с нарушением интеллекта. - Алматы. САТР. 2015

Арынова В.Н., Гимазетдинова А.В.

*КГУ «Школа-лицей № 14»отдела образования Абайского района управления образования
Карагандинской области*

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА «АНТИБУЛЛИНГОВАЯ ПОЛИТИКА» В КГУ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ № 14»

В последнее время во всем мире насилие в отношении детей в семье и в школе является распространенной проблемой. Зачастую насилие в отношении детей совершается теми, кто знаком ребенку: родителями, родственниками, одноклассниками.


Дети, сталкивающиеся с насилием в семье и в школе, подвергаются повышенному риску развития социальных и эмоциональных проблем, для них свойственна низкая самооценка, чувство тревоги и депрессии, что может приводить к рискованным формам поведения.

Что такое буллинг? Травля (буллинг) - это использование агрессии с намерением причинить боль другому человеку [https://clck.ru/EX3TZ]. Травля приводит к боли и страданию. Она отличается от других типов агрессивного поведения тем, что она происходит более одного раза и направлена конкретно на отдельного человека или группу

Виды буллинга:

1. Физический - повреждение чужого имущества, толкание, удары ногой, удары рукой, удары кулаком или любое применение насилия
2. Сексуальный - нежелательный физический контакт или сексуальные оскорбительные комментарии.
3. Вербальный - обзывания, сарказм, распространение слухов, дразнение.
4. Кибербуллинг – буллинг в Интернете, включая электронную почту и интернет-чат, мобильные угрозы с помощью текстовых сообщений и звонков.
5. Экономический/материальный буллинг - повреждение чужого имущества, вымогательство, например, требование отдать что-либо, особенно деньги, с помощью силы и / или угрозы.

В ноябре 2020 года, управлением образования проведено анкетирование по Карагандинской области с целью выявления фактов насилия и жестокого обращения в отношении несовершеннолетних в семье и школе.




Ученики 9-х классов школы-лицея приняли участие в анкетировании. Результаты представлены в диаграммах (1,2,3,4).

Анализируя результаты, сделали вывод, что не все ученики знают понятие «буллинг», чаще всего права нарушаются ребятами во дворе и учащимися других классов.

Для предупреждения данных фактов среди учащихся школы-лицея № 14 Абайского района был разработан план реализации проекта «Антибуллингвая политика». Психологами школы проведены следующие мероприятия: «Информационный час с учащимися 5-7 классов на тему «Секреты общения», онлайн-встреча с учащимися 6-11 классов на тему «Поговорим о

кибербуллинге», информационный час «Позитивное мышление», Информационный час на тему «Не обижайте детей», онлайн-встреча с родителями учащихся 1-11 классов на тему «Поговорим о кибербуллинге». Целью всех данных мероприятий является профилактика и предотвращение жестокого обращения с детьми, формирование коммуникативных навыков среди учащихся, формирование позитивного мышления, профилактика агрессивного поведения среди подростков. Для выявления промежуточных результатов проекта в феврале 2021 года было проведено анкетирование, среди учащихся 9-х классов. Результаты в диаграммах (1,2,3,4).



Сравнительный анализ результатов анкетирования показал, что все дети познакомились с понятием «буллинг» (100%), стали меньше испытывать агрессию от учителей (95%), нападки от одноклассников стали проявляться намного меньше (94%).

В качестве рекомендаций для психологической службы, реализующей «Антибуллингую политику», можно предложить следующий алгоритм действий:

Составление плана профилактики буллинга в школьной среде. Разработка мероприятий.

Подготовка методических рекомендаций по профилактике буллинга в школьной среде для учителей.

Организация диагностики школьного микроклимата.

Разработка буклетов по поддержке психологического здоровья учащихся.

Консультации родителей и детей по запросам.

Анализ работы.

Наша школа делает все возможное, чтобы развивать школьную культуру, в которой травля и издевательства считаются неприемлемыми. Мы стремимся к тому, чтобы обеспечивать заботливую, дружелюбную и безопасную обстановку для всех наших учеников.

Литература:

1. Богомолов В.А. Ориентированный на решение подход в работе с ситуациями травли в школе. 14 февраля 2013.
2. Бочавер А.А., Женодарова Е.Д., Хломов К.Д. Методические рекомендации по снижению частоты ситуаций буллинга в школе для учителей и других специалистов, работающих в школах. Москва, центр «Перекресток», 2014.
3. Руланн Э. Как остановить травлю в школе: Психология моббинга. М.: Генезис, 2012. 264 с.
4. Кутузова Д.А. Травля в школе: что это такое и что можно с этим делать // Журнал практического психолога. 2007. № 1.
5. Собкин В.С., Маркина О.С. Влияние опыта переживаний «школьной травли» на понимание подростками фильма «Чучело» // Вестник практической психологии образования. 2009. № 1. С.48–57.

«КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАРДЫ ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ - ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ»

Жақсы білім – елдің зияткерлік капиталын қалыптастырушы стратегиялық ресурс болып табылады. Осыған байланысты білім Қазақстанның барлық даму стратегияларында аса маңызды басымдықтардың бірі ретінде екені белгілі.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Еліміздің болашағы біздің оқушы жастарымыздың қолында. Келешектің гүлденуі, дамыған отыз елдің қатарына қосылуы сауатты оқушыларға байланысты. Мектеп қабырғасынан біз осындай ортада өзін көрсете, ұстай алатын азаматтарды тәрбиелеуіміз қажет. Мектеп қабырғасында біз оқушыларға қандай білім бере аламыз? Біз олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыра және дамыта аламыз ба деген сұрақтар туындайды. Осы тарапта мемлекет тарапынан мұғалімдерге көп көмек көрсетіліп жатыр.



Сондықтан да қазіргі заманның ұстаздар қауымына қояр маңызды талабы – ақпараттандырылған, жан – жақты, дүниетанымы кең, дарынды, білімді, тәрбиелі әрі саналы шәкірт тәрбиелеу. Сондықтан, сапалы білімге жету жолында ұстаздың аянбай еңбек етуі керек. Әрбір ұстаз оқытудың тиімді әдіс–тәсілдерін, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеруімен қатар ұтымды қолдана білуі шарт. Осы технологиялардың бірі кіріктірілген білім беру бағдарламасы болып табылмақ.

Р. Декарттың «Барлық ғылымдардың байланыстылығы сондай, олардың бәрін бірден оқыту – олардың біреуін басқасынан бөліп оқытудан оңай» деген пікірін еске алсақ, пәнаралық байланыс білім берудің кіріктірілген технологиясының құрамына енеді.

Ал, жалпы кіріктірілген оқу дегеніміз не? Кіріктірілген оқу бағдарламасының артықшылығы неде? Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының пәндік концепцияларға сай әртүрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді.



Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми - синтездік білім беру болып табылады.

Кіріктіріп оқыту ұстанымдары кіріктіріп оқытудың басты мақсатына – оқушылардың сыни ойлау қабілетінің дамуына тікелей бағытталған. Оқушының бірнеше пәндерден алған ақпараттарын синтездей алуға дағдыландырады. Оқу пәндерінің бірігуі төмендегі шарттарға байланысты:

- зерттеу нысандарына сәйкес келуі немесе өзара жақын болуы;
- кіріктірілген оқу пәндерінде зерттеу әдістерінің бірегейлігі немесе ұқсастығы;



- кіріктірілген оқу пәндерінің жалпы заңдылық, жалпы теориялық тұжырым негізінде құрылуы.
Кіріктірілуінің басты мақсаты
Білімдердің синтезі;
Оқу материалын тереңдету;
Мәселенің өзектілігі, немесе мәселенің практикалық маңыздылығы;
Баламалы шешім;

Шешімнің дәлелдігі.



Осындай кіріктірілген сабақтардың сапалы өткізілуіне мән бере отыра мен мектепте оқушылардың білім сапасын көтеру, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту әрқашан басты мақсатым болып табылады. Мектепте білім беру сапасын дамытудың басты бағдарларының бірі – оқушылардың білімділік деңгейін бағалау технологиясын жаңашаландыру болып белгіленді. Біздің

оқушыларымыздың даму, қабылдау функциялары қандай? Біз мұғалімдер күнделіктегі сабағымызды қалай жоспарлауымыз керек? - деген сұрақтарға

жауап іздей отыра мен осындай кіріктірілген сабақтарда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында назарларыңызға өзім сабақ беретін 7 сыныптарға жасалған физика пәні мен математика пәнінің кіріктірілген сабағында оқушылармен есеп шығару барысында оқушылардың функционалдық



сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары жоспарланып жүргізілді. Сапалы білім

беру – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалынған кезде жүзеге асырылады. Сапалы білім беру оқушылардың, қоршаған орта және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады. Сабақ оқушыларға қызықты болу үшін, біз мұғалімдер көрнекіліктер мен қосымша материалдар пайдаланамыз. Соның арқасында білім сапасы артып білімін тиімді қолдана алады деп ойлаймын. Оқуды тиімді бағалау және білім беру үшін тиімді бағалауды түсіну білім беру мен оқытудағы барлық жаңа тәсілдермен тығыз байланысты. Балалар өздерінің түсініктерін құраалатын белсенді оқушылар болатын болса, онда мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де осы түсініктің мәнін білу аса маңызды, өйткені ол оқыту барысында ілгерілеу қадамдарын айқындау мен оған қолдау көрсету үшін қажет. Соңғы зерттеу жұмыстары біздің ұғымымызда формативті бағалау үдерісінің едәуір дамуы мен оны білім беру мен білім алуда қолдану мүмкіндігіне серпін берді. Балаларға өздерінің қандай мақсатқа жетуді көздейтінін, мақсатқа жету әдістерін түсіну не үшін керек екенін білу маңызды. Сол арқылы олар келешек білімдеріне серпіліс алады. Олар сыныптастары арасында, құрбы-құрастырының арасында көшбасшы болуға талпынады. Талпыныс болған жерде білім сапасы жоғары, оқушының функционалдық сауаттылығы айқын болады



Функционалдық сауаттылықты дамыту білім-түсіну-қолдану-жүйелеу және жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Функционалдық сауаттылықты дамытуда оқушылардың жетістіктерін мониторингтеу мен кешенді бағалаудың маңызы ерекше. Ұлттық жоспарды іске асыру оқушылардың бойында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру біртұтас әдістемелік жүйенің жасалуын талап етеді. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан мақсатқа қол жеткізудің басты құралы саналатын білім мазмұны оқушының функционалдық сауаттылығына негізделіп, сынып сайын күрделендіріліп отыру керек. Бүгінгі қоғамның талабы оқушының пән арқылы мектептен тыс өмірде қолдана алатын құзыреттіліктерді меңгеруін қажет етеді.



Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 ж.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 20122016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.
3. Култуманова А.Ж. Международное исследование PISA: функциональная грамотность школьников //«Оқу әдебиеттерін әзірлеу, сараптама, апробация, мониторинг жүргізу және басып шығару жүйесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жаңғырту» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2013
4. Нұрахметов Н.Н. Нәтижелі білім беру үшін функционалдық сауаттылықтар жүйесін қалыптастыру мәселесі //Қазақстан Республикасы химия және биология мұғалімдерінің съезінің материалдары.

Абдраева А.Т., Ақбалта К.Қ
«№97 гимназия» КММ, Қарағанды қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Функционалдық сауаттылық туралы бүгін көбірек айтылып жатыр. Егер бұрын бастауыш сынып оқушысының жетістігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі оның оқу жылдамдығы болса, қазір мұғалімдер оқу сапасы, оның мағынасы сияқты параметрлерді басшылыққа алады. Мұның бәрі функционалдық сауаттылыққа тікелей байланысты. Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөлігі ретінде: математикалық, оқу, жаратылыстану-ғылыми, қаржылық сауаттылық, жаһандық құзыреттер және креативті ойлау болып бөлінеді. Әр компоненттің негізгі сипаттамасы – әр түрлі мәселелерді шеше отырып, сыртқы әлеммен әрекет ету және өзара әрекеттесу қабілетін айқындайды.

Бүгінгі таңда оқулықтардың көп бөлігі балаларды нақты ақпаратқа сүйене отырып, мәселелерді шешуге үйретеді. Бірақ қарапайым өмірде кез-келген мәтінде мәлім емес басқа да деңгейлер бар. Мысалы, театрға билетті қарастырған кезде, ең алдымен, спектакльдің уақыты көзге түседі. Театрдың мекен – жайы. Бұлардың бәрі айқын ақпарат. Бірақ біз оны шығарған кезде, уақытында болу үшін үйден нешеде шығу керектігін анықтаймыз. Бұл оқырман үшін анық емес ақпарат. Тағы бір мысал – кәдімгі мәтін, курсив немесе қалың мәтін, графиктер, диаграммалар, кестелер бар туристік кітапша. Сіз оны мұқият оқи аласыз немесе мақсатыңызға назар аудара аласыз, нақты ақпаратты ала аласыз. Мысалы, мұражай билеттерінің бағасы, олардың орналасқан жеріне байланысты мұражайларға барудың бірнеше жолдары және т.б.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдастары адамның қазіргі қоғамда әрекет ету, белгілі бір білімді, іскерлікті және құзыреттілікті пайдалана отырып, әртүрлі міндеттерді (барынша кең диапазонды) шешу қабілеті болып табылады. Функционалдық сауаттылықтың қалыптасуын бағалау нақты өмірдің әртүрлі жағдайларында көрсете алатын оқушылардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының белгілі бір стратегияларын бағалау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Оқуда сәтті болу үшін бала ең алдымен ақпаратпен жұмыс істей білуі керек: оны табу, қажет нәрсені қажетсізден ажырату, фактілерді тексеру, талдау, жалпылау және ең бастысы – өз тәжірибесінде қолдану. Мұндай дағды тек қазақ тілі мен әдебиетті оқу аясында ғана емес, әр пән бойынша қалыптасады. Ақпаратты түсіну және болашақта не қажет екенін түсіну мектеп пәндерінің әрқайсысында маңызды: тарих, жаратылыстану, математика тағы басқа.

Функционалдық сауаттылықты қазақ тілі сабақтарында оқушылардың әртүрлі құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін әдістемелік ұғым ретінде қарастырайық. Қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықтың бірнеше негізгі түрлері бөлінеді:

- сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін еркін меңгеруді көздейтін коммуникативтік сауаттылық; өзгенің ауызша және жазбаша тілін уақты өте келе түсіну қабілеті; өз ойын ауызша және жазбаша тілде өз бетінше білдіру;

- ақпараттық сауаттылық-оқулықтарда және анықтамалық әдебиеттерде ақпаратты іздеу, ғаламтордан және оқу мазмұнының ықшам дискілерінен, сондай-ақ басқа да көздерден ақпарат алу, ақпаратты өңдеу және жүйелеу және оны әртүрлі тәсілдермен ұсыну мүмкіндігі;
- белсенділік сауаттылығы-бұл ұйымдастырушылық дағдылардың көрінісі, атап айтқанда іс-әрекеттің мақсатын ауызша тұжырымдау, жоспарлау және қажет болған жағдайда оны өзгерту, осы өзгерістерді ауызша дәлелдеу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету.

Бірқатар зерттеулер оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу қабілеті жеткіліксіз дамығанын көрсетеді. Себебі байланыс саласындағы функционалдық сауаттылық ерекше алаңдаушылық тудырады. Сондықтан ол әртүрлі мектеп пәндерін оқытуда қалыптасады. Бір ғана қазақ тілін үйрену кезінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін еркін меңгеруді білдіреді: оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, оқушылардың сөйлеу әрекетін жетілдіру қазақ тілінің құрылымы және оны қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдану ерекшеліктері туралы білім негізінде құрылады. Оқу процесі тілді талдау дағдыларын қалыптастыруға, тілдік құбылыстар мен фактілерді жіктеуге ғана емес. Сонымен қатар сөйлеу мәдениетін тәрбиелеуге, оқудың әртүрлі түрлерін қолдану, мәтіндерді ақпараттық өңдеу, ақпаратты іздеудің әртүрлі формалары және оны сөйлеудің жағдайына сәйкес берудің әртүрлі тәсілдері сияқты өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Әдеби тілдің нормалары мен қарым-қатынастың этикалық нормалары.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы базалық қабілет-мектеп түлектері қазіргі жағдайда меңгеруі тиіс ең маңыздыларының бірі ретінде мәтінді түсіну қабілеті: мәтінді түсінудің маңызды тәсілдерінің мәдени үлгілерін меңгеру, мәтіннің жалпы мағынасын, авторлық позицияны түсіну; автордың позициясы мен кейіпкердің позициясын ажырату; мәтіннің логикалық құрылымын түсіну.

Оқу үрдісіндегі мәтіндерді қоса алғанда, біз бірінші кезекте ескеретін әдістемелік факторларға мыналарды жатқызамыз: мәтіндік материалды іріктеу критерийлері; мәтінді сабаққа енгізу жағынан орынды жұмыстардың түрлері; мәтінге сүйену мүмкіндіктерін пайдалана отырып сабақты ұйымдастыру.

Қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру коммуникативтік құзыреттілікті дамытуды ғана емес, тілдік және лингвистикалық құзыреттілікті дамытуды да білдіреді. Осылайша, тілдік құзыреттілік тіл жүйесін білуді, тіл сезімін дамытуды және орфографиялық, пунктуациялық сауаттылықты қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Ал лингвистикалық құзыреттілік тіл туралы дүниетанымды қалыптастыруға, оның тарихын зерттеуге, сондай-ақ лингвистер мен мәдениеттанушылардың еңбектерін дамытуға бағытталған. Тапсырма түрлері нәтижелі болуы керек. Тілдік құзыреттілікті дамыту кезінде бұл сөздер мен формаларды талдау, бір құбылысты екіншісімен салыстыру, диаграммалар мен кестелер құру, диаграммалар мен кестелер негізінде мәтін құру болуы мүмкін. Сөздікпен жұмыс, мәдени ескерткіштерге үндеу, тіл туралы мәлімдемелер, әртүрлі тілдердегі құбылыстарды салыстыру – мұның бәрі оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың арқасында мектепте қазақ тілін оқыту әр түрлі білім беру мекемелерінде оқуды одан әрі жалғастыруға қабілетті адамның жалпы мәдени деңгейін қамтамасыз етуі тиіс.

Функционалды сауаттылық қазіргі қоғамдағы жеке тұлғаның жетістігімен байланысты элеуметтік-экономикалық терминге айналады. Ал сауаттылық оқу орындарының қызметімен байланысты академиялық терминге айналады. Оқу және жазу-сауаттылықтың негізгі дағдылары. Мектепте оқу мен жазуды үйрену академиялық мақсаттармен шектелмейді, оған күнделікті өмір мен жұмысқа байланысты функционалды және операциялық мақсаттар кіруі керек. Біртіндеп оқыту түрлі салаларда сауаттылықты қалыптастыруға байланысты міндеттерді қоятын болады. Жаңа ғасырда «жаңа сауаттылық» көптеген дағдылардың немесе көптеген сауаттылықтың жиынтығы ретінде ғылыми және педагогикалық парадигмада өз орны бар.

Әдебиет:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы;

2. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалды сабаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Оқу сабаттылығы. Мұғалімнің жұмыс дәптері // NIS- PEARSON;
3. Е.Иманғалиев. Мектеп оқушыларының функционалды сабаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы». № 9 (69) 2012 жыл. 6-9 бет.

Абдигалиева Куралай Мухамеджановна
директордың оқу- тәрбие орынбасары;
Куанбаева Каламкас Аманжоловна
Әлеуметтік педагог
«№12 ЖББМ», Қарағанды қаласы

«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ»

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру мәселесі әлемдегі өзекті проблемаға айналып отыр. Біздің елімізде де бұл назардан тыс қалмады. Бұл мәселеге басты назар аударуымызды қажет етеді, өйткені туа біткен және жүре пайда болған ақаулары бар балалардың саны жыл сайын артып келеді.

Еліміздің барлық мектептерінде инклюзивті білім беру енгізілді. Инклюзивті білім беруге қойылатын басты талаптар - бұл әлеуметтік ортаға бейімделген, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Инклюзивті білім беру- ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады («Білім туралы» ҚР Заңының, 3-бабының, 1, 2-тармақтары).

Инклюзивті оқыту мүмкіндік береді:

- барлық балаларға мектепте, мектеп өміріне белсене қатысуға;
- балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға;
- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға.

Инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі міндеттері:

- инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері мен тетіктерін жетілдіру;
- инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негіздерін жетілдіру (оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді бейімдеу және модификациялау, оқу жетістіктерін бағалаудың критериалдық жүйесін ендіру);
- білім алушылар өздерін мектеп қоғамының белсенді мүшесі есебінде сезінетіндей, өзін-өзі жоғары бағалайтындай, оқуға ынтасы артатындай және әлеуметтенетіндей дербестендірілген түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, қолайлы білім беру ортасын жасау;

Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен Сұрыптау бекетіндегі №12 жалпы білім беретін мектебінде инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған жеке жұмыс жоспары, педагогикалық-психологиялық консилиум жұмыс жоспары, әр пән мұғалімінің ұзақ мерзімді жұмыс жоспарына сүйене отырып жеке оқу бағдарламалары құрылды. Мектебімізде ерекше білімді қажет ететін инклюзивті сынып ашылды.

7-сынып оқушысы А есімді және 3 сынып оқушысы Д есімді оқушылармен төмендегідей оқытудың әдістері қолданылуда:

- оқыту тапсырмаларының мазмұны жеңілдетіледі;
- ұсынылатын тапсырмалар саны азайтылады;

- оқу тапсырмаларының көлемі азаяды;
- мұғалімнің арнай дайындалған тапсырмалары қоладанылады;
- тапсырмаға нақты нұсқау беріледі, нақты сұрақтар қойылады.

Әрине, бұл оқушылар мұғалімнің, ата-ананың көмегін көп қажет етеді, сондықтан әр пәннен деңгейіне қарай жеке тапсырма беріп, оқулықтағы тапсырмалардың көбі мұғалімнің өзі дайындаған тапсырмалармен алмастырылады.

Сонымен қатар, мектепте әлеуметтік көмек, педагогикалық-психологиялық қолдау, дефектолог, педагог-логопед көмегі, қашықтықтан оқыту жағдайында компьютерлік техникамен қамтамасыз ету қарастырылған.

Ерекше білімді қажет ететін баланы оқытар алдында төмендегідей талаптар ескерілді:

- баланың мектепке, арнайы пәнге дайындығын, даму ерекшелігі бақыланды;
- бала тәрбиесіндегі кемшіліктер анықталды;
- сабақты жүйелі жоспарлау көзделді;
- оқу- үлгеріміне талдау жүргізу жоспарланды.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың оқытудағы қиындықтарын мен себептерін пән мұғалімдерінің сауалнама жүргізу және әңгімелесу, оқушының сабақтарын бақылау барысындағы зерттеулерінің нәтижесі:

Оқытудың қиындықтарының байқалуы мен себептері	Күшті жақтары, қызығушылығы	психологиялық (эмоционалдық, мінез-құлық) ерекшеліктері
<p><i>Қиындықтары:</i> кей сөздерге тілі келмейді; сөздердің айтылуы қиын, түсініксіз, баяу оқиды, сөздерді дұрыс айтпайды, есеп шығарғанда сандарды ойша қоса алмайды;</p> <p><i>Себептері:</i> ойлау қабілеті, сөйлеу тілінің сапалағы төмен, әрекеті баяу.</p>	<p>Оқуға қызығушылығы бар, ән тыңдағанды ұнатады, бау-бақшада еңбек еткенді жақсы көреді, табиғат аясында спортпен (велосипедпен) шұғылданғанды ұнатады.</p>	<p>Сөйлескенді жақсы көреді, мейірімді, ешкімге зияны жоқ, орнықты, үнемі күлімсіреп жүреді, көпшіл, жүрегі нәзік, үй жануарларын жақсы көреді.</p>

Мектебімізде аталған оқушылар мен мұғалім-логопед, педагог–психологтың жұмыс жоспарына сай, бірнеше бақылау түрлері жүргізілді. Атап айтсақ, «Сабақта оқушының әрекеті мен мінез-құлқын психологиялық-педагогикалық бағалау» тақырыбында ерекше бақылауды қажет ететін оқушылардың сабақ барысындағы іс-әрекетін бағалау келесідей критерий арқылы жүргізілді:

- сыныпта өзін-өзі ұстау (мінез-құлқы);
- қызмет қарқыны;
- танымдық дамуы;
- сөйлеу тілінің дамуы;
- құрдастары арасында және үлкендермен қарым-қатынасы;
- эмоционалдық ерекшеліктер;
- әлеуметтік-тұрмыстық дағды.

Сонымен қатар, сынып жетекші, сабақ беретін пән мұғалімдері осы оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, олардың отбасындағы баланың жағдайымен хабардар болып отырады. Дені сау, салауатты, білімді, өмірге бейімделген жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуде ұстаздарымыздың қосар үлесі зор.

Қорыта айтқанда, мемлекетіміздің әрбір азаматы - ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір ерекше білімді қажет ететін балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 27.12. 2019 жыл /№988/
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық әсілдері. Астана 2015 жыл
3. Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.

Абраимова М.Б.

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№8 жалпы білім беретін орта мектебі»

ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Функционалдық сауаттылықты дамыту- заман талабы. Функционалдық сауаттылық ұғымын күнделікті өмірде халықтың бір бөлігінің білмеуінен байқаймыз, адамдардың функционалдық сауатсыздығы өмір сүру ортасының өзгерісі және мамандығын өзгерткен кезде, сонымен бірге банкоматтармен, ұялы телефонмен қолдануда, тіпті олар әр түрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмауынан көрінген. Осыған орай, білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары 2011-2020 жылының мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген. Елбасы 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспар қабылданғаны баршамызға белгілі. Ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Функционалдық сауаттылық- адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуының көрсеткіші. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. ХХІ ғасырдағы оқушыны сапалы біліммен қамтамасыз ету үшін мұғалімге алдымен оқушының функционалдық сауаттылық пен өмірге қажетті құзырлылықтар жиынтығын дамыту маңызды болып отыр. Ұстаз шәкіртінің жеке дамуын қамтамасыз етуде үнемі ізденісте болу қажеттілігі айқын көрінеді. Оқу орынды бітіріп шыққан түлек өзіне сенімді, білімді өздігінен алатын, өз елінің патриоты болатын, коммуникабельді болуы тиіс. Сондықтан қоғам әрдайым мұғалімдерге жоғары талаптар қояды, сол талаптардың бірі – бүгінгі педагогтар қауымының алдында оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру, рухани өсуіне жағдай жасау. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынында өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау.

Ал, оқушылардың бойында табиғи-ғылыми сауаттылықты дамытуда жаратылыстану пәні циклдерінің орны зор. Табиғи-ғылыми сауаттылық ретінде оқушылардың табиғи-ғылыми білімдерді табиғи-ғылыми проблематикаға қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және қою үшін, жаңа білімдерді меңгеру үшін, құбылыстарды түсіндіру және тұжырымдарды қалыптастыру үшін меңгеру және қолдану қабілеттері түсініледі. Осы пәндердің негізінде оқушылар жаратылыстанудың негізгі ерекшеліктерін адамдық танымның формасы ретінде түсінулері керек.

География сабағы оқушыларға білім берумен қатар олардың алған білімін есінде сақтау, ойлау қабілетін, тіл байлығын, ой өрістерін кеңейтіп, зеректік, іскерлік және табиғат құбылыстарын жете бақылағыштық қасиеттерін жетілдіреді. Бұл әр сабаққа немесе сабақтан тыс жұмыстарға функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін тапсырмалар енгізілуі керек, бұл жеке және мектеп өміріне, жергілікті қоғамға, қоғамдық өмірге, жұмысқа және демалуға байланысты әртүрлі жағдайларда мәтіндермен жұмысты қолдануға мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру – жалпы білім берудің маңызды міндеті. Өйткені, мәтін-бұл кез-келген кәсіптің адамы өмір бойы міндетті түрде қолданатын ақпарат көзі. Бүгінгі таңда география сабағында кездесетін мәселелердің бірі орташа оқушы оқуды қаламайды және талдай алмайды. Емтихан тапсыру кезінде оқушылар тапсырмалар мен оларға арналған нұсқауларды мұқият оқымайды және осыған байланысты тапсырмалар дұрыс орындалмайды. Сондықтан сабақта мәтінмен жұмыс істеуге ерекше назар аудару қажет. Оқытудың негізгі

құралдарының бірі-оқулық. Сондықтан мұғалімнің маңызды міндеті -оқулық мәтінімен жұмыс істеуді ұйымдастыру.

Ғылыми әдебиеттерді оқудың мәні-біз өмір сүріп жатқан әлемді түсіну. География курсында негізінен баяндау мәтіні қолданылады. Оның ақпараты географиялық объектілерге, құбылыстар мен процестерге, олардың қасиеттеріне жатады. Мәтін мазмұнына және коммуникативті қажеттіліктерге байланысты:

1.Іздеп-қарап оқудың нәтижесінде оқырман мәтіннің мазмұндық-мағыналық жоспары туралы және не туралы жазылғандығы туралы түсінік алады. Табиғи қарым-қатынас процесінде оқудың бұл түрі маңызды рөл атқарады: ақпараттың көлемді бөлігінен қажетті нәрсені таңдап, түртіп алады. Іздеу арқылы оқуды келесі тапсырмалар арқылы тексеру:

негізгі фактілерді тізімдеу; ең маңызды ақпараттарға сұрақтар қою;
барлық мәтінге немесе оның фрагментіне бағалау жасау;
ұқсас тақырыптағы екі мәтінді салыстыру.

2. Танысып оқу, мақсаты негізгі ақпаратты алу болып табылады. Бұған байланысты келесі тапсырмаларды беруге болады: тақырып пен көрнекіліктер бойынша мазмұнды болжау;негізгі ақпаратқа қойылатын сұрақтар және оларға жауап беру; мәтін мазмұнына сәйкес келетін тақырыпты таңдау.

3. Зерттеу немесе мағыналық оқу. Бұл мұқият оқу, мәтінді талдау арқылы мағынасына ену, әдетте белгілі бір дәрежеде кішігірім мәтіндерді оқу, өйткені оның басты мақсаты мәтін мазмұнын мүмкіндігінше дәл және толық түсіну, барлық мәліметтерді есте сақтап қалу.

Мағынаны түсініп оқу- оқушы мәтіннің негізгі ойын бөле алатын, нысандар арасындағы байланысты анықтай алу болып табылады. Яғни, оқушы жаңа материалдың өз тірек-жазбасын жасайды және өзара бір-біріне түсіндіреді.

Оқушылар тақырып бойынша негізгі мәліметтерді игерген кезде, «Сұрақты сөздер» стратегиясын қолдануға болады, яғни материал негізінде базалық ұғымдарды қайта құра алады,бұл олардың қызығушылықтарын туғызады.

Сыни ойлау технологиясындағы "қалың және нәзік сұрақтарды" жұпта немесе топта өзара сұрақ қоюды ұйымдастыру үшін немесе оқылатын тақырып бойынша әңгіме бастау үшін, жай ғана "Берілген тақырыпта сізді не қызықтырады?" деп сұрап бастауға болады.

Мысалы, тақырыпты зерттегеннен кейін оқушыларға өткен материалға қатысты үш "нәзік" және үш "қалың" сұрақтар қоюды ұсынамын. Содан кейін-олар "қалың және нәзік сұрақтар" кестелерін қолдана отырып, бір-бірімен сұхбаттасады.

Алынған білімді жүйелеу, жалпылау үшін "Төлқұжат жасау" әдісін қолданылады, яғни маңызды және маңызды емес белгілерді анықтау үшін ұғымының қысқаша сипаттамасын жасау,оны басқа ұқсас ұғымдармен салыстыру.

Оқушылардың сабақта өз бетінше мәтінмен жұмыс істеу дағдысын дамыту мақсатында оқылған мәтін негізінде кесте құру тапсырмасын беруге болады, мысалы," Тау жыныстарының түрлері", "Материктің табиғи аймақтары", "Климаттық белдеулер" немесе "Жер бедері", "Агроөнеркәсіптік кешеннің құрамы", "Отын-энергетикалық кешен" деген мәтіндерді оқу негізінде схема жасау, яғни мәтінге схемалық сурет салу.

Статистикалық материалдарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін, географиялық фактілер мен құбылыстарды бағалаудағы дербестікті дамытады, оқушыларды ғылыми таным тәсілдерімен – бақылаумен, талдаумен, қорытындылаумен таныстырады, сонымен қатар негізделген қорытындылар мен ақыл-ойға қонымды бола отырып, оқушыларды табиғи және қоғамдық құбылыстарды зерттеудің ғылыми принциптерімен қаруландырады. Практикалық жұмыстарды орындау барысында карталармен, диаграмма, статистикалық мәліметтермен жұмыс жүргізіледі. Мысалы: 6 сыныпта оқушылары көкжиек тұстарын анықтау, азимут, географиялық координаталарды анықтау, сызба сызу, шартты белгілермен жұмыс тәрізді жұмыстарды орындаса, 9 сынып оқушылары Қазақстанның шаруашылық құрылымы сызбасын құрастыру, халықтар тығыздығын анықтау, статистикалық мәліметтерді пайдалана отырып диаграмма құру тәрізді күрделенген тапсырмаларды орындайды. Сонымен қатар оқушыларға ұсынылған мәтіндегі географиялық қателерді табу тапсырмасын беру, оқулық мәтінімен жұмыс істеуге зор ықпалын тигізеді, себебі жасырын сөзді іздеу арқылы оқушы мәтінді оқып шығып,тиісті сөзді табады. Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты

дамыған, мектепте алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға өсіру – білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.

Әдебиет:

1. Мектеп оқушыларының функционалық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы

2. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. – «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. – Б. 42-47.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // <http://adilet.zan.kz/kaz/dos/>

Абушова Н.Ф.

*КГУ «Школа-лицей № 14» отдела образования Абайского района
управления образования Карагандинской области*

ВОЗМОЖНОСТИ СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

Пандемия коронавируса оказала огромное влияние на систему образования в мире, в Казахстане. Актуальным стало внедрение дистанционного обучения в сжатые сроки, освоение новых подходов, приемов, методов преподавания, использование и разработка современных обучающих ресурсов. Главой государства подписан закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам образования» [1], где, в частности, уточнено понятие «дистанционное обучение» и определен порядок его проведения.

Одной из эффективных форм организации учебного процесса в период дистанционного обучения является смешанное обучение. Смешанное обучение – это образовательный подход, совмещающий обучение с участием учителя (лицом к лицу) с онлайн-обучением и предполагающий элементы самостоятельного контроля учеником пути, времени, места и темпа обучения, а также интеграцию опыта обучения с учителем и онлайн [2]. Существует более 40 моделей смешанного обучения.

Для организации обучения математике учеников 8 класса школы-лицея № 14 в 1 полугодии 2020-2021 учебного года использована модель «Перевернутый класс». Учебный процесс был организован так, что ученики сначала получали домашнее задание изучить или повторить теоретический материал, просматривая подобранные учителем видеолекции, фрагменты учебных фильмов, скринкасты озвученных презентаций, видеозаписи объяснений у доски. Как правило, такие материалы содержали задание поставить видео на паузу, решить пример или задачу, построить график и т.д. и сравнить с правильным ответом, приведенным далее. Такая работа позволяла ученику ответить на вопросы, усвоен ли теоретический материал, насколько глубоко? Следующие встречи в режиме онлайн были посвящены совместному решению практических заданий, разбору наиболее сложных фрагментов теории.

Цифровые образовательные ресурсы, использованные в данной модели, заимствованы с образовательных онлайн- платформ BilimLand, ЯКласс, YouTube-канала TutorOnline.

Связь учителя с учениками осуществлялась через социальные сети, мессенджеры, скайп, обучающие платформы. Школьники могли задать вопрос учителю во внеурочное время и получали обратную связь, мотивирующую продолжить обучение, самостоятельно выбирали время, место и темп обучения, а также способ демонстрации понимания темы (ответы на вопросы, выполнение тестовых заданий, создание собственного учебного объекта в в онлайн-среде).

Проводя сравнительный анализ качества обучения в 1 полугодии 2020-2021 учебного года (смешанное обучение) и 2019-2020 учебного года (очное обучение), установили рост качества по алгебре на 27%, по геометрии – на 24% (диаграмма 1).




Диаграмма 1. Качество обучения по математике в 7,8 классе

Анализ процесса преподавания и обучения позволил выделить следующие преимущества и недостатки очного и on-line обучения (Таблица 1).

очное обучение	on-line обучение
(-)Время урока ограничено 40 минутами, что затрудняет получение конструктивной обратной связи всеми обучающимися, невозможно интерактивное взаимодействие с учебником	(+)постоянное интерактивное взаимодействие, получение обратной связи в любом месте и в любое время
(+) учитель мгновенно реагирует на действия ученика	(-) реакции электронного ресурса на действия ученика заложены заранее, их набор ограничен
(-) уровень индивидуализации низкий, большая часть заданий одинакова для всех	(+) электронные ресурсы располагают избыточными, гибкими, адаптивными возможностями для индивидуальной работы
(-) на уроке ученик взаимодействует с небольшой группой одноклассников	(+) возможность взаимодействовать с большим количеством людей, отличающихся возрастом, географическим положением, уровнем знаний
(+) формируются личностные человеческие связи с глубоким эмоциональным взаимодействием	(-)личные связи формируются через компьютерную коммуникацию, эмоциональное взаимодействие ограничено

Таблица 1 Преимущества и недостатки очного и on-line обучения

Сочетая в себе преимущества традиционного очного и онлайн обучения, смешанное обучение позволяет построить индивидуальные траектории освоения обучающимися учебного материала, формировать и развивать функциональную грамотность, обеспечивает постоянную активность обучающихся.

При реализации формата «Перевернутый класс» для школьников, находящихся на дистанционном обучении, целесообразно придерживаться следующих рекомендаций.

Необходимо провести анализ учебного плана, подготовить инструкции по выполнению учебного задания с четко заданными временными рамками. Предусмотреть различные варианты обратной связи, чтобы учащийся понимал, над чем ему работать, задавал продуманные вопросы.

Для облегчения ученику навигации по учебному контенту следует добавлять гиперссылки, скринкасты с краткими инструкциями.

Непосредственное синхронное общение учителя и учеников проводить в строгом соответствии с требованиями СанПиН, поскольку все обучение для детей происходит с использованием компьютера.

Создавать педагогические ситуации, в которых ученик не только получает знания, но и может оценить свою учебную деятельность, стать активным разработчиком собственной образовательной траектории.

Для проведения урока использовать режим «Демонстрация экрана».

Литература:

1. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам образования», 2020
2. Christensen Institute [сайт института Кристенсена]-2017, www.christenseninstitute.org

3. Андреева Н.В., Рождественская Л.В., Ярмахов Б.Б. – Шаг школы в смешанное обучение – М.: Буки Веди, 2016 г.
4. Кондакова М.Л., Латыпова Е.В. Смешанное обучение: ведущие образовательные технологии современности// Вестник образования. 29 мая 2013

Адамбаева Б.Т.
«№5ЖББМ» КММ, Балқаш қаласы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі – функционалды сауатты тұлға қалыптастыру. «Функционалдық сауаттылық» дегеніміз не? Функционалды сауаттылық-адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы, оған тез үйреніп, бейімделе білу қабілеті. Сабақта функционалдық сауаттылықты қалыптастыру-бұл балаға белгілі бір әлеуметтік ортада оның өміріне аса қажет деп саналатын және әрі қарайғы да әлеуметтік қатынастарда тұлғаның қажеттіліктерін қамтамасыз ететін білім, білік және дағдыға үйрету.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылыққа әртүрлі тәсілдермен қол жеткізуге болады. Мұғалім оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуге үйрету барысында оқушыға тапсырманың қандай мақсатта орындалатынын нақты түсіндіріп, түпкі мақсатқа жетуге қандай тәсілдер мен әдістерді қолдану керектігін түсінуді керек. Ол үшін мұғалім жағдаятты, ұжымдық өзара әрекеттесуді, тіл дамыту жұмыстарын, жеке, жұптық, топтық жұмыстарды қамтитын коммуникативті-бағытталған оқыту әдістерін қолдануы керек.

Сабақ барысында тірек сызбалар, рөлдік ойындар, кестелер, сызбалар, постерлер белсенді қолданылады. Мұндай жұмыстар оқушылардың сөйлеуде лексиканы белсенді қолдана білуіне, синонимдердің көмегімен сөйлеуге дағдыландыруға және сөздік қорларын байытуға деген қызығушылығын арттыруда оң нәтиже береді. Бастауыш және орта буындарда ойын технологиялары әр сабақта қолдану керек. Барлық осы ойындар нақты өмірге, балалардың нақты контингентіне, белгілі бір сабаққа деген көзқарасына, жеке қабілеттеріне мүмкіндігінше жақын ойластырылып жоспарлануы керек. Рөлдік ойын коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Лексикалық қорды байыту, лингвистикалық ой-өрісін кеңейту, сөздің анықтығы, түсініктілігі үшін мен сабақтарда мақал-мәтелдерді, сөз тіркестерін, фразеологиялық бірліктерді, «Кім жылдам?», «Кім көп біледі?», «Егер мен...» ойындарын үнемі қолданамын. Коммуникативтік сауаттылықты қалыптастыру дегеніміз топта, командада жұмыс істей білуді, басқа адамдарды өзіне қарай тарта білуді, жаңа, үйреншікті емес талаптар мен шарттарға бейімделуді, топ жұмысын ұйымдастыруды, диалог барысында қазақ тілінің сөздерін түрлендіре пайдалана отырып қарым-қатынасты құруды, тақырыпқа сай әңгімелесе білуді қамтиды. Диалогты жиі қолданудың сыныптағы оқушылардың интеллектуалды дамуы және олардың оқудағы нәтижеге қол жеткізулеріне ықпалы зор. Сондықтан мен сабақта диалогтық оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін белсенді қолданамын.

АКТ-ны қолдану арқылы өте жоғары нәтижелі сабақтар өткізуге болады. Сабақта функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған бейнефильмдерді ("Қазақ халқының салт - дәстүрлері", "Қазақстан облыстары", "Қорықтар" және т.б.) қолданамын. Олар оқушылардың өтіп жатқан тақырыптары бойынша көздерімен көріп, дәлелді, анық қабылдауларына мүмкіндік береді. Мұғалімнің түсініктемелерімен және мәтіндерге сүйене отырып, фильмдерді көру оқушылардың ақпараттық өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды да орындайды. Мысалы: «Дұрыс – Бұрыс», «Синквейн» әдісі, «Білемін – Білім келеді – Білдім», «Ыстық орындық», «Автор орындығы», «Кір жаю», «Табан іздері», «Қара жәшік», «РАФТ»және т.б.

Сөздік жұмыстарды ұйымдастыру барысында «Кластер» әдісін қолданамын. «Кластерді» құруда тақырыпқа байланысты мәтінде сипатталған кез келген тұжырымдамаға, құбылысқа, оқиғаға қатысты ақпарат, ұғымдар, түсініктер жүйеленеді. Берілген негізгі ұғымға қатысты оқушылар логикалық тұрғыда ойлануға дағдыланады.

Қазақ тілі сабағының маңызды құрамдас бөлігі-оқушының мәтінмен өзіндік жұмысы. Бұл тек оқу және мазмұнын түсіну ғана емес, функционалды сауаттылыққа арналған тапсырмаларды орындау, яғни функционалды оқу дағдыларын қалыптастыру.

Оқушыларға қателері бар мәтіндерді жиі ұсынамын. Мұндай тапсырмаларды әр түрлі конкурстар мен олимпиадаларға, қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде өткенді қайталау үшін немесе өтілген тақырыптарды пысықтау үшін пайдалануға болады. Мысалы: жетіспейтін сөздерді, сөз тіркестерін, тұрақты тіркестерді табыңыз; оқиғалар тізбегін қалпына келтіріңіз; қателерді табыңыз және т. б. Өтіліп жатқан тақырып бойынша білім, білік, дағдыларын тексеру ретінде пайдаланылуы мүмкін немесе үй тапсырмасы ретінде де беруге болады. Сонымен қатар әртүрлі веб-қызметтерді де пайдалануға болады.

Оқушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастыру кезінде де жұмыстың әдісі әр түрлі болуы мүмкін: сыныптағы өзіндік жұмыс (жұпта, топта жұмыс істеу), өз бетінше білім алу, мұғалімнің жетекшілігімен ұжымдық жұмыс.

Функционалды сауаттылық дағдылары қалыптасқан оқушы оқудың әртүрлі түрлерін пайдалана алады. Мен оқушыларымды оқу мәтіндерімен, анықтамалықтармен, сөздіктермен мұқият жұмыс істеуге үйретуге тырысамын. Тақырып бойынша жұмыстың соңғы шығармашылық кезеңінде оқушыларға жеке қабілеттерін, шығармашылықтарын көрсетуге, жұмысқа деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін «Жоба» әдісін қолданамын.

Тілдік пәндерді оқытуда оқушылармен жоба қорғау оңай болмағанымен, өте жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Оқушы көпшілік алдында сөз сөйлеуге, өз пікірі, көзқарасымен бөлісіп, дәлелдер келтіре алатындай дәрежеге жетеді.

Сіздің әрі қарайғы жұмысыңызды түзету және жоспарлау үшін кері байланыс міндетті түрде қажет. Сондықтан сабақта рефлексияны міндетті түрде қолдану керек. Оқу процесінде тек білім беру ғана емес, сонымен бірге баланың сіздің сабағыңыздан қандай көңіл-күй, әсермен кетуді де маңызды екенін есте ұстаған жөн.

Рефлексия балаларға өз ойларын нақты тұжырымдауға, білгендерін жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді. Сабақ барысында әр баланың ойын міндетті түрде тыңдап, тексеріп, бағалауға тырысамын.

Осылайша, мектептегі пәндерді оқыту процесінде оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту мәселесі оқу іс-әрекетінің мазмұны мен мұғалімнің құзыреттілігі аспектісінде іске асырылуы тиіс. Оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастыратын және бастайтын педагогикалық процесті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде басты міндеттердің бірі болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, қазіргі қоғамға постиндустриалды әлемде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе алатын адамдар қажет. Жаңа жағдайларда оқыту процесі «өмір бойы білім беру» тұжырымдамасын жүзеге асыруға ықпал ететін құзыреттіліктерді дамытуға бағытталуы керек. Құзыреттілікті дамытудың алғышарты функционалды сауаттылық екендігі дәлелденіп отыр. Сондықтан әр мұғалімнің мақсаты- болашақ ұрпаққа жеке, әлеуметтік және кәсіби іс-әрекеттегі әртүрлі проблемалық жағдайларды шешуге қажетті білім беру және білімін дұрыс қолдануға үйрету.



Сабақ барысынан фотосуреттер

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>.

- 2."Білім туралы "Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2010.
3. Муканова С. Д. Инновациялар жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың негізі ретінде // Білім – Образование". – 2010. – № 4.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысымен. – Астана: ҚазАқпарат, 2012.
6. Таскенова Б. М. Орта білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру [Электрондық ресурс]. Сілтеме: <https://infourok.ru/material.html?mid=124558>

Азимбаев Ж.М.
«№ 6 ЖББМ», Саран қаласы

ЕТІСТІКТЕРДІ ТОПТАСТЫРЫП МЕҢГЕРТУ

Аса бай тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі және ауқымы басқаларын еңсеріп жататын грамматикалық категория –етістіктер екенін жақсы білеміз. Дара етістіктер ментуынды етістіктерді, есім негізді етістіктерді, етіс, болымдылық және болымсыздық, амалдың өту сипатын, есімшелер, көсемшелер, рай категорияларын, етістіктің шақтары және етістіктің саналуан жасалу жолдарын игеру басқа тілді білім алушылар үшін күрделі міндет болмақ. Өзім жұмыс істеген жылдар ішінде байқағанымдай, кейбір оқушылардың бір түбірдегі сөздің басқа категорияда пайдалануы кезінде оны мүлде басқа сөз ретінде қабылдауы болып тұратын жағдай екенін айта аламын. Сол себепті етістіктерді оқытуда ерекше абай болып, оны жан-жақты меңгертуде әртүрлі озық тәжірибелерді пайдаланған абзал.

Осы тұрғыда өзім қолданып жүрген әдіс-тәсілдерімді ортаға салғым келеді. Сабақты өту барысында қарапайым әрі жеңіл мәтін алынады. Бастысы сөйлемдерде етістіктер болуы міндетті. Төмендегі берілген мәтінді орта буындағы оқушылардың көпшілігі қиындықсыз түсіне алады деп сенемін. Мәселе оны түрлендіре білуде. Демек, сөйлемдегі етістіктердің қолдану мақсаты мен функциясы ауысады. Сол үшін мәтіннің жеңіл болғанын сынға алудың қажеті шамалы. Балалармен бірге интербелсенді тақтаға назар аударамыз.

Өз денсаулығымызға күтім жасаймыз. Спортпен айналысып, мықты азамат болып қалыптасамыз. Дене шынықтыру жаттығулары арқылы денемізді жетілдіреміз, тәрбиелейміз. Дұрыс өсуге көмектесеміз.

Мәтінмен жұмыс жасау үшін оқушылар топтарға бөлінеді. Мұғалім қалау райдың –гі, -ғы, -қы, -кі... (келеді), көсемшенің –ғалы, -гелі, -қалы, -келі және есімшенің –ған,- ген, -қан, -кен жұрнақтарының атқаратын қызметтерін мұғалім тағы бір естеріне салады. Жалпыға түсінікті болуы үшін өзім жасаған мынадай кестені де қолданамын, ол да интербелсенді тақта арқылы көрсетіледі:

етістікте р	Бұйрық рай	-ғалы,-гелі,-қалы,-келі (көсемше, собирается)	-қы, -кі, -ғы, -гі + келеді (қалау рай, хочу)	-ған, -ген, қан, -кен (есімше)
Закрой	жап	Жапқалы жатыр собирается закрывать	жапқым келеді Хочу закрывать	Жапқан закрывал
Бери	ал	алғалы жатыр	алғым келеді	алған
Войди	кір	кіргелі жатыр	кіргім келеді	кірген
Встань	тұр	тұрғалы жатыр	тұрғым келеді	тұрған

Дескрипторы: Етістіктердің түбірін ажырата білу, оларға көсемше, есімше, қалау рай жұрнақтарын жалғау арқылы сөйлемдерді түрлендіру.

Күтілетін нәтижелер: Оқу үдерісінде балалардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін жетілдіру бағытында жұмыстар жасалады, Блум таксономиясының алты қадамынан мұғалімнің оқушылармен бірге жүріп өту бағыты зерделенеді, жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді жолдары меңзеледі.

Мәтінді білім алушылардың түсінгендігінен келесідей әрекеттерді атқарады:



Мәтін әр топтарда мынадай бағыттарда өзгеруі тиіс:

Өз денсаулығымызға күтім жасағымыз келеді (+ғалы отырмыз немесе жасағанбыз). Спортпен айналысып, мықты азамат болып қалыптасқымыз келеді (+қалы отырмыз немесе қалыптасқанбыз) дене анықтыру жаттығулары арқылы денемізді жетілдіргіміз келеді (жетілдіргелі отырмыз, жетілдіргенбіз)ғ тәрбиелегіміз келеді (+гелі отырмыз, тәрбиелегенбіз). Дұрыс өсуге көмектескіміз келеді (+келі отырмыз, көмектескенбіз)

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – сөздердіне болмаса диалог, монолог, т.б. формаларында сөйлемдерді жаттап алу ғана емес, білім алушылардың сөздерді саналы пайдалануы арқылы сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілетін дамыту және қазақы ортаға барынша тез бейімделуі мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Демек жоғарыда көрсетілгендей жұмыс тәсілі функционалдық сауаттылықты арттыру ісіне жол бастайтынына сенемін. Сөзімнің басында айтып кеткендей етістіктің аршыны кең, мүмкіндігі мол, сол себепті басқа тілді орта үшін осы сарындас кестелер үлгісін назарларыңызға ұсынбақпын:

Закрыть	жап	жатып Если закрыт	Жабыр Может быть закрыт	Жаппақ Иногда закрыты
Слез	түс	түссе	Түсер	Түспек
идем	жүр	жүрсе	Жүрер	Жүрмек
Уходи	кет	кетсе	Кетер	Кетпек
купы	сатып ал	сатып алса	Сатып алар	Сатып алмақ

немесе:

етістіктер	Бұйрық рай	-п, -ып, -іп + жіктік жалғау (уже)	+жіктік жалғау (переходное прошед. вр.)	
			еді, шығар, болар (может быть)	
Ложись	жат	Жатыпты	Жататынмын	жататын шығар
Мой, мыть	жу	жуыпты	жуатынмын	жуатын еді
Приступай	кіріс	кірісіпті	кірісетінсің	кірісетін болар
Пиши	жаз	жазыпсың	жазатынсың	жазатын еді

Осыған ұқсас кестелерді етістерден немесе мәні басқа үстеулерді үйреткенде де қолдануға болады. Әрине кестелердегі орыс тіліндегі аударма сөздерді алып тастау дұрыс шығар. Ол жұмысты оқушылардың өздері атқарғаны тәуір болар еді.

Сабақ соңында спорт және денсаулық күтіміне қатысты болған мәтіндегі етістіктерді түрлендіруді топтық жұмысты бірлесе орындау арқылы үйрендік, білім алушылар сөздерді етістік шақтарында, қалау райда, көсемшеде айта алады деп қорытынды жасаймыз. Осы ойымызға сенімділік енгізу үшін өткен материалды ойын арқылы пысықтаған жөн. Қарапайым «Қарлы кесек» ойынын ойнатса да болады. Оқушылар жаңа сөздер жазылған қағазды умаждап, бір-біріне лақтырады. Тосып алған оқушы сол сөздің көсемше, есімше және қалау райда өзгерген түрлерін айтып, түсіндіруі керек. Түсіндіре алмағанда тобындағы оқушының көмегін алуына болады. Бөлім бойынша үйренген жаңа сөздерге шолу жасалынады. Оның ішінен етістіктерді табу тапсырылады. Оның қандай формада берілгенін табу міндеті қойылады. Бұл мұғалім көмегімен атқарылатын жұмыс. Оқушылар толық жауап қайтаруға тырысады.

Бүгінгі таңда 7-модулді сабақтарда әр түрлі стратегияларға ықпалдастыра қолдану арқылы оқушылардың жеке, жұппен, топпен жұмыс жасауға деген белсенділігін арттырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүрген мұғалімдер аз емес. Сондай азаматтарға өз істерін, тәжірибесін ортаға салса, оны көпшіліктің игілігіне айналдырып бірлесіп пайдалансақ деген ұсынысымыз да айтқым келеді. Мұндай тәжірибе алмасу білім алушылардың сабаққа көңілді қатысуына, қызығушылықтарының артуына септігін тигізбек.

Ел болашағы бүгінгі білім алушылар қолында. Мемлекетіміздің «Қазақстан 2050» Стратегиясын жүзеге асыруды сауатты жастар ғана атқара алады деп ойлаймын. Мектеп қабырғасынан біз осындай ортада өзін көрсете, ұстай алатын азаматтарды тәрбиелеуіміз қажет. Өскелең ұрпаққа жаңа мазмұнда білім беріп, тәрбиелеуде ұстаздар қауымы өз іс-тәжірибемізді бөлісіп, бірлесе еңбектенсек олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және дамытуға мұрындық бола аламыз деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. К.Сариева «Қазақ тілі және елтану». Алматы, 1997ж.
2. М.Балақаев. Тіл мәдениеті және мектепте қазақ тілін оқыту, Алматы «Мектеп» 1982ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, НЗМ
4. Ж.Нұржанов. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары
5. Қазақ тілі оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2000 жыл.
6. Ксензова, Г.Ю. Инновационные технологии обучения и воспитания школьников (Ресей).
7. Щукин, А.Н. Методы и технологии обучения иностранным языкам (Ресей)

Айдарбекова А.К., Акышева Г.К.
«№82 ЖББМ» КММ, Қарағанды қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ КЕРІ БАЙЛАНЫС

Қашықтықтан оқыту кезінде білім жүйесінде бірқатар өзекті мәселелер мен сұрақтар туындады. Соның бірі – оқушылармен кері байланыс жүргізу.

Кері байланыс дегеніміз не? Кері байланыс (ағылш. feedback – «кері қайтару») кең мағынада қандай да бір әрекетке және оқиғаға қатысты пікір беру, жауап қату, жауапты реакция. Анықтаманың әр сөзіне назар аударып талдайтын болсақ, Кері байланыс – пікір беру, жауап қату, жауапты реакция. Пікірді және жауапты ауызша және жазбаша беруге болады. Дәстүрлі оқытуда кері байланыс беруге үйреніп қалған мұғалімдерге қашықтықтан оқыту барысында оқушының жұмысына кері байланыс жасауға біраз қиындықтар туғызғаны рас.

Кері байланыс не үшін қажет? Қашықтықтан оқытуда сабақтың сапалы өту, өтпеуін оқушылардың кері байланыс жасауы арқылы біле аламыз. Оқу мен оқытудың сапасы тікелей кері байланысқа тәуелді. Тиімді кері байланыс қандай жағдайда болса да, ең бастысы, оқушының үш сұрағына жауап беруі керек.


1. Мен не үйренемін?
2. Мен оны қалай үйренемін?
3. Енді не істеуім керек?

Барлық жағдайда кері байланыс тиімді бола бермейді. Оның тиімді болғанын қалай білеміз? Тиімді кері байланыс оқушыларға өздерінің оқуының қай жерде екендігін түсінуге, танымдық жағынан енді қай бағытта даму керектігін айқындауға көмектеседі. Тиімді кері байланыс оқушының деңгейіне байланысты және оны қолдана алатындай ақпараттан тұрады. Егер кері байланыс тиімсіз болса, оқушы оны мұқият орындай алмайды.

Кері байланыс беру үлгілері: жазбаша, ауызша, графикалық, аудио және видео арқылы беруге болады. Сіздерге өз іс тәжірибемде қолданып жүрген 4 деңгейлі кері байланыс моделін ұсынғым келеді.

1. Тапсырмаға берілген кері байланыс
2. Тапсырманың жүзеге асырылуына берілген немесе жағдаяттық кері байланыс
3. Өзін-өзі реттеуге берілген кері байланыс
4. Жеке оқушыға берілген тұлғалық кері байланыс

Қашықтықтан оқыту барысында кері байланысты қандай платформада беруге болады? Қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімдерге де, оқушыларға да және ата-аналарға да кері байланыс беруге қолжетімді әр түрлі платформалар бар. Олар: Bilimal, Zoom, БілімЛэнд, КлассРум, whatsapp, фейсбук, вконтакте, телеграмм мессенджерлері т.б. Жасыратыны жоқ, біз көбінесе әр түрлі смайликтермен, графикалық тәсілмен кері байланыс жасаймыз. Мысалы: бірінші кері байланыста оқушының өзінің орындаған жұмысына мұғалімнің қалай жауап беретіндігін көруге бас бармақ қаншалықты әсер етеді? Кері байланыстың бұл түрін тиімді кері байланысқа жатқыза алмаймын, себебі смайликтер оқушы оқуының жақсаруына әсер етпейді.



Екінші кері байланыс: сөйлемдерді дұрыс құрастырдың. Енді септік жалғауларын белгіле. Бұл кері байланыста оқушының нені дұрыс істегендері айтылып, келесі қадамдары қандай болуы керектігіне бағыт берілген.

Келесі кері байланыс: Ростислав, тапсырма толық орындалған Жарайсың! Үшінші кері байланыста оқушының есімі аталып, нақты кері байланыс жасалған. Соңғы екі кері байланыс алдыңғы кері байланысқа қарағанда тиімді кері байланысқа жатады.

Қашықтықтан оқыту кезінде кері байланыс ұсынудың үздік тәжірибелері:

Әрбір оқушының есімін атап, кері байланыс ұсыну	«Ростислав, таныстырылым жасауда таңдаған ғаріптерің (шрифт) оқуға оңай. Жақсы таңдау!»
Жиі әрі жүйелі кері байланыс ұсыну	Күнделікті сабақтарда күннің белгілі бір уақытында, мысалы, сағат 15.00-16.00 немесе, аптасына белгілі бір күнді нақтылап қою
Жедел кері байланыс ұсыну	Тапсырманы орындауға берілген уақыт аясында дереу кері байланыс беру
Нақты кері байланыс беру	Екінші абзацта айтылған ойлар тақырыптың мазмұнын жақсы ашып тұр
Позитивті кері байланыс ұсыну	«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі бұл кері байланысқа жақсы мысал болады
Теңгерімді (балансированный) кері байланыс ұсыну	Мәтін бойынша жүйелі жоспар құрдың. Жоспардың әр бөлігіне тірек сөздерің толық емес. Тірек сөздер толық болмағандықтан, мәтінді әңгімелеуде қиналдың
Ойлауды дамыту үшін сұрақтары бар кері байланыс ұсыну	Тақырып бойынша тұжырымдаманы нақты келтіріпсіз. Осы тұжырымдаманы өмірмен байланыстыратын қандай мысалдар келтіре аласыз?

1. Кері байланыс беруде әрбір оқушының атын атап отыруды ұмытпаған жөн, себебі оқушы өзін мұғалім назарында екенін біліп, көріп отырады және оқуға деген ынтасы төмендеп кетпейді. Мысалы: «Ростислав, таныстырылым жасауда таңдаған әріптерің (шрифт) оқуға оңай. Жақсы таңдау!»
2. Кері байланысты жиі әрі жүйелі орнатып тұру керек. Мен өз тәжібемде кері байланыс қай уақытта болатынын оқушылармен алдын ала келісіп, нақтылап аламын. Қалай болғанда да оқушы қай уақытта кері байланыс алатынын біліп, ол бойынша өз жұмысын жақсарту алатынына дағдылану керек.
3. Аудио, видео жазбалар арқылы ауызша тапсырма берілгенде, оқушыға жедел кері байланыс беріледі.
4. Нақты кері байланыс – оқушы өзінің мықты тұстары мен осал тұстарын білуі үшін беріледі. Мысалы: Екінші абзацта айтылған ойлар тақырыптың мазмұнын жақсы ашып тұр.
5. Позитивті кері байланыс – оқушыға алдымен жақсы жақтарын айтып, келесі даму бағыты қай бағытта болу керектігі ұсыныс түрінде беріледі.
6. Теңгерімді (балансированный) кері байланыс – тапсырманың әр бөлігіне кері байланыс беріледі. Мысалы: Мәтін бойынша жүйелі жоспар құрдың. Жоспардың әр бөлігіне тірек сөздерің толық емес. Тірек сөздер толық болмағандықтан, мәтінді әңгімелеуде қиналдың.
7. Ойлауды дамыту үшін сұрақтары бар кері байланыс та өте маңызды. Қашықтықта оқытуда жұптық және топтық кері байланыс беруге болады. Бұл кері байланыстың қандай ерекшеліктері бар, соған тоқталайық.

Мұғалім нұсқаулығы	Тапсырма орындау қадамдары
қазақ тілінде эссенің құрылымдарын түсіндіру; сілтемелерді қалай дұрыс қою; қорытындыны қалы құрылымдау; эссеге критерийлерді оқушылармен бірге құрастыру;	1-қадам: 10 минутта белгілі бір тақырыпта эссе жазу 2-қадам: Өз жұмысын сыныптағы басқа оқушыға кері байланыс немесе пікір алу үшін ұсыну 3-қадам: Сыныптасының кері байланысы бойынша өз жұмысына толықтырулар мен өзгерістер жасау.

Мұғалім алдымен эссе жазуда оқушыға нақты нұсқаулық беру керек.

-Барлық оқушылар 10 минут ішінде белгілі бір тақырыпқа эссе жазу керек.

-Келесі қадам оқушы өз жұмысын кез келген платформа арқылы сыныптағы басқа оқушыға кері байланыс немесе пікір алу үшін ұсынады.

-Үшінші қадам сыныптасы берген ұсыныс пікірден кейін өзінің жұмысына қайта оралып, рефлексия жасап, толықтырулар мен өзгерістер енгізеді.

Жұптық кері байланыс:

Данил: - София, эссе көтерілген мәселе бойынша жазылған. Тақырыпты ашуда келісу, келіспеу себептерін толық жазуға тырыс.

София: Данил, эсседе өз ойыңды жеткізуде ауытқулар кездеседі. Меніңше, сенің сөздік қорың аздау.

Топтық кері байланыстың ерекшеліктері:

1. Оқушыға 10 минуттық эссе (жеке тапсырма) беріледі.

2. Мұғалім барлық жұмысты жинап алып шифрлейді.

3. Мұғалім шифрленген жұмыстарды барлық оқушы отырған ортақ платформаға салады.

Оқушылар сыныптастарының жұмысын көруге арнайы уақыт беріледі.


4. Қайтадан кездесу барысында мұғалім оқушылармен бірлесе отырып ортақ қателіктер бойынша пікір айтады, яғни сындарлы кері байланыс орнатады. Мысалы: 2,7,9 эсседе қанатты сөздер жақсы келтірілген немесе 1,5,8,10 эсседе оқушының өзіндік ой-пікірі тақырыптан алшақтау. 3,4,6 эссе жұмыстарында нақты айғақтар жақсы жазылған. Оқушылар да өз пікірлерін қосып, айтып отырады.

5. Оқушы өз жұмысы бойынша рефлексия жасайды.

Мұндай кері байланыс Bilimal, Google classroom, whatsapp платформасында жасау өте ыңғайлы. Жұптық және топтық кері байланыстың артықшылығы басым ба, кемшілігі басым ба мұны өз тәжірибеңізде қолданып білуге болады.

Қашықтықтан оқыту кезінде біздің ұжым Bilimal, Google classroom, Zoom платформасын пайдалануда. Бұл платформалар мұғалімдерге уақытты тиімді пайдаланып сабақты тез, оңай

ұйымдастыруға, оқушылармен тиімді кері байланыс жасауға мүмкіндігі мол платформалар. Бұл платформалар арқылы жұптық, топтық тапсырмалар ұйымдастыра отыра кері байланыс жасауға жылдам әрі өте ыңғайлы. Мұны мына суреттерден көруге болады.



Жоғарыда айтылған кері байланыстың қайсысы тиімді деген сұрақ туындауы мүмкін. Әрбір мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшелігіне, тапсырманың күрделілігіне сәйкес кері байланыс түрлерін, формасын және берілу жиілігін өзі анықтайды.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін қашықтықтан оқыту негізіндегі тиімді кері байланыс жасау мұғалімнің ұйымдастыру қабілеті мен шеберлігіне байланысты. Әрбір мұғалім өзі сабақ беретін пәнді ғана емес, оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып, өз пәнін жетілдіру тәсілдерін де білуі керек. Бұл – қазіргі заман талабы.

Әдебиеттер:

1. Соловьева Т.А. Болашақ мұғалімдердің пәнді дайындаудағы қашықтықтан оқыту технологиясы
2. Тиімді кері байланыс беру дағдысының әдістері. Мұғалімге көмек. Астана 2016 жыл
3. Zoom Video Communications Википедия ашық энциклопедиясы
4. Интернет желісі

Аймағанбетова Г.К.

Қарағанды қаласы, Қаныш Сәтбаев атындағы гимназиясы

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУТУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағытында білім мазмұнын жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Жаңартудың негізгі мақсаты– орта білім беру сапасын көтеру. Білім беру парадигмасының өзгеруі - уақыт талабы болып табылады. Заманауи мектептер жай ғана оқытпайды, өмір бойы өз бетінше білім алуға үйретуге міндетті.

Олай болса сол талаптарды қанағаттандыруға бағытталған жұмыс түрінің бірі бұл- білім алушылардың оқылым дағдысын дамыту. Білім алушылардың оқылым дағдысын дамыту мақсатында мәтіндер мен тапсырмалар жинағын жинап, құрастырдым.

Бұл мәтіндер мен тапсырмалар жинағы– жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне және орта буын білім алушыларының оқылым дағдыларын дамытуға бағытталған көмекші құрал болып табылады. Яғни, бұл жинақ Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын басшылыққа ала отырып жасалған.

Жинақта орта буын оқушылары үшін оқылым дағдыларын дамытуға бағытталған лексикалық тақырыптар аясында түрлі стильдегі мәтіндер енгізілген (ғылыми, публицистикалық, көркем әдеби). Көлемі және қиындық деңгейі бойынша мәтіндер әртүрлі. Мұғалім өз жұмысында қалауына қарай берілген мәтіндерді қолдана алады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілгендей пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің

төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

Оқу бағдарламасында негізгі ақпаратты анықтау, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру сияқты іс-әрекеттер нақты көрсетілген.

Ұсынылған мәтіндер мен ондағы тапсырмаларды оқытудың түрлі кезеңдерінде: түсіндіру, бекіту, қайталау, оқушылармен түрлі үйрету жаттығуларын өткізгенде, білім және білік дағдыларын бақылауда пайдалануына болады. Бұрынғы алынған білімді жүйелеу барысында және оқушылардың өзіндік жұмысы үшін қолдануға болады.

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни, оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтудан гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет. Сонымен қатар мәтінде берілген ақпараттарды түсіну үшін алдыңғы білімімізді қолданамыз.

Оқылымның ішкі дағдылары:

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу - мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін оқып шығу.

Нақты ақпаратты табу үшін оқу - мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып оқу.

Детальді түрде оқу –әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы тараптарды немесе нұсқаларды түсіну үшін сөзбе –сөз оқимыз.

Сөз мағынасын контекстен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздердің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемдерге назар аудару.

Мәтін құрылымын түсіну - мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну.

Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

Болжай білу - оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарай болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

Мәтін түрлерін ажырата білу - әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, стилін ұйымдастырылуын, ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б.

Экстенсивті оқылым - үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу.

Интенсивті оқылым - мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат- оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Оқылым дағдыларын сыныпта қолдану

Мәтінді түсіну үшін оқушыларға өз білімдерін қолдану мақсатында сабақтың кіріспе бөлімінде жаттығулар жұмысын ұйымдастыруға болады. Жаттығулар мәтіндегі суретпен немесе тақырып мазмұнын болжаумен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар миға шабулы жаттығуын да қолдануға болады, яғни тақырыпқа байланысты идеялар, сөздер немесе оқушылар тәжірибесін тақтаға жазу, кейін оқып болған соң салыстыру. Сонымен қатар мәтін оқушылардың жасына, тілдік деңгейіне сай дұрыс таңдалуы қажет. Мазмұны қызықты етіп алынған мәтін оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Егер мәтіндегі сөйлем құрылысы тым күрделі болса, онда оқушыларға түсінуге тым қиын болуы мүмкін.

Оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырма үлгілері

Оқылым дағдыларын қалыптастыру үшін белгілі бір тапсырма түрі таңдалады.

Тапсырма түрлерін ұсынудағы мақсат біріншіден, оқылым дағдыларын терең қалыптастыруға мүмкіндік беру, ал екіншіден, оқушыны бір ғана тапсырма түрімен жалықтырып алмау.

Келесі кезекте сол жұмыс түрлерінің кейбірін ұсынамын

1.Мәтінді мұқият оқыңыз. Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма. Мәтінге ат қойыңыз

2-тапсырма. Мәтіннен басты 5 тірек сөзді теріп жазыңыз.

3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастырыңыз.

II. Мәтінді мұқият оқыңыз. Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Неге теңіздің түсі көк болады?

Су түссіз емес пе? Алайда неге теңіздің түсі көк болады? Шыны ыдысқа теңіздің суын құятын болсақ, түсі мөлдір, түссіз болып шығады. Сонда теңіздің бетіне аспанның түсі шағылысып түседі ме?

Біздің көзімізге көрінетін теңіздің көк түсі – теңіз суының бетіндегі күн сәулесінің ыдырауынан пайда болатын түс.

Су күн жарығын біркелкі түрде өткізбейді. Теңізде қысқа толқынды жарық сәулесі ұзын толқынды жарық сәулесіне қарағанда тез өтеді. Қысқа толқындар спектрдің көк бөлігіне, ал ұзын толқындар қызыл түсіне сәйкес келеді. Шыны ыдыста судың аз қабаты көрінетіндіктен сәулелердің өту айырмашылығы байқалмайды. Ал теңізге түскенде жүздеген метр терең судағы күн сәулесінің ыдырауы көрінеді. Суда көк түс аз жұтылатындықтан судың түсі де көк болып көрінеді.

Сонымен қатар, су көк түсті емес сия түсті және ультра күлгінсәулені өте жақсы жұтады. Сондықтан басқа жерлерге қарағанда теңіз жағалауында күнге күюдің ықтималдығы басым болады.

(131сөз.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz)

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, маңызды деп санайтын ақпараттардың астын сызыңыз.

2-тапсырма. Мәтінде жауабы бар сұрақты табыңыз

Жер бетінде ауызсу қоры қандай?

Сусыз тіршілік ету мүмкін бе?

Судың түсі неге көк болып көрінеді?

Сен суда шомылғанды ұнатасың ба?

III. Мәтінді мұқият оқыңыз. Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес сұраққа жауап беріңіз

Бұл жерден не алақанға салғандай анық көрінеді?

Бәйтерек Астана төрінде көк тіреп тұр.

Бәйтеректің сәулеткерлік шешімі үш буыннан тұрады.

Жаңа әкімшілік орталығы.

Бүкіл Қазақстан ән салып жатқандай.

2-тапсырма. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты анықтаңыз

Былтыр мен Бәйтерекке көтерілдім.

Астана қадасының жаңа атауы Нұрсұлтан.

2017 жылы Астанада ЭКСПО-17 көрмесі өтті

Бәйтерек Астана төрінде көк тіреп тұр.

IV. Мәтінді мұқият оқыңыз. Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

1. Сөйлемді өз сөзіңізбен жалғастырыңыз. Ойды қорытындылаңыз.

Қазақ отбасында ата-әжені ерекше құрметтеген. _____

2. Ақпараттарды дұрыс/бұрыс/айтылмаған нұсқасымен сәйкестендіріңіз.

1. Қазақ отбасында балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабаларын, үлкен аталарын, жеті атасын айтып отырады.		А) айтылмаған
2. Анаға деген құрметтің орны ерекше		В) бұрыс
3. Әке мен шеше ақылдасып, тұрсықа шыққан қыздарына еншібөледі		С) дұрыс

Егер де мұғалім оқылымға арналған тапсырмаларды түрлендіре отырып берсе, әрі осы бағытта жүйелі жұмыс жасаса нәтижеге қол жеткізері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес).

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
3. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы-2015ж
4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz
5. Оқылым дағдыларын дамытуға арналған мәтіндер жинағы-2016ж
6. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-2015ж.

Акижанова И.К
ММИ «Мұрагер», Қарағанды қ.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ- БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ (PBL) ЖОБАСЫН ЖҮЙЕЛІ ҚОЛДАНУ

Бүгінгі таңда жер жүзінде білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны- «XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім.[1]

Осыған байланысты оқушылардың жан-жақты білімді болуымен қатар, сол алған білімін өмірде қолдана білуін қалыптастыру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқытудың өмірмен байланысты технологияларын қолданамын. Сондай технологиялардың бірі- проблемалық оқыту технологиясы (Problem Based Learning PBL). Бұл технологияның қарапайым түсіндірмесі: «Егер біреуді тамақтандырғың келсе, онда оған балық берме, қармақ бер, тек қана қармақ беріп қойма, балықты қалай аулау керектігін де үйрет».[2]

Бұл әдіс негізінде бағдарламаға сай оқушыға оқу жылының тақырыптарын қамтитын, қазіргі өмірмен байланысқан және оқушының жас ерекшелігі мен деңгейіне сай жоба беріледі.[3]

PBL жобасын білім сапасын көтеру және оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында өзінің тәжірибемде қолданып келемін. Әдістің негізгі идеясы жобаның қазіргі өмірмен байланысты болуында. Осыған орай, қазақ тілі пәні орыс тілінде оқытылатын 8 сынып таңдалды. Мақсаты: зерттеу жұмысы арқылы оқушылардың тілдік қорын дамыту, белсенділіктерін арттыру, сыни тұрғыдан ойлауларын қалыптастыру және еркін сөйлеуге дағдыландыру. Ең алдымен оқу жоспарына сәйкес «Жаһандық энергетикалық дағдарыс» деп аталатын тақырып таңдалды. Бұл тақырыпты өту барысында бірінші бағдарламаның негізгі мақсатымен таныстық. Өйткені проблеманы шешу үшін оқушылар негізгі мақсатқа жетулері керек. Сонымен қатар оқушылардың осы тақырып бойынша алдыңғы алған білімдерін ескере отырып, олардың деңгейлеріне сәйкес келетіндей, өмірмен байланысты проблеманы анықтадық. Бұл проблемада өздеріне бұрыннан таныс ақпараттарды кездестірсе, оқушыларға жаңа материалды игеруге оңай болады. Сондықтан бағыттаушы сұрақты оқушылармен ақылдаса келе «Энергетикалық дағдарысты болдырмау үшін күнделікті өмірде қарапайым жолдармен энергияны қалай үнемдеуге болады?» деп проблеманы анықтап алдық. Осы сұрақтың төңірегінде оқушылар зерттеу жұмыстарын бастады. Анықталған проблема оқушылардың қызығушылығына бағытталған болды. Мұғалімнің бұл жердегі рөлі оқушыға бағыт-бағдар беру, жоба жасауы үшін көмектесу, маңызды тапсырмаларды беру, оқушының білімділік және қоғамдық коммуникациялық қабілетін дамыту және жасалған жұмысты әділ бағалау болып табылады. PBL жобасы 6 кезеңнен тұрды.

Дайындық кезеңі.

Жобаның тақырыбы мен мақсаты анықталды. Жұмыс тобы іріктелді.



Ұйымдастыру кезеңі

Жоспарлау кезеңі.

Топ басшысы топ мүшелерінің қызметтерін бөліп берді. Әр топ өздерінің жоба міндеттерін құрды. Іс-әрекет жоспарын жасады. Іс-әрекеттің табыстылық өлшемдерін таңдады және негіздеді. Мұғалім идеялар ұсынды және оқушылар жұмысын бақылады.

Зерттеу кезеңі.

Ақпарат жинақталды. Әр топ өздерінің энергияны үнемдеу жолдары туралы мәлімет жинақтап, айқындады. Оны топта талдады, саралады. Жобаны орындаудың тиімді нұсқасын таңдады. Зерттеушілік мақсаттарын кезең-кезеңмен орындады.



Зерттеу кезеңі

Нәтижені талдау кезеңі.

Энергияны үнемдеу жолдарын көрсету арқылы презентация, макеттерін ұсынды.



Презентация қорғау

Тұсау кесу кезеңі.

Бес апта бойы еңбектерінің жемісін аудиторияға ұсынды. Презентация дайындап, қорғады. Оқушылар оқулықтан тыс жинақтаған мәліметтерді ұсынды, талдады, дәлелдеп берді.

Бағалау кезеңі.

Оқушылар топпен құрған табыс критерийлері арқылы өз жұмыстарын және топ жұмыстарын бағалады. Жоба барысындағы сәтті және сәтсіз тұстарын көрсетті.



Жұмыстың нәтижесі

Нәтижесінде осы жобаны зерттеу барысында орыс тілді балалардың тілдік қоры молайып, сөйлеу тілі түзелді. Пәнге байланысты тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жүзеге асты. Сонымен қатар оқушылардың іздену арқылы жұмыс жасау белсенділігі артты, сыни тұрғыдан ойлау дағдылары қалыптасты, шығармашылық қабілеттері дамыды, ғылымға деген құштарлығы артты, оқушылар «шынайы» өмірге бейімделді.

Әдебиет:

1. Жаратылыстану – ғылыми цикл пәндері бойынша жоғары мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ерекшеліктері. Әдістемелік құрал, Астана – 2013.
2. Айғабылов Н. Оқушыларының ақыл-ой белсенділігін арттыру. - Алматы, 1970 ж.
3. Жәркенов М. Әдебиет пәнін өмірмен байланыстыра оқыту. - Алматы, 1984

Акимжанова Г.С.

«Абай атындағы №4 мектеп-лицейі» КММ, Сәтбаев қаласы

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қашықтықтан оқыту – компьютерлік, мультимедиялық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың әртүрлі құралдары мен түрлерін пайдаланып, білім беру үрдісіндегі инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы қашықтықта отырып білім беру тәсілі.

Қашықтықтың оқыту технологиясы – оқу процесі кезінде білім алушылар мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып-үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, олардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология.

Бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту жүйесі бір-бірінен алшақ отырғаноқушылар мен мұғалімнің арасын байланыстырып отыр. Еліміздің болашағы білім беру жүйесіне байланысты болғандықтан, педагог мамандар оқытудың тиімді ақпараттық-коммуникациялық әдіс-тәсілдерін оқып-үйреніп, зерттеп, өз тәжірибелерінде қолданып келеді. Сабақ өткізу барысында әр оқытушы өз шеберлігіне қарай оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, ақпаратты білім алушыға ыңғайлы және түсінікті түрде жеткізуге және кері байланыс жасауға тиімді әртүрлі интернет платформаларды пайдалануда.

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына арналған жолдауында: «Оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс» - дей келе, үкіметке мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөнінде тапсырма берген болатын. [1]

Оқушының функционалдық сауаттылығы оқу пәні арқылы қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылар ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай біледі, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолданады, зерттеулер жүргізе алады, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасай алады, өзінің болжамдарын ұсынады, өзінің ойын негіздей біледі.

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәліметтерді айқындай білу қабілетімен анықталады. Мектеп жасындағы балалардың оқу техникасын меңгеруі қазіргі уақытта қабілеттілік болып саналмайды. Оқу сауаттылығы – оқушылардың әр түрлі форматта берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын ұғынуы және әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білуі. [2]


Осы мақсаттарды ескере отырып, мен де барлық ұстаздар секілді қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында ZOOM платформасы, BilimLand-онлайн мектебі, Google Forms, Google Jamboard тақтасы, flippity.net веб-сервисі, LearningApps.org. интерактивті жаттығулар сервисі секілді көптеген интернет платформалар мен интербелсенді оқыту сервистерін сабақтарымда үнемі қолданып жүрмін.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оқытудың түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланып өткізген сабақтар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады сөзсіз. Осыны басшылыққа ала отырып, қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында өз сабақтарымда пайдаланып жүрген платформалардың бірі – «BilimLand-онлайн мектебі». Мұндағы белгілі бір тақырып бойынша оқушының тыңдалым дағдысын дамытуға арналған бейнематериалды тамашалап, оқылым мен жазылымға бағытталған сұрақтарға жауап жазу, сәйкестендіру, сөздерден сөйлем құрау сияқты жаттығуларды орындауда, «Өзіңді тексер» айдарымен берілген тест тапсырмаларына жауап беруде оқушылар ерекше қызығушылық танытады.

Flippity.net веб-сервисі мен LearningApps.org. интерактивті жаттығулар сервисінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған интерактивті жаттығуларды дайындап, әртүрлі сыныптарға арналған тапсырмалар базасын жинақтап алдым.[3]



Аталмыш сервистер арқылы оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту, танымдық қызығушылығын қалыптастыру, зейінін жетілдіру, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында «Топтастыру», Миллион кімге бұйрады? «Пазлдар» әдісі, «Суреттерді ірікте», «Бос орынды толтыр», «Хронологиялық кесте», «Құлыптар» деп аталатын интерактивті жаттығуларды, сонымен қатар, пәнге деген қызығушылығын арттыру, жазу сауаттылығын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, ізденіп-паздыққа, өз бетімен еңбектенуге тәрбиелеу, ойын шындап, белсенді жұмыс істеуіне ықпал етуге бағытталған «Қатесін тап!», «Интерактивті диктант», «Сөзжұмбақ», «Викториналық сұрақтар», «Кездейсоқ таңдау» секілді алдын ала дайындап қойған тапсырмаларды орындатамын және өздік жұмысы ретінде беремін.[4]



Google Forms – қашықтықтан оқыту барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда, оқу жетістіктерін диагностикалау және бағалауда пайдаланатын өте тиімді құралдардың бірі. Бұл оқушылармен тест өткізгенде, жиынтық бағалау жұмыстарын алғанда, жазба жұмыстарын орындатқанда, кері байланыс жасағанда пайдалануға болатын өте қолайлы сервис. Аталмыш формада тапсырманы дайындап, сілтемесін смартфондарға арналған мессенджерлер арқылы оқушыларға жіберемін. Оқушылар тапсырманы уақытында орындап, қайта өзіме жолдайды. Оқушылардың жауаптары бірден дискіге келіп түседі және нәтижесі көрініп тұрады. Нәтижесін кестеден қарап, диаграммасын жасап алуға да болады. Ең тиімді тұсы – оқушылардың қанша сұраққа дұрыс жауап бергені, жіберген қателері, жинаған ұпай саны, пайызға шаққандағы білім сапасының да көрініп тұруы.[5]



Әртүрлі ақпараттар мен құжаттарды сақтауға арналған осы Google диск сервисінің тағы бір тиімді құралы – Jamboard тақтасы. Оқушылар бұл тақта арқылы дайындалған тапсырмаларды да ерекше қызығушылықпен орындайды. Барлық сервистер секілді сілтеме арқылы жұмыс жасалады. Бұл да қарапайым тақта секілді, жазбаша тапсырмаларды орындауға, яғни қаламмен де жазуға болатын құрал.[6]



Қорыта айтқанда, қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып, оқушыларға өмірге бейімделе алатындай, алған білімдерін күнделікті өмірде кездесетін кез келген жағдайда, қажетті жерде оңтайлы қолдана алатындай білім беру басты мақсатымыз, өмірлік ұстанымымыз болуы керек.

Әдебиеттер:

1. Даулетова Н.А. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері» әдістемелік құралы. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ, 2019/ 4-бет.

2. Н.Ә.Назарбаев. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана: «Мемлекет тарихы» журналы № 1, 2012 ж. 8-бет
3. <https://www.flippity.net/> сервисі
4. <https://learningapps.org/> сервисі
5. <https://drive.google.com/> қосымшасы
6. <https://jamboard.google.com/> қосымшасы

Акышева Г.К.

«№ 82 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

XXI ғасыр-жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды даму дәуірі. Бүгінде осы технологиялардың негізінде адам өміріне ең қолайлы жағдайлар жасалуда. Бұл заманауи технологиялар білім беру саласында да кеңінен қолданылады. Еліміздің білім беру жүйесінде бүгінде ақпараттық технологиялар мен компьютерлік желілер арқылы білім алу жолдары кеңеюде. Біз бүгін білімді сапалы және терең меңгеруге ұмтылатын өскелең ұрпақтың цифрлық сауаттылығы жеткілікті деңгейде деп сеніммен айта аламыз. Бұл олардың күнделікті өмірлік жағдайлар кезінде жаңа технологиялардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланатындығымен дәлелденеді.

Алайда, әлемді дүр сілкіндірген COVID-19 білім саласында біраз сынағандай болды. Осы уақытқа дейін оқытудың жаңа технологияларын теориялық тұрғыдан жетік білсек те, цифрлық сауаттылығымыз жеткілікті деңгейде болса да, қашықтықтан оқытуға қалай дегенмен сақадай сай емес екенімізді мойындауымыз керек. Демек, бүгінгі білім саласының ең өзекті мәселелерінің бірі осы қашықтықтан оқыту мәселесі болып отыр. Ендеше қарастырып отырған мәселеміз көкейкесті болып табылады.

Қашықтықтан оқыту-білім алушы мен педагогтардың жанама (қашықтықтан) немесе толық емес өзара іс-әрекеті кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқытуда қолданылатын технологияның үш түрі бар (1-сурет).



1-сурет. Қашықтықтан оқытуда қолданылатын технология түрлері.

Суретте көрсетілгендей қашықтықтан оқытудағы қолданылатын технологиялардың біріншісіне қағаз және аудио тасымалдаушылар негізінде жүзеге асатын сабақ жататын болса, екінші технологияға теледидар арқылы қашықтықтан оқыту жатады. Бұған «Балапан» телеарнасы арқылы өтіп жатқан бейнесабақтарды жатқызуға болады. Ал үшінші технология-бұл ғаламтор-технологиялар арқылы қашықтықтан оқыту. Ғаламтор арқылы оқыту қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты өзекті бола түсуде. Бұл технология жоғарыда аталған барлық формаларды әртүрлі пропорцияларда қамтиды және сондай-ақ жоғарыдағы екі түрінен негізгі ерекшелігі кері байланыс орнатуға мүмкіндік туындайды.

Қашықтықтан оқыту жағдайында онлайн сабақтар *Zoom* бағдарламасы негізінде жүзеге асуда. Онлайн сабақ білім берудің үйреншікті форматын сақтап қалуға, оқыту сапасын бұрынғы

деңгейде ұстап тұруға ғана емес, сонымен қатар, қосымша жұмылдыра отырып қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Демек, мұғалімдердің процеске дұрыс көзқарасымен жалпы білім беру деңгейін арттыруды білдіреді.

Қашықтықтан оқыту жүйесі әрине дәстүрлі форматымыздың маңызын жоққа шығара алмайды. Алайда, уақыт пен бүгінгі жағдай талабына орай біз осы оқыту жүйесінің мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, оқыту процесінде олқылықтарды жібермеуге тырысуымыз керек.

Қашықтықтан оқыту жағдайында *Zoom* бағдарламасының мүмкіндіктерін қазақ тілі мен әдебиеті сабағын ұйымдастыруда барынша тиімді қолданамын. Презентация немесе слайдтарды экранды демонстрациялау жолымен көрсету арқылы іске асырамын. Бұл функция әсіресе «*Prezi*» сияқты бағдарламаларда әзірленген презентациялармен жұмыс жасауда тиімді. Презентацияны көрсете отырып, сол бойынша ауызша түсіндірме жасап отырамын. Материалды визуализациялау балалардың сабақ материалын игеруге айтарлықтай көмектесетіндігі бұрыннан дәлелденгені баршамызға мәлім.

Әдебиет сабағына байланысты ақындарымыздың өлеңдерін бейнежазбалар арқылы тыңдау, көру оқушыларға қай жағынан қарасан да өте әсерлі, қызықты болады. Кейбір бейнежазбалар суреттермен және мазмұнға сәйкес әуендермен сүйемелденуі мүмкін. Ал осындай бейнежазбалар көру, есту түйсік анализаторларының қатар жүруімен қабылданған оқу материалы ретінде оқушының қабылдауына да, есте ұзақ сақтауына да өзіндік әсерін тигізеді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті сабағын тиімді ұйымдастыру үшін ең алдымен сабақтың мақсатын дұрыс айқындап алу қажет, сондай-ақ қойылған мақсатқа қарай сабақтың міндеттері нақтылануы тиіс. Осы қойылған мақсат пен міндеттерге орай мұғалім өзінің сабағын қашықтықтан оқыту жағдайына бейімдеп өту барысын жоспарлап, алдын ала сабақ әзірлемесін жасауы керек.

Сабақты өткізу барысында сабақтың әр кезеңіне сәйкес оқыту әдістерін тиімді қолдануды мақсат етемін. Жаңа тақырыпты хабарлауда қашықтықтан оқытудағы таптырмас көрнекілік құралы презентация арқылы түсіндіремін. Сабақтың басында оқушылардың зейінін шоғырландыру мақсатында қарастырылып отырған тақырыпқа сәйкес ой шақыруға арналған әдістерді қолданып отырамын. Оларға «миға шабуыл» (дербес, жұптық, топтық, фронтальды), болжау, сұрақ-ілмегі әдісі және т.б. әдістерін пайдаланамын. Мағыналық бөлім-жаңа материалды беру (өз бетінше жаңа білім алу, бір-бірін үйрету) кезеңінде кластерлер, пікірталастар, ойын әдістерін пайдаланғанды жөн көремін. Ал сабаққа рефлексия ретінде ойлаудың алты қалпағы, қос шеңбер, галереяны шарлау, «Білемін-Білгім келеді-Үйрендім» сияқты әдістерді пайдалану сабақты тиімді етеді.

Сабақтың әр тақырыбы бойынша ойлау операцияларын дамыту, визуализацияны, идеяларды біріктіруді және т.б. дамыту барысында сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін зиякерлік тапсырмалар жүйесін құрастырамын. Жалпы сабақ барысында түсінбей қалған жерлері немесе үйге берілген тапсырмалары бойынша оқушылар «What's up» жүйесі арқылы кеңес алып отырады. Әр сынып бойынша қазақ тілі мен әдебиеті сабағы бойынша чат ашылған. Сол чаттарда оқушыларға қосымша үйге берілген өзіндік жұмыс тапсырмалары бойынша әдістемелік тұрғыдан бағыт бағдар беріп отырамын. Себебі оқу іс-әрекеті оқушы мен мұғалім арасында тікелей қарым-қатынас негізінде жүзеге асырылмағандықтан, оқушылар тарапынан қосымша сұрақтар туындап жатады.

Қашықтықтан оқыту жағдайындағы қиындықтар тек оқушылар тарапынан ғана емес, сонымен қатар, мұғалімдер қауымына да қатысты мәселе. Бұл оқу жүйесіне көшкенімізге жыл болып қалса да, әлі де қашықтықтан оқытудың мәнін, оны тиімді ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін толық меңгере алмай жатқан мұғалімдер де жоқ емес. Сондықтан осы салада мұғалімдер де өздерінің білімдерін жетілдіріп отыруы шарт. *Мұғалім* әр баланың *шырағын* жаға білуі тиіс демекші мұғалім дәстүрлі фортатта оқушының қызығушылығын ояту үшін сабақты қалай қызықты өткізу жолында әдістемелік тұрғыдан өзін жетілдірсе, дәл солай осы қашықтықтан оқыту жүйесінде де аянбай жұмыс жасауы керек. Сонда баланың сабаққа қызығушылығы артып, оқыту процесі өз өнімділігін берері сөзсіз.

Әдебиет:

1. Ақшалаова Б.Н., Алмабаева Г.Б.«Қашықтан оқыту – заман талабы», **ҚазҰУ Хабаршысы**, ғаламтордағы сілтемесі: <https://articlekz.com/kk/article/23533>

Александров В.Г. КГУ «ОШ №23»

учитель физической культуры

Миряшев В.В. КГУ «ОШ №23»

учитель физической культуры

РАЗВИТИЕ ДВИГАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ, КАК СПОСОБ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Реализация Концепции развития физической культуры и спорта до 2025 года, охватывает основные аспекты физического воспитания учащихся, предусматривает основные направления развития физкультурного движения, позволяет творчески подойти к процессу обучения.

Современная жизнь невозможна без серьезных перемен в социальной сфере, одним из главных ориентиров которой является состояние здоровья человека. Между тем, физическая культура — уникальный предмет учебного цикла, являясь мощным фактором оздоровления детей, повышения защитных функций их иммунной системы.

Учитывая актуальность данной проблемы было изучено состояние вопроса, об эффективности использования программы обновленного содержания среднего образования на уроках физической культуры. На базе ОШ № 23 г. Караганды были проведены наблюдения и анализы уроков, что позволило наметить пути повышения двигательной деятельности и активности учащихся.

Научно-методические поиски нашего исследования поставили перед нами цель: изучить и экспериментально доказать влияние расширенного двигательного режима на повышение физической подготовленности учащихся, за счет пересмотра учебного планирования и обновленного содержания среднего образования.

Исходя из цели перед исследованием, были поставлены следующие задачи:

Изучить данные литературы и документальные материалы, посвященные проблеме совершенствования двигательного компонента, физического воспитания детей школьного возраста.

Изучить динамику показателей физической подготовленности учащихся в педагогическом исследовании.

Разработать систему мер по повышению физических качеств учащихся.

Формировать потребности и умения самостоятельно заниматься во внеурочное время.

Ведущая идея заключалась в том, чтобы через организованный процесс обучения целенаправленно вести учащихся от одного уровня физической подготовленности к другому, более высокому.

В констатирующем эксперименте приняли участие школьники, в возрасте 10-11 лет, всего 85 человек. Учитывая условия работы с учащимися 4-5 классов в школе под воздействием целенаправленных нагрузок, в эксперимент были взяты только те дети, которые не занимаются в специализированных секциях во внеурочное время. Их двигательный режим определялся обычной повседневной активностью и уроками физической культуры.

Все материалы экспериментального тестирования были подвергнуты математической, статистической обработке.

Тщательный анализ учебной программы четко определил годовое распределение для развития основных двигательных качеств школьников. В основу эксперимента положена система определения уровня физической подготовленности и принципы оценки индивидуального уровня физической подготовленности школьника. Общий уровень физической кондиции определяли по формуле: $O_{УФК} = (Б + П + Н + Ч + П + Б) : 6$ (Б — бег 30м, П — прыжки в длину с места, Н — наклон вперед, Ч — челночный бег, П — подтягивание на перекладине, Б — бег 6 минут).

Самостоятельная работа учащихся на уроке, является ведущим достижением дидактической цели урока и активизация учения. Нами были определены основные требования к самостоятельной работе, а также формы организации самостоятельной работы.

Результаты педагогических наблюдений показали, что все учащиеся экспериментальных групп, значительно повысили уровень своей физической подготовленности. Особенностью урочной формы в 5 классах экспериментальных групп явилось то, что все уроки носили тренировочную и соревновательную направленность в рамках обновленного содержания программы.

Рейтинговый анализ показал, что учащиеся 5 классов показали наиболее высокий результат в тестах среди сверстников и сверстниц. Они свидетельствуют нам о том, что характер прироста показателей зависит не только от увеличения количества часов, но и подтверждает, что экспериментальные методы и формы развития физических качеств позволяют учащимся показать хорошую сбалансированность всех параметров физической подготовленности.

Сравнительные данные и рейтинг показателей физической подготовленности учащихся, занимающихся по традиционной программе и по программе обновленного содержания среднего образования.

Таблица №1 Традиционная программа.

№ п/п	Классы	Виды тестирования, результат, рейтинг												Суммарный рейтинг	Общее место
		Бег 30 м	Место	Прыжок в длину с места	Место	Челночный бег 3x10 м	Место	Бег 6 мин	Место	Наклон вперед	Место	Подтягивание перекладине	Место		
1	4 Б	5,2	1	110	1	11,1	3	700	2	1	1	1	2	10	1
2	4 В	6,6	3	120	3	10,5	1	720	1	0,6	3	0	3	13	3
3	4 Г	6,5	2	115	2	10,8	2	690	3	0,8	2	2	1	12	2

Таблица №2 Программа обновленного содержания среднего образования.

№ п/п	Классы	Виды тестирования, результат, рейтинг												Суммарный рейтинг	Общее место
		Бег 30 м	Место	Прыжок в длину с места	Место	Челночный бег 3x10 м	Место	Бег 6 мин	Место	Наклон вперед	Место	Подтягивание перекладине	Место		
1	5 Б	5,4	3	165	2	9,1	3	1150	2	14	2	5	2	14	2
2	5 В	5,2	2	160	3	8,9	1	1100	3	11	3	4	3	15	3
3	5 Г	5,0	1	162	1	9,0	2	1180	1	16	1	6	1	8	1

Анализ результатов позволяет предположить следующие рекомендации:

Внести изменения в учебный план- график распределения часов и средств двигательного компонента уроков физической культуры, обеспечивающее:

- увеличение объема упражнений направленных на повышение двигательной активности учащихся;
- использование разнообразных форм и методов обучения способствующих развитию физических качеств.

Вести текущий контроль за динамикой физической подготовленности учащихся путем дополнительного тестирования отдельных(отстающих) двигательных способностей в течении учебного года.

Включить в занятия такие прогрессивные формы физической тренировки, как «круговая тренировка», общегрупповая тренировка (с одновременным выполнением всеми учащимися отдельных совершенствующих упражнений), выполнение упражнений с заданными параметрами объема, интенсивности и интервалов отдыха с учетом индивидуальных возможностей учащихся.

Организовать проведение соревнований между классами по программе, включающим контрольные тесты.

Для пополнения теоретического багажа школьников и их родителей по предмету физической культуры желательно дополнительно использовать классные часы и родительские собрания.

Системный комплексный подход дает основание о преимуществах обновленного содержания среднего образования.

Литература:

2. Концепция развития физической культуры и спорта Республики Казахстан до 2025 года – Астана, Аккорда, 11 января 2016 года.
3. Мендехеев А.Н. Формирование здорового образа жизни подрастающего поколения средствами физической культуры.
4. Материал «Международной научно-практической конференции».- Алматы, 2001., с 240-242

Алентаева Ирина Александровна
КГУ «КШЯС№ 33», г. Караганда

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

На данном этапе развития общества большое внимание уделяется школьному образованию. Реалии диктуют свои условия для успешной социализации личности – это умение работать в команде, лидерские качества, активность и инициативность, правовая и экономическая грамотность, ИТ-компетентность.

Цель среднего образования – способствовать успешной социальной адаптации личности в быстро меняющемся современном мире. В школах Казахстана прошло поэтапное внедрение Программы обновлённого содержания образования, направленной на формирование функциональной грамотности учащихся через компетентностный подход и систему критериального оценивания. Применительно к урокам русского языка и литературы это значит, что учащиеся достаточно владеют языком, демонстрируют развитые коммуникативные навыки и эффективно действуют в реальных условиях за пределами школы.

Для успешного решения задач развития функциональной грамотности школьников необходимо осуществлять личностно-ориентированный подход: в начале года следует провести диагностику обучающихся, что позволит выявить уровень каждого, а впоследствии проводить правильную дифференциацию в ходе уроков. Следует проводить работу таким образом, чтобы коммуникативная компетенция стала частью культурной компетенции, что будет способствовать реализации воспитательных задач по формированию социально активной личности. Здесь помогут инновационные технологии, в частности, технологии развития критического мышления, проектной деятельности и методы активного обучения.

Повышают мотивацию обучающихся и помогают им глубже проникнуть в изучаемый материал стратегии «Верное - неверное утверждение», «Горячо-холодно», «Прогнозирование». На этапе работы с текстом любого вида можно использовать стратегии «Чтение с остановками», «Чтение с пометками», «Заполнение графического органайзера», «Вопросы высокого и низкого порядка»(на уроках использую информационно насыщенные тексты). При завершении работы с текстом хорошо зарекомендовали себя стратегии «Эссе», «Микрофон», «Авторский стул», «Думай-обсуждай-делись!», «Синквейн», «Письмо по кругу».

В частности, на уроке русского языка в 7 классе, раздел «Молодёжная культура: Интернет и социальные сети», тема «Язык интернет-общения» я использую следующие стратегии на послетекстовом этапе (текст был дан учащимся в аудиоформате):

- стратегия «Эссе»: ответить на проблемный вопрос («Есть ли опасность засорения языка словами Интернет-сленга?»), аргументируя свою точку зрения(здесь же решаю проблему дифференциации);
- стратегия «Думай-обсуждай-делись!» способствует отбору лучшего продукта;
- стратегия «Авторский стул» позволяет учащимся услышать образцы лучших эссе в классе.

Проводя формативное оценивание, целесообразно применить стратегию «Аплодисменты».

Посмотрим, как на развитие функциональной грамотности работают активные методы обучения на примере КСП по русскому языку в 7 классе (раздел «Знания: мир и изучение иностранных языков», тема «Великие полиглоты»):

Задание № 2.И

Стратегия «Сделай выбор».

Учащимся предлагается раздаточный материал. На одной стороне листа – ключевые слова, на другой стороне – цитаты из предложенного на уроке текста. При помощи ключевых слов следует составить простой план текста, а при помощи цитат – сложный.

Критерии оценивания	Дескрипторы
Составляет простой и сложный план.	Составляет простой и сложный план, используя раздаточный материал. А – составляет простой план; В – составляет простой или сложный план; С – составляет сложный план.

ФО «Комментарий» (взаимооценивание в парах).

Задание № 3.И П Г

Стратегия «Думай, обсуждай, делись».

Учитель предлагает ещё один пункт плана «Какие языки я хотел бы выучить и почему?» Учащиеся дописывают свой абзац, дополняя текст. Затем обсуждают в паре, далее – в группе, выбирая лучшую работу.

Критерии оценивания	Дескрипторы
Собирает материал к сочинению и организует его в соответствии с планом.	Собирает материал. Организует материал в соответствии с планом. Создаёт дополнительный абзац. А – создаёт 5 предложений; В – создаёт 7-8 предложений; С – создаёт 10-15 предложений. Защищает лучший продукт перед аудиторией.

Стратегия «Авторский стул».

ФО «Грамота» (взаимооценивание групп).

Грамотный выбор стратегий позволяет достичь запланированного на уроке результата: писать разные виды эссе, в том числе аргументативное, выражая свое отношение к проблеме или авторской позиции, а также оценивать прослушанный материал с точки зрения содержания, структуры и логики изложения материала. Достижение целей каждого урока есть условие формирования компетентной конкурентоспособной личности, которая будет успешна в реалиях современного мира.

На этапе рефлексии хороший отклик учащиеся дают через стратегии «Закончи фразу», «Я-концепция», «Волшебные линеечки», «Три лица», «Мишень».

Применение технологий критического мышления и методов активного обучения в системе позволяют развивать ключевые и предметные компетенции учеников. Предложенные стратегии позволяют решить проблему информационной грамотности и коммуникативной компетентности школьников, которые являются ключевым звеном в развитии функциональной грамотности учащихся.

Литература:

1. Логвина И.А., Мальцева-Замковая Н.В. От текста к тексту. – Арго, 2010.
2. Вершиловский С.Г., Матюшкина М.Д. Функциональная грамотность выпускников школ. – Социологические исследования, №5, 2007.

Алибекова А.Д.

С. Сейфуллин атындағы гимназия, Қарағанды қаласы

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сабақта функционалдық сауаттылықты қалыптастыру- оқушылардың біліктілігін дамытудың маңызды шарты. Баланың қазіргі әлемге бейімделуіне дәл осы көмектеседі. Әсіресе бұл жаңартылған білім берудің қазіргі тенденциялар тұрғысынан ол өзін-өзі ұйымдастыру, рефлексия, өз бетімен білім алу, мәселелі жағдайларды шешу, құнды пайымдар мен өз ұстанымын жеткізу, ынтымақтастық пен қатынас жүйесінің қалыптасуын айқындайды. Математика курсының мазмұны

білім алушыларды қазіргі қоғамда өмір сүруге дайындауға қажетті бөлімдер мен тақырыптарды қамтиды. Менін ойымша, ең тиімділерінің бірі оқудың зерттеушілік әдісі болып табылады. Себебі жобаны дайындау кезінде оқушы шешім қабылдауды, мақсат қоюды үйренеді және өз іс-әрекеттері мен қызметінің бағытын (құнды-мағыналық біліктілік) айқындайды, командамен жұмыс істейді, басқа адамның ұстанымын қабылдайды және құрметтейді (жалпымәдени біліктілік), жұмысқа қажетті материалдарды өз бетімен табады, жоспар құрастырады, бағалайды және талдайды, тұжырым жасайды және өз қателерінен сабақ алады (оқу-танымдылық біліктілік). Бұл ретте оқушы қазіргі ақпарат құралдары мен ақпараттық технологияларды меңгереді (ақпараттық біліктілік), өзін және өз жұмысын таныстырады, өзінің пікірін жеткізуді, пікірталас жүргізуді, дәлелдеуді, сұрақ қоюды үйренеді (коммуникативтік біліктілік). Жеке тәжірибеде бірнеше жылдарда №92 гимназияның 6 оқушының ғылыми жобаларының жетекшісі болып жұмыс жүргіздім. 20-2020-2021 оқу жылында 6 сыныптың 2 оқушысы «Зерде» -ге қатысты. Осы бағыттағы жұмыс дербес қызметті белсендіруді талап етті, сыни ойлау дағдыларына, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Математикалық есептер білім алушылардың ұғымдарды, теориялық және математикалық әдістерді меңгерудің қолайлы да, құнды да құралы болып табылады. Білім алушылардың логикалық қабілеттерін жетілдіруге, сондай-ақ тәбиелеуде, білім-білік және дағдыларының қалыптасуында, математиканың өмірмен байланысын көрсетуде есептердің алатын орны өте зор. Оқушы кез келген есепті шығару барысында математикалық білім алады, оның қандай да бір дағдысы қалыптасады және ол дағдыға ие болады, сондай-ақ, математикалық білім деңгейі арттырылады. Функционалдық сауаттылықты бағалауға арналған тапсырмалардың ерекшеліктері:

- пәндік аймақтан тыс қойылған және пәндік біліммен шешілетін тапсырмалар;
- әрбір тапсырмада, әдетте, оқушының түсінікті өмірлік жағдайы сипатталады;
- тапсырмалар контексті күнделікті өмірде туындайтын проблемалық жағдайларға жақын;
- жағдай мінез-құлық заңдылықтарын саналы түрде таңдауды талап етеді;
- сұрақтар қарапайым, түсінікті тілде және әдетте, көпсөзді емес;
- олар күнделікті тілден пән саласының тіліне (математика, физика және т. б.) аударуды қажет етеді;
- иллюстрациялар қолданылады: сызбалар, кестелер.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және бағалау үшін тапсырмаларды таңдаудың негізгі критерийлері:

- контексттің ахуалдық маңызының болуы;
- пәндік саладағы қарапайым тілдің көмегімен тұжырымдалған тапсырманың шарттарын аудару қажеттігінің болуы;
- тапсырма тұжырымының жаңалығы, шешу жолдарындағы белгісіздік.

Математикалық сауаттылық – жеке тұлғаның математикалық дәлелдеу және тұжырымдау, қолдану, математиканы әртүрлі нақты контекстерде шешу қабілеті. Ол құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжау үшін математикалық ұғымдарды, рәсімдерді, фактілер мен құралдарды пайдалануды көздейді. Ол адамдарға әлемдегі математиканың рөлін түсінуге, жақсы пікір білдіруге және сындарлы, белсенді азамат үшін қажетті шешімдер қабылдауға көмектеседі. Математикалық ойлауды бағалауға ерекше назар аудару керек. Математикалық пайымдау мен мәселені шешу арасындағы байланысқа жаңа көзқарасы: мәселені шешу үшін математикалық сауатты оқушы алдымен нақты әлем контекстінде ұсынылған мәселенің математикалық табиғатын көріп, оны математика тілінде тұжырымдауы керек. Бұл түрлендіру математикалық ойлауды қажет етеді және математикалық сауатты болу дегеннің басты құрамдас бөлігі болуы мүмкін. Математикалық сауаттылықты бағалау құрылымы:

Тест тапсырмаларында қолданылатын математикалық мазмұн (функционалдық сауаттылықтың пәндік өзегі)

Өзгерістер мен тәуелділіктер (алгебра)

Кеңістік және нысан (геометрия)

Белгісіздік және деректер (БІТ және статистика)

Саны (арифметикалық)

Танымдық процестер (интеллектуалдық қызметі компоненттері) Мәселе қай контексте көрсетілді: жеке өмір – адам әлемі, қоғамдық өмір – социум әлемі, білім-кәсіби қызмет -кәсіптер әлемі, ғылыми қызмет – ғылым әлемі.

Метапәндік дағдыларды меңгерудегі әлсіз жақтары:

дәстүрлі емес тапсырмамен, атап айтқанда, шешімінің жолы белгілі мәтіннен басқа тапсырмамен жұмыс істеу

әртүрлі нысандарда (мәтіндер, кестелер, диаграммалар, схемалар,сызбалар) ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу

тапсырмада артық ақпарат болса , ақпарат таңдау;

қосымша ақпаратты қолдану, жеке тәжірибені пайдалану,

ықтимал нұсқаларды пайдалану, сынақ және қателік әдісін пайдалану,

шешімнің негіздемесін ауызша нысанда ұсыну,

оны шешу және түсіндіру үшін қажетті барлық шарттарды табу және сақтау.

Математикалық сауаттылық мониторингі блогының құрылымы

Саны: жағдай - 2, әрқайсысында 2 сұрақ;

Мазмұны: 2 (3)

Танымдық қызмет түрі: 4

Контекст: 2

Балл саны, бағалау: 1 немесе 2;

Блок бойынша: $1+2+2+2=7$.


Күрделілігі: 1 (1 балл), 2 (2 балл) немесе 3 (2 балл);

Блокбойынша: $1+2+2+3=8$

Жауап нысандары: көп таңдау, қысқа жауап, толық жауап

5-6 сыныптарға арналған тапсырмалар

Есеп 1.



Мәтінді мұқият оқып, тапсырманы орындаңыз. Жоспарда Доскей ауылы, Ленинградская к-сі, 13-үй (жоспардағы әр ұяшықтың жағы 2 м-гетен) мекен-жайы бойынша үй шаруашылығы көрсетілген. Шаруашылық аумағы тіктөртбұрышты. Шығу және кіру жалғыз қақпа арқылы жүзеге асырылады. Шаруашылыққа кіреберісте қақпаның оң жағында монша, ал сол жағында жоспарда 7 нөмірімен белгіленген гараж бар. Гараж алып жатқан жер-32 ш.м. Тұрғын үй аумағы қақпадан алыстау орналасқан. Гараждан, тұрғын үйден және моншадан басқа, учаскеде гараждың жанында орналасқан қора және көкөніс бақшасында салынған жылыжай(теплица) бар (бақша 2 нөмірімен белгіленген).

1 сұрақ

Тұрғын үйдің алдында алма ағаштары бар. Учаске ішіндегі барлық жолдардың ені 1 м және 1 м × 1 м тротуар плиткалары төселген. Монша мен гараждың арасында сол плиткаммен төселген 64 шаршы метр шағын алаң бар. Үй иесі тротуар плиткаларын ауыстырғысы келді. Тротуар плиткалары қораптарда, 1 қорапта 4 данадан, сатылады. Гараждың алдындағы барлық жолдар мен учаскелерді төсеу үшін қанша плитка қажет болды? Ұнатқан тротуарлық плиткалар сатып алу үшін кестеде фирмалар көрсетілген. Тиімді сатып алуды таңдаңыз.

№	Фирмалар	Баға 1 дана	Жеткізу % (тауардың жалпы құнынан)	Жалпы
	Әлем	450 теңге	4%	
	Достық	400 теңге	5%	

	Шығыс	300теңге	6%	
--	-------	----------	----	--

2 сұрақ

Үй иесі гараждағы еденді бояуға шешім қабылдады. 1 шаршы метр еденді бояу үшін 140 г бояу қажет. Бояу 2 кг банкаларда сатылады. гараждағы еденді бояу үшін қанша банка бояу сатып алу керек

3 сұрақ

Қорада үй иесі тауықтарды ұстайды, олар үй салынған учаскенің аумағында еркін жүреді. Үй иесі тауықтар егінді бүлдірмеуі үшін бақшаны қоршауға шешім қабылдады. Сізге тізбекті тор сатып алу керек. 1м тор 270 теңге тұрады. Торды сатып алу қанша тұрады?

Есеп 2. "Сатып алу»

Анам таңертеңгі сағат 10-да Мишаны және әжесің дүкенге жіберді. Бұл аптаның күні-сәрсенбі болды. Анам сәрсенбі де кейбір дүкендерде жеңілдіктер бар екенін білді. Ол оларға 2400 теңге берді және қажетті сатып алулардың тізімі: батон, қара нан, айран пакеті, тұшпара, шұжық, зімбір. Жақын жерде қызығушылық тудыратын тауарлардың келесі бағалары бар дүкендер болды. Миша мен әжесі қай дүкенде тиімді сатып алады деп ойлайсыз?

№	Атау	«Пятёрочка» +5% жеңілдік	«Магнит» + 10 % жеңілдік	«Жеңіс» 0 % жеңілдік
1	Батон	120 теңге	130 теңге	118теңге
2	Қара нан	96 теңге	94 теңге	90 теңге
3	Айран пакеті	180теңге	185 теңге	175 теңге
4	Тұшпара	300 теңге	320 теңге	250 теңге
5	Шұжық	430теңге	470теңге	400 теңге
6	Зімбір	250 теңге	259 теңге	240 теңге

Қорытынды.

1.Тапсырмалар өздерінің негізгі функциясын орындайтынын, атап айтқанда, оқытуды және функционалдық сауаттылықты қалыптастырады.

2. Көп жағдайда бір тапсырма үш-төрт тапсырмадан тұрады. Оларды дәйекті орындау сұрақтан сұраққа көшуге ықпал етеді, оқушылар сипатталған тарихқа (жағдайға) терең түсіріледі және жаңа білім мен функционалдық дағдыларды алады.

3.Тапсырмаларда ұсынылған жағдайлар оқушылар арасында қызу жауап туғызды, олар барлық сұрақтарға жауап беруге тырысты, тапсырмалар туралы оң жауаптар бар (жауап тарататын жерде: қызықты тапсырма).

4.«Тірі жауап» және жағдайға көрсетілген қызығушылық жауап сапасына әсер етеді: балалар жағдайға өз көзқарасын білдіреді, көбінесе нұсқауға (талапқа) назар аудармайды;

5. Бір пікірбілдіруге ұмтылыс кейде таным міндетіне кедергі келтіреді;

6.Жеке қарым-қатынас танытқандардың кейбіреулері ғана оны шешімге айналдыра алды.

5-ші және 6-шы сыныптарда балаларға математика сабақтарында икемді оқуды үйрету маңызды.

Қиындық дәрежесі бойынша жаттығуларға арналған тапсырмалар әртүрлі болуы мүмкін:

- тапсырма мәтініндегі басты және екінші орынды анықтау;
- мәтін бойынша деректерді салыстыру, олардың сипаттамаларын салыстыру;
- тапсырманың (мәтіннің) деректері бойынша сұрақтарды тұжырымдай білу;
- жартылай деректерді пайдалана отырып, сызба (сурет) бойынша есептер құрастыру;
- мәтіннен жаңа ақпаратты бөліп, мәтінге қатысты оның негізгі идеясын қалыптастыру;
- ғылыми сөйлеуді қалыптастыру механизмін дамыту, өз ойларын сауатты жеткізе білу;
- дайын ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, бір ақпарат көзінен алгоритм (схема) бойынша жұмыс істеу.

Әдебиеттер:

1.Гуськова Алла Геннадьевна 5-6 сыныптарға арналған есептер. Ульяновск қ-сы; 2018 ж.

2. Қ.Кервенев,Ү.А. Қосыбаева, Н.Қ. Шаматаева, С. Хабдолда, Д.М. Ахманова Математикалық сауаттылық.Қарағанды қ-сы, Акад.Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті КЕ АҚ-ның баспасы, 2020

ХИМИЯ ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖАҚСARTУ

Қазақстан күн сайын қарқынды дамып келеді және ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға батыл қадам жасап отыр. Елдің білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі және аса тез бейімделуі мен жұмыс істеуі.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі.

Функционалдық сауаттылықтың ерекшеліктері:

- оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру үшін базалық деңгей болып табылады;
- тұрмыстық проблемаларды шешуге бағытталады;
- адамды нақты жағдайлардағы тәртібіне байланысты сипаттайды;
- стандартты мәселелерді шешу мен байланысты;
- ең алдымен ересек адамдарды бағалау үшін пайдаланылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Ал, күнделікті тез өзгеріп жатқан дүниеде білім беру сапасына деген жауапкершілікті күшейту қажет. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Осы орайда мектептерде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай дамытуға болады, оның тиімділігі неде?- деген заңды сұрақ туындайды.

Функционалды сауатты оқушы – бұл пәндік, пәнаралық, интегративтік білімдер, ептіліктер, дағдылар және функционалдық мәселелерді шешу әдістері жиынтығы ретінде алынатын іс процесінде пайдаланылатын, қабылдау, ақпаратты өзгерту, типтік оқулық және қоғаммен қарым-қатынас есептерін шығару процесімен байланысты қажетті және жоғары деңгейдегі білімге ие болатын тұлға.

Жаратылыстану ғылымдарының (физика, химия, биология, география) объективті негізі, ол ғылымдардың зерттелуіндегі әртүрлі формада, яғни физикалық, биологиялық, геологиялық зерттелу формасында болуы.

Сабақта төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Атап айтсам: «Жұптағы ой қозғау», «Аквариум», «Кластерлер», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Серпілген сауал», «Еркін жазу», «Сұрақтар шеңбері», «Атаулар туралы үш сұрақ», «Ыстық орындық». Сондай-ақ сабақта ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, өзін және өзгені бағалай, тыңдау қасиеттері қалыптасады. Ауқымды материалдан қажетті ақпаратты тауып, шешім қабылдауға дағдыланады, сөздік қоры дамиды.

Химия сабағындағы оқушылардың өзіндік жұмыстары сан алуан сарамандық тәжірибелерді орындаулары, есептерді шығаруы, формулалар бойынша реакциялардың теңдеуін құрастыру, жаттығуларды орындау, бақылау және тексеру жұмыстарын орындау, оқулықпен жұмыс, анықтамалар және әр түрлі қосымша әдебиеттермен жұмыс т.б. Оқушылар ұжымы бір тақырыпты немесе бір жоспар бойынша бірнеше топқа бөлініп жұмыс жасайды. Сарамандық жұмыстарды бірлесіп орындап, есептерді бірлесіп шешеді, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Мақсаты – пән бойынша алған білімдерін жүйелеп, бекіту, тексеру және шығармашылық қабілеттерін шыңдаумен

қатар, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту болды. Мұнда «Химия тұрмыста», «Химия медицинада», «Химия айналамызда», «Химия техникада» тақырыбында оқушылар постер қорғап, өз ойларын ортаға салды. Оқушылардың ғылыми жаратылыстану ғылымының білім сапасының деңгейін көтеруге арналады.

Нақты жағдайларда білімдердің қолдана отырып сауаттылығын дамыту мақсатында мектептің химия курсының тақырыптарына білім мен біліктілікті дамытуға негізделген тапсырмалар беріп отырамын.

Оқушылардың оқу әрекеттерін ұйымдастыруда теориялық материалдарды нақты мысалдармен, сызба, диаграммаларларды қолдану арқылы тапсырмалар құрастырамын.

Осылайша химия сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы келесі сапалы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді:

- оқушылардың ойлауын дамыту, белсенді түрде талқылап, салыстырып, қажетті қисындық (логикалық) байланыстарды өздігінен тұрғыза отырып, қорытынды жасауына, химиялық тілдің дамуына;
- оқушылардың танымдық қызметінің белсенділігі, оның дербестігі мен зерттеушілік сипатының жоғарылауына;
- сабақтың әрбір минутында танымдық қызметке іс жүзінде әрбір оқушының қатыстырылуына;
- топтық, өз бетінше жұмыс жасай алуына;
- оқушылардың оқу еңбегінің тиімді дағдыларының қалыптасуына.

Химия пәні барлық мектеп пәндерімен біріге отырып, оқушылардың жан-жақты дамуы мен тұлғанның қалыптасу мәселелерін шешеді. Химияны оқу барысында алған білім, білік, дағдылар мектеп түлектерінің қазіргі заманға тез бейімделуіне көмек береді.

Оқушылардың өзіне тапсырмаларды көбірек етіп беріп, оларға химиялық проблемаларды шығармашылықпен шешу тәсілдерін біртіндеп түсіндіру қажет. “Адам қоғамдық, мемлекеттік барша мүдделері үшін және бүкіл адамзат үшін пайдалырақ болса, соғұрлым кемелдене түседі” деген Д.И. Менделеев. Олай болса, сапалы білім табысты оқуға қол жеткізу басты талап екендігін ескере отырып, бүгінгі таңда оқушыларымызға білім берілуімен маңызды емес, маңыздысы – білім беру сапасын көтеру және олардың білімі терең, ойы ұшқыр, функционалдық сауаттылығы жоғары адам болып қалыптасуына ықпал жасау біздің міндетіміз деп ойлаймын. Және де Абай Құнанбаевтың “Бұлақ көрсең көзін аш” деген ұлағатты сөзді негізге ала отырып, бар мүмкіндікті пайдаланып, өзім тәрбиелеп жатқан оқушыларымыздың қабілеттерін, сауаттылықтарын дамытуды парызым деп санаймын.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік
- шығармашылық тұрғыда ойлау
- шешім қабылдай алу
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі таңда оқушының функционалды сауаттылығымен қалай күресу керек? Білім беру саласында ойымыз сан-саққа жүгіреді. Егерде әр қайсымыз терең ойланып, біліктілігімізді жетілдіріп отырсақ осы сұрақ төңірегінде әр мұғалімді ойландырып сабақтарында жаңа бағыт тауып жұмыс істеуге итермелейтін күш туар еді.

Қоғам талабына сай біз, ұстаздар оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру мен дамыту үшін жаңа инновациялық технологияларды игеріп, оларды оқу процестерінде қолданудамыз.

Тапсырмалардың жаңа әдістемелерін қолдана отырып :

- Оқушыларды қызығушылығын оятуға
- Жаратылыстану сауаттылығын арттыруға жағдай жасауда.

Менің педагогикалық іс-әрекетімнің негізгі мақсаты – оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін қолдана отырып, химия пәнін оқытудың сапасын арттыру болып табылады. Сондықтанда өз сабақтарымда әртүрлі тәсілдері қолдануға мүмкіндік беретін оқу әдістерін қолдануға тырысамын. Пәнді оқытуда пән кабинетінің заман талабына сай болуы зор ықпал етеді деп ойлаймын.

Қортындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 ж.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012 ж.
3. Білімдегі жаңалықтар журналы № 1,2,3,4.
4. Химия мектепте, Ғылыми-педагогикалық журнал. Алматы.
5. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы
6. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Тындаушының жұмыс дәптері // NIS- PEARSON.

Алиева Р.К.

КГУ «Дубовская ОШ», Абайский район

МЕТОДЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ФИЗИКИ (ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ)

После начала пандемии в марте прошлого года все школы нашей страны перешли на дистанционное обучение. На тот момент мы считали это временной мерой, которая в скором времени закончится и не предполагали, что этот процесс затянется почти на год. За это время у нас появилась уникальная возможность стать участниками нового процесса под названием «дистанционное обучение». Мы стали активными участниками этого процесса и как первооткрыватели открывали для себя новое и неизведанное.

Как известно в настоящее время существует две формы обучения: офлайн и онлайн. И учитель не ограничивает себя одним форматом обучения. Если онлайн обучении - это обучение «здесь и сейчас», то офлайн обучение -это отложенное обучение. На начальном этапе, когда мы стояли перед выбором платформы обучения, мы остановились на платформе «Google Classroom», так как она была доступна для всех владельцев личного аккаунта Google. У этой платформы были ряд преимуществ: во первых она была абсолютно бесплатна, во вторых, имела большие возможности:

- создание своего класса;
- оперативная и удобная рассылка материалов;
- возможность настройки заданий для учащихся;
- возможность оценивания выполненных работ;
- возможность отслеживания прогресса обучения учащихся.

Какие методы я использовала в условиях дистанционного обучения?

Метод (от греч. *metodos* – букв. путь к чему-либо) означает способ достижения цели, поэтому без соответствующих методов невозможно реализовать цели и задачи обучения.

Остановимся на некоторых особенностях проведения дистанционных занятий по физике на моем опыте.

- Физический эксперимент я изучала с учениками путем предварительного проведения видеосъемок реальных опытов и многократного показа их учащимся, либо показом виртуальных

опытов. В некоторых случаях использовались специальные программы позволяющие изменять параметры эксперимента, с последующим обсуждением результатов.

- Лабораторные работы старалась приблизить к уровню исследовательской работы. Не ограничивала регламент времени, и проводила в прямом взаимодействии с обучаемым (в случае затруднения в ходе выполнения работы, ученик имел возможность проконсультироваться с учителем, например через социальные сети). А этапы лабораторной работы коллективно обсуждались (например через мессенджер WhatsApp).

- Практикум по решению задач проводила с использованием интерактивной доски, видеоконференции, флеш-демонстраций, консультации проводила в чате или форуме.

В условиях дистанционного обучения каждый учитель физики убедился, что он должен владеть не только предметными знаниями, но и обладать компетенциями ИКТ. И реалии сегодняшнего времени дали нам такую возможность. За все время коронавирусной пандемии мы учителя были в постоянном поиске новых компетенций. В результате приобрели дополнительные умения: при дистанционном эксперименте научились использовать интерактивные модели, при формировании новых физических понятий использовать динамические компьютерные модели, организовывать и проводить сеансы видеоконференций, использовать online и offline сервисы (электронная почта, чаты, форумы). Составлять необходимое для уроков программное обеспечение, использовать специальные методы обучения физике, использовать функции компьютера и телекоммуникаций с целью повышения эффективности преподавания и роста познавательных интересов учащихся, объединятся в профессиональные интернет-сообщества и вместе создавать УМК; создавать видеоуроки.

В результате восьми месяцев дистанционного обучения можно сказать о «плюсах» и «минусах» дистанционного обучения

«Плюсы»:

- отсутствие временных ограничений;
- мобильность;
- наличие учебного материала;
- индивидуальный подход к ученикам;
- саморазвитие, саморегуляция школьников;
- гибкость;
- экономия времени;
- родители становятся активными участниками учебного процесса.

«Минусы»

- недостаток практических навыков у учащихся;
- неэффективность лабораторных работ без участия учителя;
- отсутствие у большинства педагогов реальной практики и умения строить онлайн-обучение;
- сложность свериться со средним темпом работы класса, так как ученик на дистанционном обучении его не чувствует;
- сложность организации групповой работы;
- трудности в формировании связной монологической речи ученика;
- сложность организации дистанционного обучения в многодетных семьях;
- нехватка личного общения;
- низкий уровень самоорганизации;
- технические проблемы;
- проблема идентификации (нет гарантии самостоятельного выполнения заданий).

Решение некоторых из этих проблем возможно при выполнении нижеследующих правил:

– установить определенные правила общения с учениками, что бы ни создавать хаоса и дополнительной работы (создать чат для работы и установить строго определенное время, когда дети могут задавать вопросы);

– что бы объяснить новый материал, учитель старается воспользоваться видеосвязью, она упрощает процесс передачи информации, но несет в себе немало трудностей. Прямые трансляции трудно контролировать, они могут поставить учителя в неудобное положение, да и учителя ещё не

обучены работать в прямом эфире, поэтому стоит попробовать запись видеуроков для детей, хотя бы отдельных моментов (решение задачи, объяснение темы);

– при работе с учениками онлайн, у детей возникают вопросы к учителю и на них необходимо ответить, для этой цели возможно использование голосовой связи в чате. Это ускорит процесс коммуникации и сэкономит немного времени для других заданий.

– Возможно, способ организации образовательного процесса в условиях пандемии коронавируса заслуживает серьезной критики, но я думаю, учителя задействовав все имеющиеся ресурсы обеспечили доступность и качество образования для наших учеников.

Литература:

1. Калмыков А.А. и др. Дистанционное обучение. Введение в педагогическую технологию. Издательство: Москва, 2005г.
2. Дистанционное обучение: Учебное пособие / Под ред. Полат.-М.: ВЛАДОС, 1998.

Алмагамбетова Б.А., Тұрсымбаева Қ.Қ.

№13 ЖББМ, Жезқазған қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КЛИШЕЛЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей –жай қарап, немқұрайлылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін... . Қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болу үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн [1].

Қазіргі әлемдік білім кеңістігінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Функционалдық сауаттылық оқушының сыртқы ортамен қарым – қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алу деңгейінің көрсеткіші[2]. Қазақ тілін орыс тілді мектептерде оқытудағы басты мақсат коммуникативтік дағдыны қалыптастыруда функционалдық сауаттылықты дамыту болып табылады. Коммуникативтік дағдыны қалыптастыру төрт сөйлеу әрекеті (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бірлігінде жүзеге асырылады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты. Күнделікті сабақ барысында барлық өтілген сөздерді оқушылардың бәрі бірдей жаттап алып, есте сақтауы мүмкін емес. Тіл үйретуде сабақтағы типтік жағдаяттар, яғни клишелер үлкен рөл атқарады. Алайда мұғалімдер тарапынан оған жете мән берілмейді. Клишелер – дайын тілдік бірліктер. Клишелердің қолданыста екендігі бүгінгі күннің ақиқаты. Әдеби тіл дайын формалардың, дайын тілдік қолданыстардың қызметін қажетсінеді. Дайын қолданыстарға клишелер жатады және олар сөздік қорда аз емес. Клишелер сөз тіркесі, аяқталған ойды білдіретін сөйлем түрінде келеді [3]. Дайын тілдік бірліктерді қолдану мұғалімнің сыныпқа кіргенінен басталады:

1. Қайырлы таң! (Қайырлы күн! Қайырлы кеш!) Сәлеметсіздер ме!

2. Сыныпта кім кезекші?

3. Сабақта кім жоқ? Сабаққа кім келген жоқ? Себебі не? Себебін кім біледі?

Оқушылардың тіл байлығын арттыруда екі адамның немесе бір адам мен топтың, бір топ пен екінші топтың арасындағы тығыз қарым-қатынас, белсенді іс - әрекет маңызды рөл атқарады. Сыныпта психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында қолданылатын тренингтер, сергіту жаттығулары оқушы мен оқушының өзара түсінісуіне жол ашады.

1. - Сіздерді көргеніме қуаныштымын. Бәріміз қол ұстасып, дөңгелене тұрайық.

Күндей жарық, айдай арайлы,

Судай мөлдір таза көңілмен

Бүгінгі сабақты бастайық!

2. - Сәлем, достым! (амандасады). Қалың қалай? (Иықтарынан қағады) Қалай демалдың? (Құлақтарынан тартады) Мен сені сағындым! (Қолдарын жүректеріне қояды) Қош келдің! (Қолдарын жаяды) Күніміз сәтті болсын! (Құшақтайды).

3. Сегіту сәті.

Орнымыздан тұрамыз,

Қолды белге қоямыз.

Бұрыламыз оңға бір,

Бұрыламыз солға бір.

Біз бақытты баламыз,

Гүл – гүл жайнап өсеміз.

Жаттығулар жасасақ,

Жақсы сергіп қаламыз.[5]

Сабақтың басында қолданылатын клишелер:

4. Үйге қандай тапсырма берілді? Үй тапсырмасын кім айтады? Кім орындаған жоқ?

Сабақ барысында қолданылатын клишелер:

5. Оқулықтың бетін ашыңыз. Жаңа сөздерді оқыңыз. Тапсырманың шартымен таныстырыңыз. Мәтіннен таныс емес сөздерді анықтаңыз. Сұрақ қойыңыз. Жауап беріңіз. Жаттығуды жазбаша орындаңыз. Жұппен диалог құрастырыңыз. Топтық жұмыс. Болжам жасаңыз. Ойыңызды айтыңыз. Сыныптасыңызға көмектесіңіз. Пікіріңізді білдіріңіз. Бұл сөздің мағынасы қандай? сөзден тура аударма жасамаңыз. Сіздің нұсқаңыз дұрыс болуы мүмкін.

Сабақ соңындағы, үзілістегі клишелер:

6. Үй тапсырмасын жазып алыңыздар. Тапсырма шарты түсінікті ме? Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар. Үзіліске шығыңыздар. Тәртіп сақтаңыздар. Сынып бөлмесін желдетіңіздер. Терезені ашыңыздар. Тақтаны сүртіңіздер.

Үй тапсырмасын тексеруде пайдаланылатын клишелер:

7. Үй тапсырмасы оңай болды ма, қиын болды ма? Үй тапсырмасын орындау үшін қанша уақыт жұмсадыңыз? Неліктен үй тапсырмасын орындамадыңыз? Не істеу керектігін білмейтіндігіңізді неге айтпадыңыз? Неліктен тапсырманы басқалар сияқты жазбадыңыз? Бұл сылтауыңыз жөнсіз. Үй тапсырмасын орындаңыз да, маған ертеңгісін бірінші болып тапсырыңыз. Сізге 36-беттегі үзіндіні оқу керек еді. Солай ма? Сіз бастайсыз ба, Маша? Сөйлемді қайтадан оқып шығыңыз.

Мен бүгін сіздің дәптеріңізді көргім келеді. Сабақтың соңында мен сіздің дәптеріңізді алып кетемін. Мен оны тексеріп ертең қайтарамын.

Жаңа сөздерді меңгерту клишелері:

8. Менің бұл сөздердің мағынасын түсінгеніңізге көз жеткізгім келеді. Бұл сөздердің тура немесе ауыспалы мағынасы бар ма? Мына екі сөзді шатыстырмаңыз. Жаңа сөздерді сөйлемде қалай қолданасыз? Мына сөздің... антонимі кімнің есінде? Синонимін кім біледі?

Өтінім клишелері:

9. Дәптерлерді жинап беріңізші. Тақтаны сүртіңізші. Үстелді, тақтаны таза шүберекпен сүртіңіз. Гүлге су құйыңыз. Кетер алдында орындықтарды көтеріңіздер. Дәптерлерді таратып беріңіз. Тақтадан көшіріп алыңыз. Мұқият тыңдаңыз. Назар аударыңыз. Маған бұрылыңыз, өтінемін.

Сыныпта тәртіпке шақыру клишелері:

10. Алаңдамаңыз. Түзу отырыңыз. Шуды тоқтатайық! Сіз өз орныңызға отырасыз ба, Сергей? Сіз ол жерде отыруға тиіс емессіз. Алғакеліңіз. Енді сөйлесуге болмайды. Сабырлық танытайық. Тыныштықты сақтайық! Сағызыңызды түкіріңіз! Қаламмен ойнамаңыз!

Мадақтау, сын айту клишелері:

11. Жарайсыз! Өте жақсы. Сіз қазақ тілін өте жақсы меңгеріп келесіз. Мына жұмысты қатесіз орындапсыз. Мен сізге ризамын. Бүгін сіз көптеген жетістіктерге жеттіңіз. Мен сіздің оқығаныңызға онша қанағаттанбаймын. Сізге көп дайындалу керек. Мына тақырыптарды қайталау керек.

Мәтін соңы жұмысы барысында оқу материалын талдау, жинақтау мақсатында қолданылатын әдіс – тәсілдерде клишелер аз емес.

Мысалы, 10 сыныпта берілген «Сұранысқа ие өнеркәсіп өнімдері» тақырыбы бойынша оқушылар «ПОПС» формуласын қолданып, дайын тілдік бірліктерге сүйенеді:

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, Қазақстанда жасалған жабдықтар шет мемлекеттерде сұранысқа ие».

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны қазақстандық өнеркәсіптер шетелдік нарыққа шыққысы келеді деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем: «Оны мен Ақтаудағы трансформатор зауыты жылына 6 миллиард теңгенің тауарын әзірлейді деген мысалмен дәлелдеймін».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен қазақстандық өнеркәсіп өнімдері сұранысқа ие деген шешімге келдім».

Мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, хат, өмірбаян, күнделік, түйіндеме жазу сияқты мақсаттарды қамтитын жұмыс түрлерін орындау да оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады. 5-7 - сынып бағдарламасына сәйкес оқушылар хат жазып үйренеді, өмірбаян, күнделік, түйіндеме жазуға төселеді. Бұл ретте хат, өмірбаян, мінездеме, түйіндеме жазу ерекшелігін ескеру керек. Дайын клишелер арқылы орындалатын тапсырмалар оқушылардың тек тілін дамытып қоймайды, сонымен қатар сауаттылығын да арттырады.

Хат.

Сәлем, Саша! Қалың қалай? Қандай жаңалықтарың бар? Ауа райы қандай? Сабақ үлгерімің жақсы ма?

Менде бәрі жақсы. Ауа райы жылы. Кеше қар жауды. Сабағымды жақсы оқып жүрмін. Өткен аптада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық «Дарын» олимпиадасына қатыстым. Жақсы нәтиже көрсеттім. Тапсырмалар қиын болған жоқ. Маған әлі де көп дайындалу керек.

Көктемгі демалыста мен Қарағанды қаласына барамын. Екеуіміз кездесейік. Жақсы, сау бол! Хат күтемін.

Сәлеммен Әлишер . 26. 01

Түйіндеме

Аты – жөні: Батырхан Бауыржанұлы

Мекенжайы: Семей қаласы, Абай көшесі, 15 – үй.

Туған жылы: 2004 жыл, 6 қаңтар

Ұлты: қазақ

Жынысы: ер адам

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: № 6 мектеп – гимназияның 6- сынып оқушысы.

Тілдік дағдылары: қазақ тілі – ана тілі; орыс тілі еркін; ағылшын тілі орташа.

Жеке қасиеті: адал, жауапты, тиянақты, көпшіл.

Қосымша ақпарат: химия пәні бойынша қалалық олимпиаданың жеңімпазы.

Қызығушылығы: спорт (баскетбол, қазақша күрес), кітап оқу, музыка[4, 108 бет]

Өмірбаян.

Мен, Бауыржанұлы Батырхан , 2004 жылдың 6 қаңтарында Семей қаласында тудым. Ұлтым-қазақ. 2011жылы Семей қаласындағы №6 мектеп –гимназияның бірінші сыныбынабардым. Қазір осы мектептің 6 - сыныбында оқимын.

Қазақ тілі – ана тілім. Орыс тілін жетік, ағылшын тілін орташа білемін. Мектептегі баскетбол үйірмесіне қатысамын. «Химия» пәні бойынша мектепшілік, аудандық олимпиадаларға қатысып бірінші орын алдым.

Ата- анам, әпкем және інім бар.

Семей қаласы, Абай көшесі, 15 үйде тұрамын. [4, 104 бет]

Сонымен қатар сабақта жүргізілетін кері байланыс тәсілі кезінде дайын тілдік қолданыстар (клишелер) молынан пайдаланылады. Мысалы, «Аяқталмаған ой», «Шығу парағы», «Мұғалімге жеделхат», «Рефлексиялық шеңбер», «Бес саусақ» тәсілдері арқылы сабақ үрдісінде күнделікті естіп, қолданылып жүрген сөз тіркестері, сөйлемдердің мағынасын түсіну арқылы ойларын еркін жеткізуге төселеді. «Аяқталмаған ой» әдісінің қолдану алгоритмі мынадай:

Алдымен, біз былай деп ойладық...

Одан кейін біз мына мәселеге тап болдық ...

Мәселені шешу үшін мынаны ... жасадық.

Бұдан бізкөрдік.

Демек, бұл мынаны білдіреді

Сонымен біз.... деген шешімге келдік.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тұлғалық – әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Клишелер дұрыс сөйлей білуге төселдіреді, оқушылардың білімін жетілдіреді, білетіндерін ортаға салып, пікір алмасуға үйретеді. Оқушылардың өзін қоршаған ортада тілдік қарым- қатынасқа түсуде, ойын сенімді, еркін жеткізуде клишелердің көмегі мол.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне сұхбаты.
2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру». (Әдістемелік құрал), 3 бет.
3. Бағдан Момынова, ф.ғ.д. профессор «Аналитизм және клише тұлғалардың тіркесімдер сөздігенде тіркелуі турасында» мақаласы. (интернет желісінен)
4. Ф. Ш. Оразбаева, Ж.Т. Даулетбекова, Р.С.Рахметова, А.Қ. Рауандина, А.Н. Юсуп «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығы, 6 – сынып, 104,108 беттер, Көкжиек- Горизонт, 2018 жыл.
5. Ф. Ш. Оразбаева, Ж.Т. Даулетбекова, Р.С.Рахметова, А.Қ. Рауандина, А.Н. Юсуп «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалім кітабы, 6 – сынып, Көкжиек- Горизонт, 2018 жыл.

Альжанова М.Ж

Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия, Қарағанды қаласы

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ

Ұлттың жаны – тіл, рухы – әдебиет. Әдебиет пәні білім беру жүйесіндегі басты пәндердің бірі болып саналатындықтан, оның алдына қоятын мақсаты да биік. Әдебиет пәнінің мақсаты – оқушылардың рухани дүниесін байытып, оларға көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру нәтижесінде жеке тұлғаны дамыту.

Әдебиеттің негізі - көркем шығарма. Әдебиет пәні оқушы жүрегіне жол тауып, оның зердесіне замана келбетін өмірдің тылсым-тіршілігін, тынысын жеткізетін халқымыздың көркем тарихы, ұлттық сананы тәрбиелейтін, адам мен қоғам жайындағы түсінігі мен тәжірибесін реттейтін өмір оқулығы болып табылады. Академик Зейнолла Қабдоловтың «Әдебиет – ардың ісі» деген сөзі ақиқат. Оқушы әдебиет пәнін оқуда шығармаларды оқып қана қоймай, көркем шығармадағы кейіпкер арқылы адам баласының жан-дүниесіне үңіледі. Өмірдің күрделі қайшылықтарына тереңдей еніп, өзі де көркемдік әлем эстетикасынан ләззат алып, араласып отырады. Әдебиет пәні – әсемдікті өмірдің шынайы жағынан танытар басты құрал. Себебі, тәрбие негізі – сөз қуатында.

XXI ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты тұлғаны қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Жалпы бүгінгі таңда мұғалім – бағыт беруші, ұйымдастырушы рөлінде. Оқушының ізденем десе барлық жағдай өз қолында. Біздің мақсат баланы ойландыра алу, сыни көзқарасын қалыптастыру. Сыни тұрғыда ойлау дегеніміздің өзі – ой қозғай отырып, оқушының өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесе отырып шығармашылық жұмыс жасау. Қысқаша айтқанда, өз пікірін ашық айта алуға үйрету. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде елуден астам жаңа технология қолданылады. Дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту, саралап оқыту деген сияқты қаншама оқыту түрі бар. Соның ішінде оқушы бойындағы «менді» қалыптастыратын – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді. Белсенділігін оятып, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Жалпы сабақ мақсаты – оқушыны өмір сүре алуға үйрету. Не өтсеңіз де ол оның өмір сүруіне пайдасын тигізу керек.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік дағдылардың жиынтығынан құралады. Ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

Әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді, адамның өмірге көзқарасын танытамыз, ол оқушының мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді. Әдебиеттегі көркем туындыларды оқыған сайын өмір сырын, отан, тарих, ерлік, елдік, жақсылық, жамандық секілді ұғымдардың мәнін терең аңғарады. Оқушы әдебиетті оқып, оның тереңіне бойлай алса, өнерді сүйетін, өмірді сүйетін, құндылықтардың құнын білетін, рухани бай, көркемдік талғамы бар, адамгершілігі жоғары тұлға боп қалыптасады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мектепте оқытылу жайы әркімді де толғандыруы тиіс. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да жетіліп келеді.

Функционалдық сауаттылық деген не өзі... Оқушылардың 40 пайызы әдеби мәтінді толық түсінуге қиналады. Сауатсыздық дерті бізде әлі толық жойыла қойған жоқ. Сөйлемді дұрыс жазып үйренгенмен, дұрыс түсініп оқи алмай жүргендер қаншама. Ұрпақтың сауаттылығы – елдің келешегі. Оқу сауаттылығы қай кезеңде болсын өте өзекті. Осы ретте Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру, танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «XXI ғасыр - сауатты ұрпақ ғасыры!» атты оқу сауаттылығы апталығы өткен болатын.

Сауаттылық - ауқымы кең ұғым, адам өмірін дамытудың үлкен бастауы. Облыс көлемінде бастау алған бұл іс-шара өте құптарлық. Себебі оқу сауаттылығы мен жазу сауаттылығы арқылы біз өзіміздің тілімізге деген құрметімізді, кітап оқуға деген құштарлығымызды оятамыз.

Оқушылардың тіл, әдебиет сабағына деген қызығушылықтарын дамытуда, орфографиялық сауаттылық деңгейін арттыруда, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, оқушылардың сөздік қорын байыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жандандыру мен жетілдіруде бұл апталықтың маңызы зор болды. Апталықта қамтылған басты тақырыптар: «Функционалды сауаттылық-тұлға қалыптастырудың жаңа жолы», «Оқу сауаттылығы және заманауи қоғам», «Ұстаздық еткен жалықпас...», «Кітап-өмір ұстазы». Жүргізілген жұмыс түрлері: «Челлендж», «Квест ойыны», «Kahoot тест», «Дискуссия», «Бейне репортаж», «Буккроссинг», «Kitap Fest» кітаптар фестивалі, «Söz-zerde» зияткерлік сайысы, «Бестік тест», «Эссе байқауы», «Дөңгелек үстел», «Шешендік өнер сайысы», «Оқу сауаттылығы тесті», «Мұғалімдер арасындағы сайыс», «Вертуалды экскурсия», «Танымдық сайыс», «Сахналық қойылым», «Буктрейлер», шеберлік сабақтар мен авторлық бағдарламалар сайысы да жүзеге асты. Қазіргі ақпарат тасқынының астында қалған қоғам дамуында оқу сауаттылығына байланысты жүргізілген жұмыстардың пайдасы өте зор болды.

Оқу сауаттылығы дегенді әдетте кітап оқу мен оның мазмұнын түсіндіру, жазу-сызудағы сауаттылық деп түсінетіндер әлі де бар арамызда. Қазір бұлармен қатар, оқушының оқып білгенін кәдеге жаратуы маңызды. Алған білімін тәжірибеде сынап, тақырыпты заманауи бағамдап қана қоймай, сын тұрғысынан ойлап, бейнероликтер жасап, танымдық ток-шоуда пайдалана білуі тиіс. Кітапты оқып, одан алған білімді мазмұндау жеткіліксіз. Өлгі тақырып бойынша эссе жазып, жазған эссемізді бейнеролик арқылы әлде басқа да техника тілінде сөйлету маңызды. Осы орайда біздің жеткен жетістігіміз – жұмыс түрлерін түрлендіру арқылы оқушыларды кітап оқуға қызықтыра алдық, бағдарламада жоқ шығармаларды оқытып, оларға буктрейлер жасатып, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыра алдық.

Сауаттылық бір күнде келмейді. Ата-ана, оқушы, ұстаз – осы үштік біріккенде ғана ұрпақтың сауаттылығы жүзеге асады. Қазіргі технология заманында, түрлі гаджеттердің заманында мұндай шаралардың өтуінің маңыздылығы зор.

Сабақ – мұғалімнің шығармасы. Мұғалімге сабақты өткізу туралы қағида осынып, ақыл-кеңес беру артық іс. Себебі әр мұғалім және оның өткізетін сабағы – өзінше бір ерекше дүние. Әдебиет – өмір оқулығы. Онда бүкіл дүние тынысы бар. Басты назарда тек сабақ нәтижесі ұстанылуы керек. Кім дұрыс береді деген сұрақ болмауы керек. Әсіресе, әдебиет сабағында. Көркем шығарманы оқыту мұғалімнің толық түрде шығарманың мазмұнын жеткізуден басталады. Мазмұндау барысында түсініксіз сөздер қатарын талдау үшін қазіргі оқулықтарда сөздіктер тізбегі берілген. Сөздікпен жұмыс арқылы сауаттылыққа тәрбиелеуге болады. Сөздік жұмысы көркем шығарманы оқытумен тығыз байланысты. Шығармада түсініксіз мен сөз тіркестері жиі кездеседі. Бұл жұмысты жүргізудің мақсаты – көркем шығарманы оқушыларға түсінікті ету, сөздік қорын жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен, халқымыздың сөздік қорының байлығын, шеберлігін байқату, тілін дамыту. Сөздерге түсінік берудің шығармаларды оқытуда үлкен мәні бар. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны бойынша жасалған оқулықта «сөз маржан», «лұғат» атты айдар бар. Сол айдарда берілген сөздерді талдау арқылы оқушының сөздік қоры дами түседі.

Әдебиетті сүйу, қызығып оқу – жай сауаттылық емес, өзінше шабыт, үлкен даналық. Қызықтыру мен үйрету – егіз. Оқушыны әдебиетке тарту арқылы біз қазіргі кезде білім саласында өткізіліп жатқан «Абай оқуы», «Мұқағали оқуы», «Шәкәрім оқуы», «Қасым оқуы», «Жамбыл оқуы» сияқты түрлі конкурстарға дайындай аламыз.

Кітап оқудан тыйылған адам – ойлаудан да тыйылады. Біздің бұл мақала арқылы айтқымыз келгені «қазір ешкім кітап оқымайды» деп қол сілтей салмай, оқушыларды қалай да болсын көркем шығарманы оқуға тарту, себебі, біз, шындап кіріссек «кітап оқуды сәнге айналдыра» алатынымызға көз жеткіздік.

Ендеше, Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен айтсақ, «Шығарманы қайталап, зерттеп, талдап оқыған оқушы ғана терең білім алатынын» әрқашан есте тұтқан абзал.

Әдебиет:

1. Б.Әрінова, А.Аққұлова. «Әдебиет оқыту әдістемесі». Алматы «Атамұра» 2002 жыл.
2. С.Мақпырұлы, А.Қыраубайқызы, Г.Құрманбай. «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау». Алматы «Мектеп» 2004 жыл.
3. Н. Оразақынова, Г. Кенжебаева «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақала, 2012 жыл

Аменова И.Н.

«№2 арнайы мектеп-интернаты»КММ, Қарағанды облысы

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ АҚЫЛ-ОЙЫ МЕН СЕЗІМІНІҢ ДАМУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінгі күні біз, әлем халқы бір кісідей жаңа мыңжылдықта өмір сүріп отырмыз. Осы заманға әлем жаһандану кезеңін, яғни адамзаттың біртұтас ақпарат және телекоммуникациялар кеңістігінде жан-жақты бірігу, бүкіл планетаның біртұтас экономикалық нарыққа айналуы дәуірін бастан кешуде.

Жаһандану дегеніміз – бәсекелестік. Қазіргі кезде әлемдегі құрлықтар, мемлекеттер, ұлттар тіпті адамдар арасында бәсекелестік күшеюде. Демек, халықаралық бәсекелестіктің өсуі бүгінде барынша маңызды әлемдік үрдіс болып отыр.

Еліміздің экономикалық, саяси-мәдени дамуына үлес қосатын, әлеуметтік өркениетке көтерілетін, парасатты, денсаулығы мықты ел азаматын тәрбиелеу – ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы мерейлі міндеті. Ол үшін жаңа технологияларды меңгерген, оқытудың ақпараттық құралдарын қолдана алатын, тәрбие берудің қазіргі нысандарын меңгерген кәсіби білікті мұғалім қажет. Осы тұста ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының: «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» - деген сөзі бар. Бұл сөзден біз қай ғасырда да білім мен біліктің бірінші кезеңде тұратынын аңғарамыз.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру мақсаты жатыр.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты дамыған балалармен қандай жолмен, қандай әдіспен кіріктіріп оқытуды білу мен аталмыш бағыттағы жұмыстар ұйымдастыру.

Қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын мәдениеттанымдық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық, оқу-танымдық құзыреттіліктер негізінде дамыту әдістемесін басшылыққа алу. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірінің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдік кумулятивті қызметін меңгеру арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Оқушылардың тілдік-лингвистикалық білімнің сапалы болуы – барлық пәндердің сапалы оқытылуының негізі болып табылады. Өйткені қазақ тілі – маңызы қарым-қатынас құралы, жеке тұлғаның әлеуметтенуінің негізі құралы. Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады? Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен оқушылардың іші пыспайтын, оқу іс-ірекеттеріне толы, нәтижесі жоғары деңгейде болу белгілерімен танылады. Қазақ тілі сабақтарының көздейтін түпкі нәтижесі – оқушылардың білім алу ізденісі арқылы өздерінің қолын жеткізетін әдістер қолану. Сол арқылы оқушылардың өмірлік тәжірибесі байытылып, жеңіске жету және оны қуанышты эмоциямен сезініп, алдағы сабақтарға қызыға құлшынысы артуы сияқты жайлы сезімдерге бөленуі керек. Мұндай жайлы сезімдер оқушының рухани баюына, ішкі қуаты ашылуына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпалын тигізетіні белгілі. Тілді меңгеруде грамматиканың орны ерекше, өйткені онсыз ойды жинақтап сөйлемге айналдыру, байланыстырып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан грамматиканы толыққанды тілдесімге жетудің құралы ретінде қарастырылады. Грамматикалық дағдыны қалыптастыру функционалдық бағытта грамматикалық форма мен функцияны бірлікте үйрену арқылы грамматикалық ережелерді толық игеру, жағдаяттық және шартты сөйлеу жаттығулары негізінде іске асады.

Арнайы (көмекші) мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі басқада әдістемелер тәрізді педагогика пәніне жатады. Бұл пән ақыл-ойы кем балаларға қазақ тілін оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, заңдылықтарын қағидаларын, әдістері мен тәсілдерін зерттейді. Мұғалімнің негізгі міндеті – алдында отырған әр оқушының психикалық-дене бітімдік даму және қалыптасу ерекшелігін білумен мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас негіздерін білу.

Адамзат баласына тән қасиеттердің бірі – әрекет барсында жаңаны білуге, тануға деген ұмытылыстың болуы. Сондықтан тіл үйретудің психологиялық заңдылықтары мен тіл үйренушінің жеке тұлғалық қасиеттерін ескермей нәтижелілік күту мүмкін емес. Ж.Аймауытов «Ана тілін қалай оқыту керек?» атты еңбегінде тілді дұрыс үйренудің басты қағидаларының ішінде ынталандыруға ерекше мін берген:

Баланың өз бетімен сөйлеуіне мүмкіндік жасау қажет;

Тіл үйренуді - тыңдау, сөйлеуден бастау қажет, оқу, жазу солардан кейінгі әрекет болуы тиіс;

Сөйлеу өмірдегі құбылысқа жақын, жеңілден басталғаны жөн;

Баланың ой-қабілеті мен өмірді ұштастыра отырып, пәнаралық байланыстарды күшейтіп, ынталандыру қасиетіне ерекше мән берген дұрыс. (3,86).

Қазақ тілінде оқушыны сөйлетуге мәжбүрлейтін жағдаяттық тапсырмалар, сұраққа жауап талап ететін сөйлем құруда тапсырмалар оның ойы мен сөзін дәлелдеуге, дәйектеп бекітуге итеремелейді. Тілдік қатынас жасау үшін әрекет жасаушылар жұп, топ болып тілдесімге түсуді педагогикалық

теорияны тиімді деп көрсетеді. Орыс мектебінің оқушыларының қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Бұл міндетті мәтін атқарады. Мәтін – сөйлеуге жаттықтыру, сөйлеу дағдысын қалыптастыру құралы. Мәтінмен жұмыс істеудің алғашқы түрі – мәтінді дұрыс оқи білуге дағдыландыру. В.М.Максимов өзінің зерттеулері бойынша келесі жіктеулерді ұсынады: құрылымдық логикалық технология (қазақ тілі сабағында логикалық тапсырма беру арқылы), интеграциялық технология (әр түрлі пәндік білімдердің бір-бірімен байланысы – қазақ тілі мен басқа пәнді), ойындар технологиясы (психологиялық тренингтер), ақпараттық технология (оқушыларға қазақ тілінде жаңалықтар дайындату немесе сабақ үстінде топпен жұмыс жасату), диалогтық жұмыс.

Осы жіктеулерді қазақ тілі сабағында кең қолдану керек. Себебі, қазақ тілінде білім берудің негізгі жолы оқыту. XVIII ғасырдың аяғында өмір сүрген шведтік педагог Иоганн Генрих Пестолоцци «оқыту кезінде бас, жүрек, қол бірге қарастырылуы керек» деп айтқан екен. Бұл үшін біз әрбір ұстаз мынандай қағидаларды ескеру қажет:

Баланың қазақ тіліне деген бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оны үнемі алға жылжытуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждықтарын ескеру, шығармашылықпен жетілдіру;

Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға жағдай жасау;

Өз-өзін дамытатын тұлға қалыптастыру.

Сөйлеудің мазмұны мен сөйлеудің қажеттілігі. Егер балаға сөйлеу қажетсіз болса немесе оның айтатын ешнәрсесі болмаса, сөйлегісі келмесе – тіл дамыту мүмкін емес. Сондықтан баланы қоршаған ортасындағы дүние мен құбылыстар туралы білімін тексеру тіл дамытудың әдістемелік шартына жатады. Балалар оқығанын талдайды, өткен сабақтармен байланыстырады, белгілі бір пәнді, құбылысты, затты қарастырады, зерттейді, басқамен байланыстырады, салыстырады, практикалық жұмыстар жүргізеді, қорытындылайды. Сөйтіп мұғалім оның тілін дамытуға мүмкіндік алады. Келесі әдістемелік шарт – оқушының сөйлеуге қызығушылығын арттыру. Мұғалімнің сұрағы, көрнекілік, қызықты тақырып, қызықты ситуация, мадақтау, көрген білгенін бөлісу – оқушының сөйлеуге қызығушылығын тудырады. Сөйлеу тілін қажет тілдік құралдармен қамтамасыз ету. Олар: сөз, сөз тіркесі, сөйлемдер.

Қазіргі кезде мүмкіндігі шектелген балаларға медициналық-психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік реабилитация жасау, кемістіктің алдын алу мәселелері алға қойылған. Оларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеті әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға араластыру, яғни қоғамға пайдалы еңбекке баулу. Сондықтан тірек қимыл аппараты зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі дефектология ғылымындағы ғана емес, жалпы әлеуметтік маңызды мәселелер болып саналады.

Қорыта айтқанда, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың танымдық үрдістерінің даму ерекшеліктерін ескерту. Қарым-қатынас жасауға белсендіретін тақырыптар алу. Сөйлеу мен таным әрекеттерін түзете отырып, дамыту, оқыту. Әр дидактикалық кезең мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіншілігіне сай, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленген, берілген тақырыптар үнемі қайталанып оқушының зейінін және есте сақтау қабілетін дамытып отырады.

Дәстүрлі оқытудың басты мақсаты – білім беру, оқушының іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру болса, түзете-дамыта оқытуда білімді де, тәрбиені де жеке тұлғаға бағыттай отырып, оны жан-жақты дамытуды мақсат етеді, оқушыны субъект ретінде қарастырады. Түзете- дамыта оқыту жүйесі шығармашылық ойлауға, сапалы дамуға, қиялдауға, есте сақтауға, тіл дамытуға бағытталған. Арнайы мектептерде сөздіктермен жұмыс істеудің маңызы зор. Жалпы қалыптасқан тәртіп бойынша ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға арналған сөздіктердің сипаты да өзгешелеу болатыны белгілі. Көбінесе оларда біркелкілік басым және сын есім, көмекші етістіктер, дерексіз ұғымдағы, жалпы (жинақтау) мағыналы сөздердің қоры өте шағын. Көпмағыналы сөздерді, әсіресе олардағы түсініктердің ауысып отыратынын ұғыну балаларға өте қиынға түседі. Ерекше білім алуды қажет ететін балалар айналадағы дүниені сол қалпында нақты түрінде қабылдайды. Соның салдарынан олардың сөйлеу тілінде заттың тура мағынасы басым келеді де, оның сөздік ұғымы деген түсінік мүлде болмайды. Оқушыларда белсенді сөйлеу тілінің ұзақ уақыт қалыптаспауы, олардың айтылған сөзді жеткілікті деңгейде түсінбеуі сөйлеу тілінің коммуникативтік атқарымының қалыптасуын қиындатады. Ал сөйлеу тілдік қарым-қатынассыз баланың толыққанды дамуы мүмкін емес. Сондықтан сөйлеу тілін тілді практикалық тұрғыда меңгерту негізінде дамыту тіл дамыу сабақтарының басты міндеттері болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қ.Қ.Өмірбекова., С.Ж.Өмірбекова. «Сөйлеу тілін тексеру» Алматы, 2020ж.
2. Ж.Д.Адамбаев «Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» 2000ж.
3. ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педпгогикалық түзету арқылы қолдау туралы заңы» 2002ж, 7-11б.
4. Оразбаева Ф. «Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі» Алматы, 2000ж.
5. 12 жылдық мектеп оқушыларының қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.

Амерхан Саулегуль
«№4 ЖББМ»КММ, Теміртау қаласы

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУ БАРЫСЫНДА БЖБ, ТЖБ ТАПСЫРМАЛАРЫН АЛУ

Енгізілген өзін-өзі оқшаулау режимі өмірдің көптеген негізгі салаларын қашықтан өткізу форматына көшіруді талап етті. Бұл трансформацияға алғашқылардың бірі болып оқу орындары кірді, өйткені оқушылар мен қызметкерлердің саны денсаулық үшін қауіпсіз, әрі қарай өзара әрекеттесуді күндізгі форматта жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Үздіксіз оқытуды қамтамасыз ететін бұл жағдайдың айқын жолы қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу болды.

Біздің зерттеуіміздің өзектілігі қазіргі жағдаймен қамтамасыз етіледі, онда пандемиядан туындаған оқыту форматы көптеген пайдаланушылар үшін жаңа, ерекше болып табылады және ол бірқатар талаптарға сай болуы керек. Атап айтқанда, қысқа мерзімде қолжетімді және тиімді нысанда білім алушылардың оқытушылармен өзара іс-қимылын орнату, бұл ретте аз шығынды және ең аз дағдылары бар пайдаланушылардың игеруде қолжетімді болуы.

Ең алдымен, қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқыту формасы ұғымымен бірдей емес екенін түсіндіру қажет. Сонымен, қашықтықтан оқыту күндізгі, сырттай немесе аралас оқу формаларының бірі болып табылады. Ал қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану мұндай технологияларды оқытудың кез келген форматында, яғни қашықтықтан оқыту нысанында да, күндізгі оқыту кезінде де, желілік сервистер немесе жүйелер арқылы байланысып пайдалануды білдіреді.

Білім алушылармен өзара іс-қимыл жасаудың негізгі мәселесі білімге ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау жүргізу болды.

Батыс елдерінде білім беру мекемесінің рейтингі тестілік бақылаудың даму деңгейіне тікелей байланысты. Бұдан тест оқушылардың жетістіктерін бағалаудың валидті, стандартталған құралы болып табылады.

Зерттеу объектісі ретінде білім алушылардың білімін бақылау тәсілі болып табылатын тест тандалды.

Зерттеу пәні-оқытуда қашықтықтан білім беру технологияларын (Microsoft Teams және Moodle) қолдану.

Зерттеу барысында бақылау, өлшеу, салыстыру, сұрау, ақыл-ойды модельдеу сияқты ғылыми танымның жалпы әдістері қолданылды.

Негізгі міндет-қашықтықтан білім беру технологияларын оқу процесінде, атап айтқанда тестілеу арқылы оқытудың әртүрлі кезеңдерінде бақылау жүргізу кезінде қол жетімді және тиімді пайдалану мүмкіндігін зерттеу.

Қашықтықтан оқыту сапасын қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылатын білім беру процесінің сапасы деп санауға болады. Бақылау сыртқы және ішкі (оқушылардың өзін-өзі бақылауы) кері байланысты қамтамасыз етуге арналған. Сапаны бақылау ақпарат алуға бағытталған, мұғалім оқу процесі барысында қажетті түзетулер енгізетіндігін талдауға бағытталған. Бұл мазмұнның өзгеруіне, педагогикалық қызметтің формалары мен әдістерін таңдау тәсілдерін қайта қарауға немесе бүкіл жұмыс жүйесін түбегейлі қайта құруға қатысты болуы мүмкін. Сапаны бақылау әр түрлі типтер мен формаларда болуы мүмкін, сонымен қатар әр түрлі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Білім беру қызметінің сапасын

бақылау әдістері білім беру процесі туралы жүйелі, толық, нақты және жедел ақпарат алуды қамтамасыз етуі керек.

Танымдық іс-әрекеттің білімі мен әдістерін игеру, әр түрлі проблемалық жағдайларда алған білімдерін қолдана білу, игеру мониторингінің жүйесі жүйелі, оперативті кері байланыс негізінде құрылуы керек (материал мәтінінде де, материалда да енгізілген) оқытушы-тәрбиешімен жедел байланыс мүмкіндігі) және бақылаудың кешіктірілуі (мысалы, тестілеу кезінде). Қашықтықтан оқытуда мұғалім жүзеге асыратын сыртқы бақылау актілері келесілерге бөлінеді:

- мұғалім көмегімен оқушылардың кез-келген тапсырманы орындағанын анықтайды;
- бағалаушылар, олардың көмегімен мұғалім оқушылардың кез-келген білімді, білікті және шеберлікті, біліктілікті қалай игергендігін анықтайды;
- қорытынды аттестаттау, білім, білік және дағдылардың, дағдылардың мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін тексеру.

Алдын ала бақылау оқушылардың оқылатын пәннің барлық бөлімдері бойынша білімдерін, қабілеттері мен дағдыларын, құзыреттіліктерін анықтауға бағытталған. Кіру тестілеуінің нәтижелері мұғалімге бірлескен жұмысты жоспарлауға, білімдегі олқылықтарды диагностикалауға, қай тақырыптарға көбірек уақыт бөлу керектігін анықтауға мүмкіндік береді, яғни тыңдаушының жеке білім беру траекториясын қалыптастыру.

Ағымдық бақылау күнделікті жұмыста материалдың сіңуін тексеру мақсатында жүзеге асырылады. Үлгерімнің ағымдағы бақылауы өзін-өзі бақылау әдісімен және оқушыны тестілеу және нәтижелерін бекіту арқылы, сондай-ақ мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады.

Бақылаудың бұл түрі әдетте курстық тақырыптарды немесе модульдерді аяқтаумен байланысты. Мұндай бақылау міндетті түрде жаңа тақырыпқа, модульге, оқу іс-әрекетінің жаңа түріне көшу алдында болуы керек. Мұғалім өзінің болашақ жұмысында оның нәтижелерін ескеруі керек. Қашықтықтан оқытудағы ағымдық бақылаудың маңызды дидактикалық мәні бар, өйткені бұл оқыту нәтижелерін барабар бағалауға және білімдегі қателіктер мен олқылықтарды уақытында түзетуге мүмкіндік береді.

Қорытынды бақылау курстың соңында жүзеге асырылады. Оның міндеті - оқушының дайындық деңгейінің жетістігін анықтау және университетке түсу емтихандарын тапсыру болашағын бағалау. Оқу іс-әрекетінің сапасын бақылаудың педагогикалық әдістері деп біз мұғалім мен оқушылардың іс-әрекет тәсілдерін түсінеміз, оның көмегімен оқу-танымдық іс-әрекеттің тиімділігі анықталады, оқу материалын игеру деңгейі ашылады.

Тестілеу. Тестілеуді қолданудың басты артықшылықтарының бірі - нәтижелерді өңдеуді автоматтандыру мүмкіндігі және оқушы пен оқу материалы арасындағы дерлік кері байланыс. Сонымен қатар, тестілік бақылауға ұйымдастырушылық және тәрбиелік компоненттер кіреді, өйткені қашықтықтан оқытудың едәуір бөлігі тестілік тапсырмаларды орындауға негізделген, ал тәртіп пен бұл жұмысқа жауапкершілікпен қарау болмаған жағдайда оқытудың мәні жоғалады. Демек, қашықтықтан оқыту жүйесінде оқу тестілеуіне баса назар аудару керек, бұл оқу процесі мен оқытуды бақылаудың тығыз интеграциясын білдіреді.

"Тест" термині барлық пәндер үшін тең жағдайда қойылған сұрақтарға жауап таңдауды көздейтін тапсырмалардың стандартталған жүйесін білдіреді: сұрақтар саны және орындауға бөлінген уақыт.

Тестілеудің бақылау нысаны ретіндегі артықшылығы осы форманың басқаларға қарағанда бірқатар артықшылықтарына байланысты. Атап айтқанда, тақырыптардың кең ауқымы және білім алушылардың көп санын бір мезгілде диагностикалау мүмкіндігі, бағалаудың нақты шкаласының болуы, объективтіліктің жоғары дәрежесі, нәтижелерді жылдам өңдеу, көрсету және түсіндіру мүмкіндігі. Процестерді автоматтандыру кезінде тест оқушылардың білімін бақылау үшін де, қате жауаптарды пысықтау арқылы өзін-өзі бақылау үшін де қолданыла алады. Әрине, тестілеуді пайдаланушылар оны қашықтағы технологияларды пайдалану кезінде бақылау түрі ретінде қолданудан қорқуы мүмкін, өйткені ол тесттен және оның кемшіліктерінен құр алақан емес.

Бірінші кезекте, тесттің білім алушының толық білімін көрсету қабілеті күмән тудырады. Бұл қорқыныш тест тапсырмаларының сапасын тексеру қажеттілігін көрсетеді. Бұл жағдайда, ең алдымен, тест жасаушының тестілік сауаттылығы туралы айту керек. Тест тапсырмаларын жазудың талаптары мен принциптеріне құзыретті көзқараспен, жауапкершілікпен қарау және ұстану кезінде ұсынылатын тест материалының сапасы білімді бақылау құралдарына қойылатын талаптарға сәйкес жоғары деңгейде болуы мүмкін.

Сонымен қатар, берілген жауаптарды білу деңгейі күмән тудырады. Осы мағынада дұрыс жауаптарды болжаудың жоғары ықтималдығы туралы айтуға болады, бұл өзінің мәні бойынша алынған білімді көрсету емес. Объективті түрде мұндай ықтималдық бар, бірақ оның мүмкіндігі бір дұрыс жауаппен бірнеше таңдау үшін жабық тапсырмалары бар тестілерді кеңінен қолдануға байланысты. Сонымен бірге, жауап нұсқаларының саны білімді басшылыққа алмай, кездейсоқ түрде дұрысын таңдау мүмкіндігін едәуір төмендететінін ескеру қажет. Сонымен, екі жауап нұсқасымен дұрысын табу мүмкіндігі 1-ден 2-ге дейін, бесеуі 1-ден 5-ке дейін, ал қажет болған жағдайда ұсынылған сегіз нұсқадан екі дұрыс жауапты таңдау 1-ден 28-ге дейін азайтады.

Тестілеудің тиімділігін арттыру үшін жартылай жабық және ашық тест формаларына артықшылық беру керек.

Мысалы, бес жұп нұсқаны салыстыруға арналған жартылай жабық тест тапсырмасы білімді жүйелеу, тапсырманы жеткілікті ықшам түрде ұсыну және болжау ықтималдығын 1-ден 120-ға дейін төмендету арқылы тексерілетін материалдың қамтылуын едәуір арттырады.

Бірізділікті құруға арналған жартылай ашық тапсырма сонымен қатар зерттелген білім ауқымын тұжырымдамаларды меңгеруден, мысалы, тарихты немесе даму заңдылықтарын білуге дейін кеңейтеді.

Ашық түрде ұсынылған тест тапсырмаларында жауап нұсқалары мүлдем ұсынылмаған, сондықтан болжау ықтималдығы нөлге ұмтылады.

Жабық типтегі тест тапсырмаларын жаппай қолданудың артықшылығы жартылай жабық немесе ашық тапсырмаларға берілген жауаптарды өңдеуге арналған жеке бағдарламалық алгоритмдердің жоқтығымен түсіндірілуі мүмкін. Мұндай алгоритмдерді әзірлеу өте ауыр және қарапайым қолданушыға мүмкін емес, бұл өз кезегінде ұқсас Алгоритмдер жүйеге енгізілген Moodle сияқты үшінші тарап ресурстарын пайдалану қажеттілігіне деген сенімді күшейтеді.

Бақылау және анонимді сауалнама барысында біркелкі ұсынылған тапсырмалар шаршауды жоғарылататыны және назардың шоғырлануын төмендететіні анықталды. Бұл жағдайда сыртқы ынталандырушы фактор тестілеу уақытын шектеудің болуы болып табылады.

Қорытынды

Пандемияға дейін білім беру процесінде техникалық және ақпараттық мүмкіндіктерді пайдалану ұсынымдық сипатта болды, енді бұл оқу процесінің ажырамас бөлігінің ерекшеліктеріне ие болады. Алдыңғы қатарлы оқу орындарына білім сапасына нұқсан келтірмей қашықтықтан оқыту форматын қамтамасыз ете алатын оқу орындары шығады.

Біздің мектебімізде қашықтықтан білім беру технологияларын игеру және енгізу арқылы үздіксіз оқу процесі сақталып қана қоймайды, сонымен қатар тұрақсыз жағдайға байланысты барлық қажетті сақтық шараларын сақтай отырып, көптеген оқушылардың қосымша даму траекториясына қатысуға мүмкіндік беретін бірқатар элективті курстарды енгізуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар, мектеп базасында оқыту бағдарламасын кез келген форматта толық көлемде іске асыруға мүмкіндік беретін онлайн-курстар құрылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Демцира С. С., Якупов Р. Особенности организации образовательного процесса с использованием дистанционных технологий // Наукосфера. № 7. 2020. С. 37-41.
2. Малыгин А. А. Білім берудегі тестілеудің заманауи форматтары // Осу нүктелері. 2018. № 6. Б. 15-18.
3. Пачурин Г. В., Тюмина Н. С., Шевченко С. М. оқушылардың білімін бақылау құралы ретінде тестілеуді талдау // ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. 2017. № 4. 168-177 Б.
4. Алещанова И. В., Фролова Н. А. педагогикалық тестілеу оқу процесінің тиімділігін бақылау және бағалау сапасын арттыру құралы ретінде // Ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. 2007. № 6-3. Б.70.

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қандай ұлт, қандай халық болмасын әрқайсының ерте дәуірден келе жатқан өзіне ғана тән элеуметтік және мәдени құндылықтары болады, мұнымен қоса ұрпағын тәрбиелеудегі ұстаным-байлығы өз алдына. Қай дәуірде болмасын өз қазақ халқымыздан шыққан небір дана, ойшыл ғұламалардың, ұлы адамдардың бар екендігіне жас ұрпақтың көздерін жеткізе отырып, елшіл, адами қасиеттері жоғары, жан-жақты біліммен қаруланған Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеуде мектептің орны ерекше.

Әрбір мектеп оқушысының бойына ұлтжандылық қасиетті дарытпайынша, Қазақстан азаматы отаншыл болмайды, ендеше - бұл сайып келгенде қазақ жерінің өркендеуіне күдік туғызатын фактор. Өзінің өткенін сақтар мен ғұндардан, өз әдебиетін Тоныкөк, Күлтегіннен, Жәнібек пен Керей бастаған қазақхандығының құрылуы мен дамуы жылдарынан бергі ақын-жыраулардан, музыкасын күйлер, термелер, толғаулардан бастап естіп, айтып, оқып келе жатқан жас ұрпақтың рухани кіндігі болған құндылықтар тұтқасы берік болып өседі. Өз жанұясында өзінің жеті атасын, мектепте туған жер, туған елінің өткен тарихын зерделеп, ақыл тоқтатқан, ер жеткен баланың санасында өз халқына деген сүйіспеншілігі, мақтаныш сезімі орнайды. Мұның себебі, жас ұрпаққа арғы атаң батыр, би, ақын-шешен болған деп санасына сіңіру - бұл патриотизмнің нағыз өзегі.

Қай заманда, қай халықта, қай ұлтта, қай отбасында болмасын болашақ ұрпағына адамилық тәрбиесін беруге, оның санасына, бойына азаматтық ұстанымдарды сіңіруге ерекше мән берілген. Адамгершілік тәрбиесінің өзегіне бар адамзат жинап-терген, өткен дәуір тәжірибесінде сыналған адамшылық қасиеттер мен ұстанымдар алынады. Атап көрсетер болсақ: ізеттілік, қарапайымдылық, шыншылдық, сыпайгершілдік, еңбексүйгіштік, жолдастық, үлкен қария адамдарды, аналар мен соңынан ерген жас балаларды құрметтеушілік сияқты қасиеттер енген.

Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті деген сабақтарды оқу барысында біздің ұрпағымыз отаншылдыққа, өз халқына, өзге де этностарға құрметпен қарауға, жауынгерлікке, еңбексүйгіштікке, өз Отаны үшін қандай да болмасын сынаққа дайын болуға, елдер арасындағы дипломатия, мәмілегерлікке, ынтымақтастыққа, қоғам, ұлты, елі үшін қашанда қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесінен бұрын халық, Отан мүддесін жоғары қою деген басқа да құндылықтарға тәрбиеленеді. Бұл құндылықтар сайып келегенде жас ұрпақтың бойында бағасы жоғары азаматтық ұстанымдарды қалыптастырады.

Мектеп оқушылары арасында Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы, осы кезеңнен бері қарайғы қай саладағы болмасын қол жеткен табыстарымыз, жетістіктеріміздің мәнін ашып көрсетер шараларды жиі ұйымдастыруға көңіл бөлген дұрыс. Мысалы тәуелсіздік жылдарындағы мәдениеттің дамуы тақырыбына байланысты әдеби-көркем туындыларды (театр, көркем өнер, қазақ әндері, кинофильм, драмалық шығармалар, сәулет өнері, қазақ әдебиеті т.б.) эстетикалық тәрбие беру мақсатына ұтымды пайдалануға болады. Міне осындай ғылыми-әдістемелік шаралардың бәрі жас ұрпақты күнделікті өмірде болып жатқан позитивті көңіл күйге, жақсылықтарға, жаңалықтарға қуануға, осындай ізгілікті істерге бізде үлес қосып, елімізді, Отанымызды гүлдендірсем деген сезімге тәрбиелейді.

Ал қазақ әдебиеті сабағында көркем әдеби шығармаларды пайдалану арқылы эстетикалық тәрбие беру мәселесін көтерер болсақ, бұл арада тарихи көркем әдеби шығармаларды пайдаланудың мәні зор екенін білуіміз қажет. Саяси қуғын сүргін, тоталитаризм заманы жылдарының өзінде қоғамтанушылар өткен ұлттық тарихымыздағы тарихи көркем шығармаларды өз шығармаларына арқау ете білді. Толықтай тарихи деректерге негізделмеген болса да қазақ халқының бай тарихының әр кезеңі көрініс тапқан көркем әдеби шығармалар қаншама. Осыған орай бұл жерде қазақ жазушылары І.Есенберлиннің, М.Мағауиннің, Ә.Кекілбаевтың, Қ.Жұмаділовтың, Т.Жұртбайдың, Қ.Салғариннің, А.Сейдімбековтың танымал шығармаларын атап өткен дұрыс.

Баспасөз мәліметтерін жиі, үзбей бақылап, қажет мәліметтерді саралап алып, күнделікті ұйымдастырған шараларға байланыстыра түсіндіріп қоймай, оқушылардың өздеріне оқуды талап етуіміз қажет, ол үшін бұл тәжірибені оқушылар арасында қалыптастырып, оны қалай игергенін

зерделеп - олардың шығармашылық ізденісіне жол салып, сабаққа ынтасын, зейінін арттыра түседі. Ал бұл өз кезегінде қоғамдық пәндерді игерудің басты әдістемесі. Мысалы жазушы, ізденуші Қойшығара Салғариннің Қытай архивтерінен қазақ халқының тарихына байланысты «Егеменді Қазақстан» газетінде жарық көрген мәліметтер топтамасы танымдық үлгіде болғанымен, жас ұрпақтың үлкен қызығушылығын тудырады. Сол сияқты, түркі сына жазуларымен жазылған Күлтегін құрметіне қойылған құлпытас туралы, Еуразия университетінде ашылған мұражай жөніндегі мерзімді басылым мәліметтері қазақ тарихын жаңаша зерделеуге үлкен септігін тигізеді. Осыған қарамастан мерзімді басылым мәліметтерін пайдаланғанда аса мұқият болған жөн. Мысалы, далалық ауызша мәліметтер, фольклор нұсқаларын яғни ел аузында қалған аңыз, оқиғаларды көпшілік авторлар тарихи дерек орнына жиі пайдаланады. Ал ғылымда бұл деректер қашанда жазбаша деректермен де сабақтастырылуы қажет. Сол себептен де өткенді жазғанда әсірелеуге жол бермеуге тырысуымыз керек. Ол үшін мерзімді басылым мәліметтеріндегі деректердің ғылыми құндылығын айырып алуға оқушыларды қалыптастыруымыз қажет. Маңыздылығы жоғары мәліметтер қатарында, яғни баспасөз мәліметтерінің ішінде «Егеменді Қазақстан» газетінде жарық көрген «Қазақ мемлекетінің тарихы» айдарымен берілген тарихшылар К.Пищулина мен Н.Мыңғұлов, тарихшы-ғалым, профессор Ж.Қасымбаев, академик М.Қозыбаевтың ғылыми-танымдық мақалалары нақты тарихи фактілермен маңызды.

2002 жылы осы «Егеменді Қазақстан» газетінде «Әлемге әйгілі» деген сериямен Қазақстан тарихына қатысты тұлғалар туралы мәліметтер жарық көре бастады. Мұнымен қатар, «Қазақ тарихы» журналы, басқа да ғылыми-көпшілік мерзімді басылымдар да оқушылардың танымдық өрісін кеңейтуге мүмкіндік жасады. 1999 жыл «Тарих және ұрпақ сабақтастығы жылы» болып жарияланды. Осыған орай жергілікті мерзімді баспасөзде ел тарихына қатысты, жеке тұлғалар жайында мәліметтер кеңінен жарық көрді.

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулу арқылы патриоттық тәрбиені қалыптастырудың маңыздылығы жоғары болса, мерзімдік баспасөздің бұл мақсатты жүзеге асырудағы ұтымды жағы мыналар деп қорытындылауға болады:

1. Қазақстан Республикасының тәуелсіздікті дамыту жылдарындағы ұлттық құндылықтардың жаңа жүйесін қалыптастырудағы нақты шешімдеріне байланысты ақпараттар ағымы күшейтіп, жаңа қоғамдық құбылыстардың жаппай ентелеп жатқан тұсында өз тарихымызды жедел оқып-үйренуімізге мүмкіндік береді;
2. Мерзімді басылым өткен тарихи оқиғаларды бүгінгі күнмен тығыз байланыстыра қарауды жеңілдетеді;
3. Мерзімді басылым мәліметтері тәуелсіздік тынысымен сабақтасып, жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулу арқылы патриоттық тәрбиені қалыптастыру мақсатына жетуде мұғалім еңбегін жеңілдету түседі.
4. Қазіргі оқулықтарда жоқ қосымша мәліметтермен жас ұрпақты баулып, көптеген пайдалы қосымша мағлұматтар береді. Тек жоғарыда атап көрсеткендей баспасөз мәліметтеріндегі тарихи деректіліктің көркем әдебиетте әдеби әсірелеушілікпен берілгендігін оқушыға айыра білуге жол сілтеуіміз қажет.

Бүгінгі күнде қоғамдық сананы, жаңа танымды қалыптастыру кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі және бұл мәселе қашанда мемлекеттік саясатта күн тәртібінен түспейтін бағыт болуы керек деп есептейміз. Орта мектептерде бүгінгі күні оқушылардың дүние деген көзқарасын қалыптастыруға, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, отаншылдыққа, қаһармандыққа, барлық халықтарға құрметпен қарауға, достық қарым-қатынас жасауға, діннің қоғамдағы орнын дұрыс түсінуге тәрбиелеуге, эстетикалық, экологиялық, экономикалық тәрбие беруге көптеген жағдайлар жасалған. Міне осындай міндеттердің тиімді шешілуі жоғарғы сынып оқушыларында, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында, олардың бойында азаматтық ұстанымдардың қалыптасуының кепілі болады деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Қайкенов Е. Қоғамдық пәндер сабақтарындағы патриоттық тәрбие. // Қазақстан тарихы. №8. 2007ж. 13-19 б.
2. Бекмағамбетова Р.Б., Исенов Ө.И. Студенттерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде тарихи-географиялық танымдық ойын технологиясын қолдану жолдары. // Академик Зұлқарнай Алдамжардың туғанына 70 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми – тәжірбиелік

конференциясының материалдары. Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті ғылыми хабаршысы. №4. желтоқсан. 2007. 20-26 бб.

3. Құттыбаева С.Ж. Қазақстандық патриотизм мен толеранттыққа тәрбиелеу - мұғалімнің басты борышы. // Тарих Қазақстан мектебінде. - №4. – 2010 ж.

4. Қасымбаев Ж.К. Тарихты талғаммен оқыт. // Лениншіл жас. 1990. 18 қазан.

Антипова О. А., Шокалова О. П.
КГУ «Гимназия № 93», г. Караганды

ИЗМЕНЕНИЕ ПОДХОДОВ К ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЮ УРОКОВ ПО ФИЗИКЕ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Физика – интересный и трудный предмет. Предмет высокого симбиоза учебных дисциплин: математики, химии, истории, литературы, географии и т.д. Физика - мощный инструмент для развития способностей ума, обучения практическим навыкам анализа информации, самообучения и стимулирования самостоятельной работы учащихся.

Дистанционное образование интересное и многообещающая форма работы. Она помогает расширить возможности получения учениками новой учебной информации. Такое обучение предполагает, что учебный материал изучается и прорабатывается самостоятельно в течение определенного времени. Ученик сам выбирает темп обучения, последовательность изучения учебных предметов, тем. Учитель разрабатывает план-конспект урока, а затем консультирует и мотивирует учащихся.

Сложившаяся в нашей стране ситуация с карантинными мероприятиями наложила особый отпечаток на работу учителей. Перед ними встали новые задачи. Одна из них - написание плана конспекта урока не для себя, а для ученика. Конспект урока должен быть понятным, компактным, информационно насыщенным, содержать пояснения, примеры, алгоритмы решения. Ученики могут взять его за основу при дистанционном обучении.


В 7 классе изучается тема «Графическое представление различных видов механического движения». Ученики должны научиться строить графики зависимости s от t , применяя обозначение единиц измерения на координатных осях и в таблицах. Определять по графику когда тело: 1) находится в состоянии покоя, 2) движется с постоянной скоростью. А так же, находить скорость тела по графику зависимости перемещения от времени при равномерном движении. Цели обучения достаточно сложные для обучающихся. Так как это первый год изучения физики. Учебник содержит примеры построения графиков равномерного движения и нахождения скорости, но их явно недостаточно. В связи с этим, учителю в конспекте урока необходимо предложить ученикам алгоритм решения задач аналитическим и графическим способом, познакомить с требованиями к оформлению задач, к построению графиков.

Представленный урок содержит план – конспект и подготовленную учителями презентацию.

Предмет, класс	Физика, 7 класс
Раздел	Механическое движение
Урок № 14, тема	Графическое представление различных видов механического движения. Практическая работа №3.
Цели обучения	7.2.1.5 - строить график зависимости s от t , применяя обозначение единиц измерения на координатных осях графиков и в таблицах 7.2.1.6 - определять по графику зависимости перемещения тела от времени, когда тело: 1) находится в состоянии покоя, 2) движется с постоянной скоростью 7.2.1.7 - находить скорость тела по графику зависимости перемещения от времени при равномерном движении

Порядок действий	Ресурсы
1. Изучите теорию	Зависимость одной величины от другой можно наглядно показать на графике. Рассмотрим пример. Велосипедист едет прямолинейно и равномерно со скоростью 20 км/ч. Построим график зависимости пути от времени для трёх часов движения велосипедиста.

Решение. Начертим координатные оси S и t , и отметим на них значения времени в часах и пути в километрах (рис. 1).



Одна точка графика известна - это начало координат. Определим путь, пройденный телом за 1 ч, 2 ч и 3 ч, результат занесем в таблицу:

t , ч	0	1	2	3
S , км	0	20	40	60

Отметим эти 4 точки на координатной плоскости. Все эти точки лежат на одной прямой, проходящей через начало координат. Проведём через эти точки отрезок прямой - это и есть искомый график.


Итак, при прямолинейном равномерном движении график зависимости пути от времени - отрезок прямой, один конец которого совпадает с началом координат.

Для построения отрезка прямой достаточно знать положение всего двух его точек. С помощью простого расчёта можно убедиться, что точка, соответствующая любому моменту времени от 0 до 3 с, будет также лежать на этом отрезке.

Чем отличаются графики зависимости пути от времени для тел, движущихся с разной скоростью? Рассмотрим пример.

Из посёлка одновременно выехали мотоциклист и автомобиль. Скорость мотоциклиста равна 30 км/ч, а скорость автомобиля равна 60 км/ч. Построим для них графики зависимости пути от времени.

Решение. Оба графика начинаются в начале координат. Найдём для каждого графика ещё одну его точку, например соответствующую моменту времени 2 ч, и отметим её на координатной плоскости (рис. 2). Используя эти точки, построим искомые графики (красный отрезок для мотоциклиста, зелёный отрезок для автомобиля).



Мы видим, что график зависимости пути от времени для автомобиля наклонён под большим углом к оси времени, чем соответствующий график для мотоциклиста.

Итак, чем больше скорость тела, тем больше угол между графиком зависимости пути от времени и осью времени.

Построим графики зависимости скорости от времени для автомобиля и велосипедиста. Скорость автомобиля 60 км/ч, скорость велосипедиста 20 км/ч.

Решение. Начертим координатные оси v и t , и отметим на них время в часах, а скорость — в километрах в час (рис. 3). Начнём с автомобиля. Отметим зелёным точки, соответствующие моментам времени 1 ч, 2 ч и 3 ч. Скорость автомобиля остаётся равной 60 км/ч, поэтому все эти точки находятся на одной прямой, параллельной оси времени.

Проведём эту прямую (зелёная линия на рис. 3), она и является искомым графиком для автомобиля. Красный отрезок — построенный аналогичным образом график зависимости скорости от времени для велосипедиста.




Рисунок 3

Из рассмотренной задачи видно, что при прямолинейном равномерном движении график зависимости скорости от времени — *отрезок прямой, параллельной оси времени*.

Определим местоположение равномерного движущегося тела в любой момент времени.

Для определения координаты используем формулу взаимосвязи перемещения тела с его координатами: $S = x - x_0$.

Из этой формулы выразим конечную координату тела: $x = x_0 + S$.

Подставим в это выражение формулу расчета перемещения тела $S = v \cdot t$, получим: $x = x_0 + v \cdot t$


Полученное уравнение называют уравнением движения или зависимость координаты тела от времени. Оно позволяет определить координату тела в любой момент времени.

Если направление оси Ox противоположно направлению движения тела, то уравнение движения примет вид: $x = x_0 - v \cdot t$.

Рассмотрим пример. Два тела в начальный момент времени находятся в точке с координатой 30 м. Одно тело движется по направлению оси Ox со скоростью 2 м/с, второе движется против оси Ox со скоростью -3 м/с. Запишем уравнение движения для каждого тела:

$$x_1 = 30 + 2t; \quad x_2 = 30 - 3t$$


Графики уравнений движения тел изображены на рисунке:



Графиком зависимости координаты тела от времени является прямая, проходящая через точку, соответствующую начальной координате тела.

По графику зависимости координаты тела от времени движения можно определить местоположение тела в пространстве в любой момент времени. Например, через 5 с после начала движения первое тело находилось в 40 м от начала координат, второе тело - в 15 м.


<p>2. Выполните задания и отправьте их на проверку</p>	<p>Практическая работа №3. 1. Постройте график зависимости пройденного пути от времени для автомобиля, движущегося со скоростью 80 км/ч. [3] 2. На рисунке изображен график зависимости пройденного пути от времени для двух тел.</p>
--	---



А) Определите по графику скорость первого тела. [2]

В) Определите по графику скорость второго тела. [2]

3. На рисунке изображен график зависимости пути от времени для школьника, выехавшего на велосипеде из поселка и вернувшегося в поселок.



Проанализируйте график и ответьте на вопросы:

А) Сколько времени школьник ехал на велосипеде? [1]

В) Сколько времени он пытался починить велосипед? [1]

С) Удалось ли ему починить велосипед? [1]

Анализ выполнения практической работы показал, что более 70% учеников 7-х классов школы хорошо усвоили данную тему. Некоторые затруднялись в анализе графиков, но это высокий уровень мыслительных операций. В целом можно утверждать, что школьники научились строить графики зависимости s от t , применяя обозначение единиц измерения на координатных осях и в таблицах. Определять по графику когда тело находится в состоянии покоя, когда движется с постоянной скоростью. А так же, находить скорость тела по графику зависимости перемещения от времени при равномерном движении. Цели обучения достигнуты.

Литература:

1. Башарулы Р. «Физика. Учебник для 7 классов», Алматы «Атамұра», 2017
2. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебного процесса в организациях образования РК в 2020-2021 учебном году»
3. <https://kmroo.gov.kz/ru/news/725.html>
4. <https://bilimdinews.kz/?p=96924>

Антощук Л.Г.

СШИ «Мурагер» г. Караганда

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ НАВЫКОВ НА ОСНОВЕ ВАРИАТИВНОГО КОМПОНЕНТА

Развитие образования в Казахстане в наше время ориентированно на мировые стандарты. Поэтому выполнение образовательных международных стандартов является важным фактором, в которых формирование функциональной грамотности обозначено в качестве одной из главных задач. В Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании», Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2011 года № 407-IV «О науке» а так же в Государственная

программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 год, формирование функциональной грамотности рассматривается как условие становления динамичной, творческой, ответственной, конкурентоспособной личности.

Функциональная грамотность учащихся в ее широком понимании означает- способность эффективно участвовать в жизни общества, способность к саморазвитию, самосовершенствованию, самореализации. Задача школы, а следовательно, и моя - создать условия и поддержку для учащихся в формировании функционально грамотной личности, которая умеет работать на результат и способна к определенным социально значимым достижениям. Понятие функциональной грамотности позволило расширить представление, и изменило наше видение на образование будущего.


Функциональная грамотность—это уровень образованности, характеризующийся степенью овладения познавательными средствами основных видов жизнедеятельности; способностью решать стандартные жизненные задачи в различных сферах жизнедеятельности на основе преимущественно прикладных знаний.

В этой связи вариативный компонент можно и нужно рассматривать, как одну и составляющих возможностей для формирования функциональной грамотности и образования. Именно вариативная часть обеспечивает условия для социально-личностного развития, индивидуально-творческой траектории развития, и адаптации к окружающему социуму. С помощью факультативов, кружков, нужно развивать и учить применять знания на практике. Не достаточно подбирать задания на уроках по функциональной грамотности, необходимо что бы учащиеся воспринимали знания не как урок, как навык необходимый в жизни за пределами стен школы. Разделение функциональной грамотности по направлениям это, лишь условность, необходим комплексный подход. На мой взгляд, вариативный компонент выступает как возможность комплексного подхода в формировании функциональных навыков. Я считаю нужен акцент на методах и приемах развития функциональной грамотности. Для решения данной проблемы на мой взгляд больше подходит STEAM-образование и метод PBL. Эти два направления, являются отличным дополнением друг другу и образованию в целом.

Я поставила перед собой задачу: не только передать знания по предмету но развивать интеллектуальные способности, научить работать с информацией, помочь ученику применять знания в жизни и видеть перспективы. Все выше перечисленное можно реализовать на основе STEAM-образование и метод PBL.

STEAM-образование сочетает в себе несколько предметных областей, как инструмент развития критического мышления, исследовательских компетенций и навыков работы в группе, основан на идее обучения учеников с применением междисциплинарного и прикладного подхода. Вместо того чтобы изучать отдельно каждую из пяти дисциплин, STEAM интегрирует их в единую схему обучения. STEAM подход прежде всего направлен на развитие навыков обучения, а не зазубривание материала, данного преподавателем. В основе него лежат: способность к созданию новых идей, навык самоподготовки, совместная работа, постоянное исправление ошибок и решение учебных задач. Не маловажную роль играет при формировании функциональной грамотности и практика. Именно практика позволит достигнуть более устойчивых навыков при этом закрепляя их мыслительной деятельностью. Данный метод позволяет выстроить индивидуальную траекторию обучения, ориентировать на профессию, а самое главное сформировать инженерные навыки.


Примеры STEAM проектов .



Вращение материальной точки на примере модели солнечной системы.



Изучение фоторезисторов и терморезисторов датчики в помещении



преобразование энергии ветра в механическую

Хочу так же поделиться и методом PBL-это прежде всего коллективная работа направленная на формирования исследовательских навыков на основе знаний полученных на уроке. Мы должны помнить, что обучение, это не только знания, но и воспитание человечности, гражданской позиции и социально активной личности. Поэтому данный метод успешен в обучении. Учащиеся умчатся работать в команде ставить проблему и искать пути решения, при этом важно отметить, что результатом их работы должен быть конкретный «продукт». Данный метод способствует развитию ораторского искусства и формированию навыка представлять свои идеи. Изюминкой этого метода является то, что проблемы которые решают ученики имеют социальное значение, но при этом решение основано на знаниях предмета.

Этапы работы по PBL

Шаг 1: изучение теории вопроса по учебникам, в мультимедийной библиотеке и интернете.

Шаг 2: определение сути проблемы и желаемого результата.

Шаг 3: мозговой штурм. Студенты рассматривают проблему со всех сторон и делятся идеями по ее решению.

Шаг 4: приведение идей к наглядной форме, составление списка из вариантов решения задачи.

Шаг 5: презентация и проработка списка, распределение тем по группе для проведения самостоятельной работы.

Шаг 6: индивидуальное изучение вариантов решений в интернете и библиотеке между занятиями PBL.

Шаг 7: обмен информацией и выбор оптимального решения проблемы

Шаг 8: представление своего решения, защита идеи и продукта



Анализируя свою работу по формированию функциональных навыков на основе данных методов, нужно отметить повышение интереса к предмету что в свою очередь отразилось и на качестве обучения. Применение данных методов возможно не только по физике но и на уроках других предметов, и даже при дистанционном обучении, учащиеся самостоятельно проводят исследования моделирование, развивают свои функциональные навыки и творческие способности.

Формирование функциональных навыков на основе вариативного компонента- это комплексный подход в формировании успешной личности.

Литература.

1. Ермоленко В. А., Перченко Р. Л., Черноглазкин С. Ю. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях. — М.: ИТОП РАО, 1999.
2. Стефанова Г. П. Теоретические основы и методика реализации принципа практической направленности подготовки учащихся при обучении физике. — М., 2002.
3. Нуртазин С.Т., Базарбаева Ж.М., Есимсиитова З.Б., Еремекбаева Д.К. Успехи современного естествознания. – 2013

**САБАҚ ҮРДСІНДЕ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН
«МӘНГІЛІК ЕЛ»ИДЕЯСЫМЕН ҰШТАСТЫРА ОТЫРЫП, ОҚУШЫНЫҢ
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Мақсаты: сабақ барысында функционалдық сауаттылықты арттыру үшін Абай шығармаларын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастыра отырып, оқушылардың сыни ойлауына, өз көзқарасын анық та айқын жеткізе алуына, ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Өзектілігі: Бүгінгі күні оқыту барысында Абай шығармаларының қанша уақыт өтсе де, жаңа даму сатысына көтерілсе де, тұтас бір халықтың темірқазығы, рухани суаты, сарқылмас қазынасы екендігінде.

Күтілетін нәтиже: оқушы өзін жан-жақты дамыған, шығармашылығы мол, өз бетінше іздене алатын тұлға ретінде көрсетеді. Бір-бірімен ашық және ықыласты қарым-қатынасқа түсіп, жауапкершілігі артады. Кез-келген жағдайда шешім қабылдай алатын, көшбасшылығы артады.

Тұңғыш елбасы Н.Ә.Назарбаев тәрбие мен білімді қатар жүргізуді жиі айтып отыратын. «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын орта білім саласына енгізу маңыздылығы әрине, зор. Бүгінгі таңда «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру, ұлттық құндылықтарды тұлғалық қасиетке, қазақстандық мектепте білім мен тәрбие жұмыстарын ұштастыру мәселелерін қарастырудың алар орны ерекше. Мәңгілік Ел-жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ұстаздық шеберлікті талап ететіні анық. Біздің жаңғыруымыз-қазақи бар болмысымыздан, менталитетімізден бас тартып, жаңа заман ағымымен жаңа құндылықтарға қол жеткізу емес. Бұл ата-бабаларымыздан қалған ұлттық мұраларымызды бүгінгі заман талабына сай, оң үрдістермен үйлестіру. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар Абай шығармашылығынан бастау алады десек, артық айтпағанымыз болар. Себебі, қазақтың ұлы ақыны осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтымызды жаңа өмірге бейім болуға, жаңғыруға, сауаттылыққа шақырған. Бұған мемлекет басшысының Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы дәлел. Ақын шығармаларындағы ғылым мен білім тақырыбына талдау жасаған мемлекет басшысы ақын тұжырымдары қазір де өзектілігін жоймағанын жазады.

Абай шығармаларын оқи отыра, оның ұлағатты сөздері, даналық ойлары арқылы ел жастарының санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор. Әрине, бұл процесс біз үшін сабақ барысында жүзеге асады. Қазіргі жаңартылған білім мазмұнына сай қысқа мерзімді жоспар құру барысында әр мұғалімге «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру міндеттеледі. Сабақ үрдісінде ақынның шығармаларын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырудың тиімді жолдарымен бөлісем. Ақынның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай, мақтанба»өлеңін, қара сөздерін өткен кезде блум таксономиясының жинақтау, бағалау сатысында оқушыларға түрлі тапсырмалар беру арқылы оқушылардың сыни көзқарасын байқауға болады. Мысалы жинақтау тапсырмасында ақын шығармаларын оқи отырып, өмірбаянымен таныса отырып, «Не алдыңыздар, қандай ой түйдіңіздер»?-деген сұрақ қою арқылы оқушының мынандай көзқарастарын көруге болады (қосымша 3 оқушының жазбасы).

Ал, блум таксономиясының бағалау сатысында оқушыларға эссе, авторға хат жазу тапсырмалары ұсынылады. Осы хаттардан үзінді ұсынамын.

Абай атаға хат

Сәлеметсіз бе, Абай ата! Абай ата, мен қолыма қалам алып, сізге хат жазып отырмын. Мен сіздің өлеңдеріңізді 6 жасымнан жаттап өстім. Бірақ ол кезде кішірек болғандықтан болар, мағынасына мән бермеген екенмін. Ал енді қазір ес біліп қалған кезімде сіздің өмір жолыңызбен, шығармаларыңызбен қайта танысып, көп ойландым. Сіздің шығармаларыңызды оқыған әр адам өзіне керегін алары анық. Сондықтан сіздің шығармаларыңызды әлем тілдеріне аударсам деп армандаймын. Сол үшін де ағылшын тілін үйренім жүрмін. Сіз - біздің еліміздің

мақтанышысыз . Мен сіз туған елде туғаныма мақтанамын. Сізден алған өнегемді сіз сияқты ел болашағының дамуына арнаймын. Сізге алғысым шексіз.

Гүлнұр

Абай атаға хат

Ассалаумағалейкум, Абай ата! Абай ата, бүгінгі болып жатқан жаңалықтарды айтып, қалам тартпасыма болмас. Сүйінші сұрар жаңалығым да бар. Биыл сіздің 175 жылдық мерейтойыңызды ел президентінің үкімімен ЮНЕСКО дәрежесінде тойлағалы жатырмыз. Міне, егемендігімізге қол жеткізіп, әлем мойындайтын іргелі тәуелсіз ел де болдық. Елімізді шет мемлекеттің тануы- сіздің арқаңыз. Бізді Абайдың қазағы деп таниды. Өйткені сіз- қазақтың бағына біткен Абайысыз. Сіздің ғылым мен білімге, әділдік пен ақиқатқа бастайтын заңғар туындыларыңыз- нәр алар негізіміз, өзегіміз. Сіздің шығармаларыңыздан нәр алған әр азамат жүрегінде еліне деген патриоттық сезімнің ояматынына мен сенемін. Мен де сіз секілді өз елімнің патриты ретінде ел болашағының дамуына, әлем мойындайтын ел болуына үлес қосамын. Сізге басымды иіп, алғыс айтамын.

Мақсат

Абай атаға хат

Сәлеметсіз бе, Абай ата! Абай ата, мен сіздің шығармаларыңызды оқыдым. Әрине, ең бірінші өлеңдеріңізбен таныстым. «Ғылым таппай мақтанба», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Көзімнің қарасы» өлеңі қатты ұнады. Сіздің есті өлеңдеріңіз бен қара сөздеріңізді оқып, алдыма мақсат қоя бастадым. Білімге, ғылымға құштарлығым артты. Менің адам болып қалыптасуыма ғылым мен білімнің тигізер ықпалы зор екенін тағы бір мәрте түсіндім. Өсек, өтірік, мақтаншақ сияқты жаман әдеттен алыс болыңдар деген өсиетіңізді әр бала есінен шығармаса екен деймін. Сонда біздің еліміз биіктерден көрінетініне сенемін. Рақмет сізге, Абай ата!

Анел

Осындай жұмыстар жүргізу барысында оқушылардың қызығушылығы артып, ізденіс жұмыстарын да жүргізілді. Ақынның қара сөздерін мәнерлеп оқып, электронды қарасөз жинағын жазып шықты. Ақын өмірі мен шығармашылығына арналған жинақ мануалдар шығарылды. Оқушылардың ақын шығармаларын қызыға оқып, өнеге алуына сыныптан тыс поэзия сағатын да жүргізіледі. Ақын өлеңдерін, қарасөздерін жатқа оқу батллы жүйелі ұйымдастырылады. Осының нәтижесінде бірнеше жыл бойы қалалық Абай оқуында жүлделі орындар алған оқушыларымыздың жетістігі тағы бар. Биылғы жылы мектебімізде Абай ізімен «Адалдық бұрышын» ұйымдастырдық. Сонымен қатар келешекте оқушыларымызмен әлі де көп ізденіп, ғылыми жұмыс жазуды қолға алып жатырмыз. Әрине, жас ұрпақ адалдықты ту етіп, Абай ізімен болашаққа жол тартса адаспасы анық. Осындай жүйелі жұмыс нәтижесінде оқушыларымыз функционалды сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу болатыны сөзсіз емес пе?!

Сегіз қырлы, бір сырлы ақын шығармаларына өзек болған мәселелер, олар мәңгілік тақырыптар. Жан мен тәннен жаратылған адам баласының рухани өмірінде мәңгілік болатын діңгекті мәселелер. Ғұлама Абай– қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
2. Н. Назарбаев «Мәңгілік Ел» - қазақ елінің жалпыұлттық идеясы жолдауы

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Білім - тоқтаусыз, толассыз үдеріс. Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайды. Қол жеткізгің келсе әрекет ет, күш сал. Ол - өз бетінше білім алу. Ал өз бетінше білім алу үшін танымдық қажеттіліктер мен қызығушылығың күшті болуы керек. Қоғам барған сайын күрделене түсуде. Жаңа ғасырға сай өзгеше қабілет, қасиетке ие ұрпақ қалыптасып келеді. Ұлы ағартушымыз Ыбырайша айтқанда көзді ашып - жұмғанша айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған ғажайып қоғамның барлық мүмкіндіктерін пайдаланып отырмыз.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Қазіргі білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан оқыту түрлерімен қатар қашықтан оқыту түсінігі пайда болды. Сонымен, бұл оқыту түрінің ерекшелігі қандай? Қашықтан оқыту –бір –бірінен қашықта орналасқан білім алушы мен оқытушының әртүрлі байланыс технологиясының көмегімен жанама түрде өзара әрекеттестікте оқу нысаны. Қашықтан оқытуда білім беру процесінің барлық компоненттері мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері және оқу нәтижесін бағалау толық сақталады. Қашықтан оқытудағы білім беру үдерісін жоспарлауда оның еш маңызды құрамдас бөліктері ескерілуі тиіс.

1.Мазмұны (не оқытылады?)

2.Ұйымдастырылуы (қалай оқытылады?)

3.Технологиялар (қандай қызмет түрлері мен құралдар қолданылады?).

Қашықтан оқытуда оқу күнін үйреншікті 40минуттық сабақтар түрінде емес, анағұрлым қысқа (сихронды оқытуда) сабақтар түрінде жоспарлаған орынды. Оқушылардың компьютер алдында үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығының жас ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген нормаларын ескеру; оқыту барысында міндетті түрде үзіліс жасап, балалардың орнынан тұрып, монитордан алшақ тұрып, көзге арналған жаттығуларды, бірнеше қарапайым дене жаттығуларын орындауға мүмкіндік беру; оқушылардың өзіндік жұмыстарын орындау мерзімдерін нақты белгілеу; қашықтан оқытуда мұғалімнің жанында болмауы оқушыдан өз бетінше жұмыс істеу дербестігінің жоғары деңгейін қажет ететінін ескеру керек. Сондықтан оқушылардың күтілетін нәтижелерге сабақ мақсаттарына қол жеткізуіне мүмкіндік беретін негізгі ақпаратты мазмұнды материалдар мен ресурстарды таңдаймыз. Сабақтың басталуы ұйымдастыру мәселелерін қамтиды. Сабақтың негізгі бөлімінде белгіленген оқу мақсаттарына жету қарастырылады. Осы мақсатта мұғалім материалды түсіндіреді және экраннан көрсетеді. Оқушыларға тапсырмаларды орындатып,олардың өзара әрекеттестікте жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Сабақтың қорытынды бөлімінде материалды бекітуді немесе жинақтап қорыту мен рефлексияны қамтиды. Оқу материалын мұқият таңдағаннан кейін оқушылардың оларды қалай меңгергендігін айқындау қажет. Оқушылардың таңдалған материалдардың қайсысы өз бетінше меңгере алатынын ал қайсысы бірге қарастырылатынын анықтау қажет. Осы тұста осы оқу жылының III тоқсанындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 8-сыныпта өткен М.Әуезовтің «Көксерек» тақырыбындағы сабақты өту барысында оқушылар аса қызығушылық танытты. Әңгіме желісінде түсірілген фильмді қарап, оны талдап, өз ойларын видеоға түсіріп, кері байланыстарын жасады. Бұдан байқағаным, бір ерекшелік, сыныпта көп ашыла бермейтін оқушылардың белсенділігін байқадым. Оқушылардың мерейі үстем болсын деп, мотивация жасап,оқушылардың чаттарына да жібердім.

Сонымен қатар мұғалімнің бағалауы және пікір білдіруі оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бағалаудың объективтілігін және түсініктеменің анықтығын қамтамасыз ету үшін мұғалімге де, оқушыларға да белгілі критерийлер мен тапсырма дескрипторларын қолдану қажет. Кері байланыс аясындағы түсініктемелер оқушының өз қателіктерін түзетуіне, оқу іс-әрекеттерін және өзінің оқуын бақылау қабілетін дамытуға немесе жетілдіруге түрткі болуы тиіс. Осы орайда, оқушылармен үнемі кері байланыс жасап отырдым.

Мұғалімнің оқушыға кері байланысын қалай қамтамасыз етуге болады?

Оқушыға кері байланыс оны сынау үшін емес, өз жетістіктерін одан әрі жетілдіруіне көмектесу үшін ұсынылатынын түсіндіріңіз.

Сипаттамалық кері байланыс беруге тырысыңыз, себебі бұл анағұрлым ықпалды болады. Ол үш сұраққа жауап береді: «Не жақсы орындалды?» – Орындалған жұмыстың сапасы қандай болғанына қарамастан, оқушыға қолдау көрсетіп, мақтайтындай жетістігін таба біліңіз. Мысалы: «Жарайсың, сен тапсырманы ойдағыдай орындауға тырыстың!» «Нені әлі де жақсартуға болады?» – Не нәрсені жетілдіруге болатыны туралы өз пікіріңізді ұсыныңыз. «Мұны қалай жетілдіруге болады?» – Оқушының тапсырма жөнінде ойлануына ықпал ететін сұрақ қойып, қажетті ресурстарды, нұсқаулықтарды ұсыныңыз.

Кері байланысты нақты оқу мақсаттарына, күтілетін нәтижелерге немесе бағалау критерийлеріне бағдарлай отырып, оның тиімділігін қамтамасыз етіңіз.

Кері байланысты тұрақты түрде және уақтылы ұсыну арқылы Сіз оқушыға өзінің іс-әрекетін түзетуге мүмкіндік бересіз, ал өзіңізде оқушының кері байланысты қолданғаннан кейін тапсырманы қалай орындағанын бағалауға мүмкіндік болады.

Кері байланыс ұсынуда «Еске салу», «Кезең-кезеңмен көмек беру», «Үлгілер ұсыну» сияқты тәсілдерді қолданыңыз.

Ескерту оқушының назарын оқу мақсатына шоғырландырады. Кезең-кезеңмен көмек беру оқу әрекетінің нақты аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік береді. Бұл үшін сұрақтарды, тапсырманың немесе әрекеттің сипаттамасын, аяқталмаған сөйлемдерді қолдануға болады. Оқуда қиындықтары бар оқушыларға тапсырманы орындау үлгілерін ұсыну олардың тапсырманы ойдағыдай орындауына көмектеседі.


Кері байланыстың тағы қандай нұсқаларын қолдануға болады?

Тапсырманы ойдағыдай орындаған оқушыларға мұғалім құттықтау ашық хатын немесе әртүрлі мазмұндағы смайликтер жібере алады (смайликтердің мән-мағынасын балалармен алдын ала келісіп алған дұрыс). Оқушының жіберген қателерін белгілі бір түспен бояп, оқушыға оларды түзетуді ұсынуға болады. Орындалған тапсырмаға қатысты аудиохабарлама жазып, оны оқушыға жіберуге болады. Онлайн білім беру саласында жұмыс істейтін оқытушылардың пікірінше, жазбаша кері байланыс жазуға қарағанда аудиохабарлама түріндегі кері байланысқа екі есе аз уақыт жұмсалады. Егер оқушыларға интернет қолжетімді болса, ZOOM-да шағын конференция ұйымдастырып, 3-5 минут ішінде тақырыпты меңгерудегі қиындықтар мен табыстарды талқылауға болады. Сонымен бірге кері байланысты Edu-Mark платформасында орналасқан электронды журнал арқылы да жіберуге болады.

«Әдістің жақсысы немесе жаманы, ескісі не жаңасы болмайды, әдістің тек тиімдісі не тиімсізі болады» деп ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы айтқандай қашықтықтан оқыту барысында жаңа әдістердің түрлерімен таныс болғанымыз да шындық. Уақытты үнемдеудің бірден-бір жолы - графикалық органайзерлерді қолдану болып табылады. Графикалық органайзер сөзінің мағынасына үңілетін болсақ, графика-жазу, ал органайзер күнтізбе немесе жинақ сөзімен мағыналас. Графикалық органайзерлер – көрнекілік, коммуникативтік және танымдық функцияларды орындайтын дидактикалық құрал. Білім, ұғым, ой, идея немесе көзқарасты білдіру үшін визуалды таңбалар қолданылады. Мұндағы басты мақсат оқу мен оқытуды жеңілдету мақсатында визуалды көмек ұсыну. Қазіргі кезде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні сабақтарында графикалық органайзерлердің бірнеше түрлері қолданылып келеді. Мысалы, «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Торлы диаграмма», «Венн даграммасы», «Хикая картасы», «Уақыт тізбегі», «Оқиға тауы», «Себеп-салдар диаграммасы» (балық қаңқасы), «Эмоция кестесі», «Сөздік кестесі», т. б. Енді осылардың кейбіреулеріне жеке-жеке тоқтап өтеміз. Мен қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қашықтықтан оқыту кезеңінде, өз іс-тәжірибемде «Дара диаграмма», «Себеп-салдар диаграммасы» (балық қаңқасы) «Торлы диаграмма», «Венн даграммасы», «Хикая картасы» сияқты графикалық органайзерлерді жиі қолданамын. Себебі мұнда көркем мәтінді талдау, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға көптеген мүмкіндіктер береді.

Мысалы, «Себеп-салдар диаграммасы» (балық қаңқасы) әдісін мәтінді талдаудың алғашқы сабағында қолданамын. 9-сынып «Күн энергиясы» тақырыбында осы әдісті қолдана отырып, мәтіннің негізгі идеясын аштық. Тапсырма түрі төмендегідей болды:

1. Балықтың басына мәтіндегі баламалы энергия көзін жазады;
2. Балықтың қаңқасына Күн электр стансыларының тиімділігін дәлелдемелерімен жазады;
3. Балықтың құйрығына Күн энергиясының адамзат өміріндегі маңызын жазып, қорытады.



«Қос диаграмма» әдісі арқылы оқушылардың талдау, қолдану дағдылары қалыптасады. Себебі мұнда оқушылар өтіліп жатқан тақырыпты біліп, түсініп қана қоймай, оны ұқсас басқа шығармалармен салыстырады, талдайды. Немесе зерттей бастайды.

Графикалық органайзерлер оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Графикалық органайзерлердің көптеген түрлері бар. Оларды әр мұғалім өз қалауы бойынша түрлендіріп қолдануына болады. Бұл әдіс қашықтықтан оқыту барысында да өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Қашықтан оқытудың артықшылықтарын санасақ: заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану; уақытты үнемдеу; ыңғайлы уақытта оқу; денсаулық жағдайы бойынша шектеулер жоқ. Кемшіліктері: топтық жұмыстар жасалмайтындықтан балалардың бір-біріне жолдастық, достық қарым қатынастары дамымайды; бір-біріне бар ынта-жігерлерімен көмектесуге, үйретуге бейімділік болмайды; топтық жарыстар ұйымдастырылмайды, ұйымдастырудың жөн жобаларын білмейді, оны қолдана алмайды. Қорыта айтқанда, қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді. Қашықтан оқыту – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз.

Әдебиеттер:

- 1.Околесов О. П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. -1999. -№ 6. -С. 50- 56.
- 2.Полат Е. С. Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. - 1999. -№7. -С. 29-34.
- 3.Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2005 ж (11-14 б) 4.Журнал «Мектеп» № 11 (6 бет) STEM-обучение - объединение наук, направленное на развитие
- 4.Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Астана 2014ж.
5. «Тәжірибедегі рефлексия» Үлестірме материалдар «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Астана

Ахметова А.Қ

№133 НОМ, Жезқазған қ.

ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН «ҚАЗАҚ ТІЛІ » ПӘНІНДЕ ЖАБЫҚ ЖӘНЕ АШЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

«Қазақ тілі» (Т2) пәнінде оқу нәтижелерін бағалау үшін практикалық тапсырмалар әзірлеу маңызды. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда оқу мақсатының мазмұнын ашатын әр түрлі тапсырмаларды қолданған жөн. Сондықтан сабақта тапсырма жабық немесе ашық түрдегі тапсырма болуы мүмкін. Тапсырманың түрін ұтымды пайдалану нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және маңызды болып табылады.

Біріншіден, жабық тапсырмаларды қарастырайық.

Жабық тапсырмалар-сабақта кең және әр алуан қолданылатын тапсыр-малардың түрі. Мұндай тапсырманы құрастыру оңай және оқушылардың түсі-нуіне жеңіл болады. Егер де

сабақта үнемі тек жабық тапсырмаларды қолдан-сақ, оқушылардың білім-дағдылары толық жинақталмаған, шектеулі болады.

Сабақта жабық тапсырмалардың бірнеше түрлері кеңінен қолданылады:

1. Жауабында көп таңдауы бар тапсырмалар: бір дұрыс жауабын таңдау немесе бірнеше дұрыс жауабын таңдау тапсырмалары.

2. Сәйкестендіруге арналған тапсырмалар.

3. Реттілікті анықтау тапсырмалары.

4. Тұжырымның шындық немесе жалған екенін анықтауға арналған тапсырмалар (ақиқат немесе жалған тапсырмалары).

Мысалы, 2 - сынып «қазақ тілі» пәнін практикада қолданып көрейік. (Тапсырманы өзім құрастырдым.)

1. Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырма.

Мәтін қай жанрда жазылған? Белгіле (□)



Қыста қалай киінеміз?

А) жұқа В) жылы С) суық Д) жаңа Е) қалың

Қорытынды:

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмада балл қою оңай және оларды есептеу жеңіл. Ал олардың кемшілігіне бастауыш сынып оқушылары үшін тапсырманы оқуға көбірек уақыт жұмсалатынын, тапсырмалардың тар ауқымдағы білімді тексеретінін, дұрыс жауапты кездейсоқ анықтау мүмкіндігін, тапсырманы орындауда оқушының қалай ойлағанын байқау мүмкін еместігін жатқызуға болады.

2. Сәйкестендіруге арналған тапсырмалар.

Берілген сөйлемдерді сәйкестендір	
I. Менің	а) мұрыны
II. Сенің	в) көзіңіз
III. Сіздің	с) тісім
IV. Оның	д) шашың

Қорытынды:

Сәйкестендіру тапсырмаларын құрастыру қиын емес және оқушылардың материалды білу және түсіну деңгейін бағалауға қолайлы; оқушылардың көп-теген фактілерді білетінін тексеруге ыңғайлы. Ал тапсырманы құрастыруға және қолданғанда көп уақыт жұмсалатынын, жоғары ойлау дағдыларының деңгейін тексеру қиындығын бұл тапсырмалардың кемшілігіне жатқызуға болады.

3. Реттілікті анықтау тапсырмалары.

Мәтіндегі сөйлемдердің ретін белгілеп көрсет (1, 2, 3...).

Ит бірнеше балық ұстайды.	
Олар балық аулайды.	
Итпен мысық өзенге келеді.	
Мысық ашуланады.	

Қорытынды:

Реттілікті анықтау тапсырмаларды құрастыру оңай және олар оқушылардың түсінуіне де жеңіл. Бірақ жоғары ойлау дағдыларының деңгейін тексере алмаймыз.

4. Шындық немесе жалған тапсырмалар (ақиқат/жалған тапсырмалар).

№	Ақпараттар	шындық	жалған
1	Сараң бай Алдаркөсеге: «Бес тақия тік», - деді.		
2	Алдаркөсе он тақия тікті.		
3	Тақия байдың басына кішкентай болды.		
4	Бай тапқыр.		

Қорытынды:

Шындық немесе жалған тапсырмалары қажетті білімді жеткілікті бағаламай-ды, себебі оқушы тапсырманың дұрыс жауабын болжап анықтауы мүмкін. Оларды дайындау оңай, дегенмен оларды қолдану кезінде мұқият болған жөн.

Мұндай тапсырмаларды қызығушылықты арттыру және талқылау сұрақтарын енгізу үшін тиімді қолдануға болады. Бұл алдыңғы сабақтағы жетілдіруді қажет ететін проблемалық тұстарды анықтау үшін, оқушыларды жаңа тапсырмаларды орындауға ынталандыру үшін, күнделікті сабақта сұрақ-жауап түрінде қысқаша викторина өткізу үшін қолдануға ыңғайлы құнды құрал болып табылады.

Қорытындылай келе, жабық тапсырмалар Б.Блум таксономиясының білу, түсіну және қолдану деңгейінің дағдыларын меңгереді. Ал, оқушылар өз бетінше ойланып жауап беруі үшін мұндай тапсырмалар дайын жауабы көрсетілмеген ашық сұрақтар арқылы беріледі. Ойландыруды көздейтін жоғары деңгейлі тапсырмалар оқушының оқыған материалды ой елегінен өткізіп, талдауын қажет етеді. Жоғары деңгейлі тапсырма әзірлеу үшін ашық сұрақтар құрастырып үйрену керек.

Екіншіден, ашық тапсырмаларды қарастырайық.

Ашық тапсырмалар жоғары деңгейлі танымдық дағдыларды тексеруге, дәлелдер келтіруге, қойылған проблемаға қатысты өзінің жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлауға арналған. Ашық тапсырмалардың жауабы ұзындығы-на немесе көлеміне қарай ерекшеленеді. Ол бір немесе бірнеше сөздерден тұратын қысқа жауаптан бастап толық дәлелді пайымдау түріндегі толық жауапқа дейін болуы мүмкін.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушылар бірнеше сөздерді, бір сөйлемді, қарапайым сызбаны немесе формуланы қолдана отырып, сұрақтарға қысқа нақты жауап беруі қажет.

Мысалы, 2 - сынып «қазақ тілі» пәнін практикада қолданып көрейік.

1) Сұрақтарды пайдаланып, сурет бойынша мәтіннің мазмұнын айт.

Бұл – кім?

Шашы қандай?

Қыздың көзі қандай?

Құлағы үлкен бе?

Ауызы әдемі ме?

Тісі таза ма? ше қолы, аяғы бар?



(Сурет ғаламтор желісінен алынды. Сілтемесі: <https://clck.ru/TE4g9>)

2) Сызбаға сүйеніп, мәтін бойынша сұрақ құрастыр және сұраққа жауап жаз.

Алдаркөсе

Бай

Сұрақ: _____.

Жауап: _____.

3) Сурет бойынша сызбаға сәйкес сөйлемдер құрастырып айт.

1. _____.

2. _____.

3. _____.



Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды бірнеше сөйлем, түсініктемелерді, сызбаларды немесе бірнеше кезеңнен тұратын дәлелдеулерді келтіре отырып орындау қажет. Толық жауапты қажет ететін тапсырма нұсқаларының бірі эссе болып табылады. Эссенің көмегімен тек жазылым дағдысы тексеріліп қана қоймайды, сондай-ақ берілген сұрақты немесе мәселені әртүрлі көзқараста қарастыру, мәселені шешудің жолдарын ұсыну сияқты оқушылардың жоғары деңгей дағдыларын меңгеруі тексеріледі. Сондай-ақ эссе көп уақытты қажет етеді, оның нәтижесін бағалау қиын және мұнда бағалаушының жеке көзқарасы, субъективтілік орын алуы мүмкін. Бастауыш сыныптарында көбінесе мәтін, әңгіме, сөйлем құрастырады.

1) Қажетті сөздерді пайдаланып, сурет бойынша 3 сөйлем құрастырып жаз. Сілтемесі: <https://clck.ru/TE4xV>



Қажетті сөздер: жеті адам, ән айтады, өте дәмді.

- 1) _____.
- 2) _____.
- 3) _____.

2)Берілген суреттерді пайдаланып, "Босуақыт" тақырыбына диалог құрастыр.



3)Суретке мұқият қара. Кімдер? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді ата.Сол сөздермен әңгіме құрастыр.



Қорытынды:

Ашық тапсырмалар оқушылардың жоғары танымдық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Шығармашылыққа, жүйелі және стандартты емес ойлауға, оқушының білім, дағдысы мен қабілетін түрлі тәсілдер арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Дәлелді жауап беру арқылы оқушының өзін көрсетуге мүмкіндігі бар. Ашық тапсырмалардың көмегімен проблемаларды шешуге үйрету арқылы оқушыларды шынайы өмірге дайындаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Орыс тілінде оқытатын «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша«Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптама жасау»педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. (19-26 бет)
2. 2 сыныбының оқулығы, Алматы 2017 ж./[www.kokziek-gorizont.com./](http://www.kokziek-gorizont.com/)

Ахметова А.Т., Даутбаева К. К.
№11 ЖББМ КММ, Жезқазған қ.

ОҚУШЫЛАРҒА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жарқын болашақтың бейнесі-білімді ұрпақ. Еліміздің ертеңі болар өскелең ұрпақтың адами құндылықтарын, танымдық қызығушылығын, жеке шығармашылық қасиеттерін, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру - бүгінгі ұстаздардың басты міндеті.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – тіл бағытындағы пәндердің оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың

тілдік жүйесі мен ортасын дамыту, сөйлеуге дағдыландыру, өз ойын жетік айтуға, сауатты жазу мен әдеби, мәдениетті сөйлеуге кез келген жағдайда қолдана білуге үйретеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру тетіктерін зерделеу арқылы, білім беру мазмұнындағы белсенді әдіс-тәсілдерді тәжірибеге жүйелі енгізу, нәтижеге бағытталған сапалы білім беру, өмірге бейім, сыни ойлай алатын тұлға даярлау. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру негізінде гуманитарлық пәндердің мүмкіндіктерін анықтай отырып, оқушылардың танымдық қызығушылығын, жеке шығармашылыққа білеттерін дамыту-бұл мақаланың зерттеу мақсаты.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылады:

-оқушылардың тіл, әдебиет сабағына деген қызығушылықтарын дамыту

-орфографиялық сауаттылық деңгейін арттыру

-оқушылардың сөздік қорын байыту

-оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту

-отбасылық кітап оқу дәстүрін жандандырып, жетілдіру

Жоғарыда көрсетілген мақсат, міндеттерді өз іс-тәжірибемде жүзеге асырудамыз.

Тіл дамытуға арналған шығармашылық бағытағы диктанттың бірі - «Бестік диктант».

Бестік диктант моделі. Сөз-сөйлем-сұрақ-жауап –түйін.

Диктант әдебиеттен оқып жатқан тақырыппен байланыстырылады. Мысалы, 6-сыныпта М.Әуезовтің «Абай жолы романынан «Біржан сал Абай ауылында» деген үзінді берілген.

Диктантты жүргізу әдістемесі

Мұғалім «Сөз» дегенде, оқушы «Біржан» деуі мүмкін немесе «Абай» деуі мүмкін. Мұғалім «Сөйлем» дегенде оқушылар «Біржан Абай ауылында» немесе «Біржан Абай ауылында қонақта отыр» деуі мүмкін.

Сұрақ – Біржан Абай ауылына неге келген?

Түйін. Ән сүйер қауым қайда болса да өнерді ұлықтай біледі, -деп түйінді қорытынды жазады.

<i>Дәстүрлі диктант</i>	<i>Ерекшелігі</i>	<i>Бестік диктант ұтымды жағы</i>
Дайын мәтіннен алынады.	Мәтін әдебиеттен оқып жатқан шығармадан алынады.	Оқушы өзі құрастырады.
Мұғалім тарапынан мәтін оқылады.	Көшіруші, қайталаушы емес	Алған білімдерін жаңа мақсатқа тиімді пайдаланады, шығармашылық еркіндігі байқалады
Сынып барлығы бір мәтінді жазады.	Мәтінін өздері құраушы дәрежесінде болады.	Әдебитілін дамытуда, сауаттылыққа баулуда өте тиімді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтың тағы бір тетігі ретінде оқушылардың сөздік қорын дамыту, көркем әдебиет оқуға қызығушылықтарын арттыру қазақ тілі пән мұғалімдерінің басты ұстанымы болып отыр. Осы орайда «Менің отбасым және кітап», «Буккросинг», «Кітаппен серуен» «Кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру жолдары», «KitapFest» іс-шараларын тәжірибемге енгізудемін. Кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру, кара сөздің құдыретін ұғындыру, отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастыру, кітап оқуға арттыруға негізделеді.

Сонымен қатар, оқушылардың сыни ойлауына, ойлау-логикасын дамыту, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулуда, бүгінгі күнде «Kahoot тест», «Soz- zerde» зияткерлік ойын үлгілері тиімді.

Kahoot!- коллабротивті бірлескен оқыту режимінде тегін тестілеу, сауалнама мен пікірталас жүргізуге мүмкіндік беретін серверлік білім беру Web платформасы. Бұл тест түрінде оқушылар АКТ тиімді пайдаланып, смартфон, планшет арқылы қызығушылықпен жарыса орындауға дағдыланады, өздерінің білім-білік дағдыларының қай сатыда тұрғанында аңғарады.

Функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың тағы бір негізі –ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз етуі. Ата –ана бала бойына жас кезінен адами құндылықтарды дарытып, саналы өмір сүруге борышты. Ата-ананың бала тәрбиелеуге функционалдық сауаттылығын көтеру мектеп мұғалімдерімен тығыз байланыс жасап, екі жақты әріптестік әрекетінің негізінде қалыптасады. Яғни ата-ананың баласының ерекше қасиетін тануы, оны түрлі жағдаятта түсініп, қол ұшын беруі, олардың қабілетін дамытуға, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден

арылтуға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата-ана бойында да болуға тиіс. Осы орайда Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығы ұйымдастырылған жоба апталығы осының бірден- бір айғағы іспеттес.

Жаңа заман форматындағы құзыретті тұлғаны тәрбиелеу ұстаз міндеті деп есептейміз. Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, мектепте алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға өсіру-білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет деп түсінгеніміз жөн.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. www.akorda.kz.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. – Астана, 2012.
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
4. Қазақстан мектебі/2015. - №9

Ахметова Г.Е., Сағибаева М.А.
№101 мектеп-лицейі, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Еліміздің болашағы білімді ұрпағында деген пікірді жиі айтып жүрміз. Білімді ұрпақ қайдан шығады? Білімді ұрпақты дайындайтын ұстаздарымыз. Шәкіртін үйретуде ұстаздарымыз аянбай еңбек етеді. Ұстаз білім беріп қана қоймай, оқушылардың алған білімдерін қоғамда қолдана білуіне бағыттауы керек. Берілген білім сапалы, саналы болу үшін білім алушыларға да тер төгуге тура келеді. Қазіргі заман адамның өмір бойы білім алуын, білімін жетілдіріп отыруын және білімін кез-келген кезде қолдана алуын талап етіп отыр. Бір сөзбен айтар болсақ, функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыруымыз қажет.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіне білу қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Тұлғаның ең басты функциялық сапалары: белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлау және шешім қабылдай алу, кәсіби жолын таңдай ала білу, өмір бойы білім алуға дайын тұру. [1]

Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек»деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, пән мұғалімдер осы пікірді басшылыққа ала отырып ұстаздық қызметімізді іске асырамыз. Функционалды сауаттылықтың бір бағыты – оқу сауаттылығы.

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәліметтерді айқындай білу қабілетімен айқындалады. Мектеп жасындағы балалардың тек оқу техникасын меңгеруі қазіргі таңда қабілеттілік болып есептелмейді. Оқу сауаттылығы туралы түсінік әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және білім алушылардың мектептен тыс уақыттарда, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметін бағалауға негізделген. Сөзімізді нақтылау

түссек оқу сауаттылығы – жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті.[2]

Оқу сауаттылығын бағалауда негізгі үш аспектіні, яғни мәтінді түсінуі, қажетті ақпаратты таба алуы және оны пайдалануы, ойлау және өз жауабын негіздеп дәлелдей алуы басшылыққа алынады. Оқу сауаттылығына арналған тест тапсырмалары қарапайым тапсырмадан басталып күрделіге ауысып отырады. Тест тапсырмалары, оқу тапсырмалары оқырманның өмірінде кездесетін мәселелерді қамтиды, оқырмандық біліктілікті қажет етеді (1-сурет).



1-сурет. Оқырмандық біліктілік.

6-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында А.Құнанбайұлының бірінші, жетінші, отыз бірінші қарасөздері берілген. Қарасөздерді оқу барысында, оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін әр түрлі тапсырмаларды ұсынуға болады.

Қарасөздерін оқығаннан кейін, мәтінді қаншалықты білетінін, түсінгенін анықтау мақсатында төмендегідей қарапайым тест сұрақтарын құрдым.

1. Бірінші қарасөздегі «бағу» сөзі тура мағынада берілген тіркесті табыңыз.

- А) ел бағу
- В) бағусыз дерт
- С) мал бағу
- Д) ғылым бағу
- Е) дін бағу

2. Ақын бірінші қарасөзде не туралы айтып отырғанын көрсетіңіз.

- А) ғылым бағу туралы
- В) мал бағу туралы
- С) ел бағу туралы
- Д) жазуға қалай кіріскені туралы
- Е) әурешілік көргені туралы

3 Жетінші қарасөздегі «дүниені танысам» деген ой қай абзацта берілгенін көрсетіңіз.

- А) I
- В) II
- С) III
- Д) IV
- Е) барлық абзацта

4. Абайдың жетінші қарасөзінің 3-абзацына сай келетін мақалды табыңыз.

- А) Жан тәнге қонақ.
- В) Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы.
- С) Тәнім – жанымның садағасы, жаным малымның садағасы.
- Д) Жылтырағанның бәрі алтын емес.
- Е) Қыздың көзі қызылда.

5. Ақынның отыз бірінші қарасөзінде берілген ой кеселдеріне жатпайтын нұсқаны белгілеңіз.

- А) уайымсыз-салғырттық
- В) ойыншы-күлкішілдік

- С) уайымшылдық
- Д) қайғыға салыну
- Е) құмарлық

Сонымен қатар оқыған мәтіннің мазмұнын қаншалықты түсінгенін анықтау үшін мынандай сұрақтар мен тапсырмалар беруге болады.

1. Қарасөз (1,7,31) мәтінінің мазмұнын баяндап беріңіз.
2. Қара сөзде (1,7,31) қандай мәселе көтерілген?
3. Қарасөзде (1,7,31) көтерілген мәселеге қарама-қайшы мәселені атаңыз.
4. Бірінші, жетінші, отыз бірінші қара сөздеріне атау беріңіз.

Оқушылардың мәтінінен қажетті ақпаратты анықтауына, мәтіндегі басты элементтерін ажырата алуына, мәтіннің негізгі бөліктерінің мәнін тұжырымдауына, мәтінді түсінгендерін көрсетуіне әдіс-тәсілдердің тиімді таңдалынып алынуының да ықпалы зор. Табу және алу кезеңінде «Тұжырымдамалық кесте», «Шындық па, әлде жалған ба?» «Джигсо», «Т кестесі», «Инсерт», «Елші» сияқты белсенді оқу әдістерін қолдандым.

Ал келесі біріктіру және түсіндіру кезеңінде өте тиімді әдіс-тәсілдер ретінде «Балық қаңқасы», «Қабырғадағы рөл», «Екі түрлі түсініктеме кестесін» қолдандым. Автор ой түйінінен қорытынды шығару, ақпаратты жинақтау, мәтінді өмірлік тәжірибемен байланыстыру, сыни талдау жасай білуі керек. Ол үшін мынандай сұрақтар мен тапсырмаларды беруге болады.


1. Қара сөздердің мазмұнын тірек сызба арқылы көрсетіңіз
2. Қара сөздердің тақырыбы мен идеясын анықтаңыз.
3. Қара сөздерден қандай тағылым, үлгі алдыңыз?
4. Қара сөз мазмұны сізге қандай ой салды?

Түсіну және бағалау кезінде жоғары деңгей дағдыларына бағытталған тапсырмалар берілді. Сұрақтар да сыни пікір білдіретіндей болып құрылуы керек.

1. Абай қарасөздерінің мазмұны туралы не айтар едіңіздер?
2. Ақын ойымен келісесіз бе?
3. Абайдың қарасөздері бүгінгі күні өзекті ме?
4. Эссе, авторға хат, монолог жазыңыз.

Басқа ақпарат көздерінен алған білімі мен алған ақпаратты байланыстыру, ақпаратты бағалау және оның негізінде болжам мен қорытынды жасап тұжырымдауға қатысты «SWOT талдау», «Әдебиет үйірмесі», «Ұқсастық пен даралық», «Кубизм» әдістері таңдалып алынды.

Оқырманның біліктілігінің кезеңдерінде дұрыс таңдалынып алынған тапсырмалар мен сұрақтар, әдіс-тәсілдер көмегімен оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға болады. Оқу сауаттылығы артқан кезде, оның білім сапасына әсер етері сөзсіз. Оған дәлел ретінде 6-сыныптың білім сапасының көрсеткішін диаграмма ретінде ұсынамын.



Қорытындылай келе, оқушылардың оқу сауаттылығының артуы тікелей мұғалімнің шеберлігіне, дұрыс таңдап алынған әдіс-тәсілдерге байланысты. Әр сабақты қызықты әрі жалықтырмайтын, керісінше, пәнге деген қызығушылығын арттыратындай етіп құру қажет. Сөз соңында, білім алушыларымыз бәсекеге қабілетті, кез келген жағдайда алған білімін қолдана алатындай сауатты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді дегім келеді.

Әдебиеттер:

1. Функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. 25.06.2012. №832 Үкімет қаулысы.

- 2.Н.А.Даулетова. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері: әдістемелік құрал. Атырау. 2019
3. С.Ч.Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова. Қазақ әдебиеті. «Арман-ПВ». Астана. 2018
- 4.<https://abai.kz/post/6>

Ахметова Г.Ж.
Шл №101, г. Караганда

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ПО ПРЕДМЕТАМ «ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА», «ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ»

Сегодня недостаточно передать ребенку ту или иную сумму знаний, предусмотренных минимумом содержания образования, поэтому модернизация системы образования экстенсивным способом, основанном только на расширении программ по традиционным школьным предметам и включении в учебный план новых предметов, бесперспективна. Необходимо такое обновление содержания образования, которое ориентирует учителя на использование современных технологий обучения, призванных обеспечить каждому учащемуся достижение такого индивидуального уровня развития, который максимально полно соответствует его возможностям и потребностям.

Обучение должно дать каждому умение самостоятельно отыскивать и осваивать новую информацию, должно формировать способность к творчеству, превращая его в норму, в своеобразный инструмент во всех сферах человеческой деятельности. Таким образом, можно рассматривать обучение как процесс, основу которого составляют поиск и извлечение информации из всевозможных источников, присвоение и критическое осмысление информации, обмен информацией в процессе коммуникации, адекватное преобразование (трансляция) и создание новой информации [2].

Из вышесказанного следует, что при обсуждении проблем, связанных с модернизацией системы образования, чаще других используются термины «информация», «развитие» и «содержание образования». Таким образом, на современном этапе развития системы образования назрела необходимость:

- осмысления понятия информации (семантические, прагматические и психологические аспекты) с точки зрения его функционирования в процессе обучения;
- выявления развивающего потенциала физики как учебного предмета,
- поиска новых путей обновления содержания физического образования;
- создания технологий обучения, ориентированных на возможно более полное использование развивающего потенциала учебного предмета;
- в создании нового поколения учебников и других пособий для учащихся, позволяющих организовать учебный процесс, направив его на развитие школьников средствами истории.

Современное преподавание в школе сталкивается с проблемой снижения интереса учащихся к изучению предметов. Такой школьный предмет как физика общество давно отнесло к категории самых сложных. Перед педагогом ставится задача — пробудить интерес, не отпугнуть ребят сложностью предмета, особенно на первоначальном этапе изучения курса физики. Знакомясь с множеством современных педагогических технологий по направлениям модернизации, я выбрала технологии на основе активизации и интенсификации деятельности учащихся. Принцип активности ребенка в процессе обучения был и остается одним из основных.

Инновации в образовании, понимаемые в широком смысле как внесение нового, изменение, совершенствование и улучшение существующего, можно назвать имманентной характеристикой образования, вытекающей из его основного смысла, сущности и значения.

К основным функциям инновационной деятельности учителя относятся прогрессивные (так называемые бездефектные) изменения педагогического процесса и его компонентов:

- 1) изменение в целях;
- 2) изменение в содержании образования;
- 3) новые средства обучения;

- 4) новые идеи воспитания;
- 5) новые способы и приемы обучения, развития, воспитания младших школьников и т.д.

В зависимости от того, в какой области происходят инновационные процессы, можно выделить следующие инновационные процессы:

- 1) в содержании образования;
- 2) в технологии;
- 3) в организации;
- 4) в системе и управлении;
- 5) в образовательной экологии.

Основной особенностью в разработке типовых учебных программ обновленного содержания по учебному предмету «История Казахстана», «Всемирная история» для 5-9 классов уровня основного среднего образования является учет преемственности между уровнями начального, основного среднего и общего среднего образования.

В соответствии с Государственным общеобязательным стандартом среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования), утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года №1080 (далее-государственный общеобязательный стандарт среднего образования 2012 года) важнейшие исторические события истории Казахстана с древнейших времен до наших дней рассмотрены в 5 классе на учебном предмете «Рассказы по истории Казахстана».

В рамках обновления содержания образования в соответствии с изменениями и дополнениями, внесенными в данный Государственный общеобязательный стандарт среднего образования 2012 года (Государственный общеобязательный стандарт начального образования, утвержденный Постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 апреля 2015 года №327), важнейшие исторические события истории Казахстана с древнейших времен до наших дней, с учетом возрастных особенностей обучающихся интегрированы в содержание обновленной учебной программы предмета «Познание мира» в начальной школе [1]. Учебный предмет «Познание мира» – интегрированный пропедевтический курс, призванный заложить основы для последующего изучения предметов общественно-гуманитарного цикла в основной и старшей школе. «Познание мира» – интегрированный предмет, формирующий систему знаний о взаимодействии и взаимообусловленности человека, природы и общества. Объекты изучения – человек, природа, общество, в том числе семья, культура, здоровье, взаимоотношения, нация, сообщество, государство, окружающая природная среда. В связи с этим в рамках обновленного содержания образования основа исторического образования начинается с начальной школы.

Особенности учебных программ по предметам «История Казахстана», «Всемирная история» обновленного содержания на уровне основного среднего образования:

- оптимизировано содержание предмета посредством укрупнения ряда тематических разделов.
- усилена межпредметная связь с всемирной историей, что позволяет рассматривать историю Казахстана в контексте мировых исторических процессов, а также исключить дублирование учебного материала;
- основной упор делается не на детальное изучение событий, фактов, а на их осмысление, тем самым способствуя развитию навыков исторического мышления;
- особое внимание уделено изучению материалов, направленных на развитие у учащихся исторического сознания, национальных и общечеловеческих ценностей;
- по каждой теме учебного предмета «История Казахстана» предусмотрены вопросы исследовательского характера;
- темы долгосрочного плана по всемирной истории составлены в виде проблемных вопросов, направленных на активизацию логических способностей, развитие критического мышления, развитие умений ставить проблемные вопросы и самостоятельное анализирование материала.

Кроме того, отличительной особенностью этих учебных программ является их направленность на формирование не только предметных знаний и умений, а также навыков широкого спектра: функциональное и творческое применение знаний, критическое мышление, проведение исследовательских работ, использование информационно-коммуникативных технологии, применение различных способов коммуникации, умение работать в группе и индивидуально, решение проблем, и принятие решений. Рассмотрим особенности структуры

Типовых учебных программ обновленного содержания учебных предметов «История Казахстана», «Всемирная история» для 5-9 классов.

Согласно опыту Великобритании, Соединенных Штатов Америки и Сингапура, при изучении истории для каждой темы выбирается соответствующий исторический концепт, который позволяет фокусировать урок на развитии у учащихся определенного навыка в прогрессии и понимании этих концептов. Такой подход обеспечивает интерес, энтузиазм у учащихся, что в свою очередь является основой для овладения предметными знаниями[3].

Поэтому учебная программа обновленного содержания направлена на формирование у учащихся базовых навыков исторического мышления: интерпретация исторических источников, ориентация во времени и пространстве, осуществление исторического анализа и объяснения. Методические рекомендации о методах и подходах, направленных на развитие навыков исторического мышления учащихся на основе исторических понятий (концептов) рассматриваются в разделе Формы и методы организации обучения по учебным предметам «История Казахстана», «Всемирная история».

Предмет методика – педагогический процесс (преподавание учителем и изучение учениками истории) [4].

Объектом методики являются содержание, организация, формы и методы обучения. Процесс обучения двусторонен и, в первую очередь, нацелен на учащихся, как бы хорошо не знал свой предмет учитель, он должен уметь донести свой предмет до учащихся, организовать творческую деятельность учащихся.

Методика изучения истории позволяет ответить на три основных вопроса:

Зачем учить – цели определяемые государством и обществом образовательные, развивающие, воспитательные - конкретизировать цели по классам, темам, урокам.

Чему учить – содержание и структура исторического образования, закрепленные в стандартах и программах и на основе их изложенные в школьных учебниках (отбор исторического материала) - Отбирать содержание в соответствии с целями и познавательными возможностями учащихся.

Как учить – Организация процесса обучения (способы, средства, методы). Познавательные возможности учащихся.

Результаты обучения - Моделировать способы, формы и средства обучения с учетом содержания и познавательных возможностей. Программировать результаты обучения.

Основные факторы обучения истории. К факторам, помимо перечисленных, можно отнести познавательные возможности учащихся и результаты обучения.

Рассмотрим отдельно каждый из вышеперечисленных факторов обучения.

Цели обучения истории менялись на разных этапах развития государства. В дореволюционной школе это были: формирование полноценного исторического сознания школьников; изучение истории в процессе развития, эволюции общества; усвоение демократических ценностей и институтов; воспитание в процессе обучения, формирование гражданских навыков (законопослушного подданного) и основ патриотизма; развитие интереса к истории как в науке и к предмету обучения.

В наше время тоже определены цели исторического образования:

- Овладение учащимися основами знаний об историческом пути человечества с древнейших времен до наших дней;
- Развитие способности осмысливать события и явления действительности на основе исторического знания;
- Формирование ценностных ориентиров и убеждений учащихся на основе идей гуманизма, опыта истории, патриотизма;
- Развитие интереса и уважения к истории и культуре народов.

Разработка целей обучения истории продолжается. К ним можно отнести:

- Воспитание человека - патриота своей страны, уважающего национальные и общечеловеческие ценности, осознающего ценность культуры, природы и необходимость защиты окружающей среды; формирование человека интегрированного в современном обществе и нацеленного на совершенствование современного общества.

Оно меняется с развитием исторической науки. Методика помогает отобрать основные факты, важнейшие события и явления отечественной и всеобщей истории, теоретические определения и обобщения. Содержание истории, отобранное для изучения в школе, оформляется

в виде Госстандарта, программ и учебников. Оно усваивается учениками посредством определённой методической организации обучения, включающей в себя классные и внеклассные занятия.

Методы (способы деятельности) могут быть, например, словесными, печатно-рукописными (в работе с текстами), наглядными, практическими. Суть их заключается в том, чтобы дать ответ на вопрос «как учить». Они определяют двустороннюю деятельность учителя и ученика. Хорошо продуманная методическая организация обучения позволяет наиболее эффективно формировать у учащихся исторические знания и познавательные умения, научные взгляды и убеждения, развивать их способности.

С методами обучения тесно связаны и формы обучения (фронтальная, групповая, индивидуальная), типы уроков (комбинированный, повторительно-обобщающий, изучения нового материала, контрольно-учетный, закрепления и систематизации).

К СРЕДСТВАМ УЧЕБНОЙ РАБОТЫ ОТНОСИТСЯ ВСЕ ТО, ЧТО ПОМОГАЕТ ОРГАНИЗОВАТЬ УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС. ЭТО УЧЕБНИКИ, РАБОЧИЕ ТЕТРАДИ, ИСТОРИЧЕСКИЕ КАРТЫ, УЧЕБНЫЕ КАРТИНЫ, УЧЕБНЫЕ ФИЛЬМЫ [3].

ЛИТЕРАТУРА:

1. Об особенностях организации учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2020-2021 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. – Нур-Султан: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2020.
2. Типовая учебная программа по учебному предмету «Всемирная история» для 5 -9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию.
3. Типовая учебная программа по учебному предмету «История Казахстана» для 5 -9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию
4. Методические рекомендации по преподаванию учебного предмета «История Казахстана», «Всемирная история» (5-9 классы) в рамках обновления содержания образования, – НАО им. И. Алтынсарина, 2019

Абодовская Светлана Юрьевна

КГУ «Школа-гимназия №1» Отдела образования города Сатпаев Управления образования Карагандинской области

«СОВРЕМЕННЫЙ УРОК: ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИЕМОВ, НАПРАВЛЕННЫХ НА РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ»

Цель: Познакомить с формами и методами работы, которые я использую на уроках с целью формирования функциональной грамотности учащихся.

Задачи: Привести примеры методов и приемов, повышающих функциональную грамотность учащихся. Показать примеры заданий на уроках в различных классах, которые развивают функциональную грамотность учащихся.

Актуальность: Как показывает практика, изменение форм и методов обучения, в том числе использование дистанционных технологий, выявило достаточно серьезную проблему снижения качества знаний;

Обучающимся сложно изучать материал в условиях возросшей самостоятельности в этом вопросе и возросших требований самодисциплины;

Таким образом, включение проектной деятельности в процесс обучения и воспитания способствует повышению уровня компетентности учащегося в области решения проблем и коммуникации. Этот вид работы хорошо вписывается как в познавательный процесс, так и в

процесс становления духовно-нравственной личности, осуществляемый в виде практикума, эффективен при соблюдении всех этапов проектной деятельности, обязательно включающих рефлексию. Участие учащихся в проектной деятельности стимулирует мотивацию к повышению уровня универсальных учебных действий, учебных и личностных достижений и повышает потребность в самосовершенствовании. Кроме того, учащиеся приобретают опыт общения, усовершенствуют речевые навыки и способность точно выражать свои мысли. Значит, можно смело утверждать, что систематическое применение метода проекта способствует развитию коммуникативной компетентности школьников.

Литература:

1. Олейник О.В., Кабанюк Л.П. Проектная деятельность: методика обучения. М.:2015.
- 2.Хузеева Г.Р., Быковская Е.В., Трошина А.А. Диагностика и развитие коммуникативных компетентностей детей младшего школьного возраста//Психолого-педагогическая служба сопровождения ребёнка. - ООО Гуманитарный издательский центр Владос,2014. -с.55-59.

Абдипатгаева Г. У.

Ұлытау ауданының білім бөлімінің әдіскері

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА ПЕДАГОГТИҢ РОЛІ

Елімізде білім беру жүйесі оқушының өмір сүру дағдысын қалыптастыратын, қабілетін, икемділігін дамытуға бағытталған, шешім қабылдай алатын, өзіндік «Мені» қалыптасуына мүмкіндік беретін бағдарламалар енгізіліп, қызу жаңартылған мазмұндағы бағдарлама жұмысы атқарылып жатыр.

Қазақстан Республикасында білімнің сапасын жетілдіру үшін негізгі бағдар ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі іс қимылдарды тұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз ету білім беру жүйесінің басты мақсатының бірі. Бұл – Елбасының білім саласын жаңарту туралы бастамаларын іске асырудағы маңызды тетіктердің бірі болатын. Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт негізгі механизмін бөліп көрсетеді.

Бірінші механизм – оқыту әдістемесі мен мазмұнын түбегейлі жаңарту, яғни мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы); коммуникативтік (қазақ, орыс, ағылшын тілінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау); әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті); тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру); азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, өзінің азаматтық парызын түсінуі); технологиялық (түрлі технологияларды сауатты пайдалануы).

Білім алушы осы айтылған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс. Екінші тетік – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту, яғни, функционалдық сауаттылықты дамыту білім-түсіну-қолдану-жүйелеу жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін біртіндеп мектеп өміріне енгізу. Функционалдық сауаттылықты дамытудың үшінші тетігі- балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы. Төртінші тетік – қосымша білім беру жүйесін дамыту. Оқудың интерактивтік, инновациялық формалары енгізілуде. Олар: балалар интерактивті сабақтары (ғылыми қалалар); технопарктер, балалар мұражайлары, ғылыми үйірмелер және т.б. Осылардың бәрі – тұлғаның кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауына мүмкіндік береді. Оқушылардың бойында шығармашылық және инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұлттық іс-қимыл жоспары тек нақты мақсатты – алған білімді іс жүзінде қолдануды айқындап қана қоймайды, сонымен қатар орта білім парадигмасын түбірімен өзгертудің негізі болады. Бұл дәстүрлі мектептен тиімді мектепке, одан әрі ең заманауи – баланың жеке адам ретіндегі рөліне негізделген және бүгінде алдыңғы қатарлы әлемдік тренд болып табылатын феноменалды мектеп моделіне көшу болып есептелінеді. Функционалдық оқу сауаттылығын дамытуда оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың түбегейлі өзгерістерін талап етеді. Яғни дәстүрлі оқулардағы оқушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайларда оқушы көңілін қанағаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысуын қажет етеді. Функционалды сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарайтын болады. Бүгінгі таңда әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды, құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды. Белсенді түрде білім жинақтайды. Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отыр. Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алуға мүмкіндіктері бар. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, топпен, жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін қалыптасу деңгейіне қарай бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді. Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Жалпы білім беретін мектеп педагогтары осы модульдер бойынша 2012 жылдан бастап деңгейлік курстардан өтіп, өз тәжірибелерінде осы модульдермен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік жасап жатыр. Деңгейлік бағдарлама енгізілгеннен кейін, педагогтардың білім берудегі әдістері, көзқарасы, оқыту сапасы, ұйымдастыру ерекшеліктері мақсатқа, күтілетін нәтижеге негізделе бастады. Педагогтың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы оқушының сауаттылығы дамиды деген сенім. Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабына айналып отыр. Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру, сапалы білім беріп, оның болашағын, жеке басын сыйлау педагогтың басты бірінші міндетіне айналған.

«Адам естіп-білгені арқылы ғана жетілмейді. Еңбек пен іс-әрекет үстінде қалыптасады-деп», А. Эйнштейн айтқандай қазіргі сабақта тек білім беру емес, тұлғаның өмірлік маңызды қасиеттерін қалыптастыру керек, оқушыны жоғарғы оқу орнына түсуге ғана емес, өмірге дайындау қажеттігі туындап отырғаны баршамызға мәлім болып отыр.

Мысалы, математиканың теориясы мен шығару жолдарын мықты білетін математик педагог бар және осы педагогтың берген математикалық теориясын, есептің шығару жолын түсініп, мықты шығаратын, есте сақтау қабілеті, математикалық логикасы дамыған дарынды, талантты оқушы болады немесе тілдік қабілеті дамыған суырып салма дарынды, ақын жанды оқушы болады. Ондай оқушылар әр мектепте жеткілікті. Бірақ бір ғана біліммен шектеліп қалған балалар тағы бар. Кей жағдайда осы талантты балалар өмір сүруге келгенде, мұғалімнен, ата-анасынан тыс қалған жағдайда шешім қабылдай алмай өмірдің добына айналып кеткен қаншама талант иелерін көруге болады. Неге талантты балалар осындай күйге ұшырады? Себебі, балалар мектепте «Үздік» оқушы болды, үйде ата-аналарының сүйіктісі болды, ата-аналары «жақсы» оқушы, «жақсы» бала-деп қарады. Балаға қажетті заттарын дайындап, дайын нәрсеге ие болған балалар, мектепте жұлдыз болып, мұғалімдердің сүйіктісіне айналды. Осыдан тәрбиеленген балалардың көпшілігі өмір сүруге, шешім қабылдау, ынтымақтастық, достық қарым-қатынастан гөрі, жеке басының қамы, маған тең келетін оқушы жоқ деген жұлдызды ойлардан шыға алмай, өмірдің добына айналған адамдардың барлығы талантты, қолынан өнері бар, шебер, әнші, математик, ақындарды да кездестіресіз.

Оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жүйесі осы балалардың өмір сүруіне демеу беретін, қолдайтын, ынтымақтастықта да, бірлесіп отырып та білім алуға болатынын дәлелдейтін жүйе. Функционалдық сауаттылық: Оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті; Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі; Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі; Оқушылардың білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы; Оқушылардың қатысымдық, ақпараттық,

проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігі; Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі; Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты. Баланың тәрбиесі ата-ананың ғана баласы болмай, елдің жанашыры, патриоты, қорғаушысы, тұлғалық «Мені» қалыптасқан, басқарушылық, көшбасшылық, достық, ынтымақтастық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін жүйенің бірі осы функционалдық сауаттылықты дамыту.

Ол үшін педагог осы бағытта өзінің функционалдық сауаттылығын жоғары дәрежеде дамытып, түсінген жағдайда, осы бағытта дәстүрлі бағыттан, өзгермелі заман талабына, оқушы қажеттілігіне қарай білім беру әдісін өзгерткен жағдайда оқушының оқуы, функционалдық сауаттылығы, өмір сүруге икемділігі дамиды. Қазіргі сауатты адам кім? Сауаттылығы пәнмен шектелмеген, бір бағытта ғана дамыған емес, жан-жақты біліммен қаруланған: адами қасиеті, тіл табыса білу қабілеті дамыған, үш тілді меңгерген, үш тілмен қатар үш жүздің, бірнеше ұлттың мәдениетін танып білген, сыйластықпен ұлттарға құрметпен қарайтын, туған елдің қадірін, туған жердің тілін, ділін сыйлайтын, интелектісі жоғары, адами ерекшелігімен ұйымдастырушылық қабілеті, креативті ойы ұшқыр, ынтымақшыл, бірлік пен достықтың жаршысы ғана сауатты адам болады деп ойлаймын. Ал педагог осы тұлғаны өмірге дайындауы үшін мұғалімнің бойында осы қасиеттер қалыптасқан, әр іс-әрекетінен жоғарыда айтылған қасиеттерді білім алушылар айтпай-ақ, жар салмай-ақ байқайтындай дәрежеде болуы шарт деп ойлаймын.

Қазіргі педагогтарымыздың алдында жоғарыда айтылған міндеттер тұр. Себебі қоғам күнде қарыштап дамуда, өзгеруде, еліміз әлеммен қарым-қатынасы нығаюда, жастарымыз шетелдерде білім алып, өз елінің тарихын, дәстүрін басқа елдермен салыстыра алады, өзге мәдениеттің де өз тәжірибесіне, қажеттілігіне қарай қолдануына мүмкіндіктері бар. Қазіргі педагогтарымыз оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуда осы айтылған бағыттарды дамытумен айналысуда. Нәтижесінің алғашқы қадамдары да бар. Жас білім алушылар орыс, ағылшын, француз, қытай, түрік, өзбек, қырғыз тілдерін емін игеріп, сол халықтардың да әдет-ғұрыптарымен танысып, достық, ынтымақтасқан қарым-қатынастары дамуда. Келешек ұрпаққа жасалынған бағдарламаларымыз өз уақытында, ұрпақтың сұранысына дәп басып келіп отыр.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – ол өмір талабы, қоғам талап етіп отырған жүйе. Бұл жүйені дамытуда педагогтың ролі ең жоғары дәрежеде болып отыр. Себебі, барлық білімін жетілдіру курсына келген мұғалімдерге осы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуы бойынша тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, шығармашылық жобалар, өзіндік жұмыстар арқылы педагогтың оқытуда функционалдық сауаттылығы дамуына мүмкіндік алады. Аталған іс-шаралар тек облыс көлемінде ғана емес, Республика көлемінде, Халықаралық дәрежеде ұйымдастырылған іс-шараларға қатысып, өз идеяларымен әдіс-алмасу мен пікір таластарға қатысып ктеді. Әрине, педагог білімін жетілдірудің түрлі формалары бар, қашықтықтан оқу, онлайн тәртібінде, желілік қауымдастық арқылы, оқу семинарлары арқылы т.б іс-шаралардың педагогтар үшін берері мол. Ол үшін педагогтың өзіндік талпынысы, ұмтылысы, қызығушылығы, белсенділігі, қажеттілігі, ізденісі жоғары дәрежеде болған жағдайда оқушының функционалдық сауаттылығы дамиды. Педагогтың білім берудегі ролі жоғарыда айтылған жүйеде жұмыс атқарған жағдайда жетістікке жетеді деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Акатова Т.И. Языковая функциональная грамотность и языковая культура студентов: Психолого-педагогический аспект Текст: монография /Т.И.Акатова. М. ИТК «Дашков и К», 2006. -237 с.

Ахметова Р. Т.,

Қарағанды қ., №4 арнайы мектеп – интернат

ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ

Технология пәні мұғалімдерін қолөнер технологиясын оқытуға дайындаудың ғылыми–педагогикалық негіздері айқындалса; технология пәні мұғалімдерін қолөнер технологиясын

оқытуға дайындаудың моделі, бағдарламасы және әдістемесі жасалса, онда болашақ технология пәні мұғалімдерін қолөнерге оқытуға дайындаудың ұтымдылығы артады, себебі болашақ технология пәні мұғалімдерін қолөнерге оқытуға дайындаудың нәтижелері жаңа сапалық көрсеткіштерге көтеріледі және мектепте қолөнер пәнін оқытудың сапасы жоғарлайтын болады. Ол үшін біз келесі маңызды процестерді іске асыру керек деген ойдамыз, олар:

болашақ технология пәні мұғалімдерін қолөнер технологиясын оқытуға дайындаудың ғылыми-педагогикалық және практикалық негіздерін айқындау;

қолөнер технологиясын оқытуға болашақ технология пәні мұғалімдерін дайындаудың моделін анықтау;

болашақ технология пәні мұғалімдерін қолөнер технологиясына оқытуға дайындаудың бағдарламасын жасау мен әдістемесін дайындау;

қолөнер технологиясын оқытуға болашақ технология пәні мұғалімдерін дайындаудың бағдарламасы мен әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік – эксперименттік тексеруден өткізу.

Технология пәні мұғалімдеріне қолөнер технологиясын оқытуды дидактикалық ұстанымдарға сүйене отырып дайындасақ, мектептегі жоғары сыныптарда қолөнер технологиясын оқыту сапасы арта түсер еді.

Бұл мақсатқа жету үшін жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға қатысты тұжырымдарды, этнопедагогикалық тұжырымдамаларын, көркем-эстетикалық талғам қалыптастыру, көркемдік білім мен дағдыларды игеруге жүйелі қатынасты және оның жүйеге келтірілген мәдениеттану, өнертану, көркемдік-эстетикалық педагогикалық, психологиялық тұжырымдамаларын педагогикада қолдану деп ойлаймыз. Ол үшін тарихи- этнографиялық мұражайларындағы, қазақ қолөнер мұраларына, шетел бейнелеу өнеріне, көрмелер мен суретшілер шығармаларына, археологиялық, өнертану, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге, әдістемелік құралдарға теориялық талдаулар жасап, баға беру, оларды педагогикалық салаларда қолдану әдістерін кәсіби түрде қарастыру қажет. Ол үшін келесі педагогикалық іс-шараларды атқару қажет деп ойлаймыз:

технология пәні мұғалімдерін қолөнер технологиясын оқытуға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалуы қажет;

қолөнер технологиясын оқытуға технология пәні мұғалімдерін қолөнерге дайындаудың моделін анықтау;

технология пәні мұғалімдерін қолөнер технологиясын оқытуға дайындаудың бағдарламасы мен әдістемесі жасалса;

қолөнер пәнін оқытуға технология мұғалімдерін дайындаудың бағдарламасы мен әдістемесі тәжірибелік эксперимент жұмыстары арқылы тексеріліп оқыту үдерісіне енгізілсе.

Егер аталған іс-шаралар іске асқан жағдайда педагогика саласында келесі пәннің маңызы орын алады, олар:

жоғары оқу орындарындағы кәсіптік білім мамандықтарының білімгерлеріне технология пәні мұғалімдеріне арналған дидактикалық, әдістемелік құралдар жарыққа шықса: «Қолөнері тарихы мен теориясы», «Қолөнерді оқыту әдістемесі», «Қазақстан қолөнері тарихы» пәндерінің бағдарламаларына қосымша бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар енгізілсе;

«Қолөнер пәнін оқыту әдістемесі» атты элективті курс бағдарламасы;

«Педагогикалық іс-тәжірибе» ұйымдастырудың негізгі бағдарламасына қосымша бағдарлама;

Эстетикалық тәрбие беретін арнайы мектептердегі «Қолөнер» пәніне арналған бағдарлама мен әдістемелік нұсқау жасалса.

Осы аталған оқу-әдістемелік кешендердің барлығы жоғары оқу орындарында, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру мекемелерінде, қосымша көркемдік білім беретін оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде пайдалануға болар еді.

Технология пәні мұғалімдерінің педагогикалық жоғары оқу орындарындағы педагогикалық дайындығы болашақ мұғаліміне оқушылардың көркемдік-эстетикалық икемдіктерін қалыптастыру мүмкіндігін беретін, мектеп оқушыларының көркемдік білімге байланысты мәселелерді шешудегі белсенділікті дамытуға септігін тигізетін, көркемдік педагогикалық білімдерді өз бетінше оқу жолымен игеру қажеттігін қалыптастыруға себепкер болатын, икемділіктерді жетілдіріп, оларды өз жұмыс тәжірибесінде тиімді қолдану мүмкіндігін беретін көркемдік білім педагогикасының және оның әдістемесінің элементтеріне негізделуі тиіс.

Бұл міндеттерді іске асыру толығымен әдістемелік дайындық үрдісіне жүктеледі. Дайындау әдістемесі дайындық үрдісі кезеңдер бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде қолөнер бұйымдарын жасауда оқушылардың іс-әрекеттің теориялық негіздері, біліктілігі меңгеріліп, оның орындалуы барысында қажетті себеп-салдары жасалынады. Екінші кезеңде дайындау-әдістемелік іс-әрекет пен оны құраушы жобалау іс-әрекеттерінің қалыптасуы басталады. Үшінші кезеңде біршама қалыпты интеграциялық білім туындайды, процессуалды-әдістемелік және талдау іс-әрекеттері, теориялық білім, әрекет тәсілдер білімі, білік және дағдыны меңгеруге жетеді. Төртінші кезеңде барлық әдістемелік әрекеттер ешқандай жетекшіліксіз орындалатын деңгейге жетеді. Оның дайындау әдістемесі-біліктілік проблемалары бойынша зерттеулер болашақ технология пәні мұғалімдерінің педагогикалық дайындық үрдісін анықтауға мүмкіндік береді.

Дайындау ұғымын түсіну педагогика ғылымының даму барысындағы әрбір кезеңде әр түрлі бағыттарды қамтиды. Алғашқы кезеңде дайындаудағы жеке іс-әрекеттермен, оқытудың техникалық құралдарымен байланысты қарастыруға көбірек көңіл бөлінсе, онан кейінгі кезеңде оқытуға дайындау ұғымын оқытудың кезеңдерімен байланысты қарастыру басым болады. Соңғы кезеңде әдістеме ұғымы педагогикалық үдерісті жобалау, жоспарлау, ұйымдастыру және ұйымдастырылған оқу тәрбиелік іс шараларды талдау мәселелерімен тығыз байланыста танылуда. Бұл факторлар дайындау әдістемесі ұғымын тану үдерісі бірнеше бағыттарды қамтитындығын көрсетеді:

Оқушыларды бір іс әрекетке дайындау әдістемесі педагогика ғылымын құрайтын дидактика саласына қатысты негізгі ілімдердің бірі. Әдістеме ілімі – оқыту әдістемесі, тәрбие әдістемесі, жеке тұлғаны белгілі бір іс әрекетке дайындау әдістемесі категорияларын біріктіреді.

Технология пәні мұғалімдерін қолөнерді оқытуға дайындау әдістемесі бір қырынан алып қарағанда оқыту мен тәрбие жүйесін жоспарлау ретінде сипатталса екінші жағынан алғанда ол белгілі бір іс әрекеті немесе әдістемелік іс - әрекеті орындау кезеңдері мен бірізділігін жоспарлау қызметі ретінде танылады. Дайындау әдістемесі оқыту, тәрбиелеу, жеке тұлғаны дамыту бағытындағы ұстаз бен шәкірттің белгілі бір мақсатқа жету бағытындағы іс-әрекеттері нәтижесінің қандай болатындығын алдын-ала елестету ретінде қабылданады.

Пәнді оқыту әдістемесі дәстүрлі дайындық әдістері және дайындықтың жаңа әдістемесі болып екіге бөлінеді. Дәстүрлі дайындық әдістемесі - қолданыстағы әдістеме болса, дайындықтың жаңа әдістемесі, жеке тұлғаны жаңа қызметінің білімдері мен іс әрекеттеріне жету мақсатындағы ұстаз бен шәкірттің қарым қатынастарымен, дайындық бағыттарымен, дайындаудың жаңа әдістемесі, жаңа білім мен іс әрекетті меңгеруге бағытталған оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастыру мақсатындағы шәкірт пен ұстаздың, тәрбиеленуші мен тәлімгердің іс-әрекеттерін жоспарлау, өткізу әдістері жүйесінің жаңашылдық ұтымдылық сипатымен ерекшеленеді. Жаңа дайындық әдістемесі оқу мен тәрбие процесінің ұтымдылығын арттыру, жаңа нәтижелерге жету мақсаттарын көздейтін жаңа идеяны, жаңа жобаны, жаңа құрылымдық бағдарлама мен әдістер жүйесін жасап шығарумен айқындалады.

Оқытуға дайындау әдістемесі ұғымы оқыту әдістемесі ұғымымен байланысы да, айырмашылықтары да болады. Оқыту әдістемесі дайындық әдістемесінің құрамына кіреді. Оқыту әдістемесі жеке тұлғаны белгілі іс әрекеттің білімдері мен орындау әдіс тәсілдерін оқытуды жоспарлау әдістерінің жүйесі, оқыту үдерісін ұйымдастыру әдістерінің жүйелері, оқыту үдерісін тікелей жүзеге асыру әдістерінің жүйелері, орындалған дидактикалық іс-әрекеттерді талдау әдістерінің жүйесі ретінде танылады. Оқытуға дайындау әдістемесі белгілі бір дайындықтың мақсатын, міндеттерін, кезеңдерін, әдістерін, дайындық формаларын, принциптерін, дайындық нәтижелерін жобалау сипатымен ерекшеленеді.

Әдебиетер:

1. «Мектептегі технология» // Республикалық әдістемелік журнал №12. 2007 ж.
2. Технология пәнін оқыту әдістемесі.- Алматы, 2011 ж.

КОНСТРУКТИВТІ ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ОҚЫТУ ҮЛГІСІ

Ғылым мен техниканың жедел дамуы үнемі дағдарыс пен күрделі мәселелерді тудыратыны белгілі. Себебі жаңа техника ақпарат ағымының өсуіне әкеле отырып, оның дұрыс өңделуін, сақталуын және келер ұрпаққа жеткізілуін қамтамасыз етуін талап етіп отыр. Ғылымның мұндай жедел дамуы адамзатқа деген талапты күшейтеді, осының нәтижесінде конструктивті тұлғаны қалыптастару қажеттілігі туындады. Ол өзін-өзі жетілдіре алатын, өзін-өзі реттей алатын, өзі-өзі жүзеге асыра алатын және өзіндік образ қалыптастыруға адамдармен, мәдениетпен, өркениетпен диалогтық қарым-қатынас орнатуға қажетті тетіктері қалыптасқан зияткер тұлға. Оқытудың конструктивтік үлгісі Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Н. Шаталова, Ф. Бунятова, П.Я. Гальперин, А. Әлімов сияқты зерттеушілердің еңбектерінен бастау алып, зерделенеді. Осы ретте Ф. Бунятованың конструктивті оқыту үлгісі жайлы көзқарастарына тоқталмақпыз.

Ф. Бунятованың конструктивті оқытуы оқушыға ойлау операциялары арқылы алдыңғы білімдеріне сүйене отырып, оларды бүтіндік сызбасы бойынша келесі білімге тасымалдау негізінде өзінің білімдерін, түсінік әлемін құруына бағытталған. Конструктивті оқыту операциялдық- шығармашылық сипатқа ие. Оқушылар білімдеріне логикалық операциялар жүргізе отырып, оларды иеленеді. Олар ішкі елес және түсінік арқылы ойлап шығарады, жасайды, құрастырады. Бұл шығармашылық, егер бала өзі ғана жұмыс жасаса, жеке, ал басқа да адамдармен бірлікте жұмыс жасаса кооперативті болады. Бунятованың конструктивті оқытуының философиясы америкалық ғалым Д.Брунердің конструктивизмімен сабақтасады. Яғни тәжірибемен ойлана отырып, индивид өзі өмір сүріп жатқан әлем туралы түсінігін қалыптастырады. Бұл оқытудың батыс және шығыс философиясының синтезі (жекеден бүтінге шығу, немесе керісінше жекеден бүтінге шығу).

Конструктивті оқыту сабағы 7 элементтен тұрады:

Ізденіс. Оқытушы білім алушылардың тақырып бойынша нені білетіндігін айқындау үшін және сабақ барысында қандай шешімдер қабылдайтынын, қандай нәтижеге келетінін бағдарлау үшін тақырып бойынша сұрақтар қояды.

Құрылымдар. Сабақ құрылымдар бойынша құрастырылады: білімнің құрылымы; оқу әрекетінің құрылымы.

Ойлаудың логикалық операциясы. Дәстүрлі оқытуда жаттығу, мысалдар, үлгілерге мынандай әдепкі тапсырмалар беріледі: астын сыз, тап, тиісті формаға қой, шеш, орында, т.б. Бұл тапсырмалардың барлығы жаттанды нәрселерді әр түрлі нұсқада қоюды ғана меңзейді. Ал конструктивті оқыту оқушының біліміне логикаға құрылған бірнеше ақыл-ой әрекеттерін құрастырады. Мысалы, сәйкестерді біріктіріп немесе ажырат, бірін басқамен алмастыр, түрлендір және жаңа пайда болған нәрсені түсіндір, басқа формаға қой, жаңа дүние жаса, т.б. Оқушылар осы тапсырмаларды үнемі жүйелі түрде орындағаннан кейін, бұл құрылғылар оларда өзінің танымдық құралдары ретінде орнығып қалады.

Байланыс. Бұл элемент бір білім құрылымының басқасымен байланысын көрсетеді. Конструктивті оқытуда білім тұтас сызба бойынша бейнеленеді. Мұнда пән ішіндегі байланыс қана емес, пәнаралық байланыс та көрініс табады.

Сұрақтар. Конструктивті оқытуда оқытушы сабақтың нобайын құру үшін қандай сұрақпен бастап, қандай сұрақпен сабақты аяқтайтынын айқындап алу қажет. Сұрақ қою арқылы оқытушы білім алушылардың нені білетінін аңғарады. Оған дұрыс жауап бермесе де оқытушы сұрақтармен білім алушының өзі арқылы дұрыс жауапқа жетелейді.


Толықтырулар және байланыстар. Бұл сабақта игерілетін білімнің өткен және болашақтағы біліммен байланыстыратын элемент. Презентация немесе білім алушымен жинақталғанның бейнесі. Бұл конструктивті оқыту сабағының нобайын жасаудағы соңғы элемент. Оқытушы 2 немесе 4 адамнан тұратын топтарға алдын ала жұмыс парақшаларын таратып береді. Бұл парақшаға сұрақтар қояды, параметрлерін жазады, мақсатқа сәйкес тапсырмаларды береді.

Төменде конструктивті оқыту үлгісіне құрылған сабақ жоспары ұсынылып отыр. Пәні: қазақ тілі. Сабақтың тақырыбы: етістік. Сабақтың мақсаты: оқушылардың етістік туралы түсінік деңгейін зерделеу, кеңейту, тереңдету;

топпен жұмыс істеу дағдысын, объективтілік пен дәйектеме келтіру біліктілігін, тіл мәдениетін, ой жүйелеу шеберлігін дамыту, сөздік қорын молайту. Сабақтың типі: дәстүрлі емес сабақ Сабақтың түрі: жаңа білімді қалыптастыру. Сабақтың әдісі: «идеялар себеті» әдісі, суреттеу, талдау, сұрақ-жауап, бағалау, бекіту, БҰҰ стратегиясы, қорытындылау. Сабақтың көрнекілігі: дидактикалық материалдар, аудио құрылғылар, суреттер. Сабақтың формалары: жеке баламен, топпен, сынып ұжымымен жұмыс жүргізу. Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. Кезекші мәлімдемесі. Үй тапсырмасын тексеру. Жаңа сабақ.

Ф. Бунятова бойынша конструктивті оқыту сабағының элемент-тері. Жаңа сабақтың құрылымы. Ізденіс. Мұғалім сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын оқушылардың өзіне айтқызады.

Адамның өмірі неден тұрады? (іс-әрекеттен); Ал заттың іс-әрекетін қандай сөз табы білдіреді? (етістік). Сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Етістік». Құрылымдар. Жұппен және өз бетінше талқыла. Ойлаудың логикалық операциялары. Оқушылар «Идеялар себеті» әдісі арқылы алдымен етістік туралы бар білетін мәліметтерін қағазға жазып, себетке тастайды.



Себеттегі қағаздарға жазылған мәліметтер оқылады. Оқушылардың өздері жаңа тақырып бойынша ережені шығарады.

Өз бетінше жүйелі түрде анықтама құрып, көптеген пікірлердің ішінен дұрысын екшеп,; етістікке аналог сөздер, яғни синонимин іздестіру арқылы сөздік қорын молайтады.

1-тапсырма. Шығармашылық тапсырма. Суретке қарап, етістіктің түрлерін қатыстыра отырып, мәтін құраңдар.

2-тапсырма. Төменде берілген өлең шумақтарынан етістікті тауып, сұрақ қойып, синоним нұсқасын келтіріңдер.

Қазақ тілі.

Күш кеміді, айбынды ту құлады; Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.

Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде, Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қыркылды,

Күндей күшті күркіреген ел тынды. Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ, Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды! Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың... Алтын күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім, Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.

Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа Ақ қолыңмен тарта аларсың сен тілім!
(М.Жұмабаев)

Кеміді – қайтті? – азайды. Құлады – не істеді? – жығылды.

Суынған – қайткен? – салқындаған, мұздаған. Соғады – қайтеді? – қағады.

Қыркылды – не істелді? – қиылды. Тынды – қайтті? – тынышталды. Ұмытылды – не істелді? – естен шықты. Қалдың – қайттің? – сақталдың.

Жарық көрмей – қайтпей? – жарыққа шықпай, жарияланбай. Тарта аларсың – не істерсің? – сыйларсың.

Бұл жаттығуды орындаудан шығатын нәтиже: оқушылар етістікті өлеңнен таба отырып, сұрақ қоя білуді үйренді, яғни сұрақтың формасы етістіктің формасына туелді екенін білді, синонимін табу арқылы етістіктің мағынасын аша білді. Етістіктің есімді және етістікті сөз тіркесі түрлері бар екенін көрді. Мысалы: жарық көрді.

3-тапсырма. Өлеңді оқып, мәтінге айналдырыңдар, етістікке сұрақ қойып, морфологиялық талдау жасаңдар.

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым - Халқым менің, Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым - Тілім менің, Тас жүректі тіліммен тілімдедім. Кей-кейде дүниеден түңілсем де, Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші - Отан деген, Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба? Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Менің ең бірінші бақытым – Халқым. Соған ойымның алтын кенін беремін (не істеймін?). Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын (қайтемін?). Менің нарқым алтыннан қымбаттырақ. Менің екінші бақытым – Тілім. Тіліммен тас жүректі тілімдедім (не істедім?). Дүниеден кей-кейде түңілсем де, қасиетті тілімнен түңілмедім (қайтпедім?). Үшінші бақытым бар – Отан деген. Құдай деген кім десе, Отан деп айтар едім (не істер едім?)! Жалғанда оты сөнген жан барсың ба (қайтең ба?)? Менен ойланбай-ақ кел де от ал (не істе?).

Байланыс. Етістік және баяндауыш – екеуі де не істеді? қайтті? деген сұрақтарына жауап береді. Сұрақтар. Етістіктің қандай морфологиялық сипаты бар? Етістіктерді мысалға келтіре отырып, олардың жұрнақтарын анықтаңыз. Толықтырулар мен байланыстар. Етістік сөз табынан сөйлемнің баяндауыш сөйлем мүшесі жасалады. Етістіктің шақ, рай, тұйық етістік, етіс, есімше, көсемше категориялары бар. Презентация. Етістік – күрделі сөз таптарының бірі. Етістік дегеніміз заттың қимылын, іс-әрекетін, күй-жайын білдіретін сөз табы. Не істеді? қайтті? сұрақтарына жауап береді? Етістіктің категориялары: шақ, рай, етіс, есімше, көсемше, тұйық етістік. Қортындылау: Бүгінгі сабақтан не білдік, не үйрендік? БҮҮ стратегиясы бойынша кестені толтыру.

Білемін	Үйрендім	Үйренгім келеді

Үйге тапсырма. Етістік туралы ертегі құру. Бағалау.

Әдебиеттер:

1. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. — Ақтөбе, 2010. — 144 б.
2. Беспалько В. П. Педагогика технологиясы. А., 1998.

Алдангарова У. С., Казыбаева Ж. К.

Қарағанды қ. №82 ЖББМ

ПІКІРТАЛАС – ТАПҚЫРЛЫҚТЫҢ БАСТАМАСЫ

Оқушылардың арасында пікірталас ұйымдастыру әріден қалыптасқан үрдістердің бірі. Бұрыннан құлаққа таныс терминдердің қатарындағы пікірталас термині орыс тілінде диспут, дискуссия, полемика, дебаты, прения болып жіктеліп түсіндіріледі және олар тек екі адамның сөз таластыруы ғана емес, мақсаты түрлі сипатта, түрлі жағдайда көрініс беретін айтысудың жеке-жеке салалары болып есептеледі. Мысалы, дискуссия – бір мәселені әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырып, салыстырып, шындықты анықтау,

дұрыс шешімді табу. Сондықтан дискуссия оның қатысушылары өздері бір қорытындыға келетіндіктен, сендірудің сенімді тәсілі болып есептеледі.

Диспут латын тілінен алғанда, пайымдау дегенді білдіреді. Бұл термин алғашында ғылыми дәреже алу үшін жазылған ғылыми туындыны жұрт алдында қорғауды білдіреді. Бүгінде басқаша мағынада, яғни жұрт алдында ғылыми немесе қоғамдық маңызды тақырыпқа айтысуды білдіреді. Ал полемика (қазақша бұл да пікірталас, біз ішінара бұл терминді айтыс, айтысу баламасымен бердік) өткізудің мақсаты сәл басқашалау. Бұл сөздің шығу төркіні ежелгі грек сөзі *polemikos* «жауынгер», «дұшпан» т. б. Полемика тек қана айтыс-тартыс емес, екі айтыскердің қып-қызыл майданға түсуі, бір-біріне қара сөзбен дес бермей қарсы тұруы, тайталасуы. Бұдан шығатыны бір мәселе бойынша өз ұстанымдары бойынша қарсыластардың күресі, яғни, жұрт алдында өз пікірлерін қорғап, оппоненттерінің пікірін жоққа шығару болып табылады. Осыдан белгілі болғандай, полемика дискуссия мен диспуттан осы бағыты бойынша ерекшеленеді. Дискуссия, диспуттың қатысушылары қарам-қайшылықты пайымдауларды талқылай келе бір пікірге тоқталуды, ортақ шешім табуды, шындықты табуды көздейді. Ал полемиканың мақсаты басқаша: қарсыласын қалайда жеңу, өзінің ұстанымында тұрып оны бекіту. Полемика – бұл сендіру жайлы ғылым. Ол ойды сенімді, талас келтірмейтін дәлелдер арқылы бекітуге үйретеді. Полемика жаңа көзқарастарды тудырғанда, жалпы адамдық құндылықтарды, адам құқығын сақтағанда, қоғамдық көзқарастарды қалыптастырған кезде қажет. Ол белсенді азаматтық ұстанымдарды тәрбиелеуге қызмет етеді.

Сөйтіп, сөз таластырудың бірнеше түрі бар. Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде оларды әртүрлі белгілеріне байланысты жүйелеуге тырысқан. Бірақ та бүгінгі күнде сөз таластырудың жіктелімі (классификация) жоқ. Сөз таластырудың сипатына, ерекшелігіне байланысты негізгі факторларға мыналар жатады:

- айтыстың мақсаты,
- қатысушылардың саны,
- айтысты жүргізу формасы.

Адамдар әртүрлі себептерді басшылыққа ала отырып, бір ғана мақсатты көздемейді. Осыған байланысты мақсатына қарай айтысудың (сөз таластыру) бірнеше түрі болады:

- ақиқат үшін сөз таластыру,
- біреудің көзін жеткізу үшін,
- жеңіске жету үшін, сөз жарыстыру үшін.

Қысқаша айтқанда, сөз жарыстыру ақиқаттың түбіне жету үшін, қандай да бір ойды тексеру, негіздеу үшін болуы мүмкін. Дұрыс шешімге келу үшін, полемистер бір мәселені әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады. Олар қандай да бір ойды мақұлдамауға не кедергі келтіретінін білу үшін оны шабуылдан қорғайды немесе өз пайдасына байланысты қандай дәлелдемелер барлығын анықтау үшін оппоненттің айтқандарына қарсы шығады.

Бұндай сөз таластыруда дәлелдер мұқият іріктеліп, талданады, қарсы жақтың ұстанымдары мен көзқарастары салмақтап бағаланады, яғни, өз мәнісінде шындықты бірлесіп тергеу жүргізіледі. Әрине, мұндай айтыс тек осы мәселені білетін шешімі қызықтыратын құзырлы адамдардың арасында ғана болуы мүмкін. Мұндай айтыс күмәнсіз пайда әкелгенімен бірге, шындық үшін айтысу ерекше әсем сипат алады, ол қатысушыларға нағыз рахаттану мен қанағаттану сезімін сыйлайды, оларды ақылдың шыңына жетуге итермелейді. Бұл түсінікті де.

Айтыса білу қабілеттері дамиды, шындықты анықтауда өздеріне деген сенімділік пен мүмкіндіктер пайда болады, өзінің ақыл-ойына деген сенімділігі артады, бекиді. Мұндай ақыл-ой күресі үстінде адам қанаттанып, өзін жақсы сезінеді. Тіпті өз ойыңнан айнып, жеңілуге тура келгеннің өзінде де, жеңілуден болатын жағымсыз сезім кейінге ығысады. Айтысудың мақсаты білімді тексеру ғана емес, оппонентті сендіру де болуы мүмкін. Осыған байланысты екі маңызды кезеңді бөліп алуға болады. Айтысқа түсуші қарсыласын өзі терең сенген нәрсесіне сендіреді. Бірақ ол өзі қорғап тұрған ойының шындығына сенбеуі мүмкін. Айтысудың мақсаты тексеру не сендіру емес, жеңіс болуы

мүмкін. Оған полемистер әртүрлі себептермен жетеді. Біреулер оң қадамдарын сақтаймыз, қоғамдық мүдделерді қорғаймыз деп есептейді. Олар өздерінің ойларына сенімді болып, соңына дейін өз ұстанымдарында қалады. Кейбіреулерге жеңіс өздерін мақұлдату үшін керек. Сондықтан оларға айтысуда табысқа жету, айналадағылардың жоғары бағасы, өзінің ақыл-ой қабілеттерін білдіру, шешендік өнері, жеңілмейтін айтыскер атағы маңызды. Енді үшінші біреулер жай ғана жеңіске жетуді жақсы көреді. Олар әсерлі жеңіске жетуді қалайды. Олар жеңіске жету үшін әртүрлі әдіс, тәсілдерді пайдаланудан қысылмайды.

Айтысуда сөз жарыстыру үшін керек болатын жағдайлар да кездеседі. Бұндай айтыскерлер үшін не туралы айтысады, кіммен айтысады, не үшін айтысады, бәрібір. Олар ақты – қара, қараны – ақ деп дәлелдеп, шешендігімен жарқырап көрінсе ғана болды. Егер сіз қандай да жағдайды теріске шығарсаңыз, олар міндетті түрде оны жақтап шығады. Осындай айтыскерлерді жастардың арасынан аз кездестірмейміз. Келтірілген айтысудың жіктелімдері мақсатына қарай шартты түрде алынған. Өмірде оларды әрқашан осылай шектеумен аяқталмайды. Сөйтіп, айтыскер жеңіске жете отырып, оппонентін өз ұстанымының дұрыстығына көзін жеткізуге тырысады. Ал қарсыласты сендіру шындықты іздеуге, ұсынылған жайларды дәйектеуге, дұрыс шешім қабылдауға әкеледі.

Қиын мәселелерді талқылауда пікірталасқа оған қатысатын адамдардың саны да әсер етеді. Осы белгілері бойынша оларды үш түрге (монолог-пікірталас, диалог-пікірталас, полилог- пікірталас), үш негізгі топқа бөлуге болады.

Сондай-ақ, айтысушылардың тыңдаушылары бар да, жоқ та болуы мүмкін. Тыңдаушылардың болуы, олар айтысуға қатыспаса да, айтысушыларға әсер етеді. Тыңдаушылар алдында жеңіске жеткен адамда үлкен қанағаттанғандық сезім болады, ал жеңілу әлдеқайда ауыр тиіп, жағымсыз әсер етеді. Сондықтан айтысқа түсушілер тыңдаушылар көзінше міндетті түрде олардың қатысып отырғанын, олардың реакциясын ескеріп, қажетті дәлелдерді мұқият таңдайды, өз қарсылығын жиі көрсетіп отырады. Қоғамдық өмірде тыңдаушылар үшін айтыстар аз болмайды. Пікірталас ақиқатты анықтау үшін емес, бір-бірінің көзін жеткізу үшін, шешуі күрделі мәселеге көңіл аударту үшін, тыңдаушыларға белгілі бір дәрежеде әсер қалдырып, көңілін аудару үшін болуы мүмкін. Пікірталас барысына ой жарыстырудың формасы да өз ізін қалдырады. Пікірталас ауызша да, жазбаша да болуы мүмкін. Ауызша түрдегі пікірталас, ережеге сай, уақытқа байланысты шектелген және кеңістікке байланысты тұйықталған болады: олар сабақ үстінде, мәжілістерде, отырыстарда, т.б. әртүрлі іс-шаралар кезінде өтілуі мүмкін. Ал пікірталастың жазбаша формасы әлдеқайда уақытқа байланысты ұзаққа созылып, айтысуға түсетіндердің арасындағы байланыс ортақтастырылған болады.

Пікірталастың ауызша түрінде, әсіресе ол тыңдаушылар көзінше өтетін болса, адамның сырт келбеті мен психологиялық сәттер - айтыскердің өзін сенімді ұстауы, реакциясының жылдамдығы, ойлаудың ширақтығы, тереңдігі - маңызды рөл атқарады. Ынжық, ұялшақ адам, әдетте, сенімді қарсыласпен салыстырғанда жеңіліс табады. Сондықтан жазбаша түрдегі пікірталас ауызшаға қарағанда ақиқатқа жету үшін әлдеқайда дұрыс. Дегенмен оның да өзіндік кемшіліктері бар. Ол кейде тым ұзаққа созылып, бірнеше жылдарды құрайды. Сондықтан оқырмандармен қатар қатысушылардың өздері де кейбір жағдайлар мен тұжырымдарды ұмытып, естерінде жаңғырта алмай жатады. Кейде пікірталас бірнеше баспасөз бетерінде жүргізіліп, оның барысын қадағалау қиынға түсіп жатады.

Пікірталастар ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған да болуы мүмкін. Ұйымдастырылған пікірталастар алдын-ала жоспарланады, дайындалады, мамандардың жетекшілігімен өткізіледі. Айтысқа түсушілер ертерек айтыстың тақырыбымен танысуға мүмкіндік алып, өз ұстанымын анықтайды, қажетті дәлелдерді жинақтайды, қарсыластың айтуы мүмкін сөзіне жауап әзірлейді. Бірақ пікірталас аяқ астынан да шығуы мүмкін. Бұндай жағдай оқу үдерісінде де, жиналыстар мен отырыстарда да, тұрмыстық қатынас жағдайында да болуы мүмкін. Ұйымдастырылмаған пікірталастың өнімділігі әлдеқайда аз болады. Бұндай айтыста дәлелдер жеткіліксіз келтіріліп, ойламаған дәйектер ұсынылады,

«піспеген» тұжырымдар айтылады.

Пікірталаста табысқа жету, маңызды дәрежеде мәселені шешудегі жеміс айтысқа қатысушылардың құрамына да байланысты болуы мүмкін. Олардың мәдени деңгейі, ақыл-ой деңгейі, өмірлік тәжірибесі, құзырлылығы, айтысу дағдылары мен тәсілдерін білуі, жұрт алдында айтысу ережелерін білуі де маңызды рөл атқарады.

Шешендік қазақ халқының өзіндік ерекше ұлттық қасиеті ретінде мәдениетінде де, тарихында да қалыптасқан өнер. Жұрт алдында сөйлеуде шешендікке баулудың белгілі бір ұстанымы мен заңдылықтарын таныту керек. Шешендікке үйретуде оқушыларды дүниетанымдық қабілеті мен білімділігінің алғашқы орынға шығатындығын айта кету керек. Дегенмен бұл өнерге үйрету жеке пән болып оқытылмағанмен, оны тиімді меңгеруді жүзеге асыру үшін, алдымен, жүйелі ұйымдастырылған практикалық іс-әрекеттер жасалып, оқушылар өз бетімен жұмыс істеуін дұрыс ұйымдастыру, оқушылардың ізденіс белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыс дұрыс іріктелуі керек болады.

Теориядан тәжірибеге ауысудың белгілі бір кезеңдері бар екенін ғалымдар (В.Оконь, А.М. Матюшкин, М.И. Махмутов, П.Я. Гальперин т.б.) атап көрсеткен болатын. Ол кезеңдерді былайша танытады:

1. Шешендік өнердің заңдылықтарын меңгеруге қажетті білік-дағдылардың мәнін, атауын, ғылыми негізін түсінуі аса маңызды кезең.
2. Оқушы алған ақпаратты білім мазмұны арқылы ережелерге өзіндік көзқараспен қарап, соны түйсіне отырып, өзінше ереже жасауға дағдыланады. Мысалы, белгілі бір шешендік сөздер үлгісіне орай өз шешімін айтуы: «не терең, не тайыз, не ауыр, не жеңіл?» сияқты сұрақтарға жауап беруі.
3. Осындай үлгілерге еліктеу нәтижесінде қалыптасқан дағдыларын жана сатыға көтеру. Мұнда белгілі бір шешеннің сөзін орындау сәті, белгілі бір тақырыпқа байланысты шешендік сөз үлгісін даярлау сияқты сәттер орындалып, соның нәтижесі бағаланады.
4. Арнайы ұйымдастырылған пікірталастарда, диспуттарда, кездесулерде сөз сөйлеу, қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерге байланысты баяндама жасау, қазақтың салт-дәстүріне байланысты түрлі шешендік сөз тудыру (құттықтау, беташар жасау, тұсаукесер жырын шығару, қыз бен жігіттің айтысы, бата беру т.б.).

Сөйлеу шеберлігіне жетуде, алғашқы кезеңдерде, көргендерін жүйелі түрде баяндай алуы; оқиғаны, фактіні сипаттауы; оқиғаға, фактіге бағасын білдіруі де жатады. Сөйлеу барысында түрлі тілдік амалдарды, сөзжасам, тіл бірліктері, сөз тіркестері, сөйлем құрау ережелері, интонация, сөздердің орын тәртібі т. б. тілдік категорияларды жеткілікті меңгеруі де шешен сөйлеуге қойылатын талаптардың бірі.

Сондай-ақ тілдің көркемдік құралдары – метафора, метонимия, синекдоха, гипербола, кейіптеу; лексикалық көркемдік құралдар – тұрақты сөз тіркестері мен мақал- мәтелдер; стилистикалық синтаксис әдістері – қайталау, антитеза, инверсия, градация, риторикалық сұрақ, риторикалық дауыстау т.б. сөз барысында тиімді дәрежеде қолданылғанда ғана тиісті нәтиже беретіні даусыз.

Әдебиеттер:

1. Қалимұқашева Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер: Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2010. -168 б.

Алина Б.С.

С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясы КММ, Балқаш қ.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН САЙТ ЖӘНЕ
ИНТЕРАКТИВТІ КІТАП ТҮРІНДЕ РӘСІМДЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОНЛАЙН
КОНСТРУКТОРЛАР**

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде заманауи жаңа тенденциялар пайда болып, педагог қызметінде жаңалықтар мен өзгерістер енгізіп отырғанын байқап отырмыз. Әлемдегі пандемиялық жағдай – осы өзгерістер себебінің бірі болып отыр. Әр педагог, әр оқушы өзінің ІТ құзыреттерін, цифрлық сауаттылығын жетілдіруге, әр түрлі оқыту онлайн платформаларын үйренуіне, онлайн сабақты өткізудің қыр-сырымен танысуына тура келді. Мұндай жағдайда өзекті мәселенің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын, қоршаған ортада белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаның алдында мынадай талаптар қойылып тұр: креативтік, белсенділік, ой-өрісінің кеңдігі, шығармашылық әрекетке қызығушылығының басымдылығы, жан-жақтылығы, жаһандық өзгерістерге тез бейімділігі. Ал оқушыларда мұндай тұлғаны қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – ізденушілікке баулу, оған ғылыми зерттеу дағдысы мен білігін игерту, яғни оқытуда зерттеу әдісін қолдану.

Қазіргі кезде цифрлық модельдер мен құралдар оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға зор мүмкіндік туғызып, «баланың - өзінің интеллектуалды әлемін құрастырушы» идеясын ақиқатқа айналдырады. Бүгінгі таңдағы алуан түрлі цифрлық білім ресурстары кіші жастағы балаларға мүмкіндік бере отырып, оқушыларға әр түрлі құбылыстарды оқып зерттеуге, модельдер құруға және тәжірибеден өткізуге, өз күші мен ұмтылыстарымен өзінің интеллектуалдық әлемін көрсетуге көмектеседі. Осыған байланысты қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектептерде мақсатқа бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдануға болатын тәжірибелік дағдыларды дамытатын тәсілдерінің бірі болып табылады[1].

Ғылыми зерттеу дегеніміз – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген объектілермен танысу. Балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының, қоршаған ортаға деген құштарлығының басымдылығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді[2].

Кез келген тақырыпты зерттеу барысында оқушының зерттеу жұмысының кезеңдері келесідей:

- Зерттеу тақырыбын анықтау – тақырып таңдау, проблеманың өзектілігі, жаңалылығы, зерттеу саласын, шеңберін белгілеу, әдіс-тәсілдерін анықтау, жүйелеу;
- Ақпаратты жинау, реттеу – белгілі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, материалдарды жинақтау, талдау (кітапхана, Интернет ресурстары, т.б.);
- Есеп беру – зерттеу нәтижесі бойынша хабарлама дайындау, жобаның презентациясы, оны жариялау, бағалау;
- Баяндама – зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында баяндау, сұрақтарға жауап беру.

Осы тұста есеп беру кезеңінде жобаның презентациясы немесе зерттеу әрекетінің нәтижесін жариялау өте маңызды деп санаймын. Қазіргі уақытта оқушы жобаны презентациялау практикасын жетік игеруі қажет, себебі бұл зерттеу барысында оқушының ІТ құзыретін қалыптастырады, цифрлық сауаттылығын дамытады, жетілдіреді. Сондықтан оқушының ғылыми-зерттеу жұмыстарын қашықтықтан қалай, қандай әдістермен, қандай онлайн платформалардың көмегімен рәсімдеуге болады деген сияқты сұрақтарға осы мақалада жауап беруге тырысамын.



Жалпы оқушы зерттеу нәтижесін баяндама ретінде дайындап, жариялайтынын білеміз. Ал бұл баяндаманы сайт пен интерактивті оқулық түрінде рәсімдесе ше? Жай баяндама емес, дайын өнім ретінде жарияласа ше?


Зерттеу жұмысы барысында оқушы әр түрлі ақпаратты, материалды жинақтайды: бейне, сурет, кесте, аудиожазба, мәтін, т.б. Осы ақпараттың барлығын бір жерге жинақтап, сайт немесе интерактивті кітап сияқты дайын әдістемелік өнім ретінде рәсімдеуді ұсынамын.

Бүкіл Интернет – үлкен кітапхана, ал әр сайт – жеке кітап деп елестетіп көрейік. Ал іс жүзінде сайт дегеніміз – тармақталған иерархиялық жүйесі бар парақтар жиынтығы және бір беттен екінші параққа өту мүмкіндігі, дискілік кеңістікте (серверде) сақталған және бірегей мекен-жайы (аты мен домені) бар белгілі бір мәліметтер (беттер) жиынтығы. Әрбір web-сайт тақырыбына байланысты мәтіннен, суреттен, аудио-, видеожазбадан тұруы мүмкін. Ақпаратты сайт түрінде ұсынудың артықшылығы – кез келген уақытта әлемнің кез келген жерінен қажетті ақпаратты Opera, Google Chrome, т.б. сияқты арнайы браузерлердің көмегімен шапшаң түрде кіріп көру, жинастыру және оны экранға шығаруды ұйымдастыру.


Қазіргі таңда сайт құру үшін арнайы білім алудың қажеті жоқ, себебі сайт құруға арналған арнайы онлайн конструкторлар кең таралған. Мысалы, Yola, WIX, Weebly, Tilda, Squarespace және Google sites. Осылардың ішінде Google sites жүйесіне тоқталып өтейін.

Google sites конструкторы – интерфейсі қарапайым, түсінікті, үйреніп алуға жеңіл, ол сізге қажеттінің бәрін қамтиды және кез-келген басқа Google өнімімен оңай қосыла алады. Ең бастысы сізде Google аккаунты болу керек, егер сіз Google формада тест құруды білсеңіз, бұл конструкторда да сайт құру сізге оңай болады.

Google sites ашу үшін ең алдымен Google аккаунтымен Google дискіні ашу керек, ол үшін Google Chrome браузерінің оң жақ үстіндегі  Қосымшалар батырмасын басып, шыққан мәзірден Диск таңдау керек (1-сурет). Ашылған терезеде аккаунтыңыздың мәліметтерін енгізіп, дискіңізге өтесіз. Осы жерде сол жақ үстіндегі  Создать батырмасын басып, Еңгізе → Google сайты таңдайсыз (2-сурет).





1-сурет. Диск қосымшасы




2-сурет. Google сайтын ашу

Ашылған жаңа бетте сайттың құрылымын құруды бастауға болады. Бұл бетте сайттың атауын жазудан бастайсыз. Терезенің оң жағында орналасқан мәзір *Вставка*, *Страницы*, *Темы* деген бөлімдерден тұрады. *Вставка* бөлімінен қажетті құралдарды таңдап, сайт бетіне орналастыруға болады, сайттың макетін өзгертуге болады. Сайт бетіне мәтін, сайт мазмұнын, суреттер каруселін, басқа екінші бетке көшіретін батырманы, YouTube желісіндегі видеоны, Google-дың мәтіндік құжатын, кестесін, диаграммасын, презентациясын, формасын да орналастыруға болады. Егер зерттеудің басында қандайда бір сауалнама алынса, осы Google формамен алынған сауалнаманы сайтта келтіру мүмкіндігі бар.

Жалпы Google өнімдерінің басым көпшілігін осы сайтта қолдануға болады. Сонымен бірге *Встройте* батырмасы арқылы әр түрлі веб-контенттің кодын қою мүмкіндігі бар, мысалы *learningapps.org* платформасында құрылған тапсырманың кодын көшіріп қою арқылы, әр түрлі тапсырмаларды да келтіруге болады (3-сурет).





3-сурет. Google sites арқылы жасалған сайт мысалы


Сонымен бірге, *Страницы* бөлімі арқылы оқушы зерттеу бөлімдерін жеке-жеке беттерге рәсімдеп, *Кнопка* құралы арқылы оларға көшу жолын қоюына болады. Ал *Темы* бөлімінде сайттың сыртқы көрінісін, түсін өзгерту құралдары орналасқан. Дайын болған сайтты *Опубликовать* батырмасы арқылы жариялауға болады немесе сілтеме арқылы да таратуға болады.

Келесі рәсімдеу түрі – интерактивті электрондық кітаптардың өте тартымды контрукторы Book Creator туралы сөз болмақ. Бұл сервис арқылы мәтінге қосымша кескіндерді, бейнелерді және аудионы орналастыру мүмкіндігі қолданбаны табиғат құбылыстарын бақылау немесе тәжірибе жүргізу сияқты практикалық тапсырмалар, зерттеу жұмыстары туралы есеп берудің керемет формасын жүзеге асыруға болады. Оқушылар өздерінің бақылаулары мен пікірлерін камераға түсіріп, интерактивті кітапқа енгізу өте ыңғайлы. Оқушылар өздері жасаған бейнелерді кіріктіріп қана қоймай, парақтарды дауыстай алады, YouTube және Vimeo сияқты желілерден бейнені интерактивті кітаптардың парақтарына енгізе алады.

Құралдар тақтасы ыңғайлы және қарапайым. Алайда, олардың әрқайсысын қарауға кеңес беремін, бұл сервис тартымды әрі пайдалы кітап жасауға көптеген мүмкіндіктер береді.

Сіз интерактивті кітапты шығарып, сілтеме ала аласыз, оны epub форматында сақтай аласыз немесе басып шығара аласыз.

Сервиске Google akkaунтыңыз арқылы <https://app.bookcreator.com/> сілтемесі арқылы тегін тіркеле аласыз. Бұл жүйеде оқушы және мұғалім ретінде тіркеліп, бір-бірлеріңіздің жұмыстарыңызбен бөлісіп, қашықтықтан оқушының жобасын тікелей қадағалауыңызға болады (4-сурет).



4-сурет. Book Creator арқылы жасалған кітап мысалы

Жалпы, Google sites конструкторын 10-сыныптың «Информатика» пәнінің «Веб-жобалау» бөлімі бойынша сайттың беті, мазмұны, картасы, т.б. сияқты тақырыптар бойыша тәжірибелік жұмыстарды жүргізу барысында қолдану да тиімді. Ал Book Creator конструкторымен тек жобалық жұмыстарды емес, сонымен бірге портфолио, презентация, жеке шығармашылық бойынша туындылар (өлеңдер, әңгімелер жинағы) құрастыруына болады, ал мұғалімдер бұл сервисі өз сабақтары бойынша тақырыпты түсіндіру барысында тиімді қолдана алады.

Оқушылар бойындағы бейімділік пен талантын, танымдық, ізденушілік қабілеттерін зерттеу негізінде қазіргі заман талабына сай шығармашыл тұлға қалыптастыру негізгі мақсатымыз. Сондықтан заманға сай құралдарды, әдіс-тәсілдерді пайдаланып, үздіксіз

өзгеріп тұрған әлемде оқушыларымыздың бойында жобалау мен зерттеу қабілеттерін үздіксіз дамытуымыз қажет.

Әдебиет:

6. «Жоғары құзыреттілік» тенденциясы: осы тенденцияның мазмұны келесі аспектілерді қамтиды: проблемалық - әр адамның жағдайды адекватты түсінуі, белгілі бір кәсіптік салада мақсаттарды, міндеттерді, нормаларды қою және жүзеге асыру; мағыналы - жеке тұлғаның өзінің өмірлік стратегиясын мағыналы түрде жүзеге асыра алу қабілеті, өзінің жеке өсуіне арналған шексіз мүмкіндіктерін үздіксіз анықтауға ұмтылысы; аксиологиялық - адамның өмірлік жағдайларды өзінің және жалпыға бірдей маңызды құндылықтар тұрғысынан адекватты бағалау қабілеті[5].

7. «Жеке өсу» тенденциясы дегеніміз - ішкі өзгерістер, өзін-өзі жетілдіру, қақтығыстарды жеңу (сыртқы, ішкі), логикалық қорытындысы жоқ жеке әлеуетті анықтау, белгіленген міндеттерді орындау процесі.

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі көбінесе оның басқа мемлекеттермен салыстырғанда мүмкіндіктерімен және қабілеттілігімен анықталады: прогрессивті, әлеуметтік маңызды құндылықтар мен жастардың өмірлік стратегиясын өзін-өзі құруға, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі басқаруға бағытталған құндылық бағдарларын қалыптастыру[4].

Осыған байланысты қазіргі заманғы жастар саясатының басты міндеті - қоғамның қатысуындағы жас ұрпақтың мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасау және оның әлеуетін Қазақстанның дамуына бағыттау, оның бәсекеге қабілеттілігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету болуы керек сияқты. Қазіргі жастардың прагматизмі жастар жұмысына жаңашыл көзқарастарды қажет етеді. Жастардың құндылық қатынастарын мансаптық-тұтынушылықтан өзіне және қоғамға деген шығармашылық-сындарлы қатынасқа қайта бағдарлауды көздейтін әдістерді әзірлеу қажет.

Жастар өмірге қадам басқан ұрпақ ретінде өз болашағына ерекше қызығушылық танытады[3]. Жас ұрпақ өз мүмкіндіктеріне сенеді, болашақта қандай білім мен дағдылар өздеріне пайдалы бола алатындығын анық біледі.

Қазақстанның қазіргі жастары тарихтың субъектісі болып табылады, қазақстандық қоғам оны ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық ретінде ашты. Қазіргі жастар - бұл өзгерістердің ерекше және маңызды факторы, жаңа идеялардың тасымалдаушысы. Осыған байланысты ХХІ ғасырдың қажеттіліктерін қанағаттандыратын заманауи мемлекеттік жастар саясаты қажет.

Қазақстанның жастардың мемлекеттік саясатын қалыптастырудың жаңа философиясы заманауи шындыққа негізделген. Қазақстанның жастардың мемлекеттік саясатының басымдығы мыналар болуы керек:

- әлеуметтік маңызды әлеуметтік рөлдерді орындау үшін жастардың жеке қабілеттерін ашу;
- жастардың некеге деген оң көзқарасын дамыту, жастарды отбасылық өмірге, ана болуға дайындау;
- қазіргі жастардың интеллектуалды және адамгершілік әл-ауқатына әсер ететін демалыстың жаңа тәжірибесін дамыту.

Қолданылған әдебиеттер:

1. gtmarket.ru/ratings/legatum-prosperity-index/info
2. gtmarket.ru/ratings/legatum-prosperity-index/info
3. Мынбай Д. Законьистории //www. neonomad.kz
4. prosperity.com/rankings.aspx
5. Велитченко С. Культурно-коммуникативные функции СМИ // Вестник КазНУ, серия журналистика. - № 2. - 2011.

Бахтина О. Б.

КГУ «Школа – лицей №101» г.Караганда

«ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ»

Актуальность темы обусловлена целями и задачами современного образования, а именно: формирование компетенций, позволяющих учащимся эффективно участвовать в жизни социума, формирование такого направления функциональной грамотности, как грамотность чтения, которая является необходимым условием социализации учащихся посредством формирования навыка работы с информацией, заключенной в текстах разного типа и формата.

Возник вопрос. Как развивать у обучающихся в начальной школе функциональную грамотность по чтению, чтобы достичь требований?

Целью своей работы поставила задачу выявить эффективные способы формирования функциональной грамотности младших школьников на уроках литературного чтения.

Отнеслась детально к организации процесса обучения и освоила принципы развития функциональной грамотности. «В связи с этим, в настоящее время необходимы разработка и внедрение плана мероприятий по подготовке школьников соответствующего возраста с учётом программы и содержания международных исследований»[1].

Теоретическая и практическая значимость данной статьи состоит в том, что на основании изученного материала и проведенного исследования были разработаны и апробированы некоторые из методов по формированию читательской компетентности и рекомендованы для дальнейшего использования учителями начальной школы.

Итак, для создания соответствующей образовательной среды на уроках необходимо придерживаться рекомендаций, данных Л. Рождественской и И. Логвиной .

- 1.Текст должен быть актуальным;
- 2.Учитель должен учитывать возрастные особенности целевой группы (адаптированность текста);
- 3.Наличие новой (для учащихся) информации;

4. Объем текста не должен превышать норму (исходя из уровня и возраста учащихся).
7. Текст должен содержать понятия, имена, географические названия, наименования товаров, цифр, дат;
8. Важно наличие в тексте иллюстраций, схем, диаграмм, «фактов и мнений».

Исходя из данных рекомендаций подобрала ряд методов и упражнений, способствующих развитию грамотности чтения. Грамотность чтения – это и умение пользоваться различными видами чтения: изучающим, просмотровым, ознакомительным и умение переходить от одной системы приемов чтения и понимания текста к другой, и умение понимать и анализировать художественный текст. А также умение делать эквивалентные замены, сжимать текст, предвидеть, предугадывать содержание текста.

На уроках литературного чтения, познания мира, естествознания, самопознания, при организации формирующего этапа эксперимента, применялась система подобранных заданий, направленных на формирование развития грамотности чтения. И эта работа принесла очевидные результаты.

- *Работа с таблицами Шульте* обеспечивают выработку не только навыков использования периферического поля зрения, но и навыков опережающего логического поиска и системности восприятия, так как в соответствии с тренировочным заданием вся таблица воспринимается одновременно как целостная система, состоящая из элементов - чисел. Последовательное их выделение осуществляется не движениями глаз, а путем представления образа очередного числа как элемента, выделенного из всей системы, что формирует это восприятие как факт осознания. Для увеличения периферического зрения.[3]

- *Упражнение «Пирамида»* способствует расширению периферического зрения, развитию внимания. Тренинг заключается в том, чтобы, фиксируя взгляд на числах среднего ряда, распознавать цифры, расположенные по краям.

- *Упражнение «Полиэтиленовая пленка»* развивает операционное внимание. При чтении на середину текста накладывается полиэтиленовая прозрачная пленка, ширина которой позволяет читающему, фиксируя взглядом ее левый и правый край, достаточно отчетливо видеть периферическим зрением начальные или конечные слова строк, не закрытые пленкой. При чтении глаза перемещаются только от левого до правого края пленки. По мере достижения результатов в увеличении активной зоны периферического зрения ширину пленки уменьшают, а в дальнейшем заменяют более узкой полоской, доходя до просто вертикальной линии, по которой взгляд движется сверху вниз.

Для устранения регрессии и проговаривания слов при чтении используем

- *Упражнение «Палец»*. Суть его заключается в том, что ученики читают текст, одновременно большим пальцем левой руки закрывая прочитанные слова.

Важная составляющая грамотности чтения - понимание читаемого текста. Понять прочитанное, оформить собственное мнение относительно изученного, помогают разно уровневые вопросы и тренинг «Рамочная цепочка», состоящий из 5-ти этапов анализа текста.


Суть данного приёма заключается в том, что ученики должны прочитать текст. Определить время, за которое они его прочитали. Посчитать количество слов в тексте.

Выписать незнакомые слова и определить их значение.

Затем ученики заполняют пять этапов в нижеприведенной «цепочке», записывая соответствующие этапу предложения в рамках.


В сочетании с этими упражнениями применяла речевые, неречевые, музыкальные помехи.

Уровень овладения учащимися контролируемые общеучебными умениями на начало эксперимента и после.



Приведённые примеры упражнений и тренингов, а также систематическая и целенаправленная работа с текстом подтверждают, что уровень овладения учащимися контролируемых общеучебных умений стал выше.

- количество учеников, читающих выше нормы, увеличилось на 12%;
- количество учеников, допускающих замену или пропуски букв, уменьшилось на 7%;
- количество учеников, допускающих ошибки в окончаниях, - уменьшилось на 9%;
- количество учеников, допускающих повтор слов и слогов, уменьшилось на 13%;



Вертикальная числовая прямая указывает на время, за которое ученики справились с заданием. Горизонтальная числовая прямая – порядковый номер учеников, принимавших участие в эксперименте. Ученики под номером 5, 6, 8, 11 благодаря тренингу научились считывать информацию в 2 и более раз быстрее.

Таким образом, применяемые техники чтения в начальной школе, помогают ученикам не только быстрее прочитать предлагаемый в учебнике текст, но и решают следующие задачи: учат понимать, анализировать и истолковывать текст в знакомых и незнакомых познавательных ситуациях, что в целом способствует формированию читательской грамотности младших школьников.

Литература:

1. А.Байгулова «Важность развития читательской грамотности казахстанских школьников» - Журнал «12 жылдық білім беру -12 летнее образование» №3,2015
2. Логвина И., Рождественская Л. Формирование навыков функционального чтения: Книга для учителя. 2012г.
3. Интернет ресурсы: http://4brain.ru/skorochtenie/_tablicy-shulte.php
- 4.Казахстанская карта детского чтения в аспекте формирования функциональной грамотности школьников. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013.

Бименова Ш.А.

*Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«№8 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ**

Атақты математик Джордж Поя: «Математиканы меңгеру дегеніміз не? Бұл стандартты мәселелерді шешіп қана қоймай, сонымен қатар ойлаудың белгілі бір тәуелсіздігін, ақылға қонымдылығын, өзіндік ерекшелігін, тапқырлығын талап ететін қабілет»- деген. Шынында да, кез-келген тапсырмада логикалық ойлауды дамытуға үлкен мүмкіндіктер бар. Бұл жағдайда ең үлкен әсерге математика сабағында ойын технологиясын қолдану нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамның сыртқы ортамен қатынасқа түсу, оған тез бейімделу қабілеті. Мектептің ең маңызды міндеті - сауатты адамдарды қалыптастыру. Функционалдық сауаттылықтың негіздері бастауыш мектепте қаланады. Функционалдық сауаттылық - бұл барлық алынған білімдерді, дағдыларды адам қызметінің, қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастардың әр түрлі салаларындағы өмірлік міндеттерді шешудің кең ауқымын пайдалану мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Функционалды сауатты адам - бұл әлемге бағдарланған және әлеуметтік құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сәйкес әрекет ететін адам.

Функционалды сауатты адамның негізгі белгілері: бұл адамдар арасында өмір сүруді білетін және белгілі бір қасиеттерге, негізгі құзыреттерге ие тәуелсіз адам. Әр білім беру саласы функционалдық сауаттылықтың барлық түрлерін дамытуға қатысады (оқу мен жазудағы сауаттылық, жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық, математикалық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, отбасылық сауаттылық, денсаулық сауаттылығы, құқықтық сауаттылық).

Математикалық сауаттылықты меңгерген оқушылар:

- қоршаған шындықта туындайтын мәселелерді математика арқылы шешуге болатынын таниды;
- осы есептерді математика тілінде тұжырымдайды;
- есептерді математикалық фактілер мен әдістерді қолдана отырып шешеді;
- қолданылған шешім әдістерін талдайды;
- қойылған проблеманы ескере отырып, алынған нәтижелерді түсіндіреді;
- шешімнің нәтижелерін тұжырымдап жазады.

Ойын менің жұмысымдағы таптырмас көмекшім, ол оқушылардың бойында оқу материалына қызығушылық, мектепке деген оң көзқарас, зейін, ойлау сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Ойын барысында оқушылар түрлі жаттығуларды орындай отырып, жаңа білімді игереді, өтілген материалды қайталайды. Ойын оқушыларды ізденіс жағдайына қояды, жеңіске деген қызығушылықты оятады, демек, балалар ойын ережелерін сақтай отырып, тапсырмаларды тез, тапқырлықпен орындауға ұмтылады.

Сабаққа ойындар мен ойын элементтерін қосу оқыту үрдісін қызықты етеді, балаларда жағымды көңіл-күйін қалыптастырады және оқу материалын игеруге ықпал етеді. Ойынның мақсатына, тақырыбына және сипатына байланысты -мен сабақтың әр түрлі кезеңдерінде ойын элементтерін қосамын. Төменде математика сабақтарында бастауыш сынып оқушылардың функционалды математикалық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін бірқатар жұмыстарым келтірілген.

«Тез орныңды тап!»

Мақсаты: сандарды ретімен есте сақтау.

Оқушылар еденде шашылып жатқан сандарды жазылған парақтан бір-біреуден алады. «Тез орныңды тап!» деген мұғалімнің бұйрығы бойынша балалар қолдарындағы санға сәйкес өз орындарын табады. (кему ретімен ,өсу ретімен)



«Көру диктант»

Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырату, кеңістікті бағдарлай алуын және есте сақтау қабілетін дамыту;



Тақтаға бірнеше 3-5 геометриялық фигуралар ілінеді. Балалар 1-2 минут қарап алған соң, мұғалім фигураларды жинап алады. Балаларға дәл сол реттілікті

сақтап, геометриялық фигураларды тақтаға қайта орналастыру ұсынылады. Дұрыс атап, әрі қатесіз орналастырған балалар жеңеді.

«Домино» ойыны


Мақсаты: көбейту кестесін жатқа білу, есте сақтау қабілеттерін дамыту




Ойын жұппен ойналады. Оқушыларға көбейту кестесіне және бөлуге сай карточкалар беріледі. Бірінің жауабы ,екінші карточканың жауабына сәйкес болу керек. Домино ойынының ережесімен құрылған, (мыс, $81: 9$ и $27: 3$)

1. Математика сабағында қызықты логикалық тапсырмалар

Логикалық ойлауды қалыптастыру педагогикалық процестің маңызды компоненті болып табылады.



2. а) Сіз көпқабатты үйде тұрсаңыз, сіздің пәтеріңіз белгілі подъезде және этажда орналасқан. Суреттегі әр заттың подъезін, этажын жаз



1-сурет

Ә) 1- суреттегі үйге жақшаның ішінде жазылған мекен-жайлар бойынша заттарын орналастыр




В) (1,1) мекен-жайдан бастап қозғалып, баланың мекен-жайын тап



Осындай есептерді қолдану кіші жастағы оқушылардың математикалық ой-өрісін кеңейтеді, математикалық дамуға ықпал етеді және математикалық сауаттылық сапасын жақсартады.

«ХОККЕЙ» көбейту кестесін жаттауға арналған ойын



«Миллион кімге бұйырады?» ойыны



Сонымен, математика сабағында ойынның ерекше екендігіне көз жеткізе отырып, мынадай қорытындығы келдім:

Математика сабағындағы ойын технологиясының пайдасы, қазіргі кездегі математиканы терең меңгеруге, жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді; Қызықты тапсырмалар мен жаттығулар түрлері білімді меңгерумен қатар, оқушылардың танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Оқушылардың оқу қабілеттерін күшейтеді, күрделендіреді. Соның әсерінен ойлау жүйесін дамытады.

Оқушылардың алған білімдерін тереңдетеді, сабақтың сапасын жақсартады;

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, сүйіспеншілігі артады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2011. -21б. - www.edu.gov.kz
2. Ахметов Н.К. Игра как процесс обучения. Алматы, 1985
3. 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.
4. Коваленко В.Г. «Дидактические игры на уроках математики», М 1990

Байменова Ақтолқын Сабыровна

«№19 мектеп-лицейі» КММ

Сәтбаев қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Әр баланың жан дүниесінде көрінбейтін шек болады. Егер оны шебер қолмен тарта білсе, олар әдемі дыбыс шығарады.

В. А. Сухомлинский

Мектептегі білім берудің міндеті – балаларды әрі қарай да табысты өмірге әзірлеу, шығармашылық қиялын дамытуға бағдарланған бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу.

Қиял адамның тіршілік ету әрекетінің барлық жағымен түйіндеседі. Ол қабылдауға енеді, жаңа бейнелерді байытады, қабылданған құбылыстардың образдарын жасауға ықпал етеді.

Қиялды дамытуға шығармашылық қабілеттер көмектеседі – міндеттер мен мәселелерді өз бетінше шеше білу, заттар мен құбылыстар арасындағы заңдылықтар мен байланыстарды ашу. Бұл – қызығушылығы, әуестігі мен құмарлығы, яғни басты қозғаушы күштері есепке алынатын даму нәтижесі.

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру үшін зейін қоюшылық, жаңадан пайда болатын және шығармашылық қиялдың, ассоциативті ойлаудың белсенді жұмысын көздеу керек, ол қоршаған болмыста кездесетін әсерлер мен ұғымдардың сол немесе басқа алуан түрлі қорлары есебінен пайдаланылады.

Бастауыш сынып оқушылары әрекетінде шығармашылық қиялды қалыптастыру да маңызды. Дәл сол әрекет барысында ғана іске асырылатын өзіндік жаңа бейнелерді жасау болжанады.

Бастауыш сынып оқушыларын әрі қарай оқыту мен тәрбиелеу сапасы көбінесе шығармашылық қиялды дамыту деңгейіне байланысты.

Шығармашылық қабілетті дамыту танымдық қызығушылықтың қалыптасуына, әуесқойлықтың дамуына алып келеді. Балаларда өз әсерлерімен алмасу қажеттілігі пайда болады, өздері айтуға ұмтылатын ойлар, сезімдер пайда болады.

Оқу сабақтарында әртүрлі тапсырмалар пайдаланылады, олар оқушылардың танымдық қана емес, тұлғалық-уәждемелік аясын дамытуға да жағымды ықпал етеді.

Қиял мен сөздердің байланысын дамытуға оқылған көркемдік шығарма негізінде өткізілетін жұмыстар ықпал етеді.

Мұғалім мен оқушының нағыз ынтымақтастығы оқуға мәжбүрлемей, қызықтыра білген жағдайда өз жемісін береді. Мұндай әрекет оқушылардың өз қабілеттерін ашуы мен белсенді болуына; өзіне сенімсіз балалардың бойында – бастамашылықты, аңғарымпаздықты, ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Тіпті ең болмашы жетістіктің өзі оқушының өз мүмкіндіктеріне деген сенімін туғызады.

Шығармашылық жұмыс түрлері:

суреттеу;

драмаландыру;

әңгімелеу.

Шығармашылық жұмысты сәтті орындау үшін оның әр түрінің мәнін ашу, оның ерекшелігін бейнелейтін белгілі бір ұғымдар жүйесін меңгеру қажет. Оған жататындар:

әңгіме;

ауызша суреттеу;

ауызша, графикалық және музыкалық суреттеу;

композиция;

сюжет;

драмаландыру;

портрет;

қалып;

ым;

ишара;

сценарийлер;

декорациялар.

Көрсетілген ұғымдар арасында 3 топты бөліп қарастырамыз:

әңгімелеуге жататын ұғымдар (әңгіме, ауызша сипаттау);

суреттеуге жататын (суреттеу, ауызша, графикалық және музыкалық суреттеу);

драмаландыруға жататын (драмаландыру, қалып, портрет, ым, ишара).

Әр топтың ішінде ұғымдар өзара жақындығымен сипатталады: көбінесе олар бір-бірін толықтырады (мәселен, суреттеме – ауызша; портрет – ым, қалып, ишара). Ұғымдарды қалыптастыру жұмысын ұйымдастыру кезінде бір мезгілде мақсатты түрде туыстық ұғымдардың бір емес, бір тобын жасау керек.

Әр ұғымның анықтамасы бар, онда неғұрлым маңызды белгілер мен қатынастар бейнеленеді. Мәселен:

Суреттеме – мәтінге ілеспелі және оны толықтыратын сурет.

Декорация – сахнада орнатылған материалдық әрекет орнының көркем немесе сәулет кескіні.

Драмаландыру – қандай да бір шығарманы пьеса үлгісіне келтіре отырып, қайта жасау.

Қалып – дене күйі.

Ым – сөзге ілеспе немесе белгі түрінде қолмен және денемен қозғалу.

Ұғымдарды мұндай түрде анықтау бастауыш сынып оқушылары үшін күрделі, сондықтан тұжырымдамалық жағынан көлемді және мазмұны жағынан абстрактілі анықтамаларды алып тастауға мүмкіндік беретін тәсілдерді енгізу керек.

Ұғымды қалыптастырумен жұмыс істеу барысында терминология да ерекше қиындықтар тудырады. Терминдер өте көп болғандықтан, балалардың шығармашылық жұмысты меңгеруін тежейді.

Шығармашылық тапсырмалардың түрлері:

«Суретті қорғау» – туындыны суреттеу және мәтіндегі сөздермен қол қою.

Мәтінге суреттер сериясы.

Қаһарман портреті.

Мәтінге мақалдар таңдау.

Фантастикалық жобаларды қорғау.

Қаһармандар атынан хаттар мен жеделхаттар жазу.

«Өз бетімізше» байқауы (сурет салу, ойыншық туралы хикаялар шығару).

Ұжымдық шығармашылық нысандарына жататындар:

оқылған туындыларды сахналау;

оқырмандар конференциялары, оқырмандар рахаты мерекелері;

рөлдер бойынша мәнерлеп оқу;

оқыған туынды бойынша тыңдаушылар алдында ауызша сөз сөйлеу;

пікір;

рецензиялау;

мәтін құру (шығарма);

сюжет бойынша виртуалды диафильм жасау мақсатында «кадрларға бөлу»;

драматизация;

суреттеу;

қаһарманның, оқиғаның дербес образын жасау.

Мәтін бойынша әсерлер мен пайымдауларға сүйене отырып, келесідей тапсырмаларды ұйғаруға болады:

суреттелген оқиға тарихының алдын немесе жалғасын ойлап табу;

түрлі қаһармандар атынан шығармашылық қайта айтып шығу;

мәтінді басқа жанрдың туындысына айналдыру (мысалы, әңгімені – ертегіге, тапқыр сөздерді – мазаққа);

мәтінмен байланысты жеке әсерлері туралы әңгіме.

Балаларға оқылған бойынша ассоциацияда сұрақтар қоюға болады.

Осы өлеңді тыңдағанда сен кімнің дауысын елестеттің?

Егер бұл туындыны түрлі-түсті қағазда жазуға болса, сен қандай түсті таңдайтын едің?

Егер оқушыларда туындыны талдаудан кейін сол тақырыпқа өздерінің жеке мәтінін құруды қалау пайда болса, олардың бастамасын қолдаған маңызды.

Шығармашылық тапсырмалар жүйесінде ертегілерді құрастыру амалдары болады:

«елеп-екшеу» (Қызыл емес, Сары Телпек, немесе Қызыл Телпек – ашулы, қасқыр – мейірімді);

«ертегілерден салат жасау» (Шынашақ бала Күлшеқызбен кездеседі);

«рас – өтірік»;

«суретті жандандыр».

«Бұрыштар». Әдебиеттік оқу сабақтарында қандай да бір туынды қаһармандарының біріне мінездеме құрған кезде пайдалануға болады.

Сынып екі топқа бөлінеді. Бір топ мәтін мен өздерінің өмірлік тәжірибелерін, қаһарманның жағымды қасиеттерін, екінші топ өз жауабын мәтіндегі үзінділермен нақтылай келе, жағымсыз жағын пайдалана отырып дәлелдемелер дайындайды.

Аталған амал бүкіл туындыны оқығаннан кейін пайдаланылады, балаларды диалогқа, қарым-қатынас мәдениетіне үйретеді.

Викторина құру. Туындыны өз беттерінше зерделегеннен кейін, оқу мәтіндерін пайдалана отырып, әдебиеттік оқу бойынша викториналарға сұрақтар дайындайды, сосын топтарға бірігеді және жарыс өткізіледі. Кейде әр топ үздікті – «білгірді» таңдайды, ал бүкіл сынып оған сұрақтар қояды.

Қисындық тізбек. Мәтінмен танысқаннан кейін оқушыларға оқиғаны қисындық ретпен құру ұсынылады. Аталған стратегия мәтіндерді қайта айтып шыққанда көмектеседі.

«Шок» кластері. Амалдың мәні – мәтіннің мағыналық бірліктерін бөліп көрсету және оларды шок түрінде белгілі бір тәртіпте графикалық безендіру.

Ережелері: орталық – тақырып бөлінеді, одан сәулелер – ірі мағыналық бірліктер, ал олардан – тиісті терминдер мен түсініктер тарайды. Көптеген мұғалімдер бұл амалды күн сәулесінің моделімен салыстырады.

Мәтінмен жұмыстың кез - келген сатысында қолдануға болатын әмбебап тапсырмалар мен жаттығулар.

«... дегенге сендер сенесіңдер ме». Сынып екі командаға бөлінеді. Бір команда фантазиялық ұйғарымдар айтады, ал екіншісі оларды талдайды.

Сұрақтамамен жұмыс. Балаларға мәтінге бірқатар сұрақтар ұсынылады, оларға олар жауаптар табулары тиіс. Сұрақтар мен жауаптар тек тікелей нысанда ғана емес, талдау мен пайымдауды, жеке тәжірибеге сүйенуді қажет ететін жанама нысанда да беріледі.

Өзіндік іздеуден кейін табылған жауаптардың туралығы мен дұрыстығын жаппай тексеру, артықты алып тастау өткізіледі.

«Білемін, білдім, білгім келеді». Бұл амалға жаңа материалды түсіндірумен қатар, бекіту сатысында да жүгінуге болады.

Мысалы, А. Құнанбаев шығармашылығын зерделеу кезінде балалар өз беттерінше «Ақын, оның туындылары туралы не білген, жаңадан не білді және не білгілері келді?» кестесін құрады.

Бұл амалмен жұмыс жиі бір сабақтың шегінен шығып жатады. «Білгім келеді» бағаны жаңа ақпарат іздеуге, қосымша әдебиетпен жұмыс істеуге түрткі береді.

«Ми шабуылы». Амал кіші оқушыларды жандандырады, стандарт емес ойлауды қалыптастырады. Әдістеме баланы дұрыс және дұрыс емес жауаптар шеңберіне қоймайды. Оқушылар қиын жағдайдан шығу жолдарын табуға көмектесетін кез - келген пікірлерді айта алады.

Мәтінді түсіну машықтарын қалыптастыру жөніндегі сабақтардағы жүйелі жұмыс кіші оқушыда жаңа ұрпақ оқырманын – оқырман-зерттеушіні қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұғымдарды қалыптастыру шарттары:

Жекелеген ұғымдармен емес, олардың туыс, жақын топтарымен бір мезгілде жұмыс жүргізу.

Кейіннен практикалық жаттығулар жолымен нақтыланатын және тереңдетілетін ұғымдарға анықтама беру.

Жекелеген жағдайларда анықтама берілмейді, жұмыс кезінде тек тәжірибелік мысал әдісі қолданылады.

Терминология оқушыларға егер оқыту жоспарында түбегейлі мәні болса ғана хабарланады.

Оқушылардың шығармашылық әрекетінің ең көп тараған түрі драмаландыру болып табылады. Бұл – психологиялық процестің салдары, онда бүкіл оқылған, көрілген және естіген нәрселер сөздің, екпіннің, ишара, ымның, қалыптың, топтасудың көмегімен қайтадан ойластырылады, жаңғыртылады және бастан өткізіледі.

Сабақтағы шығармашылық ахуал оқытуға деген жағымды көзқарасты ынталандыруға, мұғалім мен оқушылардың эмоционалдық тұрғыда жақындасуына ықпал етеді, балалардың қиялын, тіл ерекшеліктерін айыра білу қабілетін, әңгіме, ертегі, өлең шығару дағдысын дамытады.

Жадыны, зейінді, қиялды, сөз тазалығын, дауысты басқаруға жаттықтыратын тұрақты жаттығулар батылдықты, өз күшіне сенушілікті туғызады.

Балалардың өз сыныптастарының шығармашылығымен танысуы оларды мейірімдірек, бауырмал, бір-біріне және бүкіл қоршаған ортаға қамқор ете түседі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2007 ж.
2. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 1999 ж.
3. Бастауыш сыныпта оқыту журналы № 1, 2, 2008 ж.
4. Мен және бәрі, бәрі, бәрі Алматы, «Аруна», 2006 ж.
5. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері, Алматы, 2004 ж.

Бакирова Асель Байсариевна
*«Н.Әбдіров атындағы ЖББМ» КММ-сі, Қарағанды облысы,
Ақтоғай ауданы*

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ – БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСТЫ БАҒЫТ

Еліміздегі білім саласындағы басты бағыттардың педагогикалық инновацияға бет бұруы әлемдік білім беру кеңістігінен лайықты орын алу үшін жасалып жатқан маңызды қадам болып саналады. Дәлірек айтқанда, Қазақстанның білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде.

Қазақ тіл білімінің атасы, педагог Ахмет Байтұрсынұлының «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» деген қанатты сөзі бүгінгі замандағы білім беру саласын өркениетті әлемге лайықты үлгіде дамытуды мақсат етіп отырған мемлекеттердің ұстанымына сай келіп отыр. Себебі, білім беру мен ғылым саласында артта қалу ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне, оның өзге экономикалық қоғамдар алдындағы кіріптарлығына, ұлт болашағына және мемлекеттің қауіпсіздігіне өзара ықпалын тигізетіні баршаға аян.

Ендеше бүгінгі педагогикалық инновациядағы басты нысана оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Қазақстанда кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте алғаш рет 2012 – 2016 жылдарға арналған функционалдық сауаттылықты дамытудың Ұлттық іс – қимыл жоспары дайындалды, онда оқушылардың құзыреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін дамыту көзделген. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары 2011-2020 жылының мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген. Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткіш білім деңгейі ретінде қарастырылады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалы сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Функционалдық сауаттылық адамның сыртқы ортамен қарым – қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортада барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Бұл жоспарға түткі болып отырған мәселе қазақстандық оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалану деңгейінің төмендігі болып отыр. Мұндай тұжырымға еліміздегі білім саласында жүргізілетін мемлекеттік аралық бақылаулар мен зерттеулер нәтижелеріне жасалған талдаулар негіз болып отыр. Себебі, бұл көрсеткіштер жеке бір зерттеудің нәтижелері ғана емес, қазіргі уақыттағы білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың құралы және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың негізі ретінде қарастырылып отыр.

Зерттеулер нәтижесі бойынша Қазақстандық оқушылардың қандай да бір күрделі оқу мәтіндерін пайдаланып, олардың көмегімен күнделікті жағдайларда бағдар алуға толық әзір еместігін анықталған. Сондай – ақ, қазақстандық бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыдан талдау жасау, жинақтау, өз ойын тыңдаушыларға жеткізу, шағын мәселелерді талқылау, белсенді позиция көрсету жағдайында көпшілігінің оқу сауаттылығының орташа деңгейін көрсететіндігі нәтижелерден көрінеді.

Осы мәселелер бойынша әлем елдерінің білім беру реформаларының жүйелі даму тәжірибесін қарастырып, өз еліміздегі жағдаймен салыстырып көруге болады. Әлемдегі білім беру жүйесі үздіктерінің қатарына Финляндия елі – дүние жүзінде функционалдық сауаттылықтың деңгейі бойынша бірден бір көшбасшы ел. Соңғы зерттеулер нәтижесі бойынша бұл мемлекеттің функционалдық сауаттылық деңгейі 93% көрсетіп отыр.

Финляндияның білім жүйесінің біздің елмен ұқсастығы білім алудың балабақшадан басталатындығын, алайда еліміздегі білім бағдарламалары бойынша мектепке дейінгі және бастауыш сыныптарда бізде көбінесе жаппай сауаттылыққа мән беріліп, оқу сауаттылығы арқылы өмірге бейімдеу көп жағдайда тасада қалып қоятыны оқыту үдерісінде жіберілетін кемшіліктердің бастысы болып отыр. Сондай – ақ бізде бастауыш буыннан орта буынға, орта буыннан жоғары буынға өтерде тапсырылатын оқушының білім деңгейін анықтауға ғана бағытталған мемлекеттік міндетті және аралық бақылау емтихандары бар. Өкінішке орай, бұл емтихандардың мақсаты оқушының білім деңгейін анықтаумен ғана шектеліп қалады. Сондықтан бұл бақылау емтихандарының нәтижесін оқушы білімін жетілдіру, біліміндегі олқылықтарды толтыру мақсатында пайдаланатын күн жетті.

Зерттеу барысында алынған ресми деректер бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде сол білімдерін тәжірибеде қолдана алмайтындықтарын көрсеткен. Тіпті күнделікті өмірде де әр түрлі жағдайда кездесетін ресми құжаттар мен қарапайым бланкілерді толтыра алмай, ондағы ақпараттардың мәнісін түсіне алмайтындардың көп екендігі жасырын емес. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағынан бағыттап отыру керек. Оқушыларға өздік тақырыптық тест құрастыру, эссе жазу, бұл оқушылардың өздік жұмыс жасаулары арқылы ойлау қабілеттері қалыптасады. Топқа проблемалық сұрақтарды қазіргі өмірмен байланыстыру арқылы қою оларды шығармашылыққа баулиды. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін, әрбір пән бойынша берілетін білім мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың заңдылықтар мен ережелерін, яғни ұғымдық ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондықтан да Елбасымыздың « Білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей,оны керсінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет» деген сөзі бүгінгі оқыту үдерісінің басты ұстанымына айналу тиіс.

Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісі мектеп ұжымы мен мұғалімдер қауымының қатысуымен ғана жүзеге асады деген пікірдің жаңсақ пікір екендігі бүгінгі күні дәлелденген. Себебі, бұл үдерісте ата – аналардың рөлі аса маңызды. Ата – аналар балаларымен мектептегі табысты оқуына қажет біліктер мен өмірлік дағдыларды меңгеру даярлығын қамтамасыз ететін іс – әрекет түрлерімен көбірек айналысу қажет. Соның нәтижесінде отбасы мен мектептің тәжірибелік қызметі нығая түсіп, оқушылардың қоғам өміріне араласуы, өмірлік тәжірибе жинақтауы дұрыс жолға қойылады деп ойлаймын. Себебі, сауаттылықтың бұл түрі мектептегі берілетін пәндік білімнің шеңберінде ғана емес, оқушының нақты тәжірибе жинақтайтын қоғам өміріне тікелей қатысуы нәтижесінде дұрыс қалыптасатындығы дәлелденген.

Оқу сауаттылығының даму үдерісін бақылау үшін және оқушыларды көптеген мемлекеттік аралық бақылаулар мен зертеулер жасау мақсатында тест тапсырмаларының жинағын әзірлеу үстіндемін. Мұнда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған сұрақтарды үйлесімді қолдануды басты нысанаға алдым. Жинақта оқушыларды дайындау барысында алдыңғы нәтижелерінде оқушылардың жіберген кемшіліктерін саралай келе, сол жіберілген олқылықтарды түзетуге негізделген тапсырмаларға басымдық беруге тырысамын.

Менің негізгі сабақ беру барысымда басшылыққа алынатын сапалар:

белсенділік - шығармашылық тұрғыдан ойлау;

шешім қабылдай алу;

өз кәсібін дұрыс таңдай алу;

өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Болашақта сабақ барысында, сабақтан тыс қосымша сабақтарда да тапсырмаларды орындау кезінде алған білімдерін сыни тұрғыдан түрлі қырынан талқылап, өз болжамдарын ұсынуды талап ететін тапсырмаларға көбірек назар аудару қажет деп ойлаймын.

Мектептегі пән мұғалімдері өз тәжірибелерін жоғарыдағы анықталған мәселе бойынша қайта қарап, талдап, қажет бағытта өзгерістер енгізулері кезек күттірмейтін маңызды міндет екенін ұғынулары қажет. Соған орай алдағы уақыттағы оқыту үдерісіндегі барлық жұмыстар «оқу сауаттылығы» ұғымының үш құрамдас бөлігін, яғни, түсіну – пайдалану – ойлау дағдыларын қатар дамыту мақсатында жұмыс жасауға бағытталуы тиіс.

Елбасымыздың бүкіл Қазақстан халқына арнап «100 нақты қадам» атты еліміздің дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі Ұлт жоспарын жасаған. Бұл жоспарда Елбасы Қазақстанның даму жолын бес реформамен, сол реформалар аясында жүзеге асатын 100 қадаммен байланыстырған. Бұл әрине еліміздің білім беру жүйесінің даму бағытына оң әсерін тигізетін маңызды реформа. Алайда мектептер мен ұстаздар қауымының арқалар жүгі де жеңіл болмайды. Осы реформаның сәтті жүзеге асыру үшін еліміздегі барлық мектептер ең алдымен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытындағы өзгерістерге сақадай сай болулары қажет. Себебі, аталған бағдарламаның мазмұны осы басым мақсатқа тікелей байланысты. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептерде білім беру мазмұнын жаңғыртатын өзгерістер аса қатты қажет.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдаманы ұсынуға болады:

оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез – келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолана алуға үйрету:

әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету:

оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету:

оқушылардың әлеуметтік – мәдени дағдыларын дамыту:

қазақ халқының салт – дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеуге баулу.

Ұлы Абай ағамыз айтқан: «Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды – дағы, сондайдан білген, көргені көп болған адам білімді болады» ұлағатты ой – пікірлерін бүгін де басшылыққа алуға әбден болады. Мұның білім жүйесі мен білім сапасына, кәсіби біліктіліктерге қатысты оқу – әдістемелік кешендермен, ақпараттық – электрондық құралдармен, қашықтықтан оқытумен аудио – видео материалдарымен байытып, өзара байланыста өрістетсе жемісті нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сондықтан үнемі оқып, көңілге тоқыған жайттарды жүйелі дамытатын, жаңа ізденіс көзқарастарға бай, оны өмірде, тәжірибеде пайдалана алу – бүгінгі ұстазға қойылып отырған талап. Қазіргі кезеңнің ақиқатқа айналған басты шындығы да кемел келешек кілті де – білім – ғылымға табан тіреді. Бүгінгі мұғалімдерге артылар сенім, үкілеген міндет, жүктелген парыз өте жоғары.

Әдебиеттер:

1. <http://bilimdiler.kz/okushi/285-oner-bilim-til-turaly-kanatty-sozder.html>

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс – қимыл жоспары: /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы// ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мектеп және отбасының өзара іс – әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім

4. «100 нақты қадам» <http://bnews.kx/kk/news/post/265982/>

Бейсекеева А.М.

«№ 82 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІ МЕН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН
АРТТЫРУ**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңында (19.04.2019ж. берілген өзгерістері мен толықтыруларымен) көрсетілгендей оқушылардың жан-жақты білім алуына барлық жағдайды жасауымыз керек. Ал, білімнің бастауы бастауыш буыннан бастау алатыны анық. Сондықтан, бастауыш буын кезеңіндегі оқу үдерісіне ерекше мән беріп, оқу нәтижелерін арттыру мәселесін басты назарға алған жөн. Осыған орай, мақала тақырыбының өзектілігі бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісі мен оқу нәтижелерін арттыру мәселесін шешумен айқындалады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу нәтижелерін арттыру мәселесі әлемнің барлық елдерінде өзекті болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу нәтижелерін арттыру үшін білім сапасын көтеруіміз қажет.

Ал, білім беру сапасы дегеніміз-оқушылардың, қоғамның және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын білім беру нәтижелерінің маңызды қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы.

Білім беру сапасы келесілер арқылы анықталады:

Педагогтердің жоғары кәсіби деңгейі;

Оқушыларды оқытуда жайлылықты қамтамасыз етуі;

Оқушылардың білімінің беріктігі;

Санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;

Мектептің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі.

Бастауыш мектепте оқытудың негізгі мақсаты-әр баланы қысқа уақыт ішінде үлкен көлемде ақпаратты игеруге, түрлендіруге және практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

Сабақты оқытудың негізгі нысаны ретінде мойындай отырып, біз оны одан әрі жетілдіру жолдарын үнемі іздейміз. Ендеше, білім сапасының компоненттеріне төмендегілер жатады:

білім беру салалары бойынша оқушылардың сапалы білім алуы;

оқушылардың жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру сапасы (оқулықпен, мәтінмен жұмыс істеу, жоспар құру, талдау, қорытынды жасау және т. б.);

мектеп оқушыларының білім сапасы (арнайы әдістемелер бойынша қадағаланады);

оқушылардың жеке басының даму сапасы (эмоционалдылық, ерік-жігер, танымдық қызығушылық, мотивация және т.);

элеуметтік бейімделудің сапасы.

Оқу нәтижелерін арттыру үшін оқу іс-әрекеті қандай компоненттерден тұратынын түсініп, мұғалім келесілерді басшылыққа алуы тиіс:

оқушылардың мақсат қоюы;

олардың іс-әрекетін ынталандыру;

оқушылардың біліктерін қалыптастыру;

«мұғалім-оқушы» кері байланысын құру»;

мәселелік жағдайларды жасау;

білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзін жайлы сезінуіне жағдай жасау.

Конфуций былай деген: «білімге үш жол жетелейді: ойлау жолы – ең асыл; еліктеу жолы – ең оңай жол және тәжірибе жолы – ең ащы жол». Ендеше, бастауыш сынып оқушыларының оқу нәтижелерін арттыру үшін біз бірден осы үш жолмен жүруіміз керек.

Бастауыш мектепте қолданылатын технологиялар мен әдістер:

жеке тұлғаға бағытталған білім беру технологиясы;

деңгейлік саралау технологиясы;

ойын оқыту технологиясы;

жүйелік-әрекеттік тәсіл технологиясы (мәселелік оқыту);

жобалау қызметі;

денсаулық сақтау технологиялары;

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Сабақтың тиімділігін арттырудың маңызды құралы-сабақтағы іс-әрекеттің әртүрлілігі. Оқушыларға сабақта оқу процесін жандандыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылатын болса, баланың оқуға деген ынтасы артып, ол білімді жақсы меңгереді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу нәтижелерін арттыру мәселесін зерделеу мақсатында өзімнің қызмет атқаратын мектебімнің мұғалімдерінен шағын сауалнама алдым.

Ондағы сауалнама бастауыштағы оқу нәтижелерін арттырудың тиімді жолдары бойынша мұғалімдердің көзқарастарын анықтау еді. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жауап нәтижелері төмендегі суретте бейнеленген (1-сурет).



1-сурет. Бастауыш сынып оқушыларының оқу нәтижелерін арттыруға әсер ететін факторлар

Сауалнама нәтижелерінен көріп отырғанымыздай, мұғалімдердің басым көпшілігі оқу нәтижелерін арттыру тікелей оқушының өзінің дайындық деңгейіне байланысты деп ойлайды екен.

Қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин балаларға сабақты қызықты, тартымды, әрі түсінікті етіп берген екен. Мәселен, діни мектептерде молдалардан сабақ алған балалар бір жылда әзер хат таныса, Ыбырайдың оқушылары небәрі үш айдың ішінде хат танитын болған. Осы айтылғаннан-ақ білім сапасының жоғары болуы, оқу нәтижелерінің артуы тікелей мұғалімге байланысты екеніне көзіміз жетеді. Ендеше, оқушыны сабаққа қызықтырып, оның білімге деген құштарлығын оятатын мұғалімдер, яғни біздер боламыз. Ендеше, оқу нәтижелері бойынша жоғары жетістіктерге қол жеткізгіміз келсе, ең алдымен өзімізден бастайық.

Сонымен, оқу нәтижелерін арттыру үшін бастауыш сынып мұғалімі келесілерді басшылыққа алуы тиіс:

сабақтарда және сабақтан тыс уақытта заманауи инновациялық әдістемелерді, оқу сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің жаңа формаларын қолдану;

өзінің кәсібилігін арттыру үшін әдістемелік тұрғыдан өзін дамыту және басқа педагогтармен тәжірибе алмасу;

сабақтарда заманауи педагогикалық технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану;

ғаламтор желісінің мүмкіндіктерін белсенді түрде қолдану арқылы кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру.

Әдебиет:

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (19.04.2019ж. берілген өзгерістері мен толықтыруларымен).

Бондаренко Ж.Б.

КГУ «ОШ № 23» г.Караганды

Валуйская Г.В.

КГУ «ОШ № 23» г.Караганды

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ КАЗАХСКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ НА УРОКАХ ОБУЧЕНИЯ ГРАМОТЕ В 1 КЛАССЕ

Древние говорили, что для счастья человеку необходимо славное Отечество. Детство— это то время, когда возможно подлинное, искреннее погружение в истоки национальной культуры.

Перед педагогами начальных классов стоит задача: зажечь искорку любви и интереса к жизни казахского народа, к его истории и культуре, к природе, воспитать патриотов. Художественная литература и фольклор является могучим средством в познании ребёнком окружающего мира, обогащении его представлений о добре и зле, пробуждении и развитии социальных чувств, углублении жизненного опыта, формировании мировоззрения. Обращаясь к народной мудрости, важно учитывать не только его воспитательный, но и богатый речевой потенциал.

Мы хотим поделиться опытом работы по использованию произведений казахской художественной литературы на уроках по обучению грамоте. Главная цель обучения грамоте – обеспечить умственное развитие ребёнка при формировании навыков чтения, создать такие условия, при которых дети могут одновременно размышлять о законах языка и выучить все буквы алфавита.

На уроках по обучению грамоте большое внимание уделяется творчеству казахских поэтов и писателей, народному фольклору.

Обучение грамоте легче усваивается в рамках сюжета сказки, рассказа, стихотворения. Дети, играя, постигают понятия «звук», «слог», «слово», «буква», «предложение», закрепляют правильное употребление звуков в произношении пословиц, поговорок, загадок. На уроках используем действия знакомых персонажей сказок – Жиренше[ж], рассказов – Тураш («Белый верблюжонок» У.Турманжанов), стихотворений – Айнагуль[л'], [л], («Кто, где живёт?» ЕслямЗикибаева) и т.д.

На других уроках дети становятся участниками мини-спектаклей: Чокан («Мать и братья» С.Муканов) принёс посылку, в посылке – предметы, в которых есть звук [ч]. Дети рассматривают картинки, называют первый звук в каждом слове и из них составляют новое слово (кот, арбуз, морковь, часы, автобус – получилось слово камча). Дети рассматривают камчу, проводят звуковой анализ слова, подбирают рифмы (камча – парча, свеча, бахча, алыча, саранча, каланча). Учитель читает стихотворение Е.Елубаева «Камча».

При членении предложений на слова используем произведения казахских авторов. Сначала детям даём простые предложения, состоящие из двух слов: *Разгорелось лето* (К.Мурзалиев «Белый камушек»), из трех слов: *Мой ягненок беспризорник* (Т.Молдагалиев «Ягненок – беспризорник»), из четырех слов: *Белый снег лежит кругом* (А.Дуйсенбиев «Зимняя забота»). Затем предлагаются предложения с предлогами: *В степи на джайляу пасутся овечки* (К.Баянбаев «Юрта»).

Воздействие художественной литературы наиболее успешно, если при этом используются разнообразные средства и методы: рассматривание книжных иллюстраций, репродукций картин казахских авторов, слушание национальных песен, музыки, организации драматизаций, а также разные виды деятельности: игра, выкладывание букв из различных материалов (мозаика, проволока, скрепки, пуговицы), лепка букв, аппликации (из сухих листьев, камыша): *Букву «Ш» выложим из камыша*.

Задача усвоения правила написания йотированных гласных букв я, ю, е, ё решается в процессе звукового анализа специально подобранных слов: *юрта* (К.Баянбаев «Юрта»), *яблоко* (ЖаркенБодешев «Яблоко»), *друзья* (А.Дюсенбиев «Дети земли»). Для звукового анализа слов со звуком [й'] читаем детям стихотворение К.Идрисова «Мой край!». Дети узнали, что звук [й'] самый короткий звук в нашей речи, всегда звонкий и мягкий согласный.

Необходимо, чтобы художественные произведения были насыщены изучаемыми звуками, были занимательны и доступны, и, кроме того, многообразны по интонационным характеристикам. Например, стихотворение У.Турманжанова «Не рвите напрасно цветы».

Созданию положительного настроения на учение, пробуждению интереса к познанию новых букв способствуют психогимнастика, физминутки. Дети выполняют мимические упражнения, изображают героев казахских произведений: злую Мыстан-кемпир, печальную Кыз-Жибек, огорченного Ер-Тостика, доброго Алдар-Косе. Подвижные игры и физические упражнения в сочетании с речью способствуют совершенствованию общей моторики. Этому же служат упражнения по имитации трудовых действий: А.Дуйсенбиев «Я устала, я устала», Ж.Абдирашев «Шофер».

К концу года дети подходят со следующими результатами: хорошо владеют понятиями «слово», «звук», «буква», «предложение»; знают порядок букв, их название (алфавит); различают гласные и согласные звуки; правильно ставят ударение в знакомых словах; правильно, плавно читают по слогам с постепенным переходом к чтению целыми словами; умеют составлять предложения и интонационно правильно проговаривать их в соответствии со знаком в конце (!?.); проявляют любовь и интерес к чтению, к произведениям казахских авторов.

Литература:

1. Романовская З.Н. Чтение и развитие младших школьников: Приобщение детей к художественной литературе как к искусству. - М., 2002.
2. Богатырева Е.В., Бучина Р. А. и др. Обучение грамоте. Учебник для 1 класса общеобразовательной школы. - Алматы: Алматыкітапбаспасы, 2016.

Бондаренко Ж.Б.

КГУ «ОШ № 23» г. Караганды

Голева О.И.

КГУ «ОШ № 23» г. Караганды

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНИКИ ЧТЕНИЯ – ВАЖНЕЙШЕЕ УСЛОВИЕ ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ

В последнее десятилетие чтение текстов учащимися и умение работать с информацией изучают с позиций их функциональной грамотности, т.е. комплекса умений эффективно жить в современном обществе. Грамотность (чтение и письмо) составляет основу развития человека. Под грамотностью понимается умение читать и писать на уровне, необходимом и достаточном для адекватного понимания и эффективного использования письменных сообщений во всех печатных и электронных средствах массовой информации. Читательская грамотность при этом считается базовым комплексом навыков и умений.

В современном обществе XXI в., в основе которого лежат знания, стремительно распространяются новые технологии и постоянно изменяются условия труда, грамотность является необходимым условием для всех видов обучения и образования.

Что может препятствовать формированию читательской грамотности?

По нашему мнению, это низкая мотивация к чтению и учебная перегрузка. Также существенным фактором является недостаточное введение новых методик обучения чтению. Но как показывает опыт, внедрение в работу учителей новых методов и подходов к обучению школьников может изменить ситуацию к лучшему.

В данной статье мы поделимся опытом работы над навыком беглого чтения у учащихся начальной школы, который является одним из условий формирования читательской грамотности.

Возможно ли научить ребёнка быстрому и осознанному чтению и насколько это актуально в современных условиях?

Проведём небольшое исследование. Обратимся к содержанию учебника «Литературное чтение» 2 класс, лексическая тема «Пословицы и поговорки», польская народная сказка «Поспешишь – людей насмешишь». Словарный объём сказки составил 470 слов. Учащийся при скорости чтения 100 сл/мин прочитает этот текст примерно за 5 минут. Чтобы лучше запомнить, текст нужно перечитать ещё раз (+5 мин), ответы на вопросы по содержанию займут ещё 15 минут. Всего для приготовления домашнего задания по литературному чтению ученику понадобится 25 минут.

Анализ результатов применения контекстных задач показал, что использование на уроках данного инструментария позволяет актуализировать личностный потенциал учащихся и возможность определить качество их образовательных достижений.

Утверждение педагога 19 века А. Дистервега: «Не в количестве знаний заключается образование, но в полном понимании и искусном применении всего того, что знаешь», подтверждает значение развития функциональной грамотности у учащихся.

Литература

1. Об утверждении государственных общеобразовательных стандартов образования всех уровней образования
2. Международная оценка образовательных достижений учащихся (PISA). Примеры заданий по естествознанию // Центр оценки качества образования ИСМО РАО. 2007. 115 с. Основные результаты международного исследования PISA
3. Практико-ориентированные задания – средство развития естественнонаучной грамотности ozvezdiye-otlichnikov.ru/index.php/praktiko-orientirovannye-zadaniyasredstvo-razvitiya-estestvennonauchnoj-gramotnosti-uchashchikhsya
4. Пентин А.Ю. От задачи формирования естественно-научной грамотности к необходимым компетентностям учителей естественно-научных дисциплин.
5. Пентин А.Ю. Разработка компетентностно-ориентированных заданий по оцениванию читательской грамотности на основе естественно-научных текстов. – Методист, 2011, № 4.

Баймолда А.С., Жылкайдарова А.М.
«Әлихан Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ. Қарағанды қ.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Функционалдық сауаттылықты дамыту әрбір мұғалімнің негізгі міндеті. География пәнінде білім алушының теориялық білімін практикада еркін қолдану мақсатында тапсырмалар ерекше орын алады. Ұстаз, шәкіртінің алған білімін өмірдегі жағдаяттарда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңірту керек. Функционалды сауаттылыққа бағытталған тапсырмаларды орындау кезінде білім алушының

бойына белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу дағдыларын сіңіре отырып, өмір бойы білім алуға дайын екенін түсінеді[2].

Ұлттық жоспардың мақсаты-Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Осы Ұлттық жоспарда берілген төрт негізгі механизмнің бірінші түрін өз практикамызда қолдандық. Осы механизм түрлеріне тоқталайық[3].

Ақпараттық, білім алушы өз бетінше ақпараттар көздері арқылы білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау керек. Тоғызыншы сыныпта «Қазақстанда табиғаттың қорғалуы» тақырыбында «Қызыл кітап» тақырыбында баяндама жасау тапсырмасын орындағанда, оқушылар қосымша кітаптар, ғаламтор жүйесіндегі ақпараттарды саралап, ерекше маңызды мәліметтерін ұсына алды. Оқушының ақпараттық технологияны еркін игеруіде үлкен рөл атқарды. Себебі, оқушылардың баяндаманы ұсынуы бейнефильм, таныстырылым, эссе, ақпараттық хат күйінде болды. Білім алушы бұл бағытта ойлау, елестету, қабылдау, танымдық, шығармашылық қажеттіліктерін дамытты. Берілген мәліметтердің негізгі, маңызды бөлігін саралау, оның түйінді шешімін шығару арқылы оқушылардың шығармашылық жұмыстарға бағыттаймыз.

Коммуникативтік, оқушының қазақ, орыс, ағылшын тілінде ауызша, жазбаша қатынас жасау. География сабағында терминдерді үш тілде оқулықта ұсынылған. Сонымен қатар, тапсырмаларда да терминдердің үш тілде берілуі сұралған. Оқушылармен бірге терминдік сөздерді үш тілде қарастырамыз. Мысалы: «Қазақ гидронимдері» тақырыбында тапсырма былай берілді: Картаның көмегімен гидронимдерді ата, сипаттамасын жазып, таңдаған гидронимдердің транслитерациясын үш тілде жазыңыз. Оқушылар жұмысқа ерекше кірісіп, сабақ барысында жылдам орындады, қабілеті төмен оқушылардың да белсене араласуы, ағылшын тілінде білмеген терминдерін ғаламтор арқылы табу ретімен орындады. Және де гидронимдердің транслитерациясын үш тілде жазылуын кескін картада орындаған жұмыстар болды. Коммуникативтік, өзара қарым қатынасты үш тілде жүргізу, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Әлеуметтік, қоғамда, өз өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай білу. География сабағында экологиялық мәселелерді шешу, жағдаяттар беру арқылы тапсырмаларды орындау. География пәнінде барлық курстарда экологиялық тақырыптар бар. Бірізділік, жүйелілік болу мақсатында тапсырмалар жас ерекшелігіне қарай, жергілікті проблемалар бойынша берілді. «Майқұдық ауданындағы аула тазалығын қалай сақтауға болады?» проблемалық сұрақ бергенде әрбір оқушы өз ауласындағы проблемаларды көтеріп, оның шешу жолдарын айтты. 2018 жылы осы сабақтағы проблеманы шешу мақсатында жоба дайындалып, қалалық деңгейде оқушылар қорғап, III орынға ие болды. 2018 жылы 10 сынып оқушылары қоқыстың экономикалық бағытта жарамдылығын дәлелдей отырып, облыстық конкурста III орынға ие болды және Республикалық конкурста жолдама алды. Экологиялық жағдай проблемасын оқулықтағы тақырыпты оқи отырып, мектеп ішіндегі проблемалар көтерілді. Оқушылар экологиялық акцияға қатысып, Айтуғанов Батырбек және сыныптастары 2019 жылы блогер болып, қалалық, облыс деңгейінде акцияларға белсене араласты. «Қоқыстан шыққан пайда» деп мектепшілік акция өткізілді. Оқушылар макулатура жинап, оны өткізді. Экологиялық бағытта сабақта алған білімдерін практикада қолдану біз үшін үлкен нәтиже болды. Себебі, 2020 жылғы түлегіміз Айтуғанов Батырбек университетте де осы бағытта жұмыс жасап жатыр.

Тұлғалық, өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, қажетті білім-білік-дағдыларын игеру, болашақта өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу. География пәнінде барлық мамандыққа шолу өткіземіз десем артық болмайды. Қазақстанның шаруашылығын өткенде әрбір өнеркәсіптің орналасқан жері мен еңбек ресурсына тоқталамыз. Себебі, кәсіптік бағдар беру мақсатында, мамандықтардың ерекшелігі туралы оқушыларда сұрақтар туады. Осы сұрақтарға жауап бере отырып, мамандықтардың маңыздылығы мен оның қиыншылығын, пайдасын ашып айтамыз. Бұл сабақтар конференция, кейде дебат күйінде өткізіледі. Себебі, әрбір оқушының ата-анасы маман иесі. Ата-анадан естіген, көргендерін ортаға салады. Картаға шолу, қалаларға визуалді саяхат жасау кезінде оқушылардың географияға деген қызығушылығы артады. «Мен болашақта қандай мамандықты таңдаймын?» деген сұраққа оқушылар өз мақсаттарын айтады. Немесе, «Машина жасау кешені» тақырыбын өткенде, «Мен

машина жасау зауытын ашамын» проблемалық тақырыбында оқушылар зауытты қай жерге орналастыру дан бастап, оның тиімділігі мен экономикалық шығынын анықтауға тырысады. Әрбір оқушының жауабын қабылдап, проблемалық сұрақ қою арқылы кемшілігін өзі анықтаға бағыттадық.

Азаматтық, қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, діні мен тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсіну. Жаңартылған география оқулықтарында тақырыптарды ашу кезінде Қазақстанның нысандарын мысалға аламыз. Мысалыға, 9-сыныптағы «Көші-қоны» тақырыбында көші-қонның себептерін анықтағанда, табиғи-климаттық түрін сипаттағанда, қазақтың әдеп-ғұрыптары, кезіндегі көшпелі халықтың ерекшелігін айта отырамыз. Оқушылар көші-қонның себептерін өздері анықтай отырады. Мысалы, «қыстау»- қазақтың байырғы қысқы мекенжайы, әдетте суы бар, ықтасынды, оты мол жерлерде орналасады. Қыстау аймағы шарбақпен қоршалып, айналасына ор қазылып, қора жайлары болады. «Көктеу» - көктемгі қоныс, шөптің жаңадан қаулап шыққан кезінде, көктем айларында мал жайылатын өріс. «Жайлау»- жазғы қоныс, суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. «Күзеу»- мал баспаған, оты мол, қыстауға жақындау жайылым таңдап алынған жер.

Міне, осылай терең, салт-дәстүрімізді айта отырсақ, салт-дәстүрімізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткіземіз деп айта аламыз. Тоғызыншы сыныпта Қазақстанның географиясын толық өткендіктен, материалдар өте көп, қазақ жерінің географиясын толық сипаттауға уақыт жеткіліксіз. Туған жеріміздің, географиясын толық сипаттау бағытында «Өлкетану» оқулығын да қосымша қолданамыз. «Өлкетану» оқулығы, Қарағанды жері бойынша жазылғандықтан, жергілікті жерді мысалдарға алған кезде, 5-7 сыныпқа арналғандығына қарамастан, сабақта қолдандық.

Технологиялық, ақпараттық технологияларды сауатты пайдалану. География сабақтарында ақпараттық технологияларды міндетті түрде қолданамыз, электронды карталар, «Microsoft Excel» парақшасы бойынша диаграммалар сызу, әсіресе 10-11 сыныптарды. «Microsoft Word» мәтіндер жазу, диаграммалар сызу. CorelDRAW бағдарламасын да ішінара қолдандық. 10-11 сыныптарда деректер базасын жинақтау «Microsoft Excel» парақшасында жинақтау өте тиімді, яғни маңызды деректерді бөлек жинақтау және диаграммасын сызуда қиындық тудырмады. 2019 жылы 10-сыныптарда сабақ барысында өте жақсы қолдандық, биыл 10-сыныптар қашықтықтан оқыту жүйесінде отырғандықтан оқушылардың бірең-сараны игеріп отыр. Сабақ барысында таныстырылым жасау, жарнамалық видеолар дайындау. Биыл 11 сыныптарда «Брендинг» дайындау жұмыстарын жүргізудеміз. Нәтижесін келесі оқу жылында конференцияға алып шыға аламыз.

Пәндік құзіреттілігі, география пәні бойынша өз білімін дамыта отырып, өзін белсенділікке, шығармашылық тұрғыдан ойлауға, шешім қабылдай алуға, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға дайын тұлға тәрбиеленеді. Әрбір жеке тұлға өмір бойы білім алуға дайын тұруы керек.

Функционалдық сауаттылықтың жетінші тетігі ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсене қатысуын қамтамасыз ету. Ата-ананың бала тәрбиелеуде функционалдық сауаттылығын көтеру мектеп мұғалімдерімен олардың тығыз байланыс жасап, екі жақты әріптестік әрекетінің негізінде қалыптасады. Өкінішке орай, барлық ата-аналар бұл бағытқа көңіл аудармайды. Яғни, ата-ананың баласының ерекше қасиетін тануы, оны түрлі жағдаятта түсініп, қол үшін беруі, олардың қабілетін дамытуға, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата-ана бойында да болуы тиіс.

Қорыта келгенде, В.Сухомлинскийдің «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек. Ол бала солай бола алады», дегендей шәкіртке жан-жақты терең білім беріп қана қоймай, жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат-жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз[3].

Қолданылған әдебиеттер:

1. В.А.Сухомлинский «Павлыш орта мектебі», Мәскеу-1969 ж.
2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» Стратегиясы –қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. Ақорда 2012.

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы.

Бактыбекова Ж.К
№11 ЖББМ, математика пәні мұғалімі
Жезқазған қ.

ЗАМАНАУИ САБАҚ: ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі таңдағы білім беру саласындағы өзекті мәселеге айналып отырған оқушылардың сауаттылығы.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мынадай жағдайлар жасалып жатыр:

ғылыми зерттеу жағын қамтамасыз ету;

- білім беру мазмұнын жаңарту;
- оқу-әдістемелермен қамтамасыз ету;
- оқушылардың білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу.

Функционалдық сауаттылықты дамыту-оқушылардың алған білімдерін өмірде тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзіреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады. Негізгі құзіреттілік- бұл мемлекеттің оқушыға білім беру нәтижесі түрінде қоятын талаптары.

Мектеп бітіруші түлектің бойында мынадай негізгі құзіреттіліктер қалыптасуы тиіс:

- проблеманы шешу қабілеттілігі;
- өмір бойы білім ала білуі;
- ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті;
- әлеуметтік іс-әрекет жасауға қабілеті;
- өзін-өзі жетілдіру;
- азаматтық жауапкершілікті сезінуі;
- ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеттілігі.

Негізгі құзіреттіліктен басқа пәндік құзіреттіліктер бар: оқу пәні шеңберінде меңгерілген ерекше білім, дағды және іскерлік ерекшеленеді. Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бағытталған тапсырмалар; экономикалық мазмұндағы тапсырмалар: тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б) болып табылады.

Оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалауда функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады:

- оқу сауаттылығы;
- математикалық сауаттылық;
- жаратылыстану ғылыми сауаттылық.

- Математикалық сауаттылық-әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолдана білу қабілеттіліктері.

Математикалық сауаттылық, бұл:

- математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;
- әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіру;
- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;
- математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Математикалық құзыреттілік – нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі.

Математика -барлық ғылымдардың логикалық негізі – күретамыры ретінде қарастырылады, ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды. Әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Оқушының бойында ХХІ ғасыр дағдыларын жетілдіру үшін функционалдық сауаттылығын қалыптастыру керек. Математикалық ойлау қабілетін дамыту арқылы білім-білік дағдысын арттыруға іс-әрекет жасаймыз. Осы жолда мақсатқа жету үшін оқушыларға өмірге бейімдейтін тапсырмалар дайындау керек, сол тапсырмаларды орындауда тиімді әдіс-тәсілдер жүзеге асырылады. ХХІ ғасыр дағдысын игермей, азаматтар өз құқықтарын қорғай алмайды, қоғамға ықпал ететін міндеттерді орындай алмайды.


Оқушылардың бойында функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерге қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты білім беру қиындық тудырады, яғни мұғалім, заманауи сабақ беруге дайын болу керек. Осы заманауи сабақ интерактивті құралдардың көмегімен жаңартылған білім мазмұнына сай әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану барысында жүзеге асатын сабақ болып табылады.

Сабақтың сапасын арттыруда, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда өз сабақтарымда жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудамын. Әрбір сабақта оқушыларды өмірге бейімдейтін экономикалық, практикалық, зерттеу тапсырмаларын оқулық есептерімен қоса қолданып отырамын. Мысалы, 8-сыныптың геометрия пәні бойынша «Төртбұрыштардың және үшбұрыштардың ауданы» тақырыбын түсіндіру барысында практикалық тапсырмаларды қолдану сабақты терең ұғынуға әсерін тигізеді.

Математикалық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырма ұсыну

Тапсырма №1 «Бағбан»

Бағбанның 32 м сымы бар, ол жерде гүлзардың шекарасын белгілегісі келеді. Ол гүлзардың пішінін келесі параметрлерден таңдауы керек.



Сұрақ. Бағбанға оның шекарасын көрсету үшін 32 м сым жеткілікті ме, жоқ па? Гүлзардың әр формасының қасындағы «Иә» немесе «Жоқ» сөзін дөңгелектеңіз.


Гүлзардың формасы	Гүлзардың шекарасын белгілеу үшін сымдар жеткілікті бола ма?
A формасы	Иә/Жоқ
B формасы	Иә/Жоқ
C формасы	Иә/Жоқ
D формасы	Иә/Жоқ

Тапсырма №2 «Сиқырлы фигуралар»

Суретте қанша үшбұрыштар мен төртбұрыштар бар? Бір үшбұрыштың ауданы 10 см кв.

A. Таблицаны толтыр:

Үшбұрыштардың саны	Төртбұрыштардың саны



Ә. Берілген фигураның ауданын тап.

Б. Кіші шаршының қабырғасын тап.

В. Суретте кескінделген фигураның периметрін тап.

Міне, осындай тапсырмаларды әрбір сабақта қолданып отырса, оқушылардың бойында өмірге деген, мамандық таңдауға деген бейімі қалыптасады.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз. Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмыстарды жүргізуіміз керек:

сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша “білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау” деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;

сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;

математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;

мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды үйрету.

Функционалды сауатты тұлға-бұл, әлемнің қолданыстағы заңнамасына орай, қоғамдық құндылықтармен күтілетін мүмкіндіктер және қызығушылықтарына сай әрекет ете алатын тұлға.

Функционалды сауатты тұлғаның негізгі қасиеттері: дербес, танымдық қасиеттерге ие және кез келген жағдайдан шығуға икемді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Сулейменова С. А. Математиканы оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдер//Молодой ученый. — 2016.
3. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы/ А.Қ.Әлімов.- Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Педагогикалық шеберлік орталығы» 2016ж

Балабекова К. К. , Касабаева Ж. Н.
КММ “№48ЖББМ”, Қарағанды қ.

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРАТЫН ТАПСЫРМАЛАРДЫ САБАҚТА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Қазіргі кезде мектеп бітірушіге қандай дайындық керек деген мәселеге көзқарас өзгеруде. Мектеп пәндік білім мен білік дағдыларын қалыптастырумен қатар оқушыларды алған білімдерін нақты жағдайларда пайдалану дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуі керек. Дәл осы құбылыс функционалдық сауаттылық болып табылады. Функционалдық сауаттылықтың айрықша белгілері көрсетілген:

- 1) күнделікті мәселелерді шешуге бағыттау,
- 2) тұлғаның нақты жағдайдағы мінезінің сипаттамасы; өйткені ол өзін нақты әлеуметтік жағдайларда көрсетеді;
- 3) бұл әрдайым оқу және жазу дағдыларының бастапқы (негізгі) деңгейі.

Оқу сауаттылығы-функционалдық сауаттылықтың бір түрі. Заманауи қоғамдағы өмірге деген дайындықтың маңызды параметрі ретінде қарастырылатын оқу сауаттылығының негізі - мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Оқу сауаттылығы-оқушылардың мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға кері байланыс жасай алуы, мәтіннің мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы.


Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды Блум таксономиясы принципі бойынша құрастырамыз: білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу және бағалау. Тапсырмалар оқушылардың құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін проблемалық жағдайларды шешуге бағытталған.

Тапсырмалар мен сұрақтарға оқушылар жауап іздей отырып, мектептен алған білімдерінің өмірде қандай пайдасы бар екеніне жауап алады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, алған білімдерін өмірде, кез келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрете аламыз.

Сабақтарымызда Блум таксономиясы негізінде құрастырылған тапсырмалар үлгісін назарларыңызға ұсынғалы отырмыз.

Мысалы, 5 – сыныпта «Әлемдегі ірі кітапханалар» тарауын қорытындылау сабағында төмендегідей тапсырмаларды беруге болады.

Кітапхана картасы



1. Сізге пән мұғалімі ағылшын тілінен кез келген бір кітап оқуды тапсырды, кітапхананың қай бөліміне барасыз?
 2. Іздегеніңізді кітапхана сөрелерінен таба алмасаңыз, кітапхананың қай бөліміне жүгінесіз?
 3. Сіз ұнатқан кітапхана қызметкері үйге алып кетуге рұқсат бермесе, не істейсіз?
 4. Жаңа кітаптар қайда орналасқан?
 5. Жаңа кітаптардың не себепті бұл бөлімде орналасқанын түсіндіріңіз. (Ықтимал жауаптар: 1)Адамдар кітапханана кіргенде жаңа кітаптарды көреді. 2) Жаңа кітаптар басқа кітаптардан бөлек тұр, сол себепті оны табуға оңайға соғады. 3) Жаңа кітаптар көрінетін жерде орналасқан.)
- 6-сыныпта «Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі» тақырыбын өткенде, төмендегідей тапсырмаларды қолданған тиімді.

Мәтін

Далалы сарышұнақтары ыстыққа бейім жаратылған. Дене температурасы 10°C дейін түссе де, өздерін еш жайсыз сезінбейді. Ол – дала тышқаны. Жаз бойы 16 килограмнан астам шөп пен астық жейді.

Сарышұнақ – дәнді дақылдардың зиянкесі. Олар жайылымдық жерлерді, азықтық өсімдіктерді жойып, қарқынды ауыл шаруашылығына зиян тигізеді. Сонымен қатар, оба, сарып (бруцеллез) ауруларын таратады. Алайда жануарлардың терісі бағалы.


1- Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кестеге бөліп жаз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

2-тапсырма. Егер сізге «Қызықты деректер» деген айдарды дайындау жүктелсе, мәтіннің қай сөйлемін қолданар едіңіз?

- A) Сарышұнақ – дала тышқаны.
- B) Сарышұнақ – дәнді дақылдардың зиянкесі.
- C) Сарышұнақтың дене температурасы 10 °С-қа дейін түссе де, өздерін жайсыз сезінбейді.
- D) Сарышұнақ өсімдіктермен қоректенеді.

3-тапсырма. Мәтіндегі мәліметтерді пайдалана отырып, сарышұнаққа қатысты шаруашылық, мамандық иелерінің көзқарасын сәйкестендіріңіз.



Функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында 9-сыныпта «Биотехнология жаңалықтары» тақырыбындағы сабағымызда жоспарланған тапсырмаларға мысал келтіреміз.

Мәтін

«Биотехнология» терминін алғаш рет 1917 жылы венгр ғалымы К. Эреки енгізді. Биотехнология тірі ағзалардың жасушаларын өзгерту арқылы биоөнімдерді жасау мен пайдалануды көздейді. Биотехнологияның дамуы азық-түлік тапшылығын жою, энергетика, минералды ресурстар, қоршаған ортаның жай-күйін және денсаулық сапасын жақсартуға көмектеседі. Мысалы, үлкен қалалардың, өндіріс орындардың шығарған зиянды қалдықтарын тазарту кейбір бактериялардың қатысуымен жүреді.

Қазіргі уақытта адам дүниеге келген сәтінен бастап-ақ, генетикалық паспортын жасауға мүмкіндік беретін технологиялар бар. Бұл жағдайда адам өмірінде кездесетін бірқатар ауруларды ескертуге немесе оның өршуіне тосқауыл қоюға зор мүмкіндік туады.

1- Мәтінді оқып, кестені толтырып жаз

Білу Мәтін не туралы? Биотехнологияның дамуы қандай мүмкіндіктер береді?	Түсіну Биотехнологияның мүмкіндіктері адам өміріне қандай ықпал жасайды?	Қолдану Биотехнологияның мүмкіндіктерін қай жерде қолдануға болады?

2-тапсырма. Тіркестерді баған атауларына байланысты сәйкестендіріп, биотехнология мүмкіндіктері адамзаттың дамуына қандай әсер ететіні туралы айтып бер.

1. Азық-түліктерді шығару	A) Денсаулық сапасы
2. Дәрі-дәрмектерді жасау	B) Тамақтану сапасы
3. Жануарлардың асыл тұқымдары	C) Мал шаруашылығы

Осындай оқу сауаттылығын арттыратын тапсырмалар мен сұрақтарға оқушылар жауап іздей отырып, мектептен алған білімдерінің өмірде қандай пайдасы бар екеніне жауап алады.

Сонымен қатар, танымдылық қабілеттері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Бүгінгі таңда оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда аянбай еңбек етуіміз қажет. Ол үшін әр сабағымыз қызықты, оқушыны жалықтырмайтын, пәнге деген қызығушылығын оятатындай болуы керек. Сонда ғана оқушыларымыз ізденімпаз, белсенді,

болашақта өзінің алған білімдерін қолдана алатын тұлға ретінде қалыптасатынына септігін тигізбек.

Әдебиет:

1. Функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған 2012-2016 жж. ұлттық іс- қимыл жоспары. 25.06.2012. № 832 Үкімет қаулысы
2. А.Қ. Рауандина. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. - Алматы, 2010.
3. Қазақстан мектебі, №3, 2013,
4. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, №7.2018

Балгабаева Айман

Қарағандинская область, Бухаржырауский район, с. Доскей,
КГУ «ОСШ имени А. Байтұрсынова» учитель химии

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХИМИИ

Функциональная грамотность – тот уровень образованности, который может быть достигнут учащимися за время обучения в основной школе, и предполагает способность человека решать стандартные жизненные задачи в различных сферах жизни и деятельности на основе преимущественно прикладных знаний, т.е. социализацию личности. Понятие химическая грамотность, под которым понимается не только владение учащимися традиционными умениями производить вычисления и решать задачи на определение массовой доли вещества в растворе или количества вещества, нахождение массы веществ, но и получение теоретических знаний, усвоение основ химического языка, овладение элементами логического мышления. Такими же будут требования за пределами школы: в жизни надо уметь читать инструкции и этикетки по использованию различных химических веществ, стиральных порошков, чистящих средств в быту, приготовление растворов в консервировании, солении и т. д., читать инструкции по применению лекарств.

Отдельные задания использую в качестве познавательных задач на различных этапах урока. Задания: Найти и извлечь Химия 7 класс. Условия и вопросы заданы, как самостоятельные, и на первый взгляд не связаны друг с другом. Связать условия и вопросы – задача ученика. Для подобного «связывания» необходимо привлечение личного опыта, дополнительной информации, необходима работа с контекстом. Просмотр текста и нахождение информации позволяет выявить необходимую информацию. • Поиск и извлечение информации из текста - поиск информации среди нескольких текстов позволяет выбрать наиболее подходящий текст с учетом условий задания.

1. А. Необходимо ответить сколько раз в предложенной таблице встречаются: 1) определенный химический элемент- *chemicalelement* (oxygen, silicon) 2) простое вещество - *simplesubstance* 3) сложное вещество - *complexsubstance*

HCl	Mg	CaO	CuO	CO ₂	Fe	Si
NaOH	Hg	K	NO ₂	Ca	Cu	AgCl
KNO ₃	Na	O ₃	Be	O ₂	Au	F ₂
AgCl	Ba	BaO	Al	AlCl ₃	KNO ₃	HNO ₃
N ₂	Ag	Al ₂ O ₃	N ₂	H ₂	Fe	C

В. Выбери названия простых веществ: С. Установи соответствие между типом вещества и его формулой: *Запиши ответ в виде сочетания цифр и букв. Например: 1бгд2ав*. 1. простое вещество - - 2. сложное вещество-

С. Какие химические элементы названы в честь стран?. Укажите количество протонов и нейтронов, содержащихся в ядрах атомов, элементов.

Задания: Интегрировать и интерпретировать. • • Обобщение и формулирование выводов на основании информации, данной в нескольких источниках - интеграция фрагментов информации, извлеченных из двух или более текстов, суммирование информации.. Требуют от учащегося сформулировать основную идею.

В атмосфере воздуха и в чистом кислороде способны гореть различные вещества: простые элементы (металлы и неметаллы), неорганические(например, сероводород H_2S , монооксид углерода CO , пирит FeS_2) и органические вещества. Однако наибольшее практическое значение как горючие вещества (топливо) имеют природный газ, нефть, уголь, торф и др. Что такое горение? Это химическая реакция, сопровождающаяся выделением теплоты и света. В чистом кислороде вещество горит ярче, чем на воздухе. Горение топлива есть одна из форм окисления, т.е. соединения вещества с кислородом. Окисление может протекать различно. Медленное соединение вещества с кислородом называется окислением. При этом образуются оксиды.

Оксид (синонимы: окисел, окись) — бинарное соединение химического элемента с кислородом. В зависимости от химических свойств различают: Солеобразующие оксиды: основные оксиды (например, оксид натрия Na_2O , оксид меди(II) CuO): оксиды металлов, степень окисления которых I—II; кислотные оксиды (например, оксид серы(VI) SO_3 , оксид азота(IV) NO_2): оксиды металлов со степенью окисления V—VII и оксиды неметаллов; амфотерные оксиды (например, оксид цинка ZnO , оксид алюминия Al_2O_3): оксиды металлов со степенью окисления III—IV и исключения (ZnO , BeO , SnO , PbO). Оксиды взаимодействуют с водой, если образуется растворимая кислота или растворимое основание. Несолеобразующие оксиды: оксид углерода(II) CO , оксид азота(I) N_2O , оксид азота(II) NO , оксид кремния(II) SiO . При взаимодействии кислотного оксида с основным образуется соль. Основные оксиды взаимодействуют с кислотами, а кислотные с основаниями, образуется соль.

Химия 8 класс.

Кислота –acid (hydrochloricacid), растворимая соль - rastvorimasalt (potassiumnitrate), оксид - oxide (calciumoxide)

А. Заполните пропуски, записав названия реагентов или продуктов реакции в словесные уравнения реакций.

Магний +... = оксид магния
Водород + кислород =...

Фосфор+... =...
Железо + кислород =...

Углерод + кислород =...
Калий + ... = оксид калия

В. Каковы условия возникновения горения? Ответ найдите в тексте 1. Нагреть до температуры воспламенения; 2. доступ кислорода.

С. Как вы думаете, отличается ли горение веществ на воздухе от горения их в кислороде? Д. : Каковы условия прекращения горения?. Охладить; 2. прекратить доступ кислорода.

Е. Найдите в правом столбце названия оксидов, формулы которые приведены в левом столбце:

1. P_2O_5 а) оксид серы (IV)

2. CO_2

Б) оксид фосфора (V)

3. SO_2

в) оксид железа (II)

4. FeO

г) оксид серы (VI)

5. K_2O

д) оксид меди (II)

6. CuO

е) оксид углерода (II)

7. SO_3

ж) оксид калия

8. CO

з) оксид кальция

9. CaO

и) оксид углерода (IV)

- Концентрированная серная кислота реагирует со всеми веществами ряда: Cu , CO_2 , $NaNO_3$, CaO , $Cu(OH)_2$, CuO , $Ca(OH)_2$, CO , $NaNO_3$, $Al(OH)_3$, $NaOH$, NOI . Составьте уравнения реакции.

Задания: Осмыслить и оценить требуют от учащегося обратиться к собственному опыту и знаниям, чтобы сравнить и сопоставить разные взгляды или сформулировать свою точку зрения.

• Обнаружение и устранение противоречий - определить, как согласуются составные тексты и их фрагменты. Если существуют противоречия, необходимо понять, какими способами их возможно устранить. Задание на соответствие требует установить соответствие каждого элемента одного множества элементами другого множества.. Эти задания разрабатываются для

проверки выработанности умений осуществлять последовательность процессов, действий и операций, выявления сформированности конкретных понятий. Химия 9 класс. Установи соответствие между формулой вещества и его характеристикой. 1 — SO_2 , 2 — SO_3 , 3 — H_2S , 4 — H_2SO_4 ;

а — реагирует с водой с образованием серной кислоты; б — образуется при гниении белков; в — пассивирует железо и алюминий; г — в водном растворе образует слабую кислород содержащую кислоту; д — бурая жидкость. *Ответ запиши в виде сочетания цифр и букв: 1а2б3в4д.*

- Рассчитайте годовое производство раствора серной кислоты с массовой долей 68%, если использовать оксид серы (IV) печей завода, в которых ежегодно сжигается уголь массой 150 т с массовой долей серы 1,8.9%.

- С какими из перечисленных веществ будет реагировать оксид серы (IV): KOH , HCl , H_2O , Na_2O , CuSO_4 , $\text{Ba}(\text{OH})_2$? Составьте уравнения реакций.

- Какие из перечисленных ниже веществ могут быть применены для снижения жесткости воды: карбонат калия; поваренная соль; фосфат натрия. Дайте обоснованный ответ, приведя уравнения соответствующих реакций.

- Максимальная концентрация этого элемента отмечена в пигментной сетчатке глаза. По электронной формуле внешнего электронного слоя определите этого элемента: $...6s^2 6p^0$. Напишите его названия, символа и порядкового номера, укажите семейство элемента.

Литература:

1. Государственная программа развития образования и науки в Республике Казахстан на 2016–2019 годы. — Астана, 2016г.
2. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012 // А.Култуманова и др. — Астана: НЦОСО, 2013. — 283 с.
3. Международное исследование PISA: Методическое пособие. — Астана: НЦОСО, 2012. — 115 с. Международная программа PISA.
4. Примеры заданий по чтению, математике и естествознанию. — М.: Центр оценки качества образования ИСО РАО, 2003. — 99 с.

Балгабекова Г.Т.

№32 ЖББОМ КММ, Қарағанды қ.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Жаңашыл мектептің алдындағы басты міндеттердің бірі - функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру. «Функционалды сауаттылық» дегеніміз не? Функционалды сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу, онда тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті. Функционалды сауаттылық негізі бастауыш сыныптарда қалыптасып, 11 - сыныпты бітіргенге дейін жалғасады.

Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Еліміз жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналу үшін біз жоғары білімді ұлтқа айналуымыз керек. Қазіргі кезде тек қана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып тұр. Біздің азаматтарымыз заманауи өндірістік құралдарымен жұмыс жасауға, үнемі білімдерін жетілдіруге дайын болуы тиіс. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтарымыздың функционалды сауаттылығына көп көңіл бөлуіміз қажет» деп атап көрсетті.

Функционалды сауаттылық-тұлғаның дамуына, жаңа білім мен мәдениеттің жетістіктерін алуға, жаңа техниканы меңгеруге, кәсіби міндеттерді табысты орындауға, отбасылық өмірді ұйымдастыруға қажетті дағдылар мен білімді қамтамасыз ететін білім беру, сонымен қатар балаларды тәрбиелеу, түрлі өмірлік мәселелерді шешу.

Заманауи педагогтың терминологиялық сөздігінде функционалдық сауаттылық адам қызметінің барлық салаларында сауатты, білікті жұмыс істей алуы ретінде түсіндіріледі. Осылайша, жоғарыда айтылғандарды жинақтай отырып, функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке қатысуына, шығармашылық ойлау және стандартты шешімдер табу қабілетіне, кәсіби жолды таңдай білуге, өмір сүрудің түрлі салаларында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалана білуге, сондай-ақ өмір бойы оқытуға ықпал ететін факторға айналады. Функционалдық сауаттылық-қоғамдық әлауқат индикаторы. Жоғары деңгей қоғамның белгілі бір әлеуметтік-мәдени жетістіктерін көрсетеді: төмен - ықтимал әлеуметтік дағдарыстың алдын алу болып табылады. Сондықтан Қазақстан үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығының деңгейін зерттеу ерекше өзектілікке ие болады, өйткені осы функционалдық дағдылардың барлығы мектепте қалыптасады.

Қазіргі заманғы қазақ тілі мұғалімінің кәсіби қалыптасуындағы маңызды мәселе оның технологиялық құзыреттілігін арттыру мәселесі болып табылады, оған терең теориялық дайындық пен қазіргі заманғы білім беру технологияларын сабақта тиімді қолданудың практикалық тәжірибесі, оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың бейімделуі мен модификациялануына дайындығы кіреді.

Бұл үшін қажет:

- оқытуда инновациялық әдістерді, заманауи білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, яғни қашықтықтан оқыту; технологияларын қолдану, үздік оқытушылардың on-line сабақтарын қолдану;
- оқытудың ең нәтижелі әдістері мен құралдарын таңдауда психологиялық көмек көрсету;
- кәсіби қызметтің процесі мен нәтижелерін бірлесіп (алқалық) талқылау;

Осылайша, мектепте білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде және 12 жылдық білім беруге жоспарланған көшуде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру білім беру мазмұнының жаңартылуына, оқу бағдарламаларын, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын қайта қарау оқулықтарын құруға, оқушылардың алған білімдерін ғалымдар мен практикалық жағдайларда қолдану қабілетіне мониторинг жүргізуге, сондай-ақ оқушыларды оқытудың барабар материалдық-техникалық және технологиялық жағдайларын қамтамасыз етуге байланысты.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

Оқытудың интербелсенді әдістері - бұл пайдалану кезінде оқыту үдерісі «батырылады», ал білім алушылардың белсенділігі оқытушының белсенділігінен жоғары болады; білім беру міндеттерін шешуде білім алушының топ ішінде және еркіндігіне негізделген білім беру технологиясы.

Интерактивті әдістердің артықшылықтары:

- 1.Өз тәжірибесінде сезімдік қабылдау ерекшеліктерін сезінуге жәнеталқылауға мүмкіндік береді;
- 2.Қарым-қатынас дағдыларын дамытады, топтық тәжірибенің мәнін түсінуге көмектеседі;
- 3.Топ жұмысына қатысуға және өзінің қатысуын бақылауға,ережелердің құндылығын құрметтеуге, жағымды топпен өз пікірін негіздеуге және өз ұстанымын қорғауға көмектеседі. Шешім қабылдауда өз әрекеттерін келісіп жүзеге асыруға көмектеседі.
4. Дайын емес, тікелей тәжірибе арқылы алынған білімді пайдалануға үйретеді.

Егер олар білім беру міндеттерін шешуде білім алушылардың өзара іс-қимылы, белсенділігі мен бостандығына, топтық тәжірибеге, міндетті кері байланысқа негізделген болса. Оқытудың интерактивті әдістерін сабақтың әр кезеңінде қолдануға болады.

Біздің болашаққа арналған перспективалар:

"Оқу мен оқытуда жаңа тәсілдерді" пайдалану, атап айтқанда, оқушылар өздері үй тесттерін құрғанда, сыныпқа келіп, үй тапсырмасын сұрауда формативті бағалау арқылы өзара тексеруді жүзеге асыра отырып, дайындалған тапсырмалармен алмасу жүргізіледі;

өз сабақтарында оқушылардың сабақтың тақырыбы мен мақсатын шығаруды қолдану, өйткені жұмыстың бұл түрі оқушылардың сыни ойлауын дамытады;

"сыни ойлауға үйрету";

"оқу мен оқытуда АКТ қолдану";

"талантты және дарынды оқушыларды оқыту" модульдерін қолдану.

Барлық сабақтар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып өткізіледі. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, осы тәсілдерді өз сабақтарында пайдаланатын оқытушы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатынын атап өткім келеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы: Жаңа он жылдық- жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері-Астана қ. 2010ж.
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық», ДББҰ «Назарбаев интеллектуалдық мектебі» 2012 ж.
3. Е.П. Шеболкина «Мәдениетаралық қарым-қатынастағы тұлға» 2002 ж.

Басаев И.В.

КГУ «Гимназия №97», г. Караганда

ПОРТФОЛИО АЙДЕНТИКИ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ: АВТОРСКИЙ ОПЫТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Для повышения репутации и известности современного образовательного заведения актуальны вопросы поддержания его положительного имиджа. Каждая школа, безусловно, рассчитывает на востребованность среди обучающихся, родителей, педагогов, на внимание со стороны государственных органов в сфере образования, спонсоров. Запоминающаяся айдентика удачно выделяет образовательное учреждение.

Айдентика (от английского слова «identity» – «идентичность») – это совокупность визуальных элементов, которые используются для продвижения имиджа организации [1].

Начало работы над айдентикой школы – создание современных визуальных сообщений, глубоких по смыслу, с помощью которых будет строиться коммуникация с социумом. Для этого требуется собрать и проанализировать информацию об учебном заведении, изучить его историю и традиции, конкурентное окружение, постараться найти эффективные формы взаимодействия с аудиторией. Для организации такой работы в школе должна быть создана творческая группа, включающая участников образовательного процесса. Полезной стратегией в работе является мозговой штурм. Следует акцентировать, что грамотно построенная работа обязательно поможет созданию визуальной концепции.

Автором наработан многолетний основательный практический опыт в создании портфолио айдентики гимназий №97 и №38 города Караганды. Эта работа является частью личной профессиональной деятельности и связана с получением образования по профилю «дизайн рекламы» в дополнение к художественно-педагогическому.

Главной частью айдентики является фирменный стиль. Основными элементами стиля являются: логотип, слоган, цвета, комплект шрифтов. Профессионально разработанный стиль предполагает отражение своеобразия и основные направления деятельности учебного заведения.

Центральным элементом стиля школы является логотип (знак). Главной задачей новой айдентики стала необходимость закрепления высокого академического статуса гимназий и повышение их привлекательности для социума. Поэтому логотипы гимназий №97 и №38 представлены в обновленных вариантах.

Главными критериями оценки художественного оформления любого логотипа являются: эстетичность, выразительность, оригинальность, ассоциативность, применимость. Он работает на запоминание, узнаваемость, формирование ассоциативных связей. Долговечность логотипа потребовала учесть нас все возможности его использования: знак можно воспроизводить, используя различные техники, на разнообразных материалах и во всевозможных размерах.

В знаке гимназии №97 (Рис.1) использованы изобразительные обозначения и шрифтовое начертание; по виду – это комбинированный знак, так как он представляет собой оригинальную эмблему гимназии. При разработке фирменного знака были учтены следующие требования: новизна идеи, связь с местом происхождения, приспособляемость (способность фирменного

знака не терять различительные особенности в течение длительного времени). Форма знака – статичная, его можно удачно использовать в текстовых документах. Акцент в знаке сделан на номере гимназии, включенном в круг в центральной части. Знак обладает такими качествами как: рекламная способность, эмоциональная информативность: в знаке заложен определенный намек на специфику учебного процесса в гимназии, латинские буквы на стилизованной книге указывают на приоритет в изучении иностранных языков; привлекательность – вызывает желание рассмотреть его внимательней; индивидуальность – не похож на другие знаки; запоминаемость и узнаваемость – он лаконичен, имеет свой характер, вся композиция знака очень плотная, то есть охватывается одним взглядом, он хорошо смотрится и на визитной карточке, и на рекламном плакате.

Новый логотип гимназии №38 (Рис. 3) разработан в связи с присвоением школе имени прославленного казахстанского геолога, организатора науки и общественного деятеля Каныша Имантаевича Сатпаева (в знак включено имя ученого). Логотип удачно соединяет элементы прежнего знака и новые элементы. Изюминку новому знаку придает более гибкая цветовая палитра, введены акценты на книге – символе знания и науки. В целом логотип гимназии №38 отличается смелая и яркая эстетика, которая позволяет воспринимать школу современной и динамичной.

В логотипах двух гимназий использованы базовые геометрические формы (прямоугольник и круг). Круглые формы создают ощущение теплоты и заботы, единства.



Рис. 1 Логотип гимназии №97



Рис. 2 Логотип гимназии №38



Рис. 3 Новый логотип гимназии №38

Важнейшим составляющим айдентики является цвет (цвета). При выборе цветов стиля гимназий учтены, прежде всего, психологические и эмоциональные воздействия, вызывающие симпатии и доверие к школам; содержание и цвет действуют здесь согласованно. В логотипе гимназии №97 использованы цвета: синий, голубой и белый. Сочетание синего и голубого – это всегда удачное, приемлемое, красивое взаимодействие. Голубой цвет придает стилю торжественность, он ассоциируется с символикой нашего государства, глубокий синий – основной цвет знака, используется так же в оформлении при наборе текстов. Белый цвет – нейтральный, используется как фоновый, смотрится в любом интерьере, не отвлекает зрителя от текстовой информации.

Интересно, что во внутреннем оформлении гимназии №97 также используется оранжевый цвет и его оттенки. Оранжевый цвет – это открытость, дружественная атмосфера, неординарность, креативность. Оранжевый используют реже, чем красный, поэтому с этим цветом имидж гимназии №97 точно узнаваем.

В логотип гимназии №38 введены различные оттенки синего и голубого, а также белый цвет (нравственная чистота и добродетель), ярко-желтый (успех и свобода), алый (яркие эмоции, смелость).

Важной константой стиля школы является слоган – оригинальный девиз. Слоган содержит основные принципы деятельности школы, ее кредо: «Гимназия даст знания тем, кто захочет их взять!» (гимназия №97) или «Вместе познаем мир!» (гимназия №38). Предложенные слоганы – понятные и лаконичные, имеют интенсивную эмоциональную окраску, исключают двоякое толкование, соответствуют системе ценностей, сложившихся в этих школах.

Стильный и неподвластный времени шрифт – это «письменный голос школы». Следует сказать о фирменных шрифтах: Arial – четкий, легко читаемый и воспринимаемый зрителем; Cooper – более подвижный, используется в заголовках. Эти шрифты сочетаемы с подобными аналогичными, казахскими шрифтами и могут применяться при наборе двуязычных текстов.

Учебные заведения Карагандинской области являются активными участниками научно-практических семинаров, конференций, образовательных выставок. Для них нами разработаны выставочные стенды, которые позволяют ярко и эффективно представить учебное заведение (например, в гимназии №38 по организации творческих групп, реализации проекта Lesson Study).

Для школ важную часть деятельности составляет участие в интеллектуальных и творческих конкурсах и марафонах, предметных олимпиадах, соревнованиях разного уровня. Поэтому важно, чтобы каждое учебное заведение имело набор наград, которыми поощряются участники образовательного процесса. Созданы такие носители айдентики, как: грамоты и дипломы, сертификаты, листы благодарности (например, в гимназии №38 комплект наград для ежегодного фестиваля-конкурса «Ученик года»); обложки методических пособий, выпускаемых педагогами. Разработаны визитки, буклет, плакаты, нагрудные значки. Наполняют стиль школы эмблемы методических объединений (Рис.4, 5), клубов (Рис. 6), игровых команд, образовательных проектов (Рис. 7, 8).



Рис. 4 Логотип кафедры казахского языка гимназии №97

Рис. 5 Логотип библиотеки гимназии №97

Рис. 6 Логотип психологического клуба «Гармония» гимназии №38

Рис. 7 Логотип интеллектуальной команды «Зерде» гимназии №38

Рис. 8 Логотип проекта «Bookcrossing» гимназии №97

Оформление интерьера образовательного пространства следует идеям стиля: баннеры, стенды, аппликации на стену с использованием самоклеющейся пленки при помощи высокоточного печатного оборудования (Рис. 9).




Рис. 9 Оформление пространства гимназии №97

Разработка имиджевой рекламы, фирменного стиля – процесс интересный и творческий, требующий высокой художественно-технической культуры, профессиональной подготовки. Работа по данному направлению будет продолжена. Для нас важно, чтобы действие стиля школы сводилось не просто к наличию необходимой атрибутики, а имело глубокий смысловой эффект. Призываем вас обратить внимание на визуальные образы вашей школы; работайте с удовольствием, создавайте новое и креативное для вашей альма-матер!

Литература

1. Кумова М. Айдентика. – М.: Изд-во «КАК проект», 2015.
2. Эвами М. LOGO. Создание логотипов. Самые современные разработки. – СПб.: Изд-во «Питер», 2009.
3. Эйри Дэвид: Логотип и фирменный стиль. Руководство дизайнера. – СПб.: Изд-во «Питер», 2016.

Баянбаева А. Н.
«Ортадересін ЖББМ» КММ, Ақтоғай ауданы

«ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ»

Эпиграф: «Өнерден қуат алмаса тіршіліктің шырағы өшеді»
М. Әуезов

Құрақ құрау өнерінің қыр - сырын және геометриялық жолмен жасалу жолдарын, тәсілдерін үйрену, құрақ құрау өнерінің шеберлігімен, ұлттық өнермен танысу бұл таптырмас өнер.

Қазақ халқы салт-дәстүр мен қолөнер түрлеріне өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті, әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер: Н. Шайкенов “Ұлт дәстүрі заңнан биік” – деген. Демек, салт-дәстүрлі ел- мықты, әрі тұғыры берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан-ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегелі әдет-ғұрыпымен, қонақжайлылығымен, әдепті ырымдарымен, тыйым сөздерімен, қолөнер түрлерін үйретуімен ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді әрі ғажайып жол екенін кәзіргі уақытқа дейін көрсетіп келеді.

Мұны отбасында ата-ана, мектепте ұстаз, көпшілік ортада апа-әжелеріміз жастарға үйретіп, айтып отырса ұтарымыз көп болар еді. Халық тұрмысында жиі қолданылатын қолөнер түрлері өте көп. Олар: ору, тігу, тоқу, құрастыру, сызу, бейнелеу болып табылатынын білеміз. Әрине соның ішінде ең көнесі ретінде әже-апаларымыздың құрақ құрау өнерін айтуға болады. Бұл өнер балаға көп тәлім-тәрбие беретін өнердің бір түрі.

Өресі биік, өрісі кең қазақ халқының қарапайым әрі бірегей құрақ құрау өнері ерте заманда пайда болғандығын, құрақтың геометриялық фигуралар - көпбұрыштардан құралатындығын, олардан қазақ халқының үй бұйымдарын (көрпе, жастық, түскиіз, алаша сияқты т.б.) заттар жасайтындығын, құрақтарды келістіріп қалай қолдана білу керектігін балалардың бірі білсе, бірі біле бермейді. Әсіресе қалада тұратын балалардың (үйлерінде қолданбағандықтан) көпшілігі біле бермейді

Құрақ өнері арқылы қыз баланы әсемдікке, еңбектене білуге, кез – келген затты қиюластыра білуге, ерінбеуге, шебер болуға баулитыны сөзсіз.

Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер- бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Ол келер ұрпақ тәрбиесінде баланың ой санасына жаңа заман талаптарымен үндесе тарап ақыл-ойды асқарға, қиялды-қияға жетелейтін киелі мұра.

Құрақ құрау – бұл нағыз өнер, мата қалдықтарын үнемдеп тігудің ерекше түрі. Құрақшылық қолөнері сәнді жұмыстар жасау тарихы өте арыдан басталады. Таңғажайып талантымен талайларды тамсандырған қазақ қолөнерінің қайталанбас түрі – қиыстырып құрақ қию, одан көздің жауын алатындай өте бағалы бұйымдар жасау. Зердесінде зейіні бар әр адамның қай-қайсысы да құрақтан жасалған заттарға ойлы көзбен назар аударса, сан алуан сәнді түстердің бір-бірімен жарасым тауып, әдемілік әлемін сыйға тартып тұрғанын айқын аңғара алады. Осы мақаланы жазар алдында құрақ түрлерімен жан-жақты танысып, құрақшылық өнердің қыр-сырымен танысуға тоқталдым. Апа-әжелерімізден ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан осы бір қолөнер түрін әрі қарай жалғастыру мақсатында «Геометриялық фигуралардың ұлттық қолөнерде қолдану» тақырыбы функционалдық сауаттылықты дамытудың көптен бір құралы іспеттес екенін түсіндім. Пән мұғалімі ретінде айтсам: 7-ші сыныпта геометрия пәні бойынша «Үшбұрыштар» тарауын өтсек, 8-ші сыныпта біз геометрия пәні бойынша «Төртбұрыштар» тарауымен танысамыз. Осы екі тарау бойынша қарапайым көпбұрыштардың түрлерінің анықтамалары мен олардың қасиеттеріне тоқталып, геометриялық фигуралардың қыр сырын жетік меңгеруге болады.

Қолынан іс келетін шебер қыз-келіншектер көрпеден бастап, кеудешеге дейінгі бұйымдарды құрақпен безендірген. Құрақ құрау үшін, ең алдымен, қажетті материалдар таңдап алынып, олар түрі, түсі, матасына қарай сұрыпталады, яғни маталардан барқыт, жібек, сиса, сәтен кесінділері жеке-жеке бөлініп алынады. Содан соң түрлі-түсті маталар қиыстырылып тігіледі.

Бұлай айтып отырған себебім, иісі қазақ деген әрбір отбасының төрінде апа-әжелеріміздің қолынан шыққан құрақ көрпенің төселіп жатқаны белгілі. Сонымен бірге, геометриялық фигуралар негізі әртүрлі символдармен байланысты және наным мен сенімдер сөздермен яғни салт- дәстүрмен байланыстылығы да бар.

Үшбұрыштан құралған құрақтардың өзіндік наным, сенімі бар. Мысалға алсақ



«Үшбұрыш» құрағының мәні әлемдегі үш дүниені ұштастыру екен, яғни үшбұрыш – су, жер, ауа – үш ғаламның белгісі. Бұл құрақтың мағынасы – ғаламдық тепе-теңдік пен тұтастық. Үшбұрыштардан жасалған өрнек – “тұмарша” (бойға тағатын тұмар, амулет), ортада шаршы оған тіркесе тігілген тең бүйірлі үшбұрыштар – “ботагөз”, яғни ботаның көзі деп аталады. Ол сәттілік, байлық және бұйым иесін “сұқ көзден” қорғайды деп есептеген.

Бізге мысалы ұзындығы 2 м, ал ені 50 см құрақ көрпе керек болса тіктөртбұрыштың периметрін табу арқылы, оған қанша мата қалдықтары қажет екенін табуға болады



Төртбұрыш. Тарихи мәліметтерге сүйенетін болсақ, құрақ құрау көптеген ұлттарға тән екендігін білеміз. Мысалы, Шығыста, Мысырда, Каир төңірегінде ұшмың жыл бұрын төртбұрыштардан тігілген құрақ бұйымдары табылған. Сол сияқты Америка елінде де, көршілес орыс халқында да құрақ құрау өнері ертеден дамыған.

Сонымен бірге ерте кездегі «жұп», «су» секілді мағыналы құрақтар күні бүгінге дейін өз мән-мағынасын жоғалтпады. Бүгінде құрақ қолөнерінде қолданылып жүрген «су символы» деп құрақ құрау қолөнерінде жүргізілетін түрлі түсті матадан кесіліп алынған жіңішке жолақты айтады, яғни тік төртбұрыштардан құралатыны белгілі.

Әрбір құрақ түрін жасаған кезде одан қандай да бір нәтиже шығу керек. Құрақ үлгісін дайындау кезінде бірнеше нәтижеге жету үшін, біріншіден құрақтың шығу тарихы зерттей келе қажеттілігін, сұлулығын үйрену қажет. Екіншіден, құрақ бөліктерін дәстүрлі өлшем түрлерімен көпбұрыштар түрлерін (үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш, ромб, параллелограмм, трапеция, бесбұрыш, алтыбұрыш)-ты пайдаланып дайындау жолдарын үйрену қажет. Ол үшін құраушы адамның логикалық ойлау қабілетінің жоғары болуы шарт.

Үшіншіден, осы логикалық ойлау арқылы құрақтың небір әдемі, халық тұтынатындай түрлерін ойлап шығару керек.

«Аққу» құрағы



Сонымен қатар құрақ өнері арқылы жануар, құс бейнелерін де мата бетіне салуға болады екен. Қашанда әдемілік пен сұлулыққа құштар ата-бабамыз ұзатылған қыздың артынан жасау апарғанда махаббат нышаны ретінде «Аққу құрақ» көрпесін апарған. «Аққу» құрақ геометриялық параллелограммнан, тіктөртбұрыштардан құралады.

«Бал арасы» құрағы



Бал арасының ұясы негізінде «Алты табақ» құрағы пайда болған. Мағынасы, тәттілік пен молшылықты білдіреді. Бұл геометриялық дұрыс алтыбұрыштан құралады.

«Құрақ көрпе - отбасындағы береке бірліктің белгісі» деп тегін айтылмаса керек. Қонағын төрге шығаратын халқымыз құрақ көрпесін

төрге төсеген. Ол – сыйластықтың белгісі. Дүниедегі әрбір зат майда бөлшектерден құралады. Сол секілді әр үйде құрақтан жасалған бұйымның болуы отбасының берекесі мен ынтымағын құрайды

Тіпті біздің әжелеріміз ерте кезде балалары өліп тоқтамаған отбасылардың үйін «тіл-көзден аман болсын» деп ырымдап, «қырық құрақ» құрап, баласын соған ораған екен. Құрақ құрау қолөнерімен кез келген адам айналыса алмайды. Өйткені бұл қолөнердің де өз

қиындығы бар. Сондықтан бұған шыдамды, төзімді, терең ойлайтын, бастаған жұмысын аяғына дейін апаратын, логикалық ойлауды, сонымен бірге аз да болса геометриялық фигуралардың қасиеттерін меңгеру керектігін талап етеді. Мысылы: Көпшілігінде құрақта төртбұрыштар диагональ бойынша, ал үшбұрыштар мен трапециялардың орта сызықтарының қасиеттері қолданады. Құрақ өнерімен айналысудың пайдасы – адамды шыдамдылыққа, үнемділікке, төзімділік пен сабырлыққа, тазалық пен әсемдікке баулып, жан дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтеді.

Ерте заманда қыз балалар кішкентайынан құрақ құрауды біліп, үйренуге тиіс болған. Бір өкініштісі қазіргі кезде бұл колөнермен ісмер қыз-келіншектер мен көне көз әжелеріміз ғана шұғылданады



Қазіргі заман талабына сай бұйымдар жасауда құрақ өнері бүгінде өріс алып келе жатқанға ұқсайды. Мына өндірілген бұйымдар осының дәлелі дерсің.

Қазақтың дәстүрінде бар осынау колөнер түрін әлем елдерінің біразы қолданады екен. Мәселен, құрақ өнерін орыстар «лоскутное шитье», жапондықтар «сашика», ал

ағылшындар «почворк» дейтін көрінеді.

Құрақтардың мың құбылған сәні мен сұлулығына қарап тұрғанында, Егер, қазақтың бұл құрақтары мен ою-өрнегіне тіл бітсе, олар мәңгілік ғұмыр, асыл махаббат, өшпес сұлулық туралы бізге таусылмас сыр мен жыр толғар еді. Яғни, құрақ құрау, оны тамашалау қыз-келіншектерді сұлулықпен сырласуға, оны өн-бойына сіңіруге, бояулар әлемін танып, түсінуге үйретеді. Ал жаны сұлу адамның ісі де, мінез-құлығы да, сөзі де, отбасы да сұлу. Құрақ адамды үнемділікке үйретеді, кішкентай мата қиындысынан сәнді зат жасау өмірге қабілеттілікке тәрбиелейді. Өз қолдарыңнан жасаған бұйым әрқашан да ыстық болады. Сонымен бірге қазіргі заман талабына сай үйде отырып табыс табудың бірден бір таптырмас құралы.

Жұмысты жазу барысында көптеген іздестіру жұмыстарын жүргіздім. Өз жұмысымның ерекшелігі қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық колөнер-құрақ өнерін меңгергенімді түсіндім. Қоғам үшін құрақ өнерінің жасалуын зерделей келе колөнер байлығымыз екенін білдім. Құрақ – қызық, әрі құнды өнер. Ол ұзақ ізденісті, ыждағатты қол еңбегін қажет ететін іс екеніне көзім жетті. Шын шеберлікке қоса табандылықты талап ететінін білдім. Қазақ халқының колөнерінің аса қымбат, қайталанбас сұлулығын, ғажайып көркін құрақөнерінен көреміз. Осы жазбамды қорытындылай келе, түйген ой-пікірім:

- 1) көпбұрыштарды пайдалану арқылы, функционалдық сауаттылықты дамытуға ой түйдім;
- 2) құрақ өнері арқылы халықтың колөнерін, салт-дәстүрін терең түсініп білдім;
- 3) құрақ өнері – өте нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты, шеберлікті талап ететініне көзжеткіздім

Қазақтың колөнері бүгінгі жаһанданған заманда да өз мәнін жоғалтпай, жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болар еді.

Әдебиеттер:

1. Еңбекке баулу оқыту әдістемесі. Алматы, 1998.
2. «Мектептегі технология» №8, №10 2011
3. Шаңырақ энциклопедиясы, 145 бет
4. «Шебердің сиқырлы қалашығы» Шымкент баспасы, 2000ж
5. «Еңбекке үйрету» Республикалық ғылыми әдістемелік журнал, №9-10, 2009
6. «Бастауыш мектеп» әдістемелік журнал, №6, 2007

Бейсова Л.А.

«№1 мектеп-гимназиясы» КММ, Сәтбаев қ.

**ТАРИХ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА
БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – заман талабына сай өскелең ұрпақтың өмірге бейімділігі, халықаралық стандарт деңгейінде сапалы білім мен тәрбие алуының негізгі құралы. Тарих ғылым ретінде оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Тарих сабағында оқытудың әр түрлі технологияларын қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға маңызды.


Менің басты міндетім тарих сабақтарында білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру тетіктерін зерделеу арқылы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдаланып, сапалы білім беру, өмірге бейім тұлға қалыптастыру. Осы орайда, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында өзімнің іс-тәжірибемнен оқытудағы білім мен іскерлікті тексеру тапсырмаларына тоқталуды жөн көріп отырмын:

Бір дұрыс жауабы бар тест – бұл тарихты оқытудағы ең дәстүрлісі, әмбебап, өйткені, тарих мазмұнын оқытудағы барлық құрылымдарында оқушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. *Тапсырма, нақты білім мен қарапайым іскерліктерді диагностикалауға жағдай жасайды.*

Түркістан қаласындағы 1771 жылғы сайлаудан кейін Абылай жалпы қазақ ханы болды. Абылай өзін үш жүздің ханы ретінде тану үшін, орыс патшайымына өзінің елшісін жібереді, бірақ II Екатеринаның ұйғарымымен ол хан болып мойындалды:

- A) Кіші жүз B) Орта жүз C) Ұлы жүз D) Үш жүз

Бірнеше жауабы бар тест.



Портретте бейнеленген ортағасырлық ғалымның өмірбаянымен байланысты дұрыс тұжырымдарды таңда:

- 1) Танымал «Тарих-и-Рашиди» тарихи ғылыми еңбектің авторы
- 2) Қазақ халқының тарихы туралы құнды шығарма «Жылнамалар жинағы» авторы
- 3) Оның белгілі еңбектері парсы тілінде жазылған
- 4) Хиуа ханы Араб Мұхамедтің отбасында дүниеге келген
- 5) Кашмирді 11 жыл бойы басқарған
- 6) Арал қазақтарының ханы болды

Баламалық тапсырмалар. Дұрыс тұжырымдаманы «+» таңбасымен, қатені «-» таңбасымен белгілеу

Алғашқы өнеркәсіптік төңкеріс Англияда басталды. Ағылшындық өнеркәсіптік басымдық ұзаққа созылмады: XIX ғасырдың басында-ақ Франция, Бельгия, Германия, АҚШ ағылшындық индустрияны басып озды. Өнеркәсіптік төңкеріс қалалар мен қала халқының жедел өсуіне жағдай туғызды. XIX ғасырдың ортасында көптеген еуропалық елдерде өнеркәсіптік төңкеріс аяқталды. Өнеркәсіптік төңкерістің жетістіктері пролетариаттың өмірлік деңгейінің артуына, олардың нақты кірісінің өсуі мен жұмыс күнінің қысқаруына әкелді.

Сәйкестікті қалпына келтіру

Джеймс Уатт	1733	Тоқыма машинасы
Джордж Стефенсон	1793	Шойынды пудлингтік үрдісі
Эдмунд Картрайт	1807	«Дженни» станогы
Роберт Фултон	1784	Механикалық тоқыма станогы
Ричард Аркрайт	1764	Паровоз
Генри Корт	1814	Бу двигателі
Сэмюэль Кромптон	1784	Мақта қағаздарды бөлу машинасы
Эли Уитни	1785	Мюль-машина
Джеймс Харгривс	1779	Пароход

«Артығын алу» немесе қалыптасқан заңдылықтың ретін жалғастыру.

А. Қайсысы артық? Мәліметтерді талдай отырып, тізімдегі «артығын» алып тастау:

- 1) Иқта 2) Сойырғал 3) Ерулік 4) Уакф 5) Мильк

Ә. Заңдылықты анықтап, ретін жалғастыр:

1700–1721, 1756–1762, 1768–1774, ...

I Петр, II Екатерина, II Петр, ...

Витебск, Смоленск, Бородино, ...

Дворяндық жасақ, атқыштар, ...

«Әке-бала-немере» ретімен берілген тізімнен үш логикалық тізбекті таңдау:

- 1) Керей – Мамаш – Хақназар 2) Есім – Жәңгір – Тәуке
3) Шыңғысхан – Жошы – Шайбани 4) Әбілмәмбет – Абылай – Қайып
5) Жәнібек – Қасым – Хақназар 6) Шыңғысхан – Шағатай – Батый

Тарихи ақпаратты топтау. Тарихи ақиқатты білдіретін, атауларды кестенің бағандарына сәйкес орналастыру.

Дарий, Амон, Саул, қағаз, шахмат, Кир, Конфуций, Вавилон, Ашока, Моисей, Персеполь, Карфаген, Нефертити, Камбиз, Ассирия, Махеджо-Дара, Иерусалим...

Египет	Қосөзен	Үндістан	Қытай	Парсы	Финикия мен Палестина

Хронологиялық жүйелікті қалпына келтіру. Берілген оқиғаларды олардың орындалу ретіне қарай орналастыру

Екінші Пуни соғысы

Он екі таблица заңдары

Пидне түбіндегі шайқас

Римнің салынуы

Канна түбіндегі шайқас

Галлдардың шапқыншылығы

Зама түбіндегі шайқас

Тарихи оқиғаларды субъективті сұрыптау. Ортағасырлық адам үшін төменде көрсетілген сапалардың қайсысы неғұрлым маңызды болды? Оларды кему ретімен орналастыр.

Адамгершілік__, жанды құтқарушы есебінде қамқорлық көрсету__, құдайға сиыну__, әлеуметтік өсуге қол жеткізу__, істерінде байлық пен табыс__, ауыр және күрделі жұмыс__, отбасылық бақыт.

Логикалық байланысты анықтау. Берілген оқиғалар мен құбылыстарды, сол жағында ертерек болғанын, одан әрі қарай – мерзіміне қарай орналастыр. Әрбір бөліктердің себеп пен салдарлары өзара байланысты болуы шарт.

А. Егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы

Ә) Қоғамды тамақтандыру қажетті азықты терімшілік пен аң аулау кәсіптері мол өнім бере бастады

Б) Қоғамдық шаруашылықтың отбасылық шаруашылықтың түрлеріне бөлінуі

В) Артық өнімнің пайда болуы

Г) Жерде астықтың артуы

Ғ) Рулық қауымнан көршілік қауымға ауысу

Д) Металдан соқа мен қарулардың пайда болуы

Салыстырмалы тест. Бірінші бағанда берілген тапсырмаларға екінші бағандағы тапсырмалардан қатынастарды қалпына келтіретін сөздерді табу

Күріш

Соқа

өсіреді

жыртады, егіншілік, темір

Қабырға

Библия

қытай

ежелгі, дін, еврейлік

Новгород

Вавилон

бекініс

Евфрат, Хаммурапи,

сазбалшық

Иштар қақпасы

Берілген үлгіден тарихи заңдылықты орнату арқылы жетіспейтін объектіні көрсет:
-Ақмола

- Семей
- Сырдария
- Орал
- Самарқан
- Торғай
- Ферғана
- _ *****

Шектеулі жауаптары бар тест. Бос орындарды толтыру.

Азияның оңтүстік-батысында қатарласа ағатын екі өзен – өзендері Кавказ тауларынан бастау алып, Парсы шығанағына құяды. жылдан астам уақыт бұрын Қосөзен бойында шағын елдер пайда бола бастаған. ... Қосөзен бойындағы өркениеттің негізін қалаушы ретінде тарихта қалды. Басшылары: ... Діни орталығы:

Қазақстан территориясында өмір сүрген мемлекеттің біріндегі басқару құрылымында болған тарихи терминдерді зейінмен оқып, мемлекетті анықтау: Жабғу, күлеркін, инал, атабек, сюбашы, канкаш.

Еркін жауаптары бар тест. Неліктен, 1930-шы жылдардағы дағдарыс орбитасына Азия, Африка, Латын Америкасының елдері ілінді? Төменде көрсетілген тұжырымдамалардың ішінен Негізгі маңызды себепті белгілеу немесе өз көзқарастарын нақтылау.

А. Бұл мемлекеттер дамыған өнеркәсіптік елдерден үлкен несиелер алуды тоқтатты.

Ә. Бұл елдердің экономикасы бір бағытта дамуына байланысты құны түсіп кеткен, азық-түлік пен шикізатты шығарушы қатарында болды.

Б. Бұл елдерде инфрақұрылым (жолдар, көпірлер, байланыс құралдары және т.б.) толыққанды дамыған жоқ.

Г.

Қорыта айтқанда тарих сабағында функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмаларды қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- жаңа сабақты өз бетінше меңгереді, қосымша әдебиеттермен жұмыс жасайды;
- алған білімдерін өмірде, түрлі жағдаятта, әлеуметтік ортада қолдана алады;
- жеке, жұппен және топпен жұмыс жасауға үйренеді;
- өзгермелі өмірге бейімделеді және мәселелердің шешімін табады;
- бір-бірін шынайы, әділ бағалауға тәрбиеленеді;
- өз көзқарасын қалыптастырып, ойларын тұжырымдайды;
- жеке тұлғалық сипатын дамытып, шығармашылығын шыңдап, өзіне деген кәсіби сенімі қалыптасады;
- өзіндік ой-көзқарасын ашық айтуға, жан-жақты ізденуге үйренеді;
- зияткерлік қабілеті дамыған, өмірде өз орнын таба алатын, білімді, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптасады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің міндетіміз – бәсекелестікке лайық ұрпақ тәрбиелеу» - деген ойын басшылыққа ала отырып, тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, мектепте алған білімін өмір бойы пайдалана алатын жаңа заман форматындағы құзіретті тұлғаны тәрбиелеу, оқыту ұстаздың басты парызы болып табылады.

Әдебиет:

1. А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012 ж.
2. Б.К.Әбдіғұлова. Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары. Алматы, 2000 ж.
3. А.Керімбекова. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы үйрету//Білім. – 2009 ж.
4. К.Ж.Бұзаубаева. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004 ж.

Бекмолдина Роза Қайполдақызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, «Айыртас негізгі орта мектеп» КММ,


ЗАМАНАУИ САБАҚ: ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңартудың алғышарттарында: «... XXI ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек» (Андреас Шлейхер) [1, 6-бет], - деп тоқталған оқу бағдарламасына өзгеріс енгізудің маңыздылығына.

Жаһандану табалдырығын аттаған ұрпағымыз кез-келген ортаға еркін кіріретін құзіретті тұлға болып қалыптасу шарт. Орасан зор ақпарат айдынындағы қоғаммен үйлесім табуы үшін оқушы бойында тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары қалыптасқаны керек. Оқу арқылы зияткерлікпен қоса эмоциялық, әлеуметтік, рухани жағынан да ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңіре дамуы қажет. Аталған қасиеттерге ие ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздармен қоса ата-ана, қоршаған орта да белсене атсалысуы керек екеніаңғарылуда. Алған білімді өмірде тиімді қолдануға бағыттайтын функционалдық сауаттылыққа қалай қалыптастыруға болады?

Бұл тұрғыда Б.Блумның «Толық меңгерту технологиясы» таксономиясына негізделген жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеру тапсырмалар тиімді екені тәжірибеден анықталуды. Сократтық маевтика әдісімен сұрақтары дұрыс қоя отырып, эвристикалық деңгейге жетуге болады. Мысалы, 6-сыныпта әдебиеттен Абай қарасөздерін оқуда 5,6-біріккен сыныпта дара оқитын оқушының аргументті эссесі (сурет1) төменде көрсетілген өлшемдеріне сай келді, аудандық баспасөзге жарияланды («Ақтоғай ажары» 25.12.2020).

Критерий	Қойылатын талап	ұпай
Тақырыпты түсінуі	— мысалдар келтіре отырып, түсініктерді анық және толық қарастыра алады; — қолданылған түсініктері тақырыпқа сай; — жұмысты өз бетінше орындайды.	3 ұпай
Мәселені бағалай білуі	— қаралатын мәселеге өзіндік көзқарасы бар; — қолданатын ақпараттар диапазонының кеңдігі; — мәселені өзі бағалай біледі;	3 ұпай
Ой-толғау жасай білуі	— дәлелдеу логикасын құрастыра біледі; — мазмұндаудың жалпы формасының мәселеге сәйкес келеді.	2 ұпай
Жұмысты орындауы	— жұмыс цитаталарды қолданудың талаптарына сай; — лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық, стилистикалық, орфографиялық нормаларға сәйкес;	2 ұпай



сурет1

Эссе, шығарма жазуға жаңа дағдыланып жатқан қатарластарынан озық шыққан оқушы екінші сыныптан бері біріккен сыныпта жалғыз оқытылып келеді. Саралап оқытқанның өзінде оқушыға салмақ түсіретін жеке тапсырмалар беріледі. Ата-анаға салмақ түседі. Осыны түсінген ата-ана қолдап, әдеби кітап оқуға құмар баласына мүмкіндік туғызып отыр. Мұғалім/оқушы/ата-ана ынтымақтастығы келешек құзіретті тұлға қалыптастыруға дұрыс бағытталған. Елбасы Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстанның дамуының басты

бағыты» (2012, 27 қаңтар) атты Қазақстан халқына Жолдауы негізінде бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында»: «Отбасы балаға жастайынан адами құндылықтарын танытып, саналы және өнімді өмір сүруге бағдар беруге міндетті. PISA-2009 зерттеуі функционалдық сауаттылық деңгейіне ата-аналардың балаларды оқыту мен дамыту процесіне қатысуы оң әсер ететіндігін көрсетті» [2], - делінген. Отбасының ықпалы болмаған жағдайда жастар тәрбиесінде мектеп тәжірибесі маңызды рөл атқаруы мүмкін деген Джудит Харристің тұжырымдамасы да оқыту мен оқу үдерісіне негіз ретінде қарастырылады.





сурет2

Әдеби туындылар оқығаннан гөрі интернетке жүгінген дәуірде креативті әрекетке, ойларын ауызша да, жазбаша да еркін жеткізуге қалай қалыптастыруға болады?

Құзіретті тұлға қалыптастыруға бағытталған сындарлы оқыту нәтижені көздейді. Нәтижеге жету үшін алған білімдерін түсіну деңгейіне орай қолданып, интерпретациялай талданып саралануы тиіс. Шығармашылық мақсатқа жету үшін түрлі жағдаяттық проблемаларды шешуге, өз көзқарастарын білдіруге арналған «Жинақтау», «Баға беру» қадамының тапсырмаларында: «ПОПС формуласы», «Диаманта», «Синквейн», «Бестік диктант» -

конструктивті білім әдістерін қолдануға болады. Оқушылар қызыға орындайды (сурет 2, 3). Тіл дамытуға арналған шығармашылық «Бестік диктанттың» ұтымдылығы – көшіруші-өнімсіз іс-әрекет емес,- мәтінді өздері құраушы дәрежеде болады. Шығармашылық еркіндікті сақтай отырып, есте сақтау қабілеті артады. Алған білімдерін жаңа мақсатқа тиімді пайдаланады. «ПОПС формуласы», «Диаманта», «Синквейн» әдістерінде оқушы әдеби жанрларға тәжірибе жасаумен драманы проза тіліне, прозаны поэзияға өңдей жазу тәсілін меңгереді. Әрине, қай жұмыста болмасын өз өлшем-декрипторларымен кері байланыс алынуы тиіс. Мысалы, Д.Исабековтің «Әпке» драмасына қолданылған «ПОПС формуласы»:


- өзіндік пікірін білдіреді;
- мысалмен дәлелдейді;
- қорытынды ойын жазады,- дескрипторымен бағаланды.



«А» оқушы жұмысы

сурет3

Жапон ұлтында классикалық «Хайку» (хоку) поэзия үлгісі бар. Үш жолдан тұратын 5+7+5=17 буынды өлеңінің ерекшелігі – ұйқасқа құрылмауында. Ой аяқталмаған, яғни құрлысы аяқталмаған көпір тәрізді. Атамайды-көрсетеді; түсіндірмейді – нұсқайды. Түйсіну, сезімге әсер еткен ерекше құбылыстарды ішкі «фотоаппараттың» шырт еткізіп түсіріп алған сәтіндей образды түрде беру керек. Меңгерілген тақырыпты ақпараттық өңдеуге шығарма-хайку тапсырмасын беруге болады. Мысалы, әдебиеттен Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романынан үзіндімен танысқаннан кейінгі әсерін беруде бір оқушы:



Оқушы, парта Қаламсабын мұжиды. «Ұлпан» ойландты,- деген хоку құрастырды. 9-сыныптың қазақ тілінен «Гендік инженерия әдістері» тақырыбына «Биотехнология және гендік инженерия келешегі» бейнебаянына

[<https://www.youtube.com/watch?v=eeWsbMc38tk>] «Хайку» тапсырмасы ұсынылды (сурет 4, 5):

- Коронавирусты неге гендік инженериямен байланыстырдың? – деген сыныптастарына:

- XXVIII ғасырда адамдарды «сиыр шешекке қарсы егілсек, мүйіз бен құйрық өсіп шығады» деген қорқыныш билепті. Коронавирусқа қарсы екпе біздің қоғамды да күдік пен үрейге бөлеп отыр. Келешек бізге де XXVIII ғасыр адамдарындай қарайтын шығар, - деп жымиды. «Хайку» әдісі өзім үшін де жаңалық болғандықтан, төмендегідей дескриптормен бағаланды:

Коронавирус...
Гендік инженерия
Екін табады, сурет5

- мәтін мазмұнын талдайды;

- өзіндік тұжырым жасайды;

- тың идея ұсынады.

Қара жәшіктің ішінде өтіп жатқан процестер ізгілендіру технологиясымен тығыз байланысты. Сабақтың табысты болуы үшін педагогта эмоциялық интеллект қалыптасқан болуы керек. Бұл өзінің және өзгенің эмоциясын тану, ниетін, қалауын және мотивациясын түсіну, сондай-ақ практикалық мәселелердің шешімін табу мақсатында өзінің және өзгенің эмоциясын басқару қабілеті болып саналады [3]. Сонда оқушы шығармашылығына жол ашылып, оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін көрсете алуын қамтамасыз етеміз, эмоциялық зияткерлік негізін қалай аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ ПШО, 2016 Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /ҚР Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.
3. «Sana» зияткерлік орталығы, «Эмоциялық зияткерлік негізгі мектеп педагогтерінің акмеологиялық дамуы мен кәсіби өнімділігінің факторы ретінде» республикалық семинары, 18.06.2020, Нұр-Сұлтан

Беримхан М.

«Көксу жалпы білім беретін мектебі» КММ

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ-БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

«Жастарға сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне баса көңіл аудару керек.»
Н.Ә.Назарбаев

Функционалды сауаттылық-адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау және оған тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті. Бұл термин жалпы білім беру құзіреттілігін көрсетеді, ол қазіргі кезеңде білім берудің барлық деңгейлерінің білім беру стандартын енгізу арқылы қамтамасыз етіледі. Функционалды сауаттылық немесе жай «сауаттылық» PISA халықаралық бағдарламасындағы орталық ұғым болып табылады. 1957 жылы ЮНЕСКО енгізген «сауаттылық» термині бастапқыда әлеуметтік контексте қолданылатын оқу мен жазуды қамтитын дағдылардың жиынтығы ретінде анықталды.

PISA халықаралық бағдарламасы нені зерттейді?

PISA зерттеуі жауап беретін негізгі сұрақ «міндетті жалпы білім алған 15 жастағы оқушылар қазіргі қоғамда толыққанды жұмыс істеу үшін, адам қызметінің, қарым-қатынас пен

әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін қажетті білім мен дағдыларға ие бола ма?»

PISA функционалдық сауаттылықты халықаралық зерттеу функционалдық сауаттылықтың компоненттеріне (яғни, оқушылардың ең маңызды дағдыларына) оқырмандық, математикалық және жаратылыстану – ғылыми сауаттылықты, яғни осы салалардағы білімді шынайы өмірде қолдану қабілетін; сондай-ақ жаһандық құзыреттерді, оқушылар үшін қаржылық сауаттылықты, олардың креативті және сыни ойлауын жатқызады.

TIMSS және PISA жалпы білім беру сапасын халықаралық зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау ресейлік жалпы білім беретін мектепке тән негізгі проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді. TIMS жалпы бастауыш, негізгі және орта білім деңгейлерінде математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасын бағалайды (4, 8 және 11-сыныптар). PISA зерттеулері математика, оқу және жаратылыстану салаларында 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалайды. TIMSS зерттеулерінің нәтижелерін талдау математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру саласында (1995, 1999, 2003, 2007 және 2011 жж.) жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша 4 және 8-сынып оқушыларының дайындық деңгейі орташа халықаралық көрсеткіштерден асатынын көрсетті. Қазақстандық оқушылар әлемнің басқа дамыған елдеріндегі құрдастарына жалпы білім беру дайындығынан сәл төмен. Бұл зерттеуде Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур оқушылары көш бастап тұр.

TIMSS көрсеткіштері оқушылардың жоғары білім алу нәтижелерін көрсетеді, ал PISA зерттеуі керісінше қорытынды жасауға болады: функционалдық сауаттылық - мамандықтар әлеміндегі білім мен бағдарлаудың басты нәтижелерінің бірі.

«Әрбір мұғалімге функционалдық сауаттылық туралы не білу қажет?» -

Функционалдық сауаттылық негізінен білім беру жағдайларынан тыс және білім мен дағдылар алынған және пысықталған міндеттерге ұқсамайтын проблемалық мәселелерді шешуде көрінеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін бағалау үшін мұғалім оларға нақты өмірдегі кейбір мәселелерді қарастыруды ұсынатын атиптік тапсырмалар беруі керек. Бұл мәселелерді шешу, әдетте, бейтаныс жағдайда білімді қолдануды, жаңа шешімдерді немесе іс-әрекет тәсілдерін іздеуді талап етеді, шығармашылық белсенділікті қажет етеді.

Функционалдық сауаттылықтың ерекшеліктері қандай?

- 1) тұрмыстық проблемаларды шешуге бағытталу;
- 2) жеке тұлғаның ситуациялық сипаттамасы, өйткені ол нақты әлеуметтік жағдайларда өзін көрсетеді;
- 3) стандартты, стереотиптік міндеттерді шешумен байланыс;
- 4) бұл әрдайым оқу және жазу дағдыларының қарапайым (негізгі) деңгейі;
- 5) ең алдымен ересек халықты бағалау ретінде пайдаланылады.

Осылайша, қорытынды жасауға болады: функционалды сауаттылық – бұл адамның күнделікті өмірде баспа сөзін қолдана отырып, оның қызметін анықтайтын сауаттылық деңгейі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығының индикаторлары және олардың көрсеткіштері.

Жалпы сауаттылық: шығарма, реферат жазу; калькуляторсыз санау; сөз тіркестерін құруда, сөздерді таңдауда қиындық туғызбай сұрақтарға жауап беру; өтініш жазу, қандай да бір сауалнама, бланк толтыру.

Компьютерлік: интернет желісінде ақпарат іздеу; электрондық поштаны пайдалану; мәтіндерді жасау және басып шығару; электрондық кестелермен жұмыс істеу; графикалық редакторларды пайдалану.

Төтенше жағдайлардағы іс-қимылдардың сауаттылығы: зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету; шұғыл көмек алу үшін мамандандырылған қызметтерге жүгіну; өз денсаулығына қамқорлық жасау; жеке қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайларда өзін ұстау.

Ақпараттық: кітаптардан, анықтамалықтардан, энциклопедиялардан және басқа да баспа мәтіндерінен қажетті ақпаратты табу және іріктеу; сызбаларды, схемаларды, графиктерді оқу; БАҚ-тан ақпаратты пайдалану; кітапхананың алфавиттік және жүйелік каталогын пайдалану; сандық ақпаратты талдау.

Коммуникативтік: топпен, командамен жұмыс істеу; орналастыру, өзіне басқа да адамдар; емес ұшырауы тұрақсыз болып тұр өз көңіл-күй, приспособиваться жаңа, непривычным талаптарына және жағдайларына, жұмысты ұйымдастыру тобы.

Шетел тілдерін білуі: сөздікпен күрделі емес мәтінді аудару; өзіңіз, достарыңыз, өз қалаңыз туралы айту; түрлі тауарлар, тұрмыстық техника құралдары қаптамасындағы нұсқаулықтардың мәтіндерін түсіну; шетелдік достарыңызбен және таныстарыңызбен әртүрлі тұрмыстық тақырыптарға сөйлесу.

Тұрмыстық мәселелерді шешудегі сауаттылық: өнімдерді, тауарлар мен қызметтерді тандау (дүкендерде, әртүрлі сервистік қызметтерде); отбасы бюджетіне сүйене отырып, ақшалай шығындарды жоспарлау; нұсқаулықтарды қолдана отырып, әртүрлі техникалық тұрмыстық құрылғыларды пайдалану; анықтамалықты, картаны қолдана отырып, бейтаныс қалада жүру.

Құқықтық және қоғамдық-саяси сауаттылық: өз құқықтары мен мүдделерін қорғау; Президенттің, Үкіметтің, Мемлекеттік Думаның функциялары мен өкілеттіктеріндегі айырмашылықтарды түсіндіру; қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік бұзушылықтар арасындағы айырмашылықтарды түсіндіру; әртүрлі кандидаттар мен партиялардың сайлау алдындағы бағдарламаларын талдау және салыстыру.

Функционалдық сауаттылық-қоғамдық әл-ауқаттың көрсеткіші. ITL,PISA нәтижелері бойынша «оқушылардың білім жетістіктерінің сапасы ... мұғалімдер ұсынатын оқу тапсырмаларының сапасымен анықталады»

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімге кеңестер:

1. Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін топтарда, жұпта жұмыс істеу, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, жобалар әдісі неғұрлым тиімді болып табылады.

2. Ұжымдық жұмыстың, әрине, артықшылықтары бар: сөйлеу дағдылары белсенді түрде қалыптасады, ұжымдық өзара әрекеттесу жағдайы туындайды. Егер біз әр сабақта топта жұмыс жасамасақ, онда жұппен жұмыс әр сабақта жүргізілуі мүмкін және тапсырмаға байланысты әр түрлі уақытты алады.

3. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы маңызды дидактикалық бірлік мәтін болып табылады. Дәл осы мәтінмен жұмыс лингвистикалық есептерді (орфографиялық, грамматикалық және т.б.) шешуден басқа, ақпаратты таба білу, мәтінді түсіндіруге, бағалауға үйрету сияқты дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

4. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру-бұл қарапайым процесс емес, ол оқытушыдан оқытудың заманауи нысандары мен әдістерін пайдалануды талап етеді. Осы формалар мен әдістерді қолдана отырып, біз бастамашыл, өз бетінше, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын адамды тәрбиелей аламыз.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық туралы көп айтыла беретін сөз аз емес. Бастысы біз стандартты шешімдерге бағыт беріп қана қоймай, оқуға үйретіп, баланы өзгерістерге дайын болуға үйретуіміз керек.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген. – Астана, 2012. – 19б.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген. – Астана, 2010. – 52 б.

4. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы. – Астана, 2012. – 16б.

5. bilimdiler.kz/ustaz/7597-syni-trydan-oylau-modul-br-sabata.html

6. «Самопознание. kz» журналының жинағы, 2013-2015 ж.ж.

Бикмуллина Г.Р.

КГУ «Гимназия им. С. Сейфуллина» г. Сампаев

ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ – СОСТАВЛЯЮЩАЯ ОЦЕНКИ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩЕГОСЯ

Оценка читательской грамотности – одна из важнейших составляющих оценки функциональной грамотности школьника. Предметом измерения является чтение как сложноорганизованная деятельность по восприятию, пониманию и использованию текстов. В мире и в России к настоящему времени накоплен значительный опыт оценивания читательской грамотности, однако в связи с изменением как мира, в котором живет современный учащийся, так и целей и задач, стоящих перед образованием в аспекте формирования читательской деятельности, возникла необходимость создания концепции оценки читательской грамотности на современном этапе. Предлагаемая концепция опирается прежде всего на «Концепцию оценки образовательных достижений учащихся PISA 2018» [1], а также на теоретические положения Г.А. Цукерман, отраженные в документе «Оценка читательской грамотности. Материалы к обсуждению» [2].

В Концепции уделено особое внимание значимости умений, связанных как с пониманием прочитанного, так и с развитием способности применять полученную в процессе чтения информацию в разных ситуациях, в том числе в нестандартных.

Таким образом, с учётом современного социального запроса расширен спектр оцениваемых умений, связанных с читательской грамотностью. Кроме умений на осмысление и оценку информации, в перечень добавлены умения оценивать качество и надежность текста, обнаруживать и устранять противоречия, критически оценивать информацию, применять полученную информацию при решении широкого круга задач.

1. Основные подходы к оценке читательской грамотности

Поскольку источниками, из которых мы получаем текстовую информацию, наряду с бумажными изданиями становятся экраны компьютеров и смартфонов, структура и форматы текстов изменяются. Это, в свою очередь, требует от читателей использования новых когнитивных и коммуникативных стратегий в процессе целенаправленного чтения составных текстов разного вида, жанра и формата.

Оценивание читательской грамотности как одного из компонентов функциональной грамотности в 5 и 7 классах будет сосредоточено на навыках чтения, которые включают в себя поиск, выбор, интерпретацию, интеграцию и оценку информации из всего спектра текстов, связанных с ситуациями, которые выходят за пределы класса.

При разработке инструментария будет выдержана следующая идеология: читательская грамотность, проявляющаяся в осознании непрерывных (сплошных) текстов – включая литературные тексты – остается ценной. Но при этом будет сделан акцент на оценивании понимания информации из многочисленных разнообразных текстовых или других источников, что предусматривает сформированность таких умений, как анализ, синтез, интеграция и интерпретация информации, сравнение информации, полученной из разных источников, оценка достоверности текстов, интерпретация и обобщение информации из нескольких отличающихся (а иногда противоречащих по содержанию) источников.

2. Определение читательской грамотности

При разработке Концепции за основу было взято определение, предложенное в исследовании PISA. «Читательская грамотность – способность человека понимать, использовать, оценивать тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни» [3].

Представляется, что в этом определении важен каждый из названных признаков понятия. Слово «грамотность» подразумевает успешность в овладении учащимися чтением как средством осуществления своих дальнейших планов: продолжения образования, подготовки к трудовой деятельности, участия в жизни общества. Содержание понятия читательская грамотность включает: понимание прочитанного, рефлексии (раздумья о содержании или структуре текста, перенос их на себя, в сферу личного сознания) и использование информации прочитанного (использование человеком содержания текста в разных ситуациях деятельности и общения, для участия в жизни общества, экономической, политической, социальной и культурной).



Рисунок -

С учётом современного социального запроса расширен спектр оцениваемых умений, связанных с читательской грамотностью.

- умение осмысливать и оценивать содержание и форму текста,
- умение критически оценивать качество и достоверность содержащейся в тексте информации,
- умение обнаруживать и устранять противоречия,
- применять полученную информацию при решении широкого круга задач.

Объект оценивания - умение осуществлять эффективный поиск, сортировку и фильтрацию большого объёма информации, проводить поиск нужной информации при просмотре множественных источников; умение использовать при работе с текстом информацию из разных предметных областей.

Далее представим уровни читательской грамотности по критерию ее оценивания.

Высокий уровень читательской грамотности говорит о готовности учащегося к дальнейшему обучению на следующей образовательной ступени. Такие ученики уже почти не нуждаются в помощи, чтобы понять и оценить сообщения художественных и информационных текстов, не выходящих далеко за пределы их речевого и житейского опыта и знаний.

Средний уровень понимания текстов характерен для читателей, еще не полностью освоивших основы чтения. Для того чтобы вычитывать сообщения текста и строить на его основе собственные значения, они все нуждаются в помощи. Это помощь в понимании тех сообщений текста, которые не противоречат их собственному опыту, и помощь в освоении письменного общения и сотрудничества с собеседниками, чей жизненный опыт и взгляды на мир расходятся с их опытом.

Низкий уровень понимания текстов делает невозможным принятие учащимися помощи педагога в использовании письменных форм сообщения о человеческих чувствах, мыслях и знаниях для самообразования.

Таким образом, читательская грамотность в определённой степени должна быть сформирована на начальной ступени образования. В среднем и старшем звене читательская

грамотность получает своё развитие и, совершенствуясь переходит в читательскую компетентность.

Список литературы

1. <https://www.oecd.org/pisa/data/PISA-2018-draft-frameworks.pdf>
2. <http://www.centeroko.ru/public.html>
3. Новиков, А. М. Н73 Педагогика : словарь системы основных понятий / А. М. Новиков. – Москва : Издательский центр ИЭТ, 2013. – 268с.
4. Цукерман, Г. А. Оценка читательской грамотности : Материалы к обсуждению / Москва : РАО, 2010. – 67 с.
5. Исследования чтения и грамотности в Психологическом институте за 100 лет : Хрестоматия / под ред. Н. Л. Карповой, Г. Г. Граник, М. К. Кабардова. ПИ РАО. – Москва : Русская школьная библиотечная ассоциация, 2013. – 432 с.
6. Доскарина, Г. М. Исследование в действии: Способы и приемы повышения уровня читательской грамотности учащихся / Г. М. Доскарина, А. С. Сабитова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 10.4 (114.4). — С. 19-21.
7. Кемельбекова, Г. А. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся по предметам гуманитарного цикла / Г. А. Кемельбекова. — Текст : непосредственный // Проблемы и перспективы развития образования : материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Краснодар, февраль 2016 г.). — Краснодар : Новация, 2016. — С. 6-9.

Битимбаева К.О.

КММ №82 ЖББОМ, Қарағанды қ.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде у шығып тұрған пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан оқыту мәселесіне амалсыз көшу мұғаліммен оқушыға да оңай тимей отыр.

Қашықтықтан оқыту – ең алдымен ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу тәсілі. Қашықтықтан оқытуда екі маңызды әрекет бар: оқытуды басқару және оқушы өз бетімен білім алу.

Қашықтықтан оқыту- компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың түрі, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданатын білімді қабылдау түрі. Қашықтықтан оқытудың үш түрлі формасы бар: онлайн және офлайн және де үшінші түрі –вебинар.

Қашықтықтан оқыту технологиясы - оқу үрдісі кезеңінде оқушы мен мұғалімдер арасындағы интерактивті қарым-қатынас. Білім алушы берілген материалды жан-жақты талдап, түсініп кері байланыс арқылы меңгеру қажет.

Қашықтықтан оқытуда –оқушы мен мұғалім алыстан немесе толық емес, қазіргі кезеңдегі кезекші сыныпта оқыту жағдайында, негізгі мақсат –ол сапалы білім беру. Білім министрі Асхат Аймағанбетовтің айтуынша, «Білім беру тетігі сапаға әсер етпеуі қажет»

Мұғалім компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет. Сабақ мақсаттарына жету үшін оқушылар өзара да пікір алмасып, мұғалім оқу процесін бақылап отырады.

Қазақ тілі мен әдебиетін қашықтан оқыту- мұғалімнің дайындалуын, аса шеберлігін талап етеді. Ең алдымен, сабақ мақсатына жету үшін, қандай оқу платформасымен өткіземін-соған байланысты. Материалды меңгеру мақсатында әртүрлі интернет-ресурстарға сілтемелер жасаймын. Сонымен қатар ашық құжаттарды пайдаланып мәтіндер мен аудиожазбаларды қалданамын. Сабақ кестесін сақтау керектігін ұмытпау қажет, оқушы сабақ уақытымен тапсырманы орындап, мұғалімге кері байланыс жасау керек. Бұл Edumark немесе Whatsapp т.б әлеуметтік желілерінің ресурстары болуы мүмкін. Оқушының ынтасы мен қызығушылығын ескеру қажет.

Сабақ құрылымы, дидактикалық бөлімі дәстүрлі сабақпен бірдей болуы керек. Атап айтқанда:

Ұйымдастыру сәті және мақсаттар мен міндеттердің құрылымы- оқушыға материалды игеру уақыты нақты тапсырмалармен анықталады.

Үй тапсырмасын тексеру-оқушының жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жалпы шолу, қиын сәттерді түсіндіру т.с.с.

Білімнің өзектілігі- жаңа материалды, бейнероликтерді, оқу тапсырмасын оқуға деген ынтасын арттыру үшін түрлі әдістерді қолдану.

Сабақты түсіну мен қорытындылаудың алғашқы сынағы- бұл жаңа материалды зерделеу, білім мазмұнын тапсырмамен, сұрақтармен байланыстыру кезеңінде жүзеге асады. [39]

Сабақты меңгеру, жіберген қателерді талдау және түзету-тесттер, интерактивті модельдер арқылы жүзеге асырылады.

Рефлексия және кері байланыс.

Оқушыға ұсынатын материалдың сапасына сыни тұрғыдан қарауыңыз керек.

Ұзақ оқудан, ұзақ мәтіннен аулақ болыңыз. Мәтіннен ең маңыздысын қалдырып, баланы қызықтыратын қосымша материалдар болуы туралы ескертулер жасаңыз.

Мәтінді шағын бөліктерге бөлу керек. Соңында қысқаша түйіндеме ұсыныңыз.

Сызба, кестелер қолданыңыз, түсінуге, есте сақтауға мүмкіндік береді.

Тапсырмалар мен оқу блоктары көлемі мен күрделілігіне қарай теңестірілуі қажет.

Осы тұрғыда өзім қолданып жүрген әдіс-тәсілдерімді ортаға салғым келеді. Сабақты өту барысында қарапайым әрі жеңіл мәтін алынады. Оқушының білімін тексеруде 5-6 сұрақ дайындаймын, бір дұрыс жауапты тест құрап, слайдқа шығардым, оқушы чатқа жауабын жазады. ZOOM платформасында, бұны тексеруге 5-6 минут уақыт беремін, алдымен оқушыға хабарлаймын (критерийі). Алғашқы 10 оқушының жауабын айтамын, қалған оқушының жауабын сабақтан кейін жазып жіберемін.

Қазақ тілі мен әдебиеті 6 - сынып, Д.Досжан «Арыстан бап кесенесі».

1. Иланишы Қадырхан бас зергерге қандай сауал қойғанын көрсет.

А. Ежелгі қалалар туралы айтыңыз?

Ә. Осы құрылысты дәлме-дәл өлшеп қалай салдыңыз?

Б. Ескерткіш неден жасалған?

2. Ескерткішің қандай ерекшелігі бар?

А. Ағаштан жасалған.

Ә. Күмбез астына бірде-бір тіреу қойылмаған.

Б. Әдемі шыны өрнекпен жасалған.

3. Бас зергер қандай кітап жазып жүр?

А. Қыпшақ өлиемдері туралы.

Ә. Ұлы Жібек жолы туралы

Б. Қазақ жері туралы.


Қазақ тілі мен әдебиеті 11- сынып М.Әуезов « Абай жолы» 2-кітап.

Үзіндіні оқып, « Кейіпкер» кестесін толтыр.

Шығарманың атауы	Кейіпкерлері	Қасиеттері қалай суреттелген	Кейіпкерге баға	Тұжырым-мақал-мәтел, даналық сөз арқылы

Оқушы оқыған үзінді бойынша кестені толтырады. Кестені толтыру үшін мәтінді оқу керек. Егер сұрақ туындаса чатқа жазып әрқашан жауап ала алады.

Енді бір өте ыңғайлы, өзім қолданып жүрген жұмыс түрі- Google forms форматындағы онлайн тест. Бұл оқушының тақырыпты меңгеріп, кері байланыс жасауға тиімді. Ол үшін Google forms форматында жұмыс жасап, дайын тестімізді тіркеп, 5 жауаптары бар, 1 дұрыс жауабы бар, сілтемесін оқушыға жібересіз. Оқушы өзін тексере алады. Алған ұпай санын өзі көре алады, қай сұраққа қате жібергені де көрінеді. Мұғалім болса, «Статистика» бөлімінен кім, қанша балл жинағанын көре алады.



Қашықтықтан оқытуда әр жаңа сабақ сайын өткен тақырып бойынша зерделеу жасап отыру керек. Қайталау арқылы мұғалім алдыңғы білімде қай жерлерге көңіл бөлуін біледі. Сонымен қоса, Youtube платформасында түсірілген сабақтар бар, кез келген уақытта оқушы қарап қайталай алады. Бұл да білім саласына өзіндік пайдасын тигізіп отыр.

Оқушымен бірге ата-анасына да төзімділік, жауапкершілік, қолдау, еңбек қажет. Ата-ансы баласының уақытымен сабақ орындауына, үйде қолайлы жағдай жасауы тиіс. Оқушылардың мерейі үстем болсын деп, фото-аудио жауаптарын ата-аналарына да жіберіп отырсаңыз тіпті қызығушылығы артады екен.

Қашықтықтан оқытудың да артықшылығы да сол, оқушы өзіндік жұмыстарды тиянақты дұрыс орындауға тырысады. Алдымен, денсаулыққа қауіпсіз, ыңғайлы уақытта білім алады.

Қашықтықтан оқытуды күрделі құбылыс деп санамауымыз керек, қазіргі білім беру ресурстарының болуы да мұғалімнің міндеттерін жеңілдетуге арналған. Тек дұрыс материалды таңдап, оқушымен байланысын жоғалтпау өте маңызды, үнемі мұғаліммен бірге екенін бала сезіп отыруы маңызды.

Қорыта келе, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалім мен оқушы әлемдік ақпаратпен байланысуға, білім алуды онлайн жалғастыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады. Көп нәрсе баланың ынтасына, талабына байланысты.

Сөзімді Чарльз Дарвиннің «Тірі қалатын адам ол- ең мықты, ең ақылды емес, жан-жағында болып жатқан өзгерістерге тез жауап қайтаратын адам» деген мағыналы сөздерімен аяқтағым келеді.

Әдебиет:

1. А.Құсайынов. Салыстырмалы педагогика. Алматы-2011.39б
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, НЗМ
- 3.Ғаламтор желісінен

Болкенбаев А.Д.

«Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ, Шет ауданы Ақсу-Аюлы мекені

АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІН ОҚЫТҚАНДА

Абайдың қарасөздерінің тағылымы терең. Оқу мен оқыту барысы барынша шеберлікті талап етеді. Оның терең мазмұнын игерту үшін әртүрлі әдістерді қолданып оқыту аса қажет. Қарасөздердің арқалған жүгін терең түсінбегендіктен, ондағы философиялық ой астары мектеп оқушылары үшін өз мәнінде талқыланбай жүргені жасырын емес. Зерттей келе, осы өзекті мәселені шешудің бірден-бір жолы оқушы санасында терең ой қалыптастыратын сабақтар өткізу болып табылатындығын алға тарта аламын. Тәжірибелік маңыздылығын ескере келе, тақырыпты толық ашу мақсатында өз нәтижесін берген сабақтың бірінің барысын ұсынуды жөн санадым.

Абайдың отыз үшінші қарасөзін оқыту барысында шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау және шығарманы идеялық мазмұны жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу мақсаты алға тартылды. Сабақ міндеті: шығарманың идеясын өмір шындығымен байланыстыру, мазмұндас туындылармен салыстыру, әдеби сын жазу.

Сабақтың кезеңдері:

Сабақ басында психологиялық ахуал реттеледі. Мұғалім жаңа тақырыптың идеясымен үндес сөздер мен тіркестерді атайды. Ал оқушылар сол сөздерді қимылмен көрсетеді. Алғашында баяу, одан кейін жылдамырақ, үшінші мәртеде өте жылдам айтады. Білім алушылар шатаспай ілесіп отыру қажет:

Еңбек ету, өнер сүю, адал болу, мақтану, еріншектік, талапсыздық, салғырттық.

Топқа бөлу. «Адасқан сөздер» әдісі арқылы жүзеге асады.

Экраннан Абай сөздерінен үзінді беріледі. Түсіп қалған сөздерді орнына қою арқылы оқушылар 3 топқа бөлінеді.

«Әуелі ... ізделік, қолдан келсе» /өнер/

«Мал – адамның ... өлшемі» /адамшылығының/

«..., мал таппақ – жұртқа жақпақ!» /Адал еңбек/

I топ «Өнер» тобы

II топ «Адамшылық» тобы

III топ «Адал еңбек» тобы

Алдыңғы білім тексеріледі. Білім алушылар «Plickers» желілік бағдарламасында тест сұрақтарына жауап береді (*Әр білім алушыға аталған бағдарламаның арнайы жауап парағы ұсынылады. Экраннан сұрақтар көрсетіліп тұрады. Әр оқушы дұрыс деп тапқан нұсқаны (A, B, C, D) жоғары көтеру арқылы жауап береді. Мұғалім ұялы телефон арқылы жауаптарды сканерлеп, экраннан әр оқушының аты-жөні дұрыс, әлде бұрыс жауап берген нұсқасымен шығып тұрады. Осылайша сыныптың алдыңғы білім бойынша меңгерген материалдары бойынша пайыздық көрсеткішпен білім сапасы аңғарылады.*

Ширату жаттығуы жүргізіледі:

Сабақ басы. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастауымен ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған эстафетаның жалғасы ретінде экраннан мұғалімнің қабылдаған эстафетасы ұсынылады. Отыз үшінші қарасөзге арнайы түсірілген авторлық бейнебаян көрсетіледі. Инстаграм желісіндегі сілтемесі

<https://www.instagram.com/tv/B2wOWQrpXrc/?igshid=ia6i3crbqx1f> [2]

«Фильтр» әдісі арқылы автордың идеясы анықталады, өмір шындығын табады;

Сабақ ортасы: Саралау

«Мүгедек еңбекқор» бейнебаяны көрсетіледі. Көрсетілген бейнебаян негізінде әр білім алушы өзінің қажеттілігіне қарай (ПОПС, РАФТ, КӘМҚ талдауының бірін таңдап) берілген үзінділерді отыз үшінші қарасөзбен салыстырып, авторлық идеяны өмір шындығымен байланыстыра отырып, сыни баға береді. Оқушылардың кері байланысымен бағаланады.

Демеңдер өнбес іске жұбаналық,

Ақыл тапсақ, мал тапсақ, қуаналық.

...Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,

Ең болмаса еңбекпен мал табалық.

/Абай/

«Шүлдірлеген тілден не пайда, алдыңда малың болмаса...» /Бұқар жырау/

Ерінбесең еңбекке, дәулет дайын,

Жаратқан жоқ жатсын деп бір Құдайың.

Ойласын деп ой берді, көруге көз,

Аяқ берді, тапсын деп басқан сайын. /Шәкәрім/[1]

Әдіс түрі	Дескриптор
ПОПС формуласы: Менің ойымша,... Себебі ... ескеру керек Оны мен ... сияқты фактілермен, мысалдар мен дәлелдей аламын	үзінділерді салыстырып, шындықпен байланыстырады, сыни баға береді;

Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім		
РАФТ стратегиясы: Р-оқушы А-халық Ф-үндеу Т- «Өнер үйрен, мал тап!»		үндес шығармалардан ортақ шешім қабылдап, сыни үндеу білдіреді
КӘМҚ талдауы		мәселенің күшті, әлсіз, мүмкіндік, қауіпті жақтарын саралайды, сыни бағалайды
Күшті жағы	Әлсіз жақтары	
Мүмкіндіктер	Қауіптер	

Оқушылардың жауабы тыңдалғаннан кейін ой қорытындылау мақсатында Абайтанушы, филология ғылымдарының кандидаты Омар Жалелдің «Шалқар» радиосының «Өнегелі отбасы» бағдарламасындағы «Адам бол, мал тап!» тақырыбындағы сұхбаты аудио арқылы тыңдалады. (https://youtu.be/ZzK_OFc1UKQ) [3]

25:17 мен 26:18 уақыт аралығындағы үзінді көрсетіледі.) Аудионың жазба нұсқасы: Омар Жалел: «Құдайдан мал сұрайсыңдар, берді,- алмайсыңдар!»-дейді Абай. Қалай беріп отыр? Құдай тағала Сендерге мал табу үшін он екі мүше, мал табу үшін ғылым беріп отыр. Сол ғылымды игеру үшін ақыл беріп беріп отыр! Ал Сендер сол ақылды қайда жұмсап жатырсыңдар? -дейді Абай) «Екі жұлдыз, бір тілек» ҚБ-мен бағаланады.

Білім алушылар әдеби сын жазады. (саралау) Тақырып. «Адам бол, мал тап!» (90-100 сөз) Оқушылар сатылы нұсқаулық бойынша деңгейіне қарай орындайды. Төменгі деңгей оқушысы біріншісін ғана орындайды, жоғары деңгейдегі оқушы барлық нұсқаулық сатысын қамтиды. Сабақ соңы: «Автор орындығында» білім алушылар жазған әдеби сындарын оқиды.

Сабақ мақсаты орындалды. Өз нәтижесін берді. Мұғалімнің сабақты қорытындылауы, бағалауы.

Өзіндік ізденіс тапсырмасы: 33 қарасөз негізінде адамзаттық құндылықтарды негізге ала отырып, әдеби эссе жазу;

«Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған эстафетаны» жалғастыру, ғаламтор желісіне орналастыру;

Нәтижесінде:

Әр білім алушы қара сөздердің барлығын оқып шығуға міндетті екенін ұқты. Ұлт жанашырлары қарасөздер арқылы тәрбиеленіп шығатындығын ой елегінен өткізе білді. «Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?» деген сауал туындады. КӘМҚ талдауы мен ПОПС формулалары негізінде тапсырмаларды орындаулары санаға түрткі болды.

Қолданылған дереккөздер:

1. <https://kitap.kz/audio-book/karaszoder-men-ocherk>
2. <https://www.instagram.com/tv/B2wOWQrpXrc/?igshid=ia6i3crbqx1f>
3. https://youtu.be/ZzK_OFc1UKQ

Бермичева А.В.

КГКП «Детская музыкальная школа №1» г. Караганды

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА И ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ПЕДАГОГОВ ЧЕРЕЗ УЧАСТИЕ В КОНКУРСАХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА

Конкурсы педагогических достижений помогают реализовать задачи, стоящие перед творческим педагогом. Для учителя участие в конкурсе означает возможность продемонстрировать свои достижения в профессиональной педагогической деятельности, предъявить результаты своей работы.

Современное конкурсное движение выполняет значимую социальную роль в деятельности педагогов и образовательного учреждения в целом, задачами которого являются: выявление талантливых педагогических работников, их поддержка и поощрение; обобщение и распространение опыта лучших педагогов и учреждений образования; внедрение новых педагогических технологий в практику обучения; мотивация молодых педагогов на продолжение профессиональной деятельности и закрепление в сфере образования.

Исходя из современных требований, предъявляемых к педагогу определяют основные пути развития его профессиональной компетентности:

- работа в методических объединениях, творческих или проблемных группах;
- инновационная деятельность педагога;
- обобщение и распространение собственного педагогического опыта;
- участие в конкурсах профессионального мастерства, мастер-классах, форумах, фестивалях и т.п.

Конкурсы педагогического мастерства – одно из средств повышения профессионализма учителя. Они создают благоприятную мотивационную среду для профессионального развития, распространения инновационного опыта, способствуют профессиональному самоопределению.

Можно по-разному относиться к конкурсам, принимать их или не принимать, поддерживать или игнорировать, но сложно отрицать то, что ситуация конкурса - это мобилизация внутренних ресурсов, необходимость точного расчета времени, огромное психологическое напряжение.

К положительным сторонам участия в конкурсах можно отнести:

- развитие компетенций педагогов, развитие творческого потенциала, приобщение к исследовательской деятельности;
- развитие активной жизненной позиции, коммуникативных способностей, стремления к самосовершенствованию, самопознанию, самоактуализации;
- создание благоприятной мотивационной среды для профессионального развития педагогов;
- внедрение новых педагогических технологий;
- повышение рейтинга не только отдельного педагога, но и школы в целом и др.

Есть в конкурсах профессионального мастерства и издержки:

- проблемы в организации трудового дня, т.к. не хватает времени;
- стрессовость, напряженность ситуации, которая может принести не только признание и успех, но и неудачу.

Подготовка и участие в конкурсах становятся настоящей школой повышения уровня педагогической компетентности.

Но, почему же не каждый педагог стремится попробовать свои силы в педагогических конкурсах? Тут возникают проблемы: пассивность и сопротивление педагогов участию в конкурсах, внутренняя неготовность педагогов к самопрезентации, отсутствие ситуаций, когда у педагога появляется такая потребность, педагоги не хотят участвовать в конкурсах, так как испытывают трудности, составляя документацию к конкурсу. Для кого-то сложно систематизировать накопленный педагогический опыт, пугает огромное количество материала для представления своего опыта.

Мотивация педагогов в образовательном учреждении – непростая система, выстроенная методической службой, администрацией учреждения, которая приводит к абсолютному успеху всех его сторон. Такая система мотивации может быть создана благодаря:

- системе поощрений за высокие результаты;
- присвоение определенного статуса успешным педагогам;
- информирование всех членов коллектива о позитивных результатах;
- визуальное воплощение этого рейтинга (доска почета, угол победителя);
- формирование определенного мнения о самом процессе соревнования: если педагог понимает и осознает свои преимущества, если он открыл в себе что-то новое, он заслуживает признания и поощрения, он хочет поделиться своими мыслями, наработками и участие в конкурсах профессионального мастерства помогут ему вырасти.

На протяжении нескольких лет, в рамках деятельности областных методических объединений, совместно с различными организациями дополнительного образования, КГКП

«Учебно-методический центр развития образования Карагандинской области» проводит конкурсы профессионального мастерства. Многие из них стали традиционными и проводятся ежегодно. Так, например, с 2012 года проходит Областной практикум мастер-класс для педагогов дополнительного образования художественно-эстетического направления «Өнерлі шебер». Этот практикум направлен на изучение интересных и разнообразных технических приемов работы художественными средствами рисования, расширению арсенала практических навыков, способствующих росту мастерства среди педагогов дополнительного образования. В рамках программы практикума проводятся мастер-классы ведущих педагогов изобразительного искусства Карагандинской области и членов Союза художников Караганды. Ежегодно практикум мастер-класс охватывает более 50 педагогов дополнительного образования из Караганды и Карагандинской области. Это нужное и полезное мероприятие, которое способствует не только росту профессионального мастерства, обмену опытом, но и дает возможность каждому участнику, поделиться своим внутренним миром, настроением, видением с окружающими.

С 2016 года проводится областной конкурс «Сиқырлы элем» для учителей художественного труда общеобразовательных школ Карагандинской области. За эти годы в конкурсе принимали участие от 20 до 40 педагогов области. В рамках конкурсной программы ведущими педагогами детских художественных школ и школ искусств Карагандинской области проводятся мастер-классы на различные темы.

Региональный конкурс исполнительского мастерства среди преподавателей детских музыкальных школ и школ искусств «Шабит шаттығы» проводится с 2015 года с целью поддержки творческого потенциала педагогов – музыкантов организаций дополнительного образования для детей. Ежегодно в конкурсе принимают участие более 100 педагогов из разных регионов Карагандинской области. Особенной популярностью этот конкурс пользуется у педагогов отделения казахских народных инструментов, поэтому в 2019 году было решено, для педагогов этого отделения, провести отдельный конкурс, в котором приняло участие 27 солистов и 11 ансамблей казахских народных инструментов. Конкурс оценивает профессиональное жюри, состоящее из ведущих деятелей культуры и искусства Республики Казахстан.

С февраля 2020 года проходит областной конкурс профессионального мастерства преподавателей музыкально-теоретических дисциплин детских школ искусств и детских музыкальных школ «Асыл мұра». Конкурс призван стимулировать деятельность и повышать профессиональное мастерство преподавателей, способствовать обмену опытом между преподавателями музыкально-теоретических дисциплин. В конкурсе принимают участие дипломированные педагоги в номинациях: «Сольфеджио» и «Музыкальная литература». Конкурс не имеет аналогов в Республике и высоко оценен, как участниками, так и членами жюри.

Развитие профессионализма – это длительный, развёрнутый во времени процесс овладения профессией; но, если учитель равнодушен к своему делу, способен чутко реагировать на любые изменения образовательного процесса, находится в потоке инноваций и творческого поиска, участвует в конкурсах профессионального мастерства и этим самым подает пример своим воспитанникам - он обязательно будет успешен!

Литература:

1. Багаева И.Д. Профессионализм педагогической деятельности и основы его формирования у будущего учителя / И.Д. Багаева - Усть-Каменогорск, 2011.
2. Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя / В.И. Загвязинский. - М.: ИНФРА, 2011.
3. Клименко Л.Н. Профессиональное самообразование педагога / Л.Н. Клименко // Психология: проблемы практического применения: материалы междунар. науч. конф. (г. Чита, июнь 2011 г.). - Чита: Издательство Молодой ученый. 2011.

Бейсембаева Б.К.

ДИАЛОГ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

В современном, быстро меняющемся мире, функциональная грамотность становится одним из базовых факторов, способствующих активному участию людей в социальной, культурной, политической и экономической деятельности, а также обучению на протяжении всей жизни.

Начальная школа занимает особое место в развитии ребенка. В жизнь ученика входит учебная деятельность, и она становится главной. Учителям начальных классов необходимо научить детей «добывать» знания в самостоятельном поиске, уметь анализировать, контролировать и оценивать свою работу и работу одноклассников, представлять доказательное решение, уметь признавать ошибки и исправлять их, уметь сотрудничать. Все более значимым становится приобретение учащимися знаний в самостоятельном поиске. Цель учителя не в том, чтобы ученик знал как можно больше, а в том, чтобы он умел действовать и решал проблемы в любых ситуациях.

Приоритетные средства для этого – культура речи и культура общения. Эту проблему можно решить через учебный диалог.

Что же такое диалог? Диалог – это разговор между двумя и более лицами, беседа-это непринужденный разговор. И самое главное диалог и беседа – это инструмент диалогового обучения.

На современном этапе, диалогу на уроке отводится главная роль. Ученик становится не пассивным слушателем, а активным участником учебного процесса.

Результаты научных исследований показывают, что диалог занимает центральное место на уроке. Мерсер и Литлтон (2007) в своей работе показали, что диалог в классе может способствовать интеллектуальному развитию учеников и их результативности в обучении. В исследовании подчеркивается, что интерактивное общение, как с взрослым, так и совместная работа со сверстниками способствует обучению детей и их когнитивному развитию.

Ученики начальных классов, часто испытывают трудности в общении на уроке, не умеют слушать друг друга, стесняются выражать открыто свои мысли, не умеют тактично поправлять, не умеют задавать вопросы, дополнять ответы одноклассников. Поэтому диалогическую речь необходимо развивать на каждом уроке будь то русский язык, математика, познание мира, литературное чтение. Для этого учитель в своей работе должен использовать методы и приемы диалогического обучения.

Диалоговое обучение - это интерактивное обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие ученик – учитель, ученик – ученик. По моим наблюдениям взаимодействие ученика в паре и в группе при диалоговом обучении наиболее плодотворно влияет на понимание и сознание ученика. Ученики легче обучаются в случае, когда имеется возможность диалога с другим, более знающим, в роли которых могут выступать одноклассники или учитель.

При этом роль учителя:

-дает высказаться, управляет темой разговора;

-уместностью и правильностью того, что говорят ученики и тем, когда и как ученики могут говорить.

Если учащиеся работают в группе или в паре, они вынуждены вести друг с другом беседу без вмешательства учителя. Вопрос возникает в том, как эта беседа будет организована.

Обучение диалогу происходит через кумулятивную и исследовательскую беседы.

Типы бесед: беседа-дебаты, кумулятивная беседа, исследовательская беседа.

Кумулятивная беседа, это беседа в которой каждый принимает участие и соглашается с тем, что говорят другие. Такая беседа используется для обмена знаниями, но участники беседы терпимы по отношению к идеям других. Идеи повторяются и разрабатываются, но не всегда тщательно оцениваются. В исследовательской беседе, каждый предлагает уместную информацию. Идеи каждого расцениваются как полезные, но проходят тщательную оценку. Участники задают друг другу вопросы, спрашивают и обосновывают то, что сказано; таким

образом, обоснование «прослеживается» в беседе. Участники группы стремятся достичь согласия (хотя важен не факт достижения согласия, а стремление к нему).

В свою очередь беседы и их тип строятся на поставленных вопросах, которые ориентированы на развитие критического мышления и оценку степени понимания обсуждаемого материала.

Тип вопроса определяется в зависимости от возрастных особенностей учащихся и их потребностей. Для кумулятивной беседы ставится вопрос низкого порядка, для исследовательской – вопрос высокого порядка.

Как это происходит на практике?

Для того, чтобы состоялась кумулятивная беседа, учащимся ставится вопрос (чаще всего «закрытый»), который они обсуждают в паре или в группе.

Например: на уроке познания мира при изучении темы «Горные породы» на этапе вызова ставится вопрос «Что такое горные породы» сначала учащиеся его обсуждают в паре, затем в малой группе, приходят к одному общему выводу и выдают его в виде кластера.

Это заставило их анализировать собственные знания, определять их уровень, понимать, что к тому, что ему известно будут добавлены новые знания. Тем самым знание становится прочным. Таким образом, помогая учащимся реконструировать предыдущие знания и представления, старалась заложить основы для того, чтобы достичь долгосрочного понимания новой информации.

На этом же уроке учащиеся самостоятельно определяли тему и цели урока по опорным словам. Самостоятельное определение темы и цели урока способствовало саморегуляции учащихся. Я считаю, что цель, поставленная самостоятельно учащимся, более сильна, чем цель навязанная извне.

Для того, чтобы состоялась исследовательская беседа, учащимся ставится вопрос высокого порядка, предполагающий несколько идей или вариантов, задача учащихся – предложить, доказать и сделать вывод. В малой группе ставится вопрос, ответив на который, нужно провести классификацию, выявить закономерность, представить результат. В большой группе ставится вопрос, ответив на который нужно сравнить, сделать выводы и представить результат.

Например: «На основе данных примеров сделайте вывод: когда пишется ь знак на конце имен существительных после шипящих». Учащиеся, работая в группе, предлагают свои доводы, совместно выбирают наиболее правильный, по общему мнению, и представляют его.

Таким образом, через диалог я подвожу ученика к самостоятельному открытию новых знаний. Диалог состоялся между всеми участниками учебного процесса: учитель-ученик, ученик-ученик, в результате чего и происходит формирование ключевых компетенций.

Наблюдая за тем, как проходили обсуждения в группах на начальном этапе своей работы, я увидела проблему в том, что ученики не могут правильно и логически построить свою беседу. Возникает вопрос: как им помочь?

Важное место в обучении диалогу занимает постановка вопросов и их формулировка. Поэтому формулирую вопросы на уроках не только я, но и сами ученики.

И эта работа даёт определённый результат.

Исходя из выше сказанного можно сделать вывод, что такая работа:

- позволяет ученикам выражать свое понимание темы;
- помогает им осознавать, что у людей могут быть разные идеи;
- содействует аргументированию учениками своих идей;
- помогает учителям понять, на какой стадии находятся их ученики в процессе своего обучения.

В дальнейшем такие умения позволят перейти к такому виду бесед, как беседы-дебаты, в которых существует большое расхождение во мнениях и каждый приходит к своему решению, предпринимается небольшое число попыток объединить ресурсы, а общение часто происходит по типу «Да, это так!» – «Нет, не так!».

На уроках диалоговое обучение проходит сквозь использование методов и приемов критического мышления. В ходе диалогового обучения учащиеся учатся критически мыслить, решать сложные проблемы на основе соответствующей информации, принимать продуманные решения, общаться.

Как известно, исследовательский разговор, аргументация и диалог способствуют развитию высокого уровня мышления. При диалоговом обучении постановка вопросов является ключевым навыком, но при условии, что они становятся эффективным инструментом для преподавания.

Например, на уроке познания мира по теме «Гранит» этапе обобщения я использовала вопросы высокого и низкого порядка через прием критического мышления «Тонкие и толстые вопросы».

Работая сначала в парах, ученики придумывали 2 «тонких» и «толстых» вопроса и записывали в таблицу. Затем в группе вопросы обсуждались и выбирались наиболее интересные, сложные вопросы. Эти вопросы были необходимы для проведения игры «Перекрёстный бой», когда учащиеся одной группы задают вопрос другой группе.

Благодаря диалогу, на уроке не было пассивных, все думали и выражали свои мысли. Диалог приводит к интенсивному развитию речи. Решение одной и той же задачи разными группами детей позволило сопоставлять и критически оценивать работу, рождал взаимный интерес к работе друг друга.

Завершение обсуждения должно быть связано с подведением итогов, обобщением сказанного. Выводы фиксируются как по ходу, так и по окончании разговора.

Для проведения итоговой рефлексии можно использовать такие вопросы.

1. Ответили ли мы на вопрос, поставленный в начале диалога?
2. В чем мы не достигли успеха и почему?
3. Отклонялись ли мы от темы?
4. Все ли принимали участие в обсуждении?

В системе уроков-дискуссий выводы предыдущего урока могут стать отправной точкой для перехода к следующей теме. Тогда отдельный урок становится составной частью педагогической деятельности диалогического типа.

Таким образом, эффективность учебного диалога определяется с точки зрения достижения тех обучающих и воспитательных целей, которые стоят перед процессом обучения.

Диалог помог мне в классе объединить учащихся в группе. Речь учащихся стала приобретать связь. Работая в группе и самостоятельно добывая знания, у детей возрастает глубина понимания учебного материала, повышается познавательная активность и творческая самостоятельность. Меняется характер взаимоотношений между детьми, укрепляется дружба в классе, сплочённость класса резко возрастает, дети лучше понимают друг друга и самих себя, растёт самокритичность, они точнее оценивают свои возможности, лучше себя контролируют.

Я увидела, что учащиеся готовы к переменам в личном обучении, они с интересом принимают участие в разных видах работ, хотят думать и размышлять. Если раньше слабые ученики старались отмолчаться, отсидеться, то теперь с огромным желанием и интересом принялись за учёбу, стали лучше готовиться к урокам, с интересом работают в паре и в группе. Робкие не решительные ответы учеников стали более полными. Сами ученики отметили, что класс стал лучше работать сообща, уроки проходят интересно, живо, знания становятся прочными.

Обучая учащихся вести диалог, мы должны научить их выполнять определенные правила диалогового взаимодействия, которые гарантируют им успех коммуникации. В процессе диалогового обучения, на занятиях организуется индивидуальная, парная работа, в процессе которой изучаются различные источники информации, создаются условия для творческой деятельности.

Таким образом, использование диалоговых форм на уроках позволяет нам развивать функциональную грамотность, а в результате формировать компетентно-ориентированную личность, в том числе коммуникативную и социально-адаптированную.

Литература:

1. Бабанский Ю.К. Проблемное обучение как средство повышения эффективности учения школьников. Ростов-на-Дону, 2017.
2. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. М. Педагогика, 2011.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынов: «... Ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім» деген оқытудың дидактикалық негіздерін атап айқан еді. Осы сөз неше жыл өтсе де өзінің құндылығын жоймады. Себебі: білімімізді толықтырып, өмір ағымынан бос қалмайық деген ниетпен 3 (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша оқып-үйреніп, алған білімімізді іс-тәжірибемізге енгізудеміз. Бұл бағдарлама оқушының жан-жақты дамуына, алған білімін өмірде пайдалана алуына барынша жағдай жасауға үйрететін 7 модульден тұратынын үйреніп, өз іс-тәжірибемізге енгізіп жүрміз. Бұрынғы дәстүрлі оқытуда оқушы – білім мен дағдыны дайын күйінде игеріп, білім беру мен өмір сүрудің мақсатын дайын түрде қабылдап, мұндай білім тек механикалық түрде есте сақталып, қажетке жарамай қалатынын ұқтық. Оны оқушы өмірде тиімді пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету деп көрсетілген.

«Сабақ беру-үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан-жаңаны табатын өнер» деген Ж. Аймауытовтың сөзін назарда ұстап, сабағымды түрлендіре өткізуге тырысып, оқушыларды сыни ойлауға үйретуге баса назар аударамыз. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді» деп көрсетілген. Бұл айтылған ойды іс-тәжірибе кезінде бір сәтке де естен шығармай, үнемі сабақтарымда тапсырмаларды ұйымдастыру барысында қолданып отырамын. Мәселен, оқушыларды топқа бөлуде жаңа сабақпен байланыстыра отырып, «Топқа бөлінудің сыры неде?» деген сұрақтар қою арқылы оқушыларды сыни тұрғыда ойлануға итермелеп, болжам жасатамын. Оқытудың қарапайымнан күрделіге қарай принципіне сәйкес сыни тұрғыда ойлауға арналған тапсырмалар мен сұрақтарды бірте-бірте күрделендіруге тырысамын. Мысалы оқушыларға топтастыру, тұжырымдамалық карта жасаудан постер құрау, Венн диаграммасына салып салыстыру, Т кестесін құру, «Не білемін?», «Не білдім», «Нені білгім келеді?» кестесін толтыру сияқты тапсырмаларды атап өтер едім.

Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету өте маңызды, себебі бүгінгі күннің талабына сай әр оқушы өз ойын еркін айта білуімен қатар қиялы мен шығармашылығын дамыту керек екендігін қажет етеді. Мәселен, Венн диаграммасына түсіргенде оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау қызметіне салыстыра білу қабілетін дамытуға пайдалы әсер береді. Сонымен қатар өткен тақырыпты және жаңа тақырыпты бекіту үшін де бұл стратегия тиімді болып есептеледі. Бұл тапсырманы орындағанда оқушылардың сабақты толық меңгергендері көрініп тұрады.

«Білемін, білгім келеді, үйрендім» әдісі де барлық сабақтарға қолайлы әдістің бірі. Оқушылар сабақты тиімді меңгеру үшін барлық рәсімдерді жасай алады яғни, не білетіндерін ойға түсіріп, сұрақтар қойып, сабақта не үйренгендерін түйіндей біледі. Оқушыларды сыни тұрғыда ойлануға үйретудің тамаша тәсілі-Эссе жазу деп білдім. Өйткені: бұл стратегия арқылы оқушылардың тіл байлығы артып, өз ойларын жүйелі жазбаша баяндау дағдылары қалыптасады. Эссе критерийлеріне сай оқушылар бір-бірінің жұмыстарын бағалап, «Оқытуды бағалау және оқуды бағалау» модулімен ұштастырып отырамын. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деген сөзін назарда ұстап, «Невада-Смей» азаматтық қозғалысы атты сабағымда «Экология-өмірдің соғып тұрған жүрегі» тақырыбына тоқшоу ұйымдастырдым. Оқушылар дәрігер, суретші, ғалым, қоршаған ортаны қорғау министрі рөлін сомдай отырып, адамның денсаулығының қалыпты болуына таза ауаның, экологияның ықпалы зор екендіктерін сыни тұрғыда ойлана отырып жауап берді. Дәрігерлер адам денсаулығын таза ауада серуендеу, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану арқылы сақтауға болады деген тұжырымға келсе, суретшілер елімізде ядролық сынақтан зардап шеккен табиғатты, яғни қураған ормандар мен қираған таулардың орнын сырлы бояулары арқылы

қалпына келтіре алатындарын айтты. Ғалымдар ғылым мен техниканың дамуы адам ағзасына өте зиян екендіктерін баяндады, тіпті қарапайым машинадан шыққан газ бен түтіннің өзі ауаны ластайтынын айтты. Оқушыларымының әр саладағы мамандық иелерінің рөліне ене отырып, ой қозғаулары тақырыпты түсінгендіктерінің, логикалық ойлау қабілеттерінің жоғарыекендіктерін танытты.

Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысына қарай отырып, ой- толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да, жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданылған оқыту әдістерінде мұғалім басты орын алып, оқушы тек тындаушы ғана болса, қазіргі сыни тұрғысынан шыңдалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сыни тұрғысынан ойлау- өте күрделі маңызды құбылыс.

Жалпы аталған модульді терең түсініп, қыр-сырына қанығып, іс-тәжірибемізде күнделікті жүйелі, жоспарлы түрде қолдансақ, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерінің артатынына, өз бетінше тұжырым жасап, қорытындыға келу, ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білуге қабілеттерінің мол болатынына көзім жетті. Сыни тұрғыда ойланудың маңыздылығын оқушыларымының мынандай әрекеттерінен байқадым. Белсенді іс-әрекетте болды, басқалармен қарым-қатынас жасады, қажет болған жағдайда достарының пікірімен санасып, өз көзқарасын өзгертті, топтық тұжырымға келе білді, топ алдына шығып, өз тұжырымын ашық, қысылмай жеткізе білді. Оқушыларымымен бірге өзім де сыни ойлауға үйрендіміз. Өйткені: Ойлантуға ықпал ететін сұрақ даярлауда, түрленген тапсырмалар әзірлеуде іс- тәжірибе басында біршама қиналып, ізденуге тура келді. «Көш -жүре түзеледі» демекші, біраз төселген соң қиындықтар артта қалғандай көрінді.

Әдебиетер:

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы:Мектеп, 1999.
2. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және нормалары.-А.,2016.

Башанова А.Е.

Жезқазған қ., №8 гимназия

САБАҚТАРДА ӘР ТҮРЛІ ОЙЫН ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі бөлігі болып табылады. Келешек ұрпақты сауатты етіп тәрбиелеу Қазақстандағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында көрсетілген болып, онда оқушылардың құзыреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін дамыту көзделген. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманда білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру ең өзекті мәселеге айналып отыр.

Әлемнің дамыған елдер қатарына ену үшін маңызды осы стратегиялық міндеттерді шешу жағдайында тұлғаның шығармашылықпен ойлауы мен мәселелерді жаңаша шешім табу қабылдау қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, өмір бойы ізденіп білім алуға дайындығы, яғни бүгінгі жаһандану заманының ағымына сай болу – оның басты функционалдық қасиеттері болып табылады. Аталған функционалдық біліктер мектеп және отбасында қалыптасады.

Функционалды сауаттылық оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей

өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз адамдардың сыртқы ортамен, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, өз білімін үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Тұлғаның оқу, ұғыну, қысқа мәтіндерді жасау және жеңіл арифметикалық амалдарды орындаудағы қарапайым сауаттылығына қарағанда, жеке тұлғалық сауаттылықтың айырмашылығы тұлғаның нақты мәдени ортада тіршілік ету үшін біліктілік, икемділік пен дағдылар, яғни функционалдық сауаттылық болып табылады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың ролін айқындау және түсіне білу, математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға. Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш сыныптарда жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға деген талпыныс, ізденушілік, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қалады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дамиды. Осы жасқа сай келетін мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралап, талдау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту оңай мәселе емес. Қазіргі сәтте дәстүрлі емес сабақтар жаңартылған білім мазмұны бойынша әр-түрлі әдіс тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады.

Іскерлік, шығармашылық бірлесіп жасау, сабақ барысында жеке, жұптық, топтық түрде араласып жұмыс жүргізу жаңартылған білім мазмұнының бір бөлегі болып есептеледі. Олай болса кез-келген оқу пәні оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құралы бола алады. Мысал ретінде математика сабақтарында оқушылармен деңгейлеп оқыту, топтық, жұптық жұмыстар жүргізіледі.

Математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытудың мақсаты – оқытуда инновациялық әдістерді, заманауи білімдік және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын екі негізгі міндеттерді шешу арқылы қалыптастыру мүмкіндігі бар: Оқушының әлеуетіне сәйкес, яғни баланың өзінің білімдік деңгейіне сай келетін және жеке тұлғаның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін, білім беруді іске асыру мүмкіндігіне, оның ішінде өзіндік білім алу жолымен жету.

АКТ құралдары мен өз қабілеттерін іске асыруда әр оқушыда шығармашылық әлеуметтік мәнді қызмет тәжірибесін қалыптастыру. Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда келесі пәндік және функционалдық сауаттылық қалыптасуы тиіс:

режелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану біліктігін;

қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларын;

ауызша және жазбаша есептеулерді тиімді пайдалана отырып, практикалық есептеу техникасын;

математикаға тән ойлау стилін, оның абстрактылығын, дәлелденуін, қатандығын; дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасау біліктігін;

математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігін;

жоспар бойынша әртүрлі әрекеттерді жоспарлау орындау білігін;

өзін-өзі бақылау жүзеге асыруды;

өз іс әрекетін бағалауды;

оқу қызметінің әртүрлі формаларында коммуникативтік қабілеттерін қолдана білуі қажет. Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту – білім беру мамандарына артылған жауапты міндет екенін түсінгеніміз жөн.

Функционалдық сауаттылық қалыптастырудың әдістері:

1. Мән беріп оқыту технологиясы
2. Диалогтік оқыту
3. Сұрақ-жауап әдісі
4. Ойын түрлері
5. Блум жүйесі.

Сабақта функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы, алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Бастауыш сыныптарда оқушылар сандық өрнектермен арифметикалық амалдарды орындаумен шектелсе, алгебра, геометрия, тригонометрия элементтеріне енген сайын басқа жаңа талаптар қойылады.

Мұғалім оқушыны математика пәнінің қыр сырына үйрету үшін оған математикалық сауаттылықты сақтау жөнінде күнделікті қатаң талаптар қойып, орындалуына мұқият зер салуы керек. Сонда оқушы математикалық өрнектерді оқуда, жазуда және сызбаларды сызуда сауаттылық көрсетіп, тәртіпке бейімделеді де, есептерді де алгоритм немесе логика бойынша тез, сауатты шеше алады, сабаққа да ынтасы арта түседі. Сауаттылық қызметі – алған білім, білік, дағдысын күнделікті іс – әрекетте пайдалану біліктілігі. Оқушылардың танымдық әрекет амалдарын меңгеруін есепке алып, алгоритмдік есептерден эвристикалық типтегі есептерге көшу кезінде оқу-зерттеулік есептер көбейе түсетін өзара байланыс түрі өте тиімді. Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру дағды мен іс әрекет негізінде өздігінен ізденетін, өздігінен шешім қабылдайтын, нарық заманында өмір сүріп, адал еңбектенетін, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр» деген болатын. Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады. Ал ел тағдыры, оның келешекте кемелді ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы

негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Бейсембаева Б. К.

Ұлытау ауданы, білім бөлімінің әдіскері

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп атап көрсетті. Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім, ғылым, тәрбие қажет. Ендеше, санасына сызат түспеген періште көңіл сәбиді өмір баспалдағына жетелеп, білім мен тәрбиенің ақ желкеніне отырғызып, рухани дүниесін байытып, біліммен нәрлендіретін, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай «Мәңгілік елдің» білімді де тапқыр дара тұлғаны қалыптастыратын -ұстаз.

Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық дегеніміз-математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру - математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.
2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шындай түседі.
3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шындайды.
4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.
5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру
- ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану.

Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функциональдық сауаттылығы да артады. Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру - өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді.

Жаңа технологияның тиімді әдіс - тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу - ұстаздардың басты міндеті. Жаңа технологияның тиімділігі сол, оқушы:

- мақсат қоюға үйренеді;
- есте сақтау қабілеттері дамиды;
- басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
- кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;
- қатарынан қалмауға тырысады;
- дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;
- әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.
- күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.
- білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді
- өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады

Мұғалім:

жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
оқушыны жан-жақты танып біледі;
қарым қатынас орнатады;
оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
оларға шығармашылық еркіндік беріледі.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз. Сондықтан оқушылардың функциональдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша «білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау» деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;

Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;

Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;

Халықаралық зерттеулер мен Ұлттық емтихандардың нәтижелері бойынша мектепте оқушылармен мақсатты түрде жұмыс істеу;

Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды үйрену.

Мектеп оқушыларының функциональдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Тұлғаның ең басты функциялық сапалары: белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға бейімделуі, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмірлік білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Ал бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады: - білу (еске түсіру).

Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу; қолдану (байланыстарды орнату).

Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу, ойлау (пайымдау, тұжырымдау). Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, математика пәнін терең білудің маңызы зор. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.
2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.
3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.
4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.
5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру,
- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функционалдық сауаттылығы да артады.

Елбасымыз өз жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады»- деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Міне, математика – адамның ақыл-ойын, сана-сезімін, ойлау қабілеттерін дамытатын бірде бір құрал. Сондықтан да математиканы дамыта оқыту күн тәртібінде ең бірінші тұрған мәселе. Ұстаз қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсаты біреу, ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, А.П. Конфоровичтің «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген сөзін ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға

келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ете берейік. Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығаруға міндеттіміз.

Әдебиеттер:

1. Бұзаубақова К.Ж. «Инновациялық педагогика негіздері» Алматы, 2019 ж.
2. Границкая А.С. Оқытудың жүйелі қалыптасқан технологиясы// М., 2004, 4-15 б.
3. Журнал «Математика Қазақстан мектебінде» Алматы 2014.

Бейсенбай Г.О.,

Шет ауданы, Нұраталды ЖББ мектебі

Смагулова Ж. С.

Шет ауданы, Ақсу негізгі орта мектеп

ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ

Қазіргі кезде заман талабына сай, мектептің, ұстаздардың алдына қойған мақсаты - мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігі мен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл тек ұстаздардың ғана емес, сонымен қатар қазақтың көне салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тірліктерін, қолөнерін жадымызда ұстау, келешек ұрпаққа үйрету, ата-бабаларымыздың дәстүрін ұмыт қалдырмау.

Бүгінгі таңда қолөнерді оқыту үрдісінде көшіріп салу, дайын жобалық нобайлармен жұмыс жасау орын алып келеді. Әрбір оқушының қоршаған ортадан алған әсері, көркем дүниені қабылдауы, жүрегімен сезінуі, түсінуі әр алуан. Сондықтан оқушының жеке дара қабілетін ескеріп, өз бетімен ізденуге жағдай туғызу керек және өз ойын еркін жеткізіп бейнелеуге, шығармашылық жұмыс жасауға жұмылдыру біздің басты парызымыз.

Осыған орай, қазақ қолданбалы қолөнеріндегі кеңінен тараған қолөнер түрлерін оқушыларға көркем еңбек сабағында таныстыру, осы бағытта баули отырып, эстетикалық тәрбие беру, жастарды халық қолөнерінің көп ғасырлық үрдісіне негіздеу қалыптастырылады.

Ұлттық мектептің мәні өз шәкірттеріне халқының мәдениетін терең, жан-жақты үйрету, олардың санасына, ұлтына деген көзқарасын, құрмет пен мақтаныш сезімін сіңіре білуде, басқа ұлттардың мәдениетін қадірлей білуге ұштастыру болып табылады.

Сабақта әдеби шығармаларды оқып, талдау жұмысын жүргізгеннен кейін оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, бүгінгідей өзгермелі өмірге бейімделуі арқылы қадамын нық жасауға батылдық танытуы, бәсекелестіктің артып тұрған шағында жаңалықтың жаршысы болатын креативті бастамаларымен жаһанға керек, сұранысқа ие тұлға болып танылуға әдебиет сабағындағы шығармалардың берері көп. Ал, ол құндылығымызды функционалдық сауаттылықпен біріктіре алсақ, маңызы зор болмақ.

Әдебиет:

1. А.Байтұрсынұлы. Тіл құрал. Алматы: Ана тілі. 1992.
2. С.Ч.Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова.7-сынып «Қазақ әдебиеті» оқулығы. Астана: «Арман-ПВ» баспасы. 2017жыл.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. Астана. Үкімет Үйі. 25 маусым 2012 жыл.

Ерназарова А. Г.

КГУ «Школа-лицей №19», г. Самнаев

ПОВЫШЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА И РЕЗУЛЬТАТОВ ОБУЧЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Основная цель обучения в начальной школе - научить каждого ребенка за короткий промежуток времени осваивать, преобразовывать и использовать в практической деятельности огромные объёмы информации. На учителей, работающих в начальных классах, возлагается большая ответственность, ведь именно они закладывают в душах маленьких детей «семена знаний», которые будут прорастать в последующих классах.

Важным средством повышения эффективности урока является многообразие видов деятельности на уроке. Младшие школьники усваивают знания лучше, если на уроке чередуются разнообразные и непродолжительные виды работы. Однако следует учитывать, что многообразие видов деятельности учащихся само по себе не обеспечивает их активности, если оно не обусловлено целью урока, не является ее выражением.

Хотелось бы акцентировать ваше внимание на том, что дети данной возрастной категории очень подвижны, у них произвольное внимание непрочно. Это создает некоторые трудности при изучении нового теоретического материала. К. Д. Ушинский отмечал, что «ребенок требует деятельности беспрестанно и утомляется не деятельностью, а ее однообразием и односторонностью». Поэтому для улучшения образовательного процесса, для повышения внутренней мотивации к изучению русского языка я использую игровые технологии, так как игра является основным видом деятельности младше классников. Во-первых, это помогает при создании благоприятной дружеской атмосферы на моих уроках, так как дети чувствуют себя непринужденно и весело. Во-вторых, это обеспечивает максимальную вовлеченность учащихся в образовательный процесс. В-третьих, это повышает интерес к изучению русского языка.

Учебники нового поколения для младших школьников составлены таким образом, что каждое задание направлено на развитие навыка читательской грамотности, на развитие логического мышления и сообразительности. Тем не менее, эти же задания можно преподнести в игровой форме. Для развития навыков функциональной грамотности я предлагаю учащимся следующие задания: «Установите соответствие», «Кубизм», «Проранжируйте действия Саната»,

«Заполнение сюжетной линии», «Исключите лишнее» и т.д.. Так, при изучении раздела «Еда и напитки», я предлагаю ученикам 1 класса распределить на интерактивной доске предложенные продукты питания на вредные и полезные. Дети с радостью выполняют это задание, аргументируя свой выбор.

Распределите продукты питания на ...

полезные	вредные
	
	
	

Для учащихся 1-2 классов я подбираю и составляю самые простые игры, которые способствуют развитию памяти и сообразительности. В последующих классах игры усложняются.

Большое внимание в своей работе я уделяю ролевым играм. В ролевой игре должны иметь место условность, серьёзность и элементы импровизации, в противном случае она превратится в скучную инсценировку. Помимо всего вышперечисленного, игры на уроке можно применять с целью преодоления познавательного эгоцентризма и расширения познавательных и коммуникативных способностей учащихся. в этом случае игры должны быть групповыми. Рассмотрим некоторые из игр, наиболее подходящие для групповой работы учащихся.

1. «Вытащи вопрос». Данная форма работы обращена к проблеме постановки вопросов. Учителям необходимо объяснить ученикам, что в современном мире информация меняется с высокой скоростью, находиться в курсе дел можно только в том случае, если умеешь формулировать проблемы и задавать нужные вопросы. Данный вид работы может быть элементом урока, например, при освоении и закреплении материала. Начать можно с вопроса: «Знаете ли вы кого-нибудь, кто задает интересные вопросы? Можете ли привести пример интересного предмета по нашему предмету? А теперь задайте скучный вопрос. Кем бы вы хотели стать: человеком, который умеет задавать хорошие вопросы, или же человеком, который умеет выдавать хорошие ответы? Предлагаю вам игру, в которой вы сможете придумать интересные вопросы по нашей теме. Мы запишем эти вопросы на карточках, сложим их и перемешаем. Потом вы по - очереди будете вытаскивать вопрос и постараетесь ответить на него. После ответа выскажите свое мнение о том, интересен ли был вопрос и чем именно».

После занятия стоит проанализировать его с помощью вопросов:

- какие вопросы ученикам понравились,
- какой ответ показался более удачным,
- доставило ли ученикам удовольствие придумывать вопросы.

2. «Домики». Дети очень любят «заселять домики» существительными на уроках русского языка. Это простая игра, которую можно использовать на любом из этапов урока. Эту игру можно использовать на итоговом уроке при изучении темы «Имя существительное». Домики: «Одушевлённые имена существительные», «Неодушевлённые имена существительные», «Собственные имена существительные», «Нарицательные имена существительные». Ученики с радостью выполняют это задание.

3. «Хоккей». Младших школьников нетрудно заинтересовать изучением русского языка. Но даже простой диалог можно преподнести так, что работа эта не покажется детям скучной и утомительной. Для этого достаточно придать беседе увлекательный характер, включив в беседу

элементы соревнования. «Хоккеисты» забивают гол в виде ответа на вопрос. Форма игры захватывает детей, и они с удовольствием отвечают на вопросы.

4. «Составление связных рассказов». Очень важно на уроках русского языка развивать воображение детей. Воображение ребенка развивается постепенно, по мере приобретения им реального жизненного опыта. Для развития воображения и творчества детей, необходимо расширять реальный жизненный опыт. Здесь помогают игры на составление связных рассказов с использованием отдельных слов, а затем инсценирование. В данном задании учащимся дается только начало какого-то рассказа.

Очень важно научить детей понимать прочитанный текст. Понимание текста зависит от многих факторов: способности сосредоточить внимание, подключить воображение, сохранить в памяти текст, уметь сравнивать и т.д.

5. «Целенаправленное установочное чтение». Например, для тренировок в правильности чтения, я использую прием взаимопроверки: ученик читает 1 абзац своему соседу, тот следит за правильностью и отмечает ошибки. Затем роли меняются – другой ученик читает следующий абзац. Цель данного упражнения: развитие памяти, внимания, правильного восприятия.

6. «Игра в прятки». Ведущий начинает читать не с начала, а с любого места, называя только страницу, остальные должны найти это место в тексте и подстроиться под чтение ведущего. Дети очень радуются, когда первыми успевают найти абзац, который читает ведущий.

7. «Мнимое слово». Цель игры: развитие внимания. Учитель в ходе беседы произносит неправильные слова, учащиеся прерывают чтение и прочитывают слово с исправлением. Этот вид чтения привлекателен для учащихся тем, что они имеют возможность поправить самого учителя, что поднимает их собственный авторитет.

8. «Чтение за диктором». Слабо читающим учащимся помогает такой вид чтения. Диктором может быть и учитель, и хороший ученик, и аудиозапись. Данная игра развивает умение восприятия текста на слух, что способствует развитию навыков, как слушание и чтение.

9. Игра «Свой - чужой» также позволяет лучше соотносить правило с примерами. Класс делится на две команды: «Лисы» и «Зайчики». «Зайчики» называют правило, а «Лисы» должны привести пример к этому правилу. Если «Лисы» не ошибаются, то тот, кто задавал вопрос, переходит в их команду. Если «Лисы» допускают ошибку, то тот, кто отвечал, переходит в команду «Зайчиков». Побеждает та команда, в которой остается большее количество учеников.

Игра упорядочивает не только поведение ребенка, но и его внутреннюю жизнь, помогает понять себя, своё отношение к миру. Это практически единственная область, где он может проявить инициативу и творческую активность. И в то же время именно в игре ребёнок учится контролировать и оценивать себя, понимать, что он делает и учится действовать правильно. Именно самостоятельное регулирование действий превращает ребёнка в сознательного субъекта жизни, делает его поведение осознанным и произвольным.

Игровая ситуация в педагогике – это один из важнейших аспектов интерактивного обучения ребенка. Система применима не только по отношению к детям дошкольного возраста, но и в старшей школе. Со временем она трансформируется из учебной деятельности в общественно-полезную и профессиональную. Она оставляет отпечаток на процессе развития и формирования ребенка, позволяя охватить и запомнить большой объем информации.

Список литературы

1. Петров В.В. «Инновационные подходы к образованию в контексте формирующегося общества знания». Философия образования.-2009. №4, стр.81-86.
2. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петрова А.Е. «Новые педагогические и информационные технологии в системе образования». М., 2004.
3. Причинин А.Е. «Инновационное образование: основания принципов «упреждающей реальности». Образование и общество. 2012 г. №1, стр.61-68.
4. Селевко Г.К. «Педагогические технологии на основе информационно-коммуникативных средств». М.: НИИ информационных технологий, 2004 г., 224 стр.

Есимбекова С.Б.

физика пәні мұғалімі

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім біретін мектебі» КММ Бұқар – Жырау ауданы

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Қазіргі даму кезеңі, білім беру жүйесінің функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру мәселесін алға қойып, отыр. Еліміздің болашағы – жас ұрпақты оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, ролін айқындау, оны мектеп тәжірибесіне ендіру уақыт талабына сай келеді.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті - мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Функционалдық сауаттылықтың негізгі мақсаты тұлғаның алған білімдерін тек оқу жағдайында ғана емес, сонымен қатар әр түрлі өмірлік жағдайларда қолдану, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білу, алған білімдерін сын тұрғысынан бағалау, болжамдар ұсыну және зерттеулер жүргізу болып табылады.

Сондықтан қазіргі уақытта мектеп алдында физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор. Бұл тапсырмаларды қалай ұйымдастыру керек, тарау бойынша тақырыпқа сай етіп деңгейлеп, саралап таңдай білу ол мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Бүгінгі күнде физика пәнін сапалы оқыту ізденістері әр пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруді оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым - қатынастарға бейімдеу болып табылады. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы арқылы алуға тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық - ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Физика ғылымының ілгерілеген алғы шебін былай қойғанда, тіпті оның күнбе - күнгі тұрмыста жан - жақты орын тебе бастаған салаларын функционалдық сауаттылығы бар оқушылар еркін бойлап алуы керек. Физиканың ерекшелігі –ол қазіргі кездегі ауадай қажетті техникалық ғылымдардың негізі. Физика сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады, оқушылар біліміндегі формализми элементтерін жояды. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарлауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сондықтан стандартты емес, мәтіндік тапсырмаларды орындау оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, теориялық білімді тиімді пайдаланып, жауап іздеу процесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқушылар пәнге қызығушылық таныта отырып, өз білімдерін кеңейтеді, терең ойлауды дамытады, түрлі физикалық құбылыстар арасындағы байланысты түсінеді, табиғатта байқалатын құбылыстардың себептерін түсіндіруді үйренеді. Сонымен қатар

оқушылар нақты өмірде кездесетін мәселелерге барын жақын мәселелерді шешу үшін өз білімін қолдануды үйренеді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында физикадан мәтіндік есептерді шығару және қолдану тәжірибесімен бөліскім келеді.

8 сынып

Адам температурасы 20°C болатын теңіз суына түскенде 8 минут ішінде 200кал энергия жоғалтады. Бұл энергия адамның ауада осы температурада екі сағат ішінде жоғалтатын энергиясына тең. Адамның массасы 70кг, денесінің меншікті жылу сыйымдылығы $3000\text{Дж}/\text{кг}^{\circ}\text{C}$. ($1\text{кал}=4,2\text{Дж}$)

- 4 сағат ауада болған адамның жоғалтатын жылу мөлшерін анықта
- Теңіз суына түскен адамның 8 минутта жоғалтатын жылу мөлшерін анықта
- Адамның теңіз суында болу уақытын екі есе арттырса, оның жоғалтатын энергиясы қандай?
- Теңіз суында 8 минут болған адамның дене температурасының өзгерісі неге тең?
- Адамның мұхит суында болу уақытын екі есе арттырса, осы уақыт ішінде адам денесінің температурасының өзгерісі неге тең?

Есептің шығарылуы:

- 200кал энергия = адамның ауада осы температурада екі сағат ішінде жоғалтатын энергиясына тең, ендеше 4 сағат ауада болатын жылу мөлшері Q -?

$$200\text{кал} = \frac{200 \cdot 4,2}{1} = 840\text{Дж}$$

$$4\text{сағат} \div 2 = 2\text{сағат}, 840\text{Дж} \cdot 2 = 1680\text{Дж}$$

- 8 мин, $Q = 840\text{Дж}$

- $Q = 1680\text{Дж}$

- 8 мин, $Q_1 = 840\text{Дж}$; Δt_1 -?

$$Q_1 = c \cdot m \cdot \Delta t_1; \Delta t_1 = \frac{Q_1}{c \cdot m} = \frac{840\text{Дж}}{3000\text{Дж}/\text{кг} \cdot 70\text{кг}} = 0,004^{\circ}\text{C}$$

- 16 мин, $Q_2 = 1680\text{Дж}$; Δt_2 -?

$$Q_2 = c \cdot m \cdot \Delta t_2; \Delta t_2 = \frac{Q_2}{c \cdot m} = \frac{1680\text{Дж}}{3000\text{Дж}/\text{кг} \cdot 70\text{кг}} = 0,008^{\circ}\text{C}$$

Осы мәтіндік есептің өзінде оқушының мәтінді түсіну, жалпы мәнмәтіннен қажетті ақпаратты табу мен алу, оны дұрыс пайдалану және ойлау мен өз жауабын негіздеп дәлелдеу қабілеті байқалады. Оқушылардың физикалық білімін дамытуда кең тұрғыда мәтінмен жұмыс жүргізу қажет. Сондықтан мектеп оқушыларына физика пәнінен төмендегі дәрежеде білім беру мақсаты көзделеді.

Мәтін арқылы жүргізілген жұмыстар оқушыға қажетті оқу, жазу, есте сақтау дағдысын қалыптастырады.

Мәтін арқылы оқушы теорияны жетік түсініп, құбылыстар мен процестердің ерекшеліктерін, өту жолдарымен себептерін меңгереді.

Мәтінмен жұмыс жасай отырып теориялық білімін практикада қолдана алады.

Оқушы мәтін бойынша берілген сұраққа тар және кең түрде жауап бере алатын, оқығаннан, тыңдағаннан ауызша немесе жазбаша түрде нақты физикалық тілде жеткізе алатын болады.

Енді келесі бір мәтіндік есепті қарастырайық. Ыстыққа төзімді жануар.

Бұл мәтіндік тапсырма, «Тірі ағзалардың тіршілігінде жылу құбылыстарының атқаратын рөлі» тақырыпқа сәйкес келеді.

Түйенің екі аптадай су ішпеуі мүмкін екендігі белгілі. Бұл оның суды үнемді пайдалатындығымен түсіндіріледі. Түйе 40° -тық ыстықта да терлемейді.

Қырқылған түйенің терлеуі 50%-ке дейін ұлғаяды. Түйе ешқашан, тіпті аптап ыстықта да аузын ашпайды. Оның демалу жиілігі өте төмен – минутына 8 рет. Түйе өз өркештерінен керегіне қарай су ала алады (100 г майдан 107 г су).

- Түйе неше градусқа дейін терлемейді? /Жауабы: 40°C /



ә) Булану процесі кезінде денеде қандай өзгеріс болады? /Жауабы: дене салқындайды/
б) Булану процесінің нәтижесі нені береді? /Жауабы: булану процесі температураның азаюына әкеледі/

в) Түйенің ыстыққа төзімділігінің себебі неде? /Жауабы: жүн оны қызудан құтқарады, ылғалдың шығуына бөгет жасайды/

г) Түйе өз өркешінен жарты центнерге дейін су ала алады. 100г майдан 107г су алса, түйенің бір өркешінің салмағы неше килограммға тең?

100г = 0,1кг (май)

107г = 0,107кг (су алса)

0,5ц = 50 кг

$$m_0 = \frac{0,1\text{кг} \cdot 50\text{кг}}{0,107\text{кг}} = 48\text{кг}; m_1 = 48\text{кг} \div 2 = 24\text{кг}$$

Жауабы: түйенің бір өркешінің салмағы **24кг**

Осындай өмірмен байланысты стандартты емес тапсырмаларды шешудің әртүрлі формаларын қолдану және логикалық ойлауды дамытуға бағытталған білімді күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған іс - қимыл жоспары. ҚР 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы

2. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту

Ержанова Г. Е.

Қарқаралы ауданы, Матақ ауылы № 15 ЖББОМ

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі уақытта Қазақстан дамудың индустриялық кезеңінен ақпараттық кезеңіне біртіндеп аяқ басуға бет бұрды. Адам өмірінде компьютерлердің белсенді орын алуы осыған байланысты. Сондықтан, жаңа технологияларды игеруге қажетті білім мен дағдының жаңаруы өндіріс құрылымын өзгертудің маңыздылығын арттыра түсті. Мұндай жағдайда елдің одан ары дамуы үздіксіз білім беру жүйесін тиімді ұйыдастырумен тығыз байланысты. Үздіксіз білім беру қоғамның әрбір мүшесінің білімін көтеруге немесе мамандығын арттыруға жағдай жасап, оны ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындайды. Бұл орайда жаңа ақпараттық технологиялар мен оларды пайдаланудың жаңа әдістемелік құралдарын дайындаудың ролі зор. Олар бір жағынан, халық шаруашылығының түрлі салаларындағы жаңа технологияларды игеруге жағдай жасайды, екінші жағынан, білім таратушы ретінде оқыту құрылғылары болып шыға алады.

Сонымен кәдімгі ақпараттық технологиялар деп - көбінесе қағаз жүзінде әртүрлі ақпаратты дайындау, жинау, өңдеу және жеткізу процестерін айтады. Жаңа ақпараттық технологиялар (ЖАТ) деп ЭЕМ-дер мен олардың желілері арқылы, әсіресе, дербес компьютерлер көмегі арқылы, ақпаратты дайындау, жинау, жеткізу және өңдеу технологияларын айтады.

Ақпараттық процестер - адамдар арасында, тірі организмдерде, техникалық құрылғыларда және қоғамдық өмірде ақпаратты жеткізу, жинақтау және түрлендіру процестері. Дербес ЭЕМ-дер - жұмыста және адамның үйде пайдалануына арналған шағын компьютерлер. Дербес ЭЕМ-дер журналдар, кітаптар және әртүрлі құжаттар дайындауда мәтін теріп, оны түзету үшін кеңінен қолданылады.

Сондай-ақ, жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - ЭЕМ жадында сақталған картотекадағы, каталогтардағы, әртүрлі архивтермен кітапханалардағы ақпараттарды жинақтауға, біріктіріп сақтауға, керектілерін жылдам іздеп табуға болатын әр түрлі мәліметтер базасы мен ақпараттық жүйелер. Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуын ЭЕМ желілеріне

негізделген электронды почтасыз, байланыс желілері мен ақпараттық коммуникацияларсыз көзге елестету мүмкін емес. Қоғамымыздағы дербес компьютерлермен, ЭЕМ желілерімен, ақпараттық қорлармен толық қамтамасыз етсек ақпаратты пайдалану, алу және тарату істерін ұйымдастыру жаңа сатыға көтеріледі. Олар бұған дейінгі қолданылған «қағаздағы» ақпаратты алу мен таратуды толықтыра отырып, қоғамымызды ақпараттандыру процестерін арттыра түседі. Жаңа ақпараттық технологияларды жан-жақтылығын дұрыс түсіну үшін «технология» ұғымның мәнін ашып алу қажет. Қоғамдық дамудың алғашқы кезеңдерінде «технология» деп белгілі бір ұйымдарды жасау кезіндегі тәсілдер жиынын айтатын еді.

Бүгінгі күні қолданылып жүрген технологияларды үлкен үш топқа бөлуге болады. Интерактивті емес (басу құрылғысы, дыбыс, бейне тасымалдағыштар). Компьютерлік оқыту құралдары (электронды оқулықтар, компьютерлік тесттер және білімді бақылаушы жүйе, жаңа мультимедия құралдары). Бейне конференциялар (телекоммуникация технологияларының аудиоарналары, бейнеарналар және компьютерлік желілердің дамуы). Еліміздің саяси әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сай білім беруді жетілдіру бағыттарының бірі - білім беруді ақпараттандыру. Осы бағыттағы жұмыстар қабылданған Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда.

Қазіргі постиндустриялық қоғамда ақпараттық технологиялардың (АТ) рөлі өте маңызды, олар бүгінде қоғамды ақыл-парасатпен байыту, оның экономикасын, білім беру жүйесі мен мәдениетін дамыту үрдісінде шешуші орында. Олардың адам өмірінің сан алуан салаларында кеңінен пайдалануына байланысты олармен оқу мен танымның бастапқы кезеңдерінде жедел таныса бастау қажеттілігі туды. Білім беру жүйесі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің негізгі объектілерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда республика мектептерін жаңа компьютерлік технологиямен қамтамасыз ету жұмыстары іске асырылып, енді сол ақпараттық технологияны қолдану мен оны мектептерге енгізу саласында, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында оқытуды жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі таңда сабақты компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Бұған себеп психологиялық-педогогикалық мәселенің бірі - оқыту процесін компьютерлендірудің барлық бағыттарын жан-жақты қамтуы болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолдану мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын өзгерте отырып, түрлендіреді және осы әрекет мүшелерінің ынтасына әсер ете отырып, олардың ынталандыру, сезімдік ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді. Демек, оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп жүйелеуді талап етеді.

Оқушылардың жалпы оқу біліктілігіне жататын оқу-компьютерлік біліктіліктерін (клавиатурамен жұмыс, программа түзу, принтермен жұмыс істей білу, дайын программаларды қолдана білу, тексттік, графикалық редакторлармен жұмыс істей білу) жүйелі түрде қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес талабына айналуда.

Қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық өзара ықпал технологияларының мүмкіндіктерін іске асыру оқу ісін байытады, информатиканы ғана емес, басқа да көп пәндерді оқытудың ұйымдық түрлері мен тәсілдерін жетілдіруге жаңартуға мүмкіндік беретіні дәлелденген. Бұл жерде оқу материалының мазмұнын іріктеу критерийлері өзгереді. Олар оқушы тұлғасының өзін-өзі дамытуының және ақыл-ойының қарқынды дамуының қажеттілігіне дүние туралы білім алу, өздігінен іздену, заңдылықтар арқылы шағын «жаңалықтар ашу», қазіргі ақпараттық технологияларды заттық әлемді өлшеу, т. б. бейнелеу және оған әсер ету құралы етіп пайдалануға негізделеді.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу - ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістермен қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде. Электронды байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың тиімділігі өркениетті елдердің іс-тәжірбиесінде айқын сезілуде. Республикамызда білім беру жүйесінде білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу басты мәселелерге айналуда. Қазақстандағы

барлық білім беру мекемелерінде компьютермен жоспарлы түрде жабдықталуы оның айқын дәлелі.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғыларымен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Бұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып (дискетке, бейне таспаға) онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Әсіресе, олардың тиімділігі: Арақашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;

Экономикалық тиімділігі (бару, келу, тұрмыс тауқыметі т. с. с материалдық шығынды қажет етпеуі);

Білім сапасына әсері зор. Әсіресе, тіл сабақтарын игеруде (ағылшын, орыс, қазақ т. с. с тілдерді) айқын сезіледі;

Іс-әрекет қимылды қажет ететін пәндермен тапсырмаларды оқып үйренуде (биөнері, қол еңбек, дене шынықтыру сабақтары т. с. с);

Қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері мен әр түрлі физикалық, химиялық, биологиялық тәжірибие нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;

Оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де, ықпалы зор. (теледидардағы ғылыми-көпшілік, рухани, тарихи-танымдық хабарлар мен компьютерлік жүйедегі шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ т. с. с логикалық тұрғыдағы ойындар).

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде электронды байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электронды почта, телеконференция, видеоконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда. Бірақ кез келген жаңалықтың жақсылығымен қатар зияны да болатыны белгілі. Мұндағы ең басты назар аударарлық мәселе - олардың ара салмағы. Демек кемшілігін түзеп, зиянын жойып, артықшылығын жетілдіре түсу қажет. Сонымен бірге жаңа ақпараттық технологияларды қолдану үрдісін бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету саласында да, оның психологиялық-педагогикалық, физиологиялық-гигиеналық, эргономикалық және технологиялық аспектілеріне де өзгеріс әкеледі.

Осылайша, қазіргі отандық педогогикалық ғылымында қайшылық туды, бір жағынан педогогикадағы жаңа бағыт - білім беруді ақпараттандыру қарқынды дамуда, ол қазіргі ақпараттық технология құралдары базасында әзірленген бағдарламалық оқу құралдарын пайдаланып, жалпы білім беретін және арнайы оқу пәндерін оқытуды ақпараттандырудың теориясымен әдістемесі мәселелерін қамтиды; екінші жағынан ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын тиімді қолдануды бағдарламалық-техникалық және педагогикалық-эргономикалық қамтамасыз ету, оқу әдістемелік мәліметтер базалары мен банктерін, интеллектуалдық оқыту жүйелерін пәндік толықтыру, ғылыми-педогогикалық мазмұн жасау және білім беру мекемелерінің бірлескен ақпараттық жүйелері мен желілерін, білім беру жүйелерінің таратылған ақпараттық ресурстарын толықтыру, оқыту нәтижесін бағалауды, білім беруді ұйымдық басқаруды, ақпараттық әдістемелік қамтамасыз етуді автоматтандыру мәселелері жетіп артылады. Бұл мәселелер тізбесі, біріншіден, жартылай функционалдық және интегралдық сипатта, екіншіден - жүйелі, ал олар басқа да бір қатар ғылымдардың мүмкіндігін пайдаланғанда шешімін табады.

Бұл қайшылықты шешу үшін қоғамда білім беруді ақпараттандырудың әдістемесі мен технологиясын меңгерген жоғары сапалы мамандар болу қажет. Бірақ ғылыми мамандықтардың қазіргі номенклатурасында ақпараттандыру және қарым-қатынас құралдарын әзірлеп білім беру мақсатында қолданудың психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық, физиологиялық-гигиеналық және эргономикалық мәселелері яғни білім беруді ақпараттандырудың теориясы мен әдістемесі лайықты көрініс таппай отыр, бұл сөз жоқ, отандық-педогогикалық зерттеулер ауқымын шектейді. Бұл мәселе шешімін күтуде.

«Білім беруді ақпараттандырудың теориясы мен әдістемесі» мынандай зерттеу бағыттарынан тұрады: Қазіргі ақпараттық қоғам мен ғаламдық телекоммуникация жағдайында

оқушы тұлғасын дамыту міндеттеріне сәйкес, оқытудың ұйымдық түрлері мен әдістерін, білім беру мазмұнын таңдаудың әдіснамасы мен стратегиясын жетілдіру.

Оқушының ақыл-ой әлеуетін дамытуды, оқу ақпаратын жинау, өңдеу, сақтау, беру, өндіру ісіндегі әр түрлі дербес әрекет түрлерін жүзеге асыра білуді қалыптастыруды сондай-ақ білім алу мен түсіну үрдістерін қалыптастыру бойынша оқу әрекетін қамтамасыз ететін педогогикалық технологияны оқытудың әдістемелік жүйесін жасау.

Бірлескен ақпараттық желілер мен ғаламдық коммуникациялар базасында жұмыс істейтін «виртуалдық» білім беру мекемелерін дүниеге әкелу, телекоммуникацияға қол жететін ашық білім беру жүйелерінің таратылған ақпараттық ресурстарының әлеуетін пайдалану. Оқу-тәрбие ісін ақпараттық әдістемелік қамтамасыз ету үрдісін және оқу орнын (оқу орындары жүйесін) ұйымдық басқаруды автоматтандыру негізінде білім беру жүйесін басқару механизмдерін жетілдіру, ғылыми-педогогикалық ақпараттық мәліметтер базаларымен банктерін, ақпараттық-әдістемелік материалдарды телекоммуникациялық желілерді пайдалану.

Есептеу техникасы ақпараттандыру және телекоммуникация құралдарын білім беру саласында тиімді әрі қауіпсіз қолданудың педагогикалық-эргономикалық шарттарын анықтау. Оқушының ақыл-ой қуатының деңгейін белгілеудің, оның білімі мен жетістігін бақылау және бағалаудың компьютерлік тестілеуші, диагностикалаушы әдістемелерін жасап, пайдалану. Нақты түрде немесе бейнелі түрде өтетін оқу тәжірибесінің (зертханалық, демонстрациялық) нәтижелерін өңдеу үрдісін автоматтандыру құралдарына сүйеніп, ғылыми-зерттеу және тәжірибие жұмыстарын ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта Қазақстан дамудың индустриялық кезеңінен ақпараттық кезеңіне біртіндеп аяқ басуға бет бұрды. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану заманауи білікті маман даярлауға зор мүмкіндік туады. Сондықтан, жаңа технологияларды игеруге қажетті білім мен дағдының жаңаруы өндіріс құрылымын өзгертудің маңыздылығын арттыра түсті.

Әдебиеттер:

1. Г. М. Мутанов. Образование Казахстана в условиях глобализации. // Халықар. ғылыми – практикалық конф. материал. Қарағанды қаласы: ҚРУ баспасы, 2003 ж. 3 б.
2. Т. Кертәев. Оқытудың кейбір әдістері. А., 1991.

Есембаева Л. К., Акишева Г. С.
Қарағанды қ., №25 ЖББМ

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын оқытушы ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім білім алушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда білім берудегі басты міндет әртүрлі әдіс – тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып білім алушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту.

Қазіргі қоғам бір орында тұрмайтын, өзгермелі қоғам, адамның орнын техника ауыстырған қоғам. Техника мен инновациялық технологияның дамыған кезінде адамзаттың өмірі недәуір жеңілдеді. «Инновация» сөзінің түп негіздік анықтамасы да –«жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. Немесе басқаша айтқанда жаңашылдық – нағыз құрал, ал инновация осы құралды меңгеру үрдісі. Сауатты түрде таңдап алынған жаңашылдық барынша мүмкін дәрежеде жаңа енгізілімнің табысқа жетуіне кепілдеме беруі тиіс. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірибелік білімді жасау және оларды меңгеру мен іске асыруды инновациялық тұрғыдан қарастыруға болады.

Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни оқытушы мен білім алушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар білімалушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызады. Әр оқытушы қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануға тиіс. Сабақты тартымды өткізу және білімалушының оқуға деген қызығуын арттыру үшін әр сабақты түрлендіріп, арттыруы шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әр түрлі технологияның сан қилы элементтерін пайдалану артық етпесі анық. Сабақта мәселелік оқыту технологиясының басты мақсаты – білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдылығы мен шығармашылық икемділіктерін дамыту. Ерекшелігі: оқу материалында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселе туғызу.

Инновация көпсалалы, кең қолданыста. Педагогика ғылымында өзіндік категориясы болмаса да, зерттеуші ғалымдар білім беру жүйесіне жаңалық енгізу деп қолданып жүр. Педагогтің жеке тұлға қалыптастырудағы іс-әрекетінің басты материалы – педагогикалық технология. Сондықтан білім беру мекемелерінде жүргізілетін ғылыми – әдістемелік жұмыстың негізгі бағыты, мазмұны, формасы, мақсат пен міндеті айқындалса, бұл білім беру мекемесінде оқу – тәрбие үрдісінің сапалық деңгейі жоғары болары сөзсіз. Ал оқу тәрбие үрдісінің технологиясы – білімалушы тұлғасын дамытуға бағытталған мақсат, мазмұн, құрал, форма және әдістер жүйесі. Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс тәсілдерін инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуды қажет етеді. Ұлы ойшыл ғұлама әл-Фараби «Адам бойындағы ең үлкен қасиет – қабілет өмірді түсіну, қанағат тұту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық» деген. Ғұламаның осы өмірлік ұстанымы бүгінгі білімнің басты үйлесімділігінде екеніне көз жеткізуге болады.

Сонымен инновациялық технология дегеніміз – педагогтың білімі, білігі, интеллектуалдық, кәсіби әдіс-тәсілдер жүйесін қолданудағы шығармашылық қабілет жиынтығы, мұндағы қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Білім беруді дамыту үрдісінің әлемдік үрдіске кірігуі, дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктерді туындатып отыр. Педагогикалық технология жетілдірілген оқыту мен тәрбие жүйесін құру және оқу-тәрбие үрдісін жобалаумен айналысады. Педагогикалық технология басқарылатын қайта жаңғыртылатын оқу тәрбие үрдісін жобалауды көздей отырып, білім берудің негізгі мақсаты мен міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін ғылыми тұрғыдан негізделген амал тәсілдердің жүйесін құрайды.

Педагогикалық технологияның тиімділігі педагогикалық шарттарға байланысты. Педагогикалық шарттарға, ең алдымен, педагогтің дербес ерекшеліктері: тұлғалық даралығын, мәдениеттілігін, қызығуын, т.с.с. жатқызуға болады. Сонымен бірге, білімалушылармен қарым-қатынас жасау біліктілігі мен кәсіби шеберлігі ерекше мәнге ие болады. Сабақты оқытуда жаңа педагогикалық технологиялардың көптеген түрлерін пайдалана отырып сабақ өткізуге болады. Жаңа, инновациялық технологиялардың түрлері сан алуан. Мысалы: сыни тұрғысынан ойлау технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, интерактивті оқыту технологиясы, Шаталовтың схемалық технологиясы, модульдік технология, ізгілендіру технологиялары және т. б.

Көріп тұрғанымыздай педагогикалық технологиялардың түрлері сан түрлі. Дегенмен де оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Инновациялық білім берудің нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің соңы әдіс-тәсілдерін инновациялық-педагогикалық технологияны меңгерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог, зерттеуші жаңаша оқытушы болып шығады.

Дәстүрлі сабақта инновациялық тәсілдерді қолдану оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытудың бірден-бір тиімдісі болып табылады. Жалпы дәстүрлі сабақ білімалушылардың

көзқарасын қалыптасатында өз шегінен шығармайды. Дәстүрлі сабақ кезінде бірнеше кемшіліктер бар, атап өтсем: сабақ айту кезінде тек қана топтағы жақсы оқитын білімалушылар ғана көзге түсіп, нашар оқитын білімалушылар тысқары қалып отырады, өздерін не теориялық не практикалық жағынан көрсете алмайды. Мұндай жағдайды өзгертуге маған және менің білімалушыларыма топпен және жұппен жұмыс істеу пайдасын тигізеді. Топқа әртүрлі деңгейдегі оқушыларды біріктіремін. Олардың ішінде біреуі жақсы ой айта алатын, біреуі топтағыларды ойға жетелейтін, ал біреуі тек тыңдап, көріп есіне сақтайтындар. Топтағы оқушылар бірігіп оқу материалын қарайды, берілген тапсырманы, бір-біріне түсіндіреді. Тәжірибеде кездесіп жүргендей осындай жұмыстардан кейін білімалушы міндетті түрде оқығанын әңгімелей алады, не мазмұны шағын мазмұндама жаза алады. Әрине мұндай жұмыстарды жүргізу алдын ала білімалушының өз сөзін жеткізе алатындай таңдай білген жөн. Сонымен қатар менің педагогикалық тәжірибеде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологиялардың бірі интерактивті оқыту технологиясы. Интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен білімалушы мен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Интерактивті оқытудың мәнісі - барлық білімалушы таным үрдісімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным үрдісінде, оқу материалын игеруде, білімалушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр білімалушы өзіне тән еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерімен алмасу үздіксіз жүреді.

Сонымен қатар, бұл үрдіс мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады. Интерактивті әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
педагогикалық қолдау көрсету.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, сын тұрғысынан ойлау әдісі, ерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т. б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т. б. пайдалана отырып, таныстырулар жатады. «Миға шабуыл» («ми шабуылы», «ми штурмы» немесе «дельфи») әдісі бойынша берілген сұраққа әр білімалушы жауап бере алады. Маңыздысы – айтылған көзқарасқа баға қоймау керек, барлық жауап қабылданады және әр пікір тақтаға немесе қағазға жазылғаны дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері тиіс. Бұл әдісті кері байланыс алу үшін қолдануға болады. «Миға шабуыл» әдісі қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады және мынадай мәселелерді шешуге болады:

даулы мәселелерді талқылау;
талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр оқытушының борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Нарық жағдайындағы оқытушыға қойылатын талаптар бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация оқытушысы- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев, - Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабақты тартымды, тиімді, түсінікті етіп өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – заман талабына сай ақпаратты технологияларды қолдану деп айтқан болатын. Елбасымыздың осы бір сөздері менің педагогикалық жолымда алға итермелейтін сөз болып қалыптасты.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту.

Әдебиеттер:

1. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.

Есенгабулова Г.О.

КТУ ОШ № 10, г. Жезказған

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Функциональная грамотность – это способность человека использовать навыки чтения и письма в условиях его взаимодействия с внешней средой. Это тот уровень грамотности, который дает человеку возможность вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней. В частности, сюда входят способности свободно использовать навыки чтения и письма в целях получения информации из текста и в целях передачи такой информации в реальном общении.

Учителю в эпоху развития информационных технологий необходимо проектировать учебные задания, связанные с поиском, пониманием, преобразованием и использованием информации в контексте повседневной жизни ученика и решения жизненно важных проблем.

С этой целью для создания учебных ситуаций, можно использовать примеры из реальной жизни, а в качестве материалов для учебных заданий – объявления, буклеты, рекламу, инструкции, меню, входные билеты и т.д. На основе этих материалов можно создавать задания на развитие функциональной грамотности.

Методические приемы:

1. Работа с не сплошным текстом. (8класс, раздел «Семья и подросток», тема «Деловые бумаги»).

Рассмотрите рекламу «Реклама для школьника». Составьте вопросы и задания.

Варианты заданий, составленных учениками:

1. Выпишите предостережения, которые помогут избежать коронавируса.

2.«Зачем это нужно?», «Что делать?». Запиши ключевые слова в 2 колонки.

Зачем это нужно?	Что делать?

2.Выполните грамматические задания :

-Определите стиль и тип речи.

-Найдите предложение с однородными членами предложения и сделайте синтаксический разбор.


-Выпишите предложения с числительным и сделайте его морфологический разбор.

-Выпишите из текста по 3 словосочетания с разными типами связи:

Согласование - _____

Управление - _____

Примыкание - _____



III. Составьте кластер «Меры профилактики коронавируса в классе, в школе»

II. **Лексико-фразеологические игры** (8класс, раздел «Через тернии к звездам», тема «Вперед к звездам! »)

Прием «Знаете ли вы?» «Космические» фразеологизмы:

- 1) «родиться под счастливой звездой» – быть удачливым, счастливым, везучим во всём;
- 2) «между небом и землёй» – быть в неопределённом положении, без жилья, без крова, без пристанища;
- 3) «как небо и земля» – ничего похожего, полная противоположность.

Прием «Ромашка Блума». «Ромашка Блума» помогает научить детей задавать вопросы. "Ромашка" состоит из шести лепестков, каждый из которых содержит определенный тип вопроса. Таким образом, шесть лепестков – шесть вопросов:

1. Простой вопрос: Какие сочетания слов называются фразеологизмами?
2. Уточняющий вопрос: В прямом или в переносном значении употребляются слова во фразеологизмах?
3. Интерпретационный вопрос: Почему фразеологизмы имеются во всех развитых языках мира?
4. Творческий вопрос: Что произошло бы, если бы фразеологизмы исчезли из языка?
5. Оценочный вопрос: Как вы думаете, хорошо или плохо, что в языке есть фразеологические обороты?
6. Практический вопрос: В обычной жизни вы и ваши близкие употребляете фразеологизмы? Если да, то в каких ситуациях?

III. Прием «Установи соответствие» (8 класс, раздела «Семья и подросток» тема урока «Деловые документы»). На этапе осмысления (закрепления материала) происходит обсуждение . Необходимо найти соответствия между словами автобиография и биография .

Прием «Диаграмма Венна»

А какой оттенок значения получится, если к этим двум корням добавить третий? Запишите получившееся слово, объясните его значение, и подумайте: чем оно отличается от предыдущего и что у них общего, оформив свои мысли в диаграмме Венна.

Диаграмма Венна



Автобиография (с греческого: «собственное жизнеописание» сам жизнь пишу) — официально-деловой документ. Последовательное описание человеком событий собственной жизни.

граф- (grapho) – пишу (греч.)

-био- (bio) - жизнь (лат.)

-авто- (autos) – сам (греч.)

Прием «Корзина идей»

Давайте вместе подумаем, какие примерные, обязательные элементы должны быть в биографии?

1. Фамилия, имя (при желании, отчество).
2. Даты жизни и смерти (если умер).
3. Место рождения (страна, город).
4. Область деятельности.
5. Происхождение, родственные связи (родители).
6. Образование .
7. Участие в общественно-политической жизни.

Прием «РАФТ»

Составление автобиографии своего класса .

РАФТ - это Р(оль), А(удитория), Ф(орма), Т(ема).

Я прошу каждого из вас в течение 3 минут написать автобиографию своего 8 «А» класса от имени класса, если бы он был человеком, придерживаясь примерной структуры автобиографии. Прошу обратить внимание, что братья и сестры класса – это ученики вашего класса, родители – классный руководитель (мама), директор (папа).

Прием «Синквейн».

Синквейн – самая лёгкая форма стихотворения по алгоритму. Данный приём помогает выразить свои мысли кратко и точно. Мне нравится использовать синквейн и на стадии мотивации и на стадии рефлексии. Иногда его применяю на обоих этапах сразу.

Составьте синквейн : 1 вариант – по теме «Биография», 2 вариант – «Автобиография».

Правила составления:

1 существительное

2 прилагательных

3 глагола

Фраза

Слово-вывод

Таким образом, систематическое применение всех методов и приемов служит развитию ключевых и предметной компетенций, а на их основе формируется функциональная грамотность школьника.

Ведь наша цель – воспитать ученика, умеющего обучаться, знающего, как использовать информацию в нужных целях; взаимодействовать с другими людьми и обладать целым рядом компетенций XXI века, способного жить и действовать в условиях быстро меняющегося мира.

Литература:

1. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы.// Электронный ресурс: goo.kz/loader/load/14125
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.// Электронный ресурс: <http://ru.government.kz/>

Жылқайдарова А.М., Сейтжанова Ж.Б

«Әлихан Бөкейхан атындағы ЖББМ»КММ, Қарағанды қаласы.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ҮРДСІНДЕ МЕКТЕПШІЛІК ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады. 8 БҒДМБ қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің PISA (15 жасар оқушылардың математикалық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын, сонымен бірге әртүрлі типтегі мәтіндерді түсінуін салыстырмалы бағалау), TIMSS (4-ші және 8-сынып оқушылардың математикалық және ғылыми жаратылыстану сауаттылығын салыстырмалы бағалау) және PIRLS (мәтінді оқу және түсіну сапасын зерделеу) халықаралық салыстырмалы зерттеулеріндегі нәтижесін жақсарту қажеттілігі көрсетілген. Осыған орай, Қазақстандағы мектептегі білім беру жүйесі балалардың дағдыларын дамытуда әртүрлі оқу және өмірлік жағдаяттар, тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастар білімін қолдануға бағытталуы тиіс[1]

Оқушыларды PISA, TIMSS, PIRLS тапсырмаларын орындауға дайындау үшін, мұғалімдер бойында да функционалдық сауаттылық жоғары деңгейде болу керек. Ұлттық жоспарда берілген функционалдық сауаттылықтың төрт негізгі механизмнің барлығы, мектеп мұғалімдері игерген жөн. Болашаққа үміт арттырып, алғаш жас мамандармен жұмысымызды саралап, көрелік. Мектепке жас маман келгенде, мектепте «жас мамандар» мектебі қабылдап алады, әрбір жас маманға 3 жылға дейін тәлімгер тағайындалып, жоспар бойынша бірге жұмыс жүргізіледі. Жас мамандарға, функционалдық сауаттылық аясында жан-жақты жұмыстар, семинар, отырыстар, дөңгелек үстел өткізілді. Және де жас мамандардың жеткен нәтижесіне көз жеткізу үшін конкурстарға бағыттап отырамыз. Конкурс нәтижесі, жас маманның жеткен жетістігі. Бұл жетістіктен кейін өзіне баға беру сатысы басталады. Жетістікке жеткенімен кемшіліктер болады, соны ортаға салып, сыни көзбен қарай отырып, алдағы уақыттарда одан да биік шыңдарға шығу жұмысы басталады. Мектебімізде 2018-2019 оқу жылында 10 жас маман, 2019-2020 оқу жылында 12 жас маман, 2020-2021 оқу жылында - 6 жас маман бар (педагогикалық өтілі 3 жылға дейін). Креативті жас маманға қойылатын талаптар алдын-ала таныстырылады. Олар: өзара сабаққа қатысу дәптеріне қатысқан барлық сабақтарын толық жазып, рефлексия жүргізу керек. Айына он сабақ. Нормативті-құқықтық құжаттармен танысу. Семинар, вебинар, қашықтықтан өткізілетін конференцияға қатысып, «Маған маңызды» айдарына жазып отыру. Пән бойынша логикалық, сын тұрғысынан ойлау бағытында тапсырмаларды тәлімгермен бірге дайындап, «Менің

қобдишам» айдарына жинақтау керек. Конкурстарға қатысу («Жеңімпаз болмасам да, бұл менің жетістігім» ұраны). Қалалық, Облыстық конференцияларға тәлімгермен бірге қатысып, жинаққа еруге ұмтылу. Газет-журналдарға тәлімгермен бірге материалдар дайындау. Республикалық пән бойынша журналға жазылып, қысқа мерзімдік жоспарын жариялау. Білім алушыларды конкурстарға дайындап, конкурс ережесін толық орындау мен ондағы ерекшеліктерді есте сақтау. Жеңімпаз болуға ұмтылу. Қабілеті төмен оқушылармен жұмыс. «Не себептен оқушы сіздің сабағыңызды игере алмай отыр?» осы сұрақ төңірегінде өзіне жауап издесең, қабілеті төмен оқушылар саны азаяды. Мектепшілік қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір қоғамдық жұмысты атқару, Спорттық, көркем-өнерпаздар сайыстарына қатысу, кәсіподақ ұйымының ұйымдастырылатын конкурсына қатысу. Жыл соңында өзіндік есебі мен талдауы, өзіне баға беру (Жас мамандар мектебі отырысында).

Осындай бағытта жұмыстар нәтижесінде 2018-2019 оқу жылында «SKILLS ACADEMY» ұйымдастырған «Жас мамандар» III республикалық байқауға он жас маман қатысып, 5 жас маман жүлделі орындарға ие болып, «Ең үздік жас маман» төсбелгісіне ие болды. Жыл сайын облыстық жас мамандар, үздік тарихшы конкурсына қатысып, жүлделі орындар алды. Білім алушыларды конкурстарға қатыстыртып, оның нәтижесі, жас маманның нәтижесі болып саналды. Ерекше айтатын болсақ, Солтанбек Елдостың шәкірттері 2019 жылы облыстық конкурстардан жүлделі орынға ие болса, биылғы оқу жылында, қалалық конкурстан жүлделі орын алып, облысқа жолдама алды.

Жас мамандарды функционалды сауаттылыққа бағыттау жолдары, берілген жоспар бойынша жүргізіліп жатыр. Функционалды сауаттылықтың бірінші механизмдегі ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық, азаматтық, технологиялық және пәндік күзіндеттілігін дамыту өз сатысымен жүреді. Функционалды сауаттылықтың жетінші тетігі ата-аналардың балаларды оқыту барысындағы жұмысын ерекше қарастырады. Себебі, ата-ана, оқушы, мұғалім арасы тығыз байланыста болған жағдайда ғана белгілі бір нәтижеге жетеді.

«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі №251 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары. Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде өздігінен әзірлейді және оны білім беру ұйымының директоры бекітеді [2]

Мектептің жұмыс оқу жоспарында вариативті компоненттен бөлінетін сағаттар элективті курстар мен жеке және топтық жұмыстар сағатына мұғалімдер оқу бағдарламасын дайындайды. Осы дайындалған бағдарламаның заманауи талаптарға сай болуын әдістемелік кеңесте қаралып, мұғалімдерге осы жұмыстарының нәтижесін қалалық деңгейде және облыстық деңгейде әдістемелік өнім шығаруға бағыт беріледі. Жыл ішінде бағдарламаның орындалысын тексере отырып, бағдарламаның кемшілігі мен ерекшелігі анықталып, проблема туындайды. Екінші жылы сол бағдарламаға жұмыс дәптерлер дайындалып, жақсы дайындалған жұмыстар конкурстарға жіберіледі. Жоғары оқу орындардағы мамандарға тексертіп, пікір жаздырып алынады. Мектепшілік әдістемелік кеңесте талқылап, қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетіне жолдама алынады. Осы жүйемен жүргізілген жұмыстардың сапалы, талапқа сай жасалған және сұранысы бар оқу бағдарламалар қалалық бөліміне жолдама алады. Осы жұмыс жүйесі нәтижесінде «Әлихантану» оқу бағдарламасы, дәптері, әдістемелік құралы қалалық білім бөлімімен бекітілді, Облыстық конкурсқа қатысып, бас жүлдені иеленіп, Республикалық конкурсқа қатысып, II орынға ие болды. «Өлкетану» дәптері дайындалып, қалалық деңгейде конкурста бас жүлдені иеленіп, қалалық деңгейде әдістемелік өнім шығарылды. «Алаштану» дәптері дайындалып, қала деңгейінде конкурсқа қатысып, жүлделі орынға ие болып, әдістемелік өнім шығарылды. Биылғы оқу жылында «Өлкетану» бағдарламасы, жұмыс дәптері дайындалып, өңдеуде жұмыс жүруде. Қалалық білім бөліміне жолдама алды. «I speak English» бағдарламасын жас маман заманауи талаптарға сай электронды дайындап, қалалық және облыстық конкурстарда қорғалып, марапатқа ие болды.

Функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география). Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Мұғалімдер бөлімнің жиынтық бағалауының тапсырмаларын өздері дайындап, сабақта пайдаланады. Өз жұмыстарын жинақтап, әріптестермен біріге отырып, әдістемелік өнімдер дайындайды. Мұғалімдердің аттестаттаудан өтер кезеңінде педагог-зерттеуші, педагог-сарапшыға өтініш бергендердің портфолиосында әдістемелік өнім болуы міндетке айналды. Сол себептен де мұғалімдерге қойылған талаптың орындалысы, әдістемелік өнімдер облыс деңгейінде және республика деңгейінде де шығарылып отыр.

Қорыта келгенде, педагогтердің функционалды сауаттылығын дамыту үрдісінде мектепшілік әдістемелік қолдау көрсетудің ерекшелігі, жүйелі жоспар құрылып, әдістемелік көмек заманауи негізде, дұрыс бағытта жол берілуінде .

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Әдістемелік нұсқау хат» 2016 жыл
2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» Стратегиясы –қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. Ақорда 2012.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы.

Жуманова А. Ж.

Жезқазған қаласы №9 мектеп- интернаты

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ-БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында жүктелген міндетке сәйкес елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспары қабылданғаны баршамызға аян. Бұл ұлттық жоспардың басты мақсаты-Қазақстанда білім сапасын жетілдіру үшін негізгі бағдар ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылар шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік және рухани тұрғыдан дамыған азамат қалыптастыру.

Жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшеліктеріне сай тәрбиелік мәні бар жаттығу материалдары әр сынып оқушыларының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, олардың ой-өрісін жетілдіру мақсатын көздеген, сондай-ақ бағдарламада тіл дамыту жұмысы, ауызша-жазбаша жаттығулар сияқты жұмыс түрлері арқылы міндеттелген. Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты-дұрыс әрі сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрып, жүйелі сөйлеуге үйрету.

Бастауыш мектеп-баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу оның тұлға ретінде дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Заман ағысына сай технологияларды қолдану ауқымы да оқушының функционалдық сауаттылығының артуына үлкен септігін тигізеді. Солай десек те, мұғалімнің ең басты міндеті оқушыларды функционалдық сауаттылыққа дайындауда заманауи технологияларды тиімді әрі жүйелі қолдану болмақ. Бүгінгі білім беру саласының негізгі бағдары-оқушыны өздігінен ойлануға, бала қай жаста болмасын алдынан туындайтын кез келген мәселені шеше білуге, соны шешудің жолдарын қарастыруға үйрету.

Бастауыш пән мұғалімі ретінде мен өз сабағымда тиімді тәжірибені қолдана отырып, оқушыларды функционалдық сауаттылыққа тәрбиелеуде мынандай екі мақсатты басты назарда ұстаймын:

-белсенділік;

-сыни тұрғыдан ойлау үрдісі арқылы әр баланың сабаққа қатысына жағдай жасау.

Ең алдымен мен оқушыларымның психологиялық ұстанымдарын ескере келе, логикалық ойлауларын дамыта отырып, ақпараттық құзыреттілікке бағыттаймын. Білімнің мазмұндық функцияларын, ақырғы нәтижеге бағыттай отырып сапасын арттыруға ықпал етемін. Осындай жоспарлы жүйе арқылы оқушының пәнге қызығушылығын оятып, өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беріп, зерттеуге икемділігін дамытып, бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуге қалыптастыру. Осындай әрекеттерден кейін оқушы басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға үйренеді әрі оқушылар белсенді болады, олар сұрақтар қойып дәлелдерді талдайды.

Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Тіл дамыту сабағын әр мақсатта түрлендіріп өткізген өте тиімді. Бірде оқушыға сурет бойынша шағын мәтін құрастыру, белгілі бір тақырыпқа мақала, әңгіме, суреттеме, авторға хат жазу немесе өлең жолдарының аяқталмаған соңғы екі тармағының ұйқасын табу тапсырылады. Бұндай тапсырмалар оқушылардың өздігінен ойланып дербес жұмыс жасауына, шығармашылықпен айналысуына, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға ерекше көмектеседі. Сонымен қатар, оқушының тілдік дамуын арттыру мақсатында сабақ кезінде қолданылатын көрнекіліктердің де рөлі орасан зор. Көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, тақтаға шығып жазу, айтқан ойын нақты мысалдар арқылы дәлелдей білу, сөздікпен жұмыс жасату сияқты әдіс-тәсілдерді қолданудың маңызы зор.

Мұғалім алдындағы оқушының өзіндік ерекшеліктерін біле отырып, оқушының танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған білім беруде жеке оқытудың да дамуын көздейді. Оқушы бойындағы қабілеттілік туа біткен қасиет емес, ол тікелей пәндік әрекет арқылы дамиды. Оның дамуы баланың жаңа білім алуымен, біліктілігі мен дағдыларының қалыптасуымен тікелей байланысты. Әр оқушының шығармашылық мүмкіндігін анықтап, әрі қарай осы қабілетті дамыту мұғалім шеберлігіне байланысты.

Функционалдық сауаттылық-білім беру сапасын жақсартудың аса маңызды, басты шарты. Яғни, оқытуды түрлендіру, қызықты өткізу, оқытудың инновациялық әдістерін белгілі бір практикалық жаңа іс-әрекеттерде кеңінен қолдану. Бұл әдістер «мұғалім-оқушы» әрекетінің ең тиімді тұсы. Жүсіпбек Аймауытов айтқандай «Сабақ беру-үйреншікті жай шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер».

Бастауыш сыныпта оқушы қызығушылығын ойын элементтері арқылы дамытуға болады. Ойын адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Ойын өмірде ерте жастан басталып, адамның есейіп кәсіпті жеке меңгергенінше жалғасады. Ал оқыту үрдісінде жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады. Ойын баланы қимылға, әрекетке, денешынықтыруға төселдіреді. Сол арқылы өмір күресіне, еңбекке баулиды. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да болмайды. Әр пәнге байланысты ойын түрлері де өзгеріп отырады. Мәселен, математика сабағында оқушылар қиял арқылы алысқа ой жүгіртіп, ақыл-ойдың жетегінде болады. Тіл сабақтарында оқушы шешен сөйлеуге, тапқыр ойды ұшқыр айта білуге, сауатты сөз құрылымдарын құра білуге дағдыланады. Ойын арқылы оқыту баланың танымдық қасиетін және іздену әрекетін дамытады. Ойын –оқыту үрдісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады, оқушының функционалдық сауаттылығының артуына өзіндік әсер етеді.

Функционалдық сауаттылық математикалық және оқу сауаттылығы болып бөлінеді. Ендеше мен өз сабағымда математика пәнінен де тіл сабақтарынан да оқушыларды ұлттық ойын арқылы дамытуға, ойын қалыптастыруға, зейінін арттыруға жұмыс жасап келемін. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындарын математика сабағымен сабақтастыру арқылы оқушыларды шапшаңдыққа, алғырлыққа, салт-дәстүр арқылы ой-өрістерін дамытуға болады. «Ақсүйек» ойыны арқылы математикалық фигураларды құрастыру, дайын қиылған бөліктерден түрлі пішін құрастыруға болады. Бұл ойында шапшаңдық әрі тапқырлық қажет. Сондай-ақ, «Бәйге» ойыны арқылы берілген тапсырмадағы кестеден ұпай бойынша сұрақтар тандап, дұрыс жауап берсе сол

ұяшықтағы ұпай саны қосылады. Әрі ойынды көп ұпай жинаған топ бастайды. Бұл ойын кезеңдеріне «Жамбы ату» «Көкпар» сияқты ұлттық ойындар жалғасын табады.

Демек, дидактикалық ойындар оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады, сөз қорын молайтуға көмектеседі. Бұның барлығы бүгінгі заман талабының сұранысы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту болып келеді.

Әдебиеттік оқу, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында мәтін бойынша жұмыс, жұмбақ шешу, тірек сөздермен жұмыс, сурет салу, эссе жазу, кері байланыс орнату т.б. оқушылардың алған білім деңгейін анықтау сияқты тәсілдерді пайдаланамын. Бастауыш сынып болғандықтан, баланың логикалық ойлауын дамыту үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу басшы мақсатым. Қорытындылай келе, бастауыш сыныптарда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру заман талабы дегім келеді. Қазақстанның дамып келе жатқан қадамында оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуі, оқушылардың ойлау дағдысын арттыруға деген ең тиімді тәсіл болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бастауыш мектеп» журналы Алматы 2012ж
2. «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары. Астана 2012 ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары»
4. «Білім кілті» журналы Алматы 2013ж

Жакыпбекова Амангуль Кудайбергеновна

Қарағанды қаласы

Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-бөбекжай кешені

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНДЕ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

Қазіргі уақытта еліміздегі мектептегі білім беру жүйесі біздің қоғамымыздағы, сондай-ақ әлемдік кеңістіктегі терең мазмұн мен құрылымдық өзгерістерге байланысты бетбұрыс кезеңді бастан өткеруде. Соның бірі ретінде функционалдық сауаттылықты алсақ болады. Қарапайым сөздермен функционалдық сауаттылық дегеніміз - мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірде қолдана білу. Бұл оның әр түрлі салаларында өмірлік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін мектепте қол жеткізуге болатын білім деңгейі. «Функционалдық сауаттылық» түсінігінің басқа да ғылыми анықтамалары бар - мысалы, адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу, оған тезірек бейімделу және қызмет ету қабілеті.

Біз ақпараттық технологиялардың қарыштап дамыған дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл біздің қазіргі заманғы болмысымыз. Бүгінгі күні ақпараттың шексіз ағыны күн сайын және сағат сайын бізге түседі, ал егер бұған дейін оның көзі тек газет, журналдар мен теледидарлар болса, онда бүгінде дүниежүзілік ғаламдық желіні пайдаланбайтын адамды елестету қиын.

Функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерінің бірін қарастырайық. Мысалы, оқу сауаттылығы бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығының негізгі дағдылары болып саналады. Бұл адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және қолдану, оларды өмірлік мәселелерін шешу үшін талдау, зерттеу қабілеті. Оқырман мәтіннен алатын ақпарат оның білімін және өмірдегі мүмкіндіктерін кеңейтуі керек.

Бастауыш мектепте мәтінмен жұмыс жасау кезеңдері:

1-сынып.

Мұғалім балаларды оқуға және оқылған мәтіннің мағынасын түсінуге үйретеді.

2-сынып.

Мұғалім балаларды мәтінмен жұмыс істеуге - қайта айтуға, бөліктерге бөлуге, жоспар құруға, тірек сөздерді бөлектеуге, кейіпкерлерді анықтауға, олардың жеке басы мен іс-әрекеттерін сипаттауға үйретеді.

3-4 сыныптар.

Мұғалім балаларды ақпарат табуға, оқығанына өзіндік баға беруге, мәтіндегі негізгі және қосымша ойларды бөліп алуға, сенімдерін кейіпкерлердің өмірлік позицияларымен салыстыруға, мазмұнын болжауға, сұрақтарды өз бетінше тұжырымдай білуге үйретеді. , мазмұны ұқсас әр түрлі жанрдағы мәтіндерді салыстыру.

Өзімнің жұмысымның негізі ретінде функционалды сауаттылықты игеруге бағыт-бағдар ала отырып, мен мұғалім ретінде мәтінді оқудың әр түрін үйренуге, оқушылардың сөздік қорын байытуға, пассивті сөздікті белсенді сөздік қорына айналдыруға ықпал ететін жаттығуларға, тапсырмаларға ерекше назар аудардым. Мақсаты - оқушыларға мәтіндерден ақпарат алу және мәтіндерді ауызша және жазбаша түрде құру үшін оқу мен жазу дағдыларын қолдануға көмектесу, орфографиялық дағдыларды, дыбыстардың айтылу нормаларын сақтай отырып сөйлеу және оқу қабілеттерін дамыту. стресс, дұрыс интонация; Ауызша сөйлеуді дамытуға арналған келесі тапсырмалар түрлері: мәтінге сұрақтар қою, грамматикалық тақырып бойынша әңгіме жоспарын ауызша құру, оқу және ғылыми мәтінді ауызша қайталау, ауызша толық жауап;

Кез-келген мәтінді қабылдау - бұл шығармашылық процесс. Тілдің қыр-сырын түсінуге үйрету сауатты жазуды білдіреді. Сабаққа қызығушылық тудырып, функционалды сауаттылықты дамыта алатын тиімді құралдардың бірі - дидактикалық ойындар немесе үзінділер. Балаларды дидактикалық ойын арқылы оқытқанда, оқу іс-әрекетіне деген қызығушылық күрт артады, зерттелетін материал балаларға қол жетімді болып, олардың жұмыс қабілеттілігі артады. Олар: «төртінші артықты тап», «қосымша сөз табыңыз», «сөйлемді аяқтаңыз» сияқты ойындар болуы мүмкін.

Функционалды сауаттылықтың құрамдас бөліктері:

- ақпаратты, ережелерді, принциптерді білу; өмірдің түрлі салаларында стандартты мәселелерді шешудің когнитивті негізін құрайтын жалпы түсініктер мен дағдыларды меңгеру;
- өзгермелі әлемге бейімделу мүмкіндігі; жанжалдарды шешу, ақпаратпен жұмыс жасау; іскери хат-хабар жүргізу; өмірде жеке қауіпсіздік ережелерін қолдану;
- қазіргі әлемнің құндылықтары мен нормаларына бағдарлауға дайын болу; олардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өмірдің ерекшеліктерін қабылдау; саналы таңдау негізінде білімді жетілдіру.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін мұғалімдерге арнайы белсенді дамушы білім беру технологияларын қолдану қажет, мысалы:

- ұйымдастырушылық, интеллектуалды және басқа да дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін, оның ішінде оқу қызметін өз бетінше жүзеге асыра алатын жаңа білімді игерудің проблемалық-диалогтық технологиясы;
- маңызды коммуникативтік дағдыларды дамытуға жағдай жасайтын дұрыс оқу іс-әрекетінің түрін қалыптастыру технологиясы;
- ұйымдастырушылық, интеллектуалды, коммуникативті және бағалау дағдыларын қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін жобалық қызмет технологиясы;
- тәрбиелік міндеті балалардың іс-әрекетін қоздыратын жағдайларды ұйымдастыру болып табылатын «оқу жағдайларына» негізделген оқыту;
- пайдалану және салыстыру, жинақтау, талдау және синтездеу сияқты маңызды интеллектуалды дағдылардың негізін құруға мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту:

- орфоэпиялық дағдыларды дамыту;
- сөздік қорын байытуға жұмыс жасау;
- оқушылар сөйлеуінің грамматикалық құрылымын дамыту және жетілдіру;
- ауызша, оқу, ғылыми, көркем сөйлеуді дамыту;
- жазбаша ауызекі, тәрбиелік және ғылыми, көркем сөйлеуді дамыту.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұн аясында функционалды сауаттылық дамытуға арналған әдіс тәсілдер көп. Соны оқытып, дамытып ең бастысы мұғалім өзінің сабағына,


тақырыпқа өзінің сынып ерекшелігіне, деңгейіне жұмыс жасау барысында дарынды, орташа, төмен балалар.

Дарынды балалар мәтінді зуылдатып оқып береді, бірақ ойын қағазға түсіре алмайды. Сол балаға бағыттап сюжеттік мәтінді беремін. Ал кейбір балалар үндемей жаза береді, сөйлей алмайды, кейбіреуі құрастыра алмайды, кейбіреуі тіпті берген ақпаратты оқып түсіне алмауы мүмкін соған байланысты сыныпты деңгейлеп аламын да тапсырма беремін. Сонда жүйелі болады. Оқу машығын жақсы оқи алады, бірақ мазмұнын түсінбейді. Мазмұнын түсінбейтін балаға кілт сөзді тап. Негізгі ойды тап. Сол кезде ол кілт сөзді тауып, негізгі сөзді тауып, негізгі сөзден мазмұнға қарай сатылап барады. Кейбір балалар оқиды да, ойын жүйелеп айтпайды. Ол балаға мәтінге қарап отырып, жоспар құрып кел деп тапсырма беремін. Жоспармен сөйлеген бала ол сайрап айтады.

Сюжеттік мәтінді оқу үшін, талдау үшін оқу машығы төмен балаларға оқытудың түрлерін беремін. Кейбір балалардың айтылым, тыңдалым дағдысы жетіспейді. Ол балаларды жұптастырып, бір-біріне сұрақ қояды. Сол кезде тексеріп алуға болады. Сюжеттік мәтінде балалар жоспар құру білу керек. Сол жоспармен бала сөйлей білу керек. Негізгі ойды анықтай білуі керек. Мәтіннің негізгі ойын таба білуді, проблемалық сұрақ қойғызып үйрету керек бір-біріне. Мәтін бойынша жұмыс түрлерін бөліп беремін.

Балаларды конкурсқа дайындағанда еске сақтау қабілеті балаларды «Оқу айнасының» проектісі аясында балаларды көркем сөз оқуға дайындаймын. Мәнерлеп оқуға көңіл бөлемін. Осы тәсілдерді қолдана отырып үш тоқсанда осындай нәтижеге жеттім.

1 тоқсанда – 32 % 2 тоқсанда- 46% 3 тоқсанда- 59%



Қорыта келе оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту-бүгінгі заман талабы. Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Сөзімнің соңында көнеден келе жатқан «Қыран – түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды» деген даналық сөзіндей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. БҰҰ «Білім бәріне ортақ» атты бағдарламасы, 2001. – Б.5-9.
2. Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат – жарқын болашақтың кепілі» // Өрлеу – Шымкент №1 (7) 02.2014ж.
3. Функциональная грамотность выпускников школ // Вершловский С.Г., Матюшкина М.Д

Жумажанова Н.А.

Теміртау қаласының білім бөлімі, әдіскер

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІНІН ДАМУЫ

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, ХХІ ғасырдың жан-жақты, зерделі, талантты адамды қалыптастыруда ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан - жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу - ағарту жүйесінің

үлесіне түсетінін ескерсек, білім негізі бастауыштан басталғандықтан, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше. Ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Ғылымның қай саласы болмасын өз тарихын терең зерттеп алмайынша алға баспайды. Демек, зерттеуді өз тарихынан бастау - ғылыми жетістіктерін игерумен қатар оның одан ары алға басуына үлкен мүмкіншіліктер туғызады. Дәл осындай жағдай дидактикалық ойындарының даму тарихына да қатынасы болса керек.

Қазіргі кездегі мектеп ғылым негіздері бойынша білім беріп қана қоймай, оқушыларды ойлауға, қабілеттілігі мен нышандарын дамытуға үйретуі, әр оқушыға өзін көрсетуге мүмкіндік беруі керек. Білімнің басты мақсаты баланың ақылдылығы мен интеллектуалды тапсырмаларды орындауы болып саналады. Бұл тұрғыда оқушылардың зейінін дамыту маңызды орынға шығады. Себебі баланың зейіні жеткілікті деңгейде дамитын болса оқушылардың сабақ үлгерім деңгейі жоғарылап, жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Демек, бастауыш сыныптан бастап оқушыларының зейінін дамыту өзектілігі арта түседі.

Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы зор. Әрине, зейін адам санасынан қорытылып өтетін, барлық ойды аңғаратын адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады. Демек, бұл есікке ілімнің бірде - бір көзі соқпай өте алмайды. Егер де ол соқпай өтсе, онда баланың санасында ештеңе де қалмайды.

"Дұрыс таңдалған ойын" - деп атап айтты психолог Б.В. Давыдов, - баланың көп нәрсе үйренуіне көмектеседі. Ойынның мазмұнының өзі баланың басқа көзқарасы мен психологиялық өзгерісіне әкеледі. Ойын кезінде олар өздерін басқалармен бірдей екенін ғана сезініп қоймай, басқалардан озып, соңынан ерте алатынына көздері жетеді. Олар өз іс - әрекеттеріне сенімді және ойлаған ойларын еркін жеткізе алады.

Ұлы педагог В. А. Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл - ой тәрбиесі болмайды» дейді. Демек, шәкірттің ақыл - ойы, парасаты дидактикалық салт - сананы сіңіру арқылы байи түседі. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының ой белсенділігін дидактикалық ойындар арқылы дамыту қажет болып отыр.

Дидактикалық ойындар - балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Мысалы, бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, көрнекілікпен бірге әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады.

Бастауыш сыныптағы балалардың дидактикалық ойындарға қызығушылығын дамыту, олардың ойын әрекеттерін қалыптастыруға, педагог мынадай жағдайларда олардың алдына күрделенген тапсырмаларды қойған кезде және ойын әрекеттерін есіне түсіруге асықпаған кезде қол жеткізуге болады. Бастауыш сыныптағылардың ойын әрекеттері бірте - бірте саналы болады, ол тек қана үдерістің өзіне емес кең ауқымды нәтижеге жетуге бағытталады. Сонымен бірге мектепке дейінгі ересектер ойынына басшылық жасау мынадай: балаларда сәйкес эмоциялық көңіл күйді сақтайтын, еркіндікті, оған қатысқанда қуанышты бастан кешіре білетін және қойылған мақсатты шешуде қанағаттану сезімі болатындай болуы керек.

Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дидактикалық ойындар арқылы дамытудағы рөлін анықтау мақсатында тәжірибелік - эксперименттік жұмыстар Теміртау қаласының №2 ЖББМ КММ 4-сынып оқушыларымен жүргізілді. Зерттеу жұмысына 39 оқушы қатысты, оның 21 эксперимент тобы, ал 18 бақылау тобы. Эксперимент жұмысының мақсаты - бастауыш сынып оқушыларының зейінін анықтап, дидактикалық ойындардың маңызын ашып көрсету. Жоғарыда аталған мақсатты жүзеге асыру барысында эксперимент 3 кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) бөлінді.

Зерттеу мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дидактикалық ойындар арқылы дамытудың маңызын ашып көрсету.

Зерттеу міндеттері:

- Дидактикалық ойындарды қарастырған педагог – психологтардың көзқарастарына теориялық шолу жасау;
- Дидактикалық ойындарға жалпы сипаттама беру;

-Бастауыш сынып оқушыларының зейін процесінің даму ерекшеліктерін ашып көрсету;
- Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамытудағы дидактикалық ойындардың ролін анықтауға байланысты жүргізген тәжірибиелік эксперименттік жұмыстарға талдау жасау.

Зерттеу нысаны: Бастауыш сынып оқушыларының зейін процесі.

Зерттеу пәні: Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамытудағы дидактикалық ойындардың маңызы.

Зерттеудің болжамы: Мектептегі және мектептен тыс тәрбие үрдісін жетілдірудің алғы педагогикалық шарттарының бірі өркениеттің бүгінгі деңгейіне негізделген әлеуметтік - педагогикалық талаптарға сай білім мен тәрбие беру. Дидактикалық ойын элементтерін сабақтың барысында пайдалану оқушылардың білімді қабылдау қабілетін нақтылап, мазмұнның оқушы санасына жақындатсақ іс - әрекетінде дидактикалық ойындарын пайдалану тәрбие жұмысына оларды қызықтырып, зейінін аударар еді.

Анықтау кезінде зерттеуші оқушының мінез - құлқын табиғи жағдайда, белгілі бір мақсат көздей отырып қадағалайды және көріп байқағандарын көзден таса қылмай, есепке алып отырады. Өзін бақылап жүргенін оқушы сезбеуге тиісті. Бақылау барысында іс - әрекеттердің сыртқы көріністері ғана емес астарында жасырынған психикалық процестер сапалы көңіл күйлер де байқалады.

Оқушылардың тек дидактикалық ойын кезіндегі әрекеті бақыланатын болғандықтан ішінара бақылау таңдалып алынды. Бақылау кезінде оқушылардың ойын барысындағы әрекеттері айқын көріне бастайды. Бақылау мақсаты оқушылар өз беттерімен дидактикалық ойындарды ойнауда қаншалықты дәрежеде зейінін аудара алатындығын анықтау.

Кез - келген ғылымның негізгі факторлары зерттеуден тұратыны белгілі. Алынған мәліметтерге сүйеніп тәжірибелік жұмысты өткізу үшін ойындар, әңгімелер, бақылау іріктеп алынды, соның ішінен «Мюнстерберг» әдістемесі мен Пьерон - Рузердің «Зейіннің тұрақтылығын зерттеу» әдістемесін және де Поппель Рейтердің «Зейіннің бөлінуі» тестісін атап өтуге болады.

Зерттеу жұмысының анықтау кезінде бастауыш сынып оқушыларының зейін деңгейлеріне талдау жасалынып, нәтижесінің көрсеткіші төмен деңгейді көрсеткендіктен, аталған олқылықтарды жою үшін біз дамыту жұмысын жүргіздік. Қалыптастыру кезеңінің мақсаты - бастауыш сынып оқушыларының зейінін дидактикалық ойындар арқылы дамыту.

Дамыту жұмысында өткізілген нәтиже бойынша бастауыш сынып оқушыларының зейінін дидактикалық ойындар арқылы дамыту мәселесін шешу және оның алдын алу жолдарына ықпалы тиді деген сеніммен эксперименттің бақылау кезеңінің көрсеткішін шығару мақсатында анықтау экспериментіндегі әдістемелерді қолдана отырып эксперименттік кезеңнің нәтижелерін шығардым.

Жалпы экспериментімізді қорытындылай келсек, бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамытуда дидактикалық ойындардың ролі ерекше маңыздылығы айқындалды. Дидактикалық ойындарды пайдалану, балалардың тапқырлығын шыңдап, ой - өрісін жетілдірумен бірге, оқушы зейінін дамытуға тигізер ықпалы мол. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор, баланың таным процесі қалыптасады.

Оқушыны жан - жақты дамытатын жағдайлар дидактикалық ойындар барысында қалыптасып отырады. «Ойында озған бала - өмірде озады» деп дана халқымыз айтқандай, балалар дидактикалық ойындарды ойнау барысында өмір құбылыстары жайлы таным түсінігі дамиды. Яғни ойынның негізгі мақсаты оқушының ықылас зейінін өзінің және құрбыларының іс - әрекетін, бағалай құрметтей, дәлелдей білуге баулиды, күнделікті өмірде дұрыс іс-әрекет жасауға қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының зейіні төңіректегі заттар мен осы заттарға қатысты іс - әрекеттер арқылы сипатталатындықтан, дидактикалық ойындарда осыған негізделе құрылған.

Демек, дидактикалық ойындарын жан - жақты қолданудың нәтижесінде оқушы зейінін дамыта аламыз.

Осыған байланысты мәселені егжей - тегжей зерттей келе төмендегідей ұсыныстар береміз:

1. Бастауыш сынып оқушысының зейінін дамытуға септігін тигізетін дидактикалық ойындарды іріктеп алу.

2. Дидактикалық ойындарды оқушылардың жас мөлшеріне сай қолдану.
3. Дидактикалық ойын ойналатын орынды немесе алаңды және керекті құрал - жабдықтарды алдын - ала дайындау.
4. Дидактикалық ойын барысында қолданылатын құрал - жабдықтардың эстетикалық талапқа сай, оқушы зейінін өзіне аударатындай болуы.
5. Ойын мазмұны оқушыларға неғұрлым түсінікті болып келуін және белгілі бір мақсат көздей құрылуын естен шығармау.

Пайдаланылған әдебиеттері тізімі:

1. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология (лекциялар жинағы) Алматы. 1982. 125 б.
2. Аймауытұлы Ж. Психология .Алматы. Рауан. - 1995. 152 б.
3. Букатов В. М. Секреты дидактических игр. Психология. Методика. Дисциплина. Москва. 2010. 208 с.
4. Федотова А.М. Познаем окружающий мир играя. Сюжетно-дидактические игры для дошкольников. Москва. 2014. 112 с.
5. Сағындықов Е. Қазақтың дидактикалық ойындары Алматы.1991. б 193.
6. Сапапбаева Ж. Дидактикалық ойындар қайдан шыққан.//Отбасы және балабақша 1993.№6. Б 38.
7. Баржаксиев Ә. Оралбекова К. Дидактикалық ойындарға қатысты есептер.// Бастауыш мектеп. 1994. №1. Б 15.
8. Бидайықова М. Тіл дамыту сабағында дидактикалық ойындарды пайдалану.// Отбасы және балабақша. 1996. №5 Б 44.
9. Тотенаев Б. Қазақтың дидактикалық ойындары. Алматы. Қайнар. 1994. 396 б
10. Серікбаева Б. Дидактикалық ойындардың пәрмені төңірегінде. // Отбасы және балабақша 1996. №3. Б 58 .
- 11.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://roo-mugalzhar.kz/index.php/kz/>
- 12.Сәбет Бап-Баба Жалпы психология. Алматы. 2003. 286 б.
13. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы. Білім, 1993. 189 Б.
14. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология (лекциялар жинағы) Алматы. 1982. 125б.

Жакина М.Х.

КГУ «Школа-гимназия №95». г. Караганда

СОЦИАЛЬНАЯ АКТИВНОСТЬ УЧАЩИХСЯ КАК ОДИН ИЗ ФАКТОРОВ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

В современном обществе школа становится все более открытой социально-педагогической системой, стремится к диалогу, общению, широкому социальному взаимодействию. Именно школа становится основным центром культуры и образования, где ежедневно решается круг вопросов, волнующих молодежь сегодня. Актуальные вопросы: функциональная грамотность и качество образования, пути реализации своего потенциала, социальная адаптация, - предстоит реализовывать в современных условиях.

Мы в школе-гимназии сталкиваемся с проблемами в работе с современными подростками:

- социальной незащищенностью в социуме семьи и микрорайона;
- слабой мотивацией к активной жизненной позиции;
- антропологической проблемой, связанной с потерей духовности, смысла жизни, одиночеством и даже агрессивностью.

Адаптация к социуму микрорайона, семьи, молодежным неформальным группировкам и модернистским веяниям и те нравственные основы, которые прививаются школой, культурной средой вступают в глубокие противоречия. Это приводит к тому, что среди 21,3% подростков наблюдаются, с одной стороны, спад в учебе, к безответственному отношению Уставных

отношений в школе, пассивность, девиантность, с другой стороны, – потребность в защищенности, в актуальных знаниях и умениях, самореализации, в признании и любви, в активных коммуникациях, в доверии, искренности со стороны взрослых, в поиске смысла жизни и авторитета на принципах конгруэнтности и конструктивизма. [1, с.23]

Проблемы основываются на том, что в большей мере главную роль в их появлении играет не материальное благополучие, а потеря ценностей и смена ценностных ориентаций в семье. Среда склоняет конформных ее представителей быстро решать некоторые ситуации различными асоциальными методами.

Школа, находясь в условиях отдаленного городского микрорайона, с одной стороны, ощущает на себе все изменения, трудности, возникающие в жизни города, местного сообщества, а с другой стороны – сама способна оказывать существенное влияние на решение социальных проблем микрорайона, оперативно реагировать на происходящие вокруг события.

Одна из проблем - отсутствие мотивации или слабо выраженные стремления к саморазвитию и самопознанию, самостоятельности. Школа остается в одиночестве в решении этой проблемы, так как семья в целом в настоящее время испытывает кризис. Поэтому работа с проблемной семьей – одно из направлений в деятельности школы по социализации и развитию нравственно- духовных ценностей.

Очевидно, что развитие школы неразрывно связано с ее потенциальным окружением, использованием воспитательного потенциала социума, устойчивых местных духовных и национальных традиций, принижающих систему взаимоотношений жителей. Школа при этом способна успешно выполнять роль носителя, генератора, трансформатора самых лучших, прогрессивных идей и традиций. [2, с. 38]

В связи с этим ориентиры и приоритеты образовательного процесса в «Школе-гимназии №95» меняются, согласно модернизации казахстанского образования на основе компетентного подхода к образованию и воспитанию, главной целью которого становится формирование готовности личности к успешной социализации в постоянно меняющейся среде.

Как очевидно, основной акцент в организации образовательного процесса школы уже сделан на такой его организации, которая позволила бы каждому ученику найти свою «нишу» в социуме, смогла реализовать свои способности в учебной и внеурочной деятельности согласно тем духовно-нравственным ценностям, которые привиты в семье и школе.

На решение этих проблем и противоречий нам помогут разработанные Программа «Школа как центр социальных и культурных инициатив микрорайона» и проект «Новаторы в праве». Данные программы, на наш взгляд, помогут нам разрешить одно из главных противоречий между потребностью общества в гражданской и социальной активности и ответственности учащихся и отсутствием социально значимых ценностей в семье, окружающем социуме.

Основная цель данного проекта и Программы – это формирование интеллектуально развитой, здоровой, творческой личности с социально - активной гражданской и жизненной позицией, адаптированной к социуму и способной к самореализации и самосовершенствованию. [3, с.64]

Кропотливая работа педагогов в помощи ребенку в устранении причин, негативно влияющих на формирование его компетентностей, предотвращение серьезных последствий развития сложных для ребенка событий, адаптация к условиям социума помогает нам частично решать некоторые проблемы социализации и нравственно-духовного воспитания.

С точки зрения современного образования к числу приоритетов совершенствования образовательного и воспитательного процесса, реализуемых в предыдущие годы в условиях Школы-Гимназии №95, относятся следующие направления:

оптимизация образовательного процесса с целью сохранения физического, психологического и духовно-нравственного аспекта обучения, воспитания и формирования ЗОЖ учащихся;

усиление роли цикла дисциплин вариативной части учебного плана, способствующих формированию личности, способной к успешной социализации;

введение профильного обучения в старшей школе и предпрофильной подготовки в основной школе в целях улучшения качества образования и обеспечения профессиональной ориентации и самоопределения обучающихся,

обеспечение условий для формирования портфолио ученика в целях отслеживания уровня развития и становления личности каждого ребенка, проявления и реализации потенциальных возможностей каждого школьника через учебную деятельность, участие в школьном самоуправлении и участия в социальных практиках;
информатизация образовательной практики, формирование функциональной информационной грамотности выпускников как основы медиа образования для формирования поликультурной личности;
организация работы на микрорайоне для формирования навыков социальной адаптации и развитию социальных, лидерских и творческих навыков учащихся;
научно-исследовательский подход к управлению школой-гимназией и образовательно-воспитательного процесса в нем, где особое место отводится разработке индикаторов изменений социализации и нравственно-духовных ценностей.

Анализ перечисленных выше направлений показывает, что они являются актуальными и востребованными всеми участниками образовательного процесса в условиях школы-гимназии. Они видят свою школу как открытое поливариантное образовательное пространство, в котором созданы условия для социализации и личностного роста. [4, с.37]

Школа имеет достаточный опыт участия в республиканских, областных, городских проектах. Это дает возможность учителям, учащимся, родителям реализовывать в практику современные подходы в образовании, свои собственные локальные проекты, направленные на улучшение образовательного процесса.

В школе работают 24 локальных проекта. Главная цель этих проектов- реализация способностей, развитие сотрудничества друг с другом, практическая направленность с выходом на результат каждого ученика для социальной адаптации.

Реализация Программы «Школа как центр социальных и культурных инициатив микрорайона» и проекта «Новаторы в праве» связана со спецификой микрорайона школы, социальным составом родителей, социума микрорайона, расширяет границы социума, так в реализации их принимают участие все культурные, оздоровительные и др. Центры, а также ВУЗы: Академия МВД РК им. Б.Бейсенова, КЭУК.

Считаем, что для реализации этих проектов у нас есть возможности. Это не только социально значимые акции на микрорайоне, Дни семьи и Дни здоровья для жителей микрорайона, но и предоставление каждому учащемуся и их родителям возможности участия в учебной и внеклассной деятельности, жителей микрорайона- в мероприятиях, организованных на микрорайоне.

Для этого внеклассная работа построена таким образом, чтобы каждый смог реализовать свои интеллектуальные, творческие способности. В школе работают коллективы, заявившие о себе на Международном, Республиканском уровнях- образцовый детский театр «Галерка», отряд ЮИДД, победители областных и городских конкурсов «Оле Лукое» и хореографическая студия «Стиль», отряд «Спасатели » и др. Все учащиеся школы принимают участие в работе клубов, кружков, секций. Результативность данной работы проявляется в призовых местах на различных конкурсах и соревнованиях.

Считаем, что реализация направлений Программы и проекта снимет трудность в организации образовательной, воспитательной работы школы, в формировании нравственной, мотивационной, эмоциональной и деятельностной сфер личности школьника из-за замкнутости социального пространства, удаленности культурных центров, ограниченности сферы социальных связей. Планомерная работа обеспечит взаимное обогащение школьников, овладение старшими учащимися социальными ролями взрослого; приобретение опыта ответственности за себя и других; освоение навыков организаторской деятельности.

Литература:

1. Конвенция о правах ребенка. (Нью-Йорк, 20 ноября 1989г.) (Ратифицирована Постановлением Верховного Совета РК от 8 июня 1994г. № 77)
2. Мухтарова А.К. Права человека для всех., Алматы, 2003.
3. Тубельский А.Н. Школа самоопределения. - М., 2005.

Жакупбекова Г. М.

Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі, Жезқазған қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Білім жетістіктерін бағалаудың Халықаралық Қауымдастығы (IEA) орта мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын өмірлік жағдаяттарды шешуде математикалық білімдерін қолдана білу деп түсіндіреді [1]

Математикалық сауаттылықты дамытудың негізі оқу тапсырмаларында жатыр. Тапсырмаларды орындауда білім алушылар оқу және өмірлік жағдаяттарды шешу арқылы, оқу материалын меңгеру дәрежесін көрсетеді. Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырудың негізгі жолы қолданбалы математиканы оқытудағы заманауи тәсілдер мен тұлғаға бағытталған, зерттеушілік, құзіреттілікпен тығыз байланысты. Қолданбалы математиканы оқыту оқушылардың жоспарлы дайындығын талап етеді.

Оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту мақсатында олардың іс-әрекетін белсенділендіруде есептерді, оның ішінде қолданбалы мазмұндағы есептерді пайдаланудың мүмкіндігі зор. Алынған математикалық білімді тәжірибеде нәтижелі пайдалану абстрактілі теориялық білімнен тәжірибелік іс-әрекетке ауысу болып табылады. Осыған байланысты Д.Н. Богоявленский мен Н.А. Меньчинскаяның “Оқушылардың ақыл-ой операциясы дамуының соңғы кезеңі ақыл-ой әрекетін құру емес, оны тәжірибе жүзінде іске асыру”, – деген тұжырымымен келіспеуге болмайды [2]. Сондықтан, оқушыларды өмірде кездесетін жағдайларды математика тілінде түсіне білуге үйрету. Міне, осы кезде математика пәнінен алған білім өмірде қолданылатын болады.

А.Нұғысованың зерттеуінде: «Теориялық материалды меңгеру кезінде, мазмұны оны қоршаған өмірде кездесетін өмірлік жағдаяттарға байланысты, олардың күнделікті өмірде кездесетін (тұрмыста, кітаптарды, газеттерді, журналдарды және т.б. оқу кезінде) есептерді шешуде, математиканы өмірмен байланысты оқыту оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оятудың негізгі тәсілдерінің бірі» делінген [3]

Қолданбалы сипаттағы есептер екі типке бөлінеді:

а) орындалуының тиімді тәсілдерін талап ететін есептеу сипатындағы жаттығулар және мазмұны өндірістік-тұрмыстық сипаттағы мазмұны бар мәтіндік есептер: өндірістегі әр түрлі машиналар мен механизмдердің өнімділігін, әр түрлі дақылдарды себу нормасын ұшақтың, кеменің, зымыранның, автокөліктің жылдамдығының орташа мәнін, әр түрлі сметалық, шаруашылық және т.б. жұмыстардың мәліметтерін пайдалануға берілген есептер;

ә) техниканың, физиканың, химияның, астрономияның мәліметтері пайдаланылған өндірістік сипаттағы мәтіндік есептер, пайыздық есептеулерге және т.б. арналған есептер [3].

Сабақтарда ақпараттық технологиялар мен тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық жағдайлар туғызып, оқушылардың өз бетімен тақырыпты түсінуіне қолайлы орта қалыптастырып, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отыру қажет. Соның нәтижесінде оқушылар өздері қорытынды жасап, қолданбалы есептер шығару арқылы білімдерін бекітеді.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруға бағытталған қолданбалы есептерге қойылатын талаптар төмендегідей:

- қолданбалы бағыттағы есептер және математикалық жаттығулар математика бағдарламасының талаптарына, оқушылардың білім, білік, дағдыларына сай болуы керек;

- олар оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған (қысқаша жазу, оған сызба сызу, кесте толтыру, сурет салу, қарапайым диаграммаларды, графиктерді оқу және сызу, практикалық жағдайларды модельдеу және т.б.) білім, білік, дағдының қалыптасып, дамуына ықпал етуі қажет;

-қолданбалы мазмұнды есептердің мазмұны оқушылар үшін таныс математикалық аппаратының өмірде қолданылуын, сандық мәліметтерді пайдаланудың ерекшеліктерін (сандық мәліметтерінің шынайлығы, сұрақтардың қойылу дәрежесі, алынған жауаптың шындыққа сәйкес келуі) ашу керек;

- есептің мазмұнында оқушылар қабылдап, ұғына алатындай шынайы мәліметтер болуы керек, оқушылардың өмірлік тәжірибелеріне, жас ерекшелігіне, білім дәрежесіне және танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы қажет;

- есептің сюжеті және сандық мәліметтері айналадағы шындықтың озық жақтарын бейнелеу қажет, тәрбиелеушілік, танымдық сипатқа ие болып, математикаға қызығушылығын оятуы керек;

- сұрақтардың қойылу дәрежесі шынайы жағдайдан туындауы мүмкін сұраққа сай болуы керек (жете ме, жеткілікті ме, бола ма және т.б.);

- қолданбалы бағыттағы есептер және оларға арналған тапсырмалар оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін (сезіну, зейін, қабылдау, еске сақтау, қиял, ойлау, сөйлеу) дамыта алатындай болуы керек;

- есепті шығару әдістері оқушылардың өздері күнделікті тәжірибеде пайдаланып жүрген әдістерге сәйкес немесе жақын болуы, таныс немесе оларды оқушыларға үйретуде көп уақытты алмауы қажет.

Мектеп-лицейде 5-11 сыныптар арасында үзіліссіз "Математикалық сауаттылық" курсы оқытылады. Бағдарлама спиральді оқытуға құралған. 5-сыныптар үшін бағдарлама мен ОӘК-ін құрастырып тәжірибеге енгізудемін. "Мәтінді есептер тарауынан бірнеше қолданбалы есептерге мысалдар келтірейін:

1. Ажардың 5000 теңгесі бар. Ол базардан 3 кг картоп, 2 кг сәбіз, 1 кг қызылша, 2,5 кг қияр және 2 кг қызанақ алды. Ажар осы алған көкөністерге төлем жасағаннан кейін, оның қолында 3290 теңге қалды. Кестеде берілген мәліметтерді пайдаланып, қиярдың бағасын табыңыз.

картоп	сәбіз	қызылша	қияр	қызанақ
1 кг-120 тг	1 кг-100 тг	1 кг-150 тг	1 кг- ? тг	1 кг-250 тг

А)230 тг; В)220 тг; С)250 тг; Д)200 тг; Е)240 тг.

2. Астана қаласына қыдырып келген Абзал төмендегі кестені пайдаланып, екі күнге автомобильді жалға алу үшін ең тиімдісін (арзанын) есептеп алды. Егер Абзал күніне 150 км жүрген болса, онда қанша ақша төлегенін анықтаңыз.

Автомобиль тұтынатын жанармай	1 л жанармайдың Бағасы (теңгемен)	Әр 100 километрге Жұмсалатын жанармай (литрмен)	1 тәулікке жалға алу бағасы(теңгемен)
Дизель	105	8	17500
Бензин	120	12	16500
Газ	45	16	17000

А) 37160 тг; В) 36160 тг; С) 37520 тг; Д) 37320 тг; Е) 36120 тг.


3. Жолды тегістеу үшін қуаты әртүрлі екі грейдерлік машина жолға қойылды. Бірінші машина барлық жұмысты 36 күнде бітірді, ал екінші машина 45 күнде бітіреді. Екі машина бірлесіп отырып, осы жұмысты неше күнде бітіреді?

А) 30 күн; В) 20 күн; С) 9 күн; Д) 81 күн; Е) 25 күн.


4. 9 қабатты үйде лифт бар. 1-ші қабатта 2 адам тұрады, ал келесі қабаттарда адам саны алдыңғысынан екі есе көп. Бұл үйде қай қабатта лифтің батырмасы көп басылады?

А) 1-ші; В) 5-ші; С) 3-ші; Д) 4-ші; Е) 2-ші.

5. Компания телефонмен сөйлесудің екі түрлі тарифін ұсынады: А және В. Әрбір тарифтің бағасы және сөйлесу ұзақтығы төмендегі графикте көрсетілген. Егер В тарифін қолданса, 550 теңге қанша минутқа жетеді?



6. Суретте бір компания акциялар бағасының өзгерісі нүктелермен белгіленген. Бизнесмен 13-тамызда 300 акция алды, ал 24-тамызда сатты. Осы операцияда ол неше теңге пайда тапты?



7. Электропоездың билетінің бағасы 1080 тг. Оқушыларға арналған билетке 50% жеңілдік жасалса, 3 ересек адам мен 12 оқушының билетіне төленетін сома қанша?

A) 8640 тг; B) 7560 тг; C) 10260 тг; D) 9720 тг; E) 6480тг.

Жоғарыдағы алынған есептер оқушыларға математиканың шынайы өмірде қолданбалылығын көрсетеді және мұндай есептерден қорықпай математикадан алған теориялық білімдерін қолдануға алып келеді.

Оқушылардың математикаға деген ынтасын, математикалық сауаттылығын арттыру - оқыту барысында оның қолданбалылық ролін ашып көрсету. Ол үшін жаңа теореманы дәлелдеу немесе есеп шығару барысында әрдайым өмірмен байланыстырып отырған пайдалы. Оқу үдерісін ұйымдастырғанда, мүмкіндігінше қарастырылып отырған теорияның өмірде қайда, қалай пайдаланатынын ашып көрсетіп отырғаны жөн. Өтіп жатқан жаңа материалды оқушыларға мұндай жолдармен таныстыру олардың теориялық материалдың мағынасын терең түсініп, танымдылық өрісін кеңейтуге жетелейді. Математика пәнін оқытуда қолданбалы есептерді ашып көрсету – бұл оқушылардың математикалық сауаттылықтарын дамытады, болашақта қандай мамандықтарда болмасын кең пайдалануына жол ашады.

Әдебиет:

1. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Тыңдаушының жұмыс дәптері // NIS- PEARSON 2013 ж.
2. Богоявленский Д.Н., Мечинская Н.А. Психология усвоения знаний в школе. – М.: Изд. – во АПН РСФР, 1989 г.
3. Нұғысова А. Практикалық мазмұнды есептер. – Алматы: РБК, 2006 ж.

ОҚУШЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ВАРИАТИВТІК КУРСТАРДЫҢ РӨЛІ

Қазақстан Республикасының Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында «Білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен, шығармашылық пен таным субъектісі құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъектісі ретінде көрінуімен бедерленеді» делінген [1:40].

Мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары — баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіру. Бұл оқушының өзіндік әрекеттерін, дербес жұмыс жасау қабілеттерін дамытудың маңыздылығын айқындайды. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы білім беру жүйесінің міндеттері туралы бабында: жеке адамның шығармашылық, рухани және жеке мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллект байытумен қатар әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республикасының басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу қажеттігі атап көрсетілген [2:4].

Мектеп компонентінің оқушы бөлігіндегі вариативтік курстар оқушының пәнге деген қызығушылықтарын дамытумен бірге, келешекте таңдайтын мамандықтарына бағдар беруге жағдай жасайтын курс болғандықтан көп жағдайда биология пәніндегі теориялық білімді қолданбалы курста зерттеушілікке бағыттай білгенде ғана сапалы білім көрсететіні айқын. Осыған сәйкес танымжорықтар мен сараман сабақтар, зертханалық жұмыстар, тәжірибелерге биология сабақтарындабағдарламада аз сағат берілгендіктен осындай курстардың тиімділігі көп деп ойлаймын. Мектеп практикасында қазіргі уақытта педагогикалық мақсатқа сәйкес жаңалықтар көптеп енгізілуде. Соның бірі қазіргі кезде оқушы мен мұғалімнің алдына қойылып отырған мақсат- сыни ойлау мен білімді өмірде қолдану. Шығармашылық белсенділікті біз адамның жете түсінудегі талпынысынан туындайтын белгілі зерттеушілік және қоғамдық пайдалы маңызы бар міндеттерді шешуге жетудегі әрекетшіліктің жоғары сапалы деңгейі деп анықтай аламыз.

Инновация өзінен өзі пайда болмайды, ол ғылыми ізденістердің жинақталған тәжірибиелердің нәтижесі болып табылады.

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Оқытушының педагогикалық шеберлігінің негізгі өлшемдерінің бірі-оқушыны өзіндіктанымдық жұмысын ұйымдастыру, ал екіншісі оқушының өздігінен оқып ой-өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеу. Әрбір ұстаз алдындағы міндет- өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәуле бар, талантты шәкіртті тани біліп, оқушы дарынын ашып, оған бағыт-бағдар беріп, оны дамыта білу. Оларды баулып, қамқорлыққа алып, тәрбиелеу-ортақ іс-шара. Оқушы бойындағы дарынын қырағылықпен көре білу-мұғалім үшін аса қажетті қасиет. Ол үшін әр мұғалім өзі ізденіп, ерінбей еңбектеніп, күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты ашып, жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтайды. Сол тұлғаның пәнге деген қызығуын туғызып, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін тәжірибиелік жұмыстардың маңызы зор.

Талантты дер кезінде танып, дарындыны таңдап және олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу қажет.

«Сенің елдігің тарихыңды зерттеуден басталады»- деп Қадыр Мырзалиев айтқандай, шәкірттерімізді тарихи саналы, құқықтық тәрбиелі азамат етіп тәрбиелеу, шығармашылыққа шыңдау міндет. Ол үшін оқушы бойындағы табиғат берген қабілетті дамыту, дарындылықтың көзін ашу- қасиетті парызымыз. Белгілі психолог Н.Лейтес оқушы бойындағы негізгі қасиеттер мыналар деп көрсетеді:

- ұқыптылық, жинақтылық, зейіннің тұрақтылығы, еңбек ету қабілетінің жоғарлығы;
- ақыл-ой, логикалық ойлаудың тездігі, кез келген жағдайды талдап салыстыра білу;
- барлық күш-қуатынсалып тынымсыз еңбек ете білуі.

Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, биология сабағында мен кез келген оқушының бойындағы қабілетін, іскерлігін байқап, оның үлкен ізденіспен жұмыс жасауына мүмкіндік беремін. Әр сабақта оқушылармен жеке жұмыстарды ұйымдастыра отырып, тәжірибелік және жан-жақты зерттеу жұмыстарына баулыдым.

Зертханалық сабақтар – оқушылардың оқу іс-әрекетінің бір түрі; мақсаты мен міндеті ұқсас. Зертханалық жұмыстар оқу бағдарламасына енгізіліп, курс бөлімін немесе тақырыпты оқығаннан кейін жүргізіледі. Бұл оқушының алдымен теориялық білімді терең меңгеріп, жасалған жұмыстың нәтижесін дұрыс түсінуіне мүмкіндік береді. Жұмыстың жоғары дәрежеде, дұрыс орындалуы үшін топта 10 адамнан болуы керек, олар жеке-жеке немесе жұппен орындайды. Жұмыстың тақырыбы, мақсаты, зерттеу объектісі, қажетті құрал-жабдықтары зертханалық дәптерлеріне көшіріліп, қорытындыланады.

Оқушылармен жүргізілген зертханалық жұмыстар 6-7 сыныпта биология пәні оқушылар үшін жаңа бір таныс емес пән. Олардың бұл пәнге деген қызығушылығын ояту арқылы, болашақта жоғары сынпытарда олар бұл пәнді сүйсіне оқитын болады. Сол себепті мен өз жұмыстарымды төменгі сыныптан бастап түрлендіріп өткізуді жөн көремін. Солардың бірі ретінде «Тұқым. Тұқымның өнуі, тыныс алуы, қоректенуі мен өсуі, тұқымды себу мерзімі» осы тақырыпты рольдік ойын түрінде өткіздім.

Сонымен қатар оқушыларды топ серуендерге алып шығу арқылы табиғатпен тікелей жұмыс істеп қана қоймай, оқушылар үшін өз көздерімен көріп, сабақтың маңыздылығын сезіне алды.

Ал, 7 сынып оқушыларымен қоянның сыртқы және ішкі құрылысы атты зертханалық жұмысты тәжірибие жүзінде өткіздім.

Қорытындылай келе зертханалық жұмыстың негізгі мақсаты орындалды. Яғни қоян туралы біліп қана қоймай, оның ішкі құрылысын өз көзімен көріп, жүйке жүйесімен таныстым. Қабырғаларына сипаттама беріп, салыстыру жұмысын жүргіздім. Жалпы лабораториялық жұмыстың орындалу ретін үйрендім. Алдағы уақытта осындай жұмыстар жүргіземін» деген сенімдемін.

Қазіргі ақпарат және жылдам өзгермелі заманда біз сабақта теориялық білімді көп, ал практикалық білімді аз береміз. Ал қолданбалы курс осыған себепші. Бағалау жүргізбеу арқылы оқушылардың қызығушылығын, ынтасын арттыруға болады. Менің іс-тәжірибем көрсеткендей оқушылар курста сыни тұрғыдан ойлай отырып, дағдыларын дамытады. Мұнда әр бала өзінің даму траекториясын көрсете алады, пікірін ашық айта алады, ғылымға деген құштарлығын анық көрсете алады. Бұл оқушылардың интеллектуалды іс әрекеттеріне бастама болады. Курста теорияны қоянның ішкі, сыртқы құрылыстарын зерделеуде бұрын түсінбей жүрген теориялық білімдерін практикаға ұштастырудың мүмкіндігі туды. Оқушыда өзіне деген сенімділігі артады. Жаңартылған білім мазмұнында оқушының функционалды сауаттылығын дамытуын бірінші кезекке қоюы осыдан. Алған білімдерін қолдана алу, өмірмен байланыстырып болашаққа деген ұмтылысқа жетелеу. Осындай мақсатта мына жұмыстар жүргізілді.

Оқушылар сүтқоректілер класымен, қоян тәрізділер отрядымен, ақ қоян типіне жататын қояндармен тәжірибиелік жұмыс жүргізді. Оқушылар өз жұмыстарын талқылап, қорытындысын шығарды.

Қорытындылай келе жүргізген тәжірибиелік жұмыстан көптеген қосымша мәлімет алды. Осы жұмысымыздың арқасында қоянның ішкі және сыртқы құрылысын өз көзімізбен көріп, ұстап білді. Мысалы, терісімен танысып, асқазан, бүйрек, жүрек сияқты мүшелерін өз көздерімен көрді.

Осындай тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеттері кеңейіп, қызығушылықтары оянып, осындай жұмыстар жүргізген оқушылар ендігі кезекте алған білімдерін қорытындылау мақсатында жоба қорғады. Мұндай нәтижелер олардың интеллектуалды тұрғыда ой өрістерінің дамығанын, білімге деген құштарлықтарының ауқымының кеңейгенінің дәлелі.

Оқу жылының соңында өтілетін оқушылардың өткізген семинар-форумдары баспа беттеріне шығарылды. Олар семинар-форум жайлы өз мақалаларында «География, биология, экология орта мектепте», «Биология және салауаттылық негізі» журналдары т.б өздері қорғаған жобалары баспа беттеріне шықты.

Келешек ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде, көздеген мақсаттарына жететін сонымен қатар тұлға болып қалыптасатын сонымен қатар болашақтың бүгінгі күннен де жарқын және нұрлы болуына әсер ететін адамзат өмірінің алға жетелейтін бір бөлшегі ол, әрине, білім. Болашақтың кілтін саналы да сапалы білім алған танымдылығы жоғары күзіретті, бәсекеге төтеп беретін жастар ғана аша алады. Бүгінгі оқушы- ертеңгі дамыған тұлға. Сондықтан білімді ұрпақ тәрбиелеуде мұғалімдердің сіңірген еңбегі ұшан -теңіз. Әлем елдерінің оның ішінде Қазақстан мұғалімдерінің ең басты проблемалары оқушыларды қалай және нені оқыту керек деген басты нысәселе болып тұр. Сол үшін білім беруді дамытуда өркендеген мемлекеттердің тәжірибелерін алып сол мемлекеттердің қатарына ену басты мақсатымыз болып тұр. Болашақтың кілтін саналы да сапалы білім алған танымдылығы жоғары күзіретті, бәсекеге төтеп беретін жастар ғана аша алады. Сол үшін білім беруді дамытуда өркендеген мемлекеттердің тәжірибелерін алып сол мемлекеттердің қатарына ену басты мақсатымыз болып тұр. Мұғалімдердің қазіргі кездегі басты мақсаты түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сабақ өтіп оқушыларға алған білімдерін өмірде қолдана алатындай тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі уақытта еліміздегі білім беру саласына Елбасымыз тарапынан басты назар аударылып, жан-жақты жағдай жасалынуда. Жарқын болашақтың кілті болып табылатын өскелең ұрпақтың білім деңгейі заманауи талаптарға жауап берсе, тәуелсіз еліміздің тұғыры мықты болмақ.

Оқушылардың биологияға деген қызығушылығын дамыту үшін зертханалық сабақтардың маңызы орасан зор. Зертханалық сабақ кезінде оқушылар бұрын сабақта алған білімдерін практикада өз бетімен жұмыс жасау кезінде ұштастырып, білім деңгейін кеңейте алады. Сондықтан шағын жинақты мектептерде биология пәнінен өткізілетін зертханалық сабақтар өз мәнінде өткізіліп, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, білімге деген құштарлығын ұштау қажет деп ойлаймын. Биология пәнінен зертханалық сабақтарды ұйымдастыру – өсіп келе жатқан ұрпаққа тіршілікті, өмірді аса үлкен зор құндылық деп түсінуді қалыптастырады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. — Алматы, 1994. — 40-б.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егеменді Қазақстан. — 1999. — № 115

Жаксыгелдина Ш.Т.

«Балқаш қаласының білім бөлімі» «Абай атындағы № 2 мектеп- лицей» КММ география пәні мұғалімі.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» Н.Ә.Назарбаев. [3] Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы.

Сонықтан білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын көтеру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2016-217 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі. Спиралды құрылым білім мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерлемелі дамуын қамтамасыз етеді. Яғни білімнің қарапайым деңгейден күрделі деңгейге көшуі болып табылады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған Білім беру саласының қазіргі кезеңдегі стратегиясы – тез өзгертін шынайы жағдайларға үнемі бейімдеуге болатын икемді тактикалық іс-қимыл бағдарламасы да әзірленді.

Жаңа жағдайда білім беру жүйесінен, оның сапалы және өмір бойына үздіксіз болуы талап етіледі. Сондықтан қазақстанның білім беру жүйесінің алдына оқытудың қазіргі уақыттағы әдістері мен бағдарламаларын меңгеру, оқыту сапасын арттыру, сұранысқа ие білім мен дағдыларды беру, қоғамдық сананы жаңғырту, функционалдық сауаттылықты, үштілділікті, сын тұрғысынан ойлауды және басқаларын дамыту міндеті қойылған.

Жаңартылған білім мазмұнында география пәнін оқытудың бірнеше ерекшелігін атап өтуге болады:

I. Тақырыптардың әр сынып сайын күрделеніп, мазмұнының толықтырылып берілуінде. Мысалы: білім алушы 7 сыныпта «Әлеуметтік география» бөлімінде дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақ-тарын анықтаса, 8 сыныпта дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктейді, ал 9 сыныпта дүниежүзі халқы миграцияларының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіреді яғни оқушының ойлау дағдысын дамытудағы Блум таксономиясына негізделеді. Сонымен бірге әр тақырыптың ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен байланысы ерекше назарға алынған.

II. Оқушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын бағалау үшін түрлі проблемалары бар жағдаяттар қолданылуы;

География пәні сабақтарындағы сын тұрғысынан ойлау, оқушылардың бойында келесі дағдыларды дамытуды қарастырады: мәнмәтінді есепке ала отырып тыңдау, бақылау, талдау және жинақтау арқылы дәлелдеуге үйрену. Сондықтан білім алушылардың бақылау, талдау, пайымдау және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруларына жағдай жасау қажет. Ол үшін білім алушыларды: [2]

– пайымдау мен дәлелдеуді жіктеуге және жинақтауға;

– олар туралы негізгі дереккөздерді бағалауға және сәйкес сұрақтар қоюға;

– тұжырымдамалар және қорытындылармен қоса алғанда негізгі дереккөздерді салыстыруға және талқылауға;

– жеке тәжірибесінің молаюына қарай өзінің көзқарастары мен болжамдарын қайта қарауға қатыстыруға болатын түрлі тапсырмалар ұсынуға болды.

География алгоритмі талдауды, болжауды, баламалы шешімдерді талап ететін жаратылыстану ғылымы. Менің де мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық, ізденістік қабілеттерін дамыту. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білімпаздығын дамыту.

Өз тәжірибиемде сабақтарымды бір біріне ұқсамайтын түрлі тиімді тәсілдерді қарастырудан бастаймын, география мазмұны кең, тақырып материалы ауқымды білімді қажет ететін пәндердің бірі.

Оқушылардың білімділік, біліктілік деңгейін көтеру мақсатында сабақ барысында өз беттерімен дайындаған шығармашылық жұмыстар арқылы логикалық ой өрісін, сөз шеберлігін, білімге деген қызығушылығын ояту, дәлелдеу, ой тұжырымдау, салыстыру, негізгі мазмұнды ажырата білу тапсырмаларын түрлендіре отырып сыни ойлауларын шыңдауға бағыттаймын.

Оқыту нәтижесі оқушылардың өзіне тән мінез - құлық ерекшеліктері қалыптасады, өмірге бейімділігі шығармашылық қабілеті дамиды. Ой қорыту үшін оқушыларға әр түрлі жұптық тапсырмалар ұсынамын. Оқушылардың жеке ерекшелік деңгейлерін ескере отырып саралау тапсырмалары беріледі, әр тапсырма оқушының сыни ойлауына ықпал етеді. География сабақтарында өткізген тәжірибелерімнен оқушылардың танымдық қабілеттерін арыттыруда тапсырмалады түрлендіріп жасауға тырысамын. Мысалы:

- Алынған мәліметтерді жүйелеу салыстыру, дәлелдемелі факторларды айту.
- Теориялық жағдайларды нақтылау
- Зерттелетін нысандарды салыстыру (Сарыарқа мен Тұран жазығын салыстыру)
- Экономикалық математикалық есептеулер
- Географиялық жағдайларды жобалау тапсырмалар:

сыни ойлай алатын оқушылар берілген тапсырмаларға тиянақты, нақты жан жақты жауап бере алады.

III. География сабағында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді құралымыз Блум таксономиясы. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты

кабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн.

IV. Бағалау критерийі де оқу мақсатымен тығыз байланысты. Бағалау критерийі дегеніміз — білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме. Одан кейін тапсырма құрастырамыз. Бағалау критерийінен дескрипторлар беріледі, яғни критерийді қадам бойынша ашамыз. Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым. Тапсырманы әр оқушы дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады.

V. Жаңартылған білім мазмұнындағы тағы бір ерекшелік оқытудың белсенді әдіс тәсілдерін қолдана отырып сынып оқушыларының барлығын қамтуға жағдай жасау. Топтық, жұптық, жеке жұмыстар арқылы сынып оқушыларының бойында ынтымақтастық, татулық, қамқорлық қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталуда.

География пәнінің негізі тілі - карта. Оқушылардың картографиялық сауаттылығын қалыптастыруда картамен жұмыс жасау түрлеріне ерекше назар аударылады. Жаңартылған білім мазмұнында сабақ барысында электронды карта жүйесін қолдану, «Бейнелі карта» арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жүзеге асуда. Сабақтар сандық білім ресурстарының қолданысымен ерекшеленеді, мысалы Bilimlend I Mektep.kz және веб ресурстар www.geo.historic.ru, www.meteosputnik.ru. т.б қолданылады.

Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны қалыптастыруда оқытудың белсенді әдіс – тәсілдерін қолданудың маңызы зор екені байқалады. Жаңа заман талабына сай география сабағы оқытудың инновациялық технологияларына негізделген. Қазыргі таңда жаңартылған білім мазмұны география сабағында оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қолданылуына мол мүмкіндіктер ашты. Олай болса жаңа форматтағы сабақта өз тәжірибемде жүзеге асырып жүрген тиімді әдіс тәсілдерге тоқталайын:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді. Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу. География пәнін оқытуды бұл тәсіл әр сабақтың негізі бола алады, себебі пәннің әр тақырыбы туған өлкенің шаруашылығы мен табиғатымен тығыз байланысты.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді. Оқушылардың саралау, талдау, гипотеза жасау жұмыстарында осы тәсілдің тиімділігі жоғары.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді. Жаңартылған білім мазмұнының оқушының сындарлы білім алуын көздейді сол бағытта жүйелілік- әрекеттік тәсілдің қолдану ерекше рол атқарады.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған. География пәні ауызша сөйлеуге, ойын ашық, мазмұны терең сөздермен айтуға бағытталған, сондықтан оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруда бұл тәсіл жиі қолданысқа ие.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бұл бағытта жаңартылған білім мазмұнындағы метапәндік сабақтасу, оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру жолының тиімді тәсілі.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады. География пәнінің тақырыптары оқушылардың зерттеушілік қабылеттерін дамытуға бағытталған. Осы орайда ауа райын бақылау, өлкенің жер бедерін сипаттау мақсатында «Заманауи географиялық алан» тақырыбында ғылыми жоба қорғалды. Енді осы теориялық мәліметті практика жүзінде іске асыру жұмысы жүргізілмек. [1]

Қорыта келе айтарым, жаңартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру- мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. География сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызы зор.

Әйгілі зерттеуші Л.С. Выготский: «Дәстүрлі оқыту – бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни «дамудың соңында жүрсе», жаңаша оқыту – «дамытуды өзімен бірге ала жүреді», - деген болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Астана: Бі. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат.
2. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ «Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012 ж
3. inform.kz . /elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru.

Жамангарина Э.А

№82ЖББМ-тің тарих пәні мұғалімі

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ –БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ

XXI ғасыр-қарыштап дамыған білім ғасыры. Ғылым мен білімнің дамуына қызмет ету– еліміздің болашағына қызмет ету. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында», «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін -білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің функционалдық сауаттылық мәселесін қойып отыр. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіретіні анық. Ең бастысы«оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыру үшін, білім деңгейін көтеру үшін қандай тәсілдер қолдануға болады деген?» сұраққа жауап табу керек.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын және шығармашылық қабілетін шығармашылық ойлауы мен шығармашылық тұрғыда жұмысын дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асыралады:

- қызығуын арттыру (біліктілігін кеңейту, өзіне талап қоя білуі);
- ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
- шығармашылық ізденісін дамыту.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін–тарих сабағында логикалық және қызықты тапсырмаларды қолдану. Бұл сабақта оқушылардың белсенділігі артады, бір-бірімен бәсекеге түсу арқылы оқуға, көп білуге, ынтасы өседі. Ол тәрбиеге де, оқу ісіне де зор ықпалын тигізетін сөзсіз.

Логикалық және қызықты тапсырмаларды тек қана тарих пәні ғана емес, басқа сабақтарда пайдалану оның тиімділігін арттыратынын айта кеткім келеді. Логикалық

тапсырмалардың артықшылықтары біріншіден, оқушының сабаққа деген ынталығы артады, үнемі түсіндіріп 45-минут тыңдағаннан оқушы да, мұғалім де жалығады.

Екіншіден, сабаққа зауқы жоқ, жалқаулау, нашар оқитын оқушылардың өзі де бұған белсене қатысады. Сөйтіп кейде бұйығы өз ойын айтуға ұялатын немесе ашық айтуға қиналатын оқушылардың мінезін, сабақты қалай сұрауға, айтқызуға болатынын түсінуге болады. Үшіншіден, өтілген сабақтың мазмұны оқушының есінде ұзақ сақталады. Қызықты тапсырмалар орындағаннан кейін оқушылар өздері ізденіп, әр түрлі тапсырмалар құрастыра бастайды. Мысалы сөзжұмбақтар құрастырып, соны кейін бір-бірімен алмастырып шеше бастайды. Бұның нәтижесінде оқушылардың білімге қызығушылығы артып өз беттерімен ізденуге мүмкіндік жасайды. Ойын тақырыбы мен түрлерін күрделендірген сайын оқушылардың білім деңгейі де көтеріледі. Заман талабына сай сабақ беру әдіс-тәсілдері де жаңарып, жаңаша технологиялар мен модульдарды өз сабақтарымда қолдануды жөн көрдім. 2013 жылдан бастап «Тарих сабағында жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» атты тақырыппен жұмыс істеп келемін. Бұл тақырыпты алуымның мақсаты оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуы, ақпараттық –коммуникациялық технологияларды меңгеруі және оқушылардың пәнге деген қығушылығын арттыру және білім сапасын көтеру. Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуы және олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі болып есептеледі. Сондықтан мен өз сабақтарымда мүмкіндігінше логикалық және дидактикалық, шығармашылық тапсырмаларды өздігінен орындай отырып, ақпараттар іздеуге үйретеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында мен өз сабақ барысында мына әдіс тәсілдерді қолданамын:

Логикалық тапсырмалар

Оқушыларды логикалық танып білу, іздену тапсырмаларына мысал келтірейік: Алматы, Қызылорда, Астана. Қарағанды, Орынбор. Осы қатардан артық сөзді көрсету қажет. Тарихи негізде қарастырсақ, артық сөз Қарағанды, ал қалғандары Қазақстанның астанасы болған қалалар.

Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру төрт кезеңнен тұрады:

Машық. Сергіту.

Оқушылардың шығармашылық қабілетінің негізі болған психикалық механизмдерін дамыту

Іздену тапсырмаларын орындау.

Оқушыларға белгілі түсініктен жаңалықты көруге тәрбиелеу мақсатында, шығармашылық тапсырмаларын орындату.

Бірінші кезең. Сергіту.

Бұл кезеңде репродуктивті тапсырмалар беріледі. Оқушы өте ұқыптылықпен әрбір сауалды тыңдап, оған айқын, тез жауап беруі қажет.

Қазақстанда қанша ұлт өкілдері бар?

Қазақстанның қандай астаналары болған?

8+5 орысша қалай айтылады? (Жауабы: он үш)

Жетіні жетіге қосып, оны жетіге бөлсе қанша болады? $7+7:7$ (жауабы:2)

Соңғы әрпі «Р»мен аяқталатын айларды атаңдар және олар есеппен санағанда нешінші? (Олар қаңтар, сәуір, мамыр; 1;4;5)

Елдердің есімдері мен астаналарын және оны керісінше анықтандар: Бейжін, Финляндия, Мәскеу, Лондон, Қазақстан, Франция, Анкара, Сеул, Жапония, Бағдат, Рим, Бразилия, т.б.

Бұл тапсырмалар балалардың білім дәрежесіне қарап беріледі.

Сандық диктант

Егер оқушы мұғалімнің айтқанын дұрыс деп есептесе, өз парағына «1», егер дұрыс емес болса «0». Мысалы:

Қазақстан – еуразиялық мемлекет.

1916 жылғы Торғай көтерілісінің жетекшісі – Б.Әшекеев.

ҚазЦИК-тің тұңғыш төрағасы- С.Меңдешов.

Бірінші «Алтын киімді адам» Сарыарқадан табылды.

Ұлы Отан соғысы 1941 жылы 22 маусымда басталды.

«Ленинградтық өренім» жырының авторы- Ж.Жабаев.

Бірінші ғарышқа ұшқан адам Т.Мұсабаев.

Қазақстанда мемлекеттік тіл-қазақ тілі.

Жалпы жауап:10101101

(Торғай қөтерілісінің жетекшісі- А.Иманов; алғаш «Алтын адам» Есік қорғанынан, Алматы маңына табылды; Тұңғыш ғарышкер – Ю.Гагарин).

Сауал және тапсырмалар ойлау қабілетін арттыратын санат бойынша берілсе, мысалы:

Кіші жүздің Ресейге қосылған жылының соңғы екі санын атаңдар.

Алғашқы қазақ ханының аты неше әріптен тұрады?

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы ақынның шын есімі кім?

Абылай хан тағына неше жасында отырған?

Екінші кезең. Оқушының психикалық механизмдерін дамыту. Есте сақтауды машықтандыру білімді ауыстыра алмайды, бірақ білім сапасын көтеруге негіз болады.

1.Көру қабілетін дамыту

Төмендегі сөздерді үш мәрте ұқыптылықпен оқып шығып, есте сақтау керек, дәптерді жауып қойып сауал тапсырмаларын орындаймыз.

Сақ. Көшпенді. Қола.

Геродот. Шырақ. Рабад.

1)Соңғы сөз неше әріптен тұрады?

2)Қанша сөз тек бір буыннан тұрады?

3)Қанша сөз «Қ» әрпімен аяқталады?

4)Кісі есімі нешеу?

5)Бұл сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

2.Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар

Тақырыпқа қатысты бірнеше сөзді ауызша айтып шығып, оны сол естіген реті бойынша дәптерлеріне жазғызып шығу.

3.Зейінді дамыту үшін тапсырмалар.

Оқиғалар	Реттік орны
КСРО-ның құрылуы	I
ТЖМК-ның құрылуы	II
Ту мен елтаңбаның бекітілуі	IV
Алғашқы әнұранның қабылдануы	V
Ішкі істер әскерінің құрылуы	III

Есте сақтау қабілетіне негізделген зейінді тұрақтандыратын, қабілетті арттыратын негізгі тапсырмалардың сабақта көптеп пайдаланылуы, балаларды әрдайым жиынтық әр түрлі қиылыстарға даяр, өзінің қабілетіне сенімді және жалпы білім алуда саналы жоғары дәрежеге жететіндігін көрсетеді.

Логикалық тест сұрақтарын үлкен тарауларды қорытқаннан кейін немесе тұтастай сынып материалдары бойынша дайындаған тиімді. Себебі бір немесе екі параграфты пысықтау кезінде бұл әдіс пайдаланылса, тар шеңберде қаралады. Ал төмендегідей жағдайда оқушыдан зор білімді қажет етері сөзсіз. Мысалы:

Көне түркі мемлекеттерінің көпшілігінің астанасы қызметін атқарған қала: А)Сығанақ В)Суяб С) Тараз Д) Отырар Е) Баласағұн

2 Қызықты тапсырмалар

Тапсырма №1

Берілген сандардың орнына әріптерді қойып, негізгі сөзді тап?

1 3 5 4 7 2 3 6

2 3 4 9 10 – *Мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі.*

6 3 5 1 8 4 3- Сарыарқаның ерте темір дәуіріндегі мәдениеті.

Тапсырма № 2

Тарихи тапсырманы есепте:

«Халық бірлігі мен Ұлттық тарих жылы» мен Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабы жарық көрген жылын қосып, арифметикалық ортасын табып, сол жылы қандай маңызды оқиғаны жазу.

Жауабы: (...ж. + ...ж.)/2= ж.

Жауабы: 1998+2010/2=2004 жыл

«Ретімен қой ойынын Тақтаға жеке плакат ілулі тұрады.

Мысалы: Адам дамуының кезеңдерін ретімен қойып шығады

1. неандертальдық-питекантроп-синантроп

(дұрысы-питекантроп-синантроп-неандертальдық)

2. кроманьондық-гомо-люси

(дұрысы-гомо-люси-кроманьондық)

Осыны оқушылар дұрыс қоюға талпынады, бір-біріне көмектесіп есте қалдыруға тырысады.

«Тарихи шынжыр» ойын тізбегі. Бұл тәсіл кез келген сыныпта тарих пәнінде қолдануға қолайлы. Оның мазмұны бойынша белгілі бір тарихи деректі, яғни белгілі бір мәлімет беретін сөйлемді үш немесе төрт оқушы кезектесіп, біреуі әуелі басын, екіншісі орта тұсын, үшіншісі аяқ жағын айтып, тұтас бір ойынды тізбекті құрайды. Нәтижесінде: нақты бір тарихи дерек құрылады. Тиімділігі – оқушыларды тапқырлықпен дәл, нақты, логикалық ойлауға үйретеді.

Пошта ойыны. Бұл ойынды тақырыпты немесе тарауды, мемлекеттерді қайталаған кезде пайдаланған тиімді. Оқушыларға сұрақтар беріледі немесе белгілі оқиғаға байланысты суреттерді қағазға жапсырып оқушыларға үлестіреді. Оқушылар берілген кеспе қағазды ілулі картадағы мемлекеттің үстіне инемен қадайды.

Мысалы: 1. Пирамида қай елде пайда болды?

2. Ұлы Жібек жолы қай елден шықты?

3. Будда діні алғаш қай елде пайда болды?

Тарихи кубок ойыны. Қатты қағаздан жасалған кубоктың 6 жағына карталарды жапсырып 3 бойдан 3 оқушы шығарып бірінен кейін бірі лақтырады. Оқушылар лақтырған кубоктың бетіндегі карта қай мемлекеттікі екенін айтуға тиіс.

Математикалық қобдиша ойыны.

Тапсырма: Математикалық есепті шығарда шыққан санда қандай оқиға болғанын айт.

1. $1240 + (60 * 4 + 3) =$

2. $15,2 * 100 + 12 =$

3. $(100 * 3 + 72 / 6) + 1280 =$

4. $4400 * 0,5 - 7,72 * 100 =$

«Бәйге» ойыны. Бәйге - қазіргі кезде өте жақсы дамыған, әлемге әйгілі ойынның бірі. Бәйгешілер бір сызықтың бойына қатарға тұрады. Берілген белгіден кейін, олар келесі көмбеге қарай шаба жөнеледі. Көмбеге жеткенше оларға сұрақтар қойылады. Көмбеге алғаш шауып келген шабандоз жеңімпаз атанып, ол адамға сыйлық беріледі.

«Сен маған – мен саған» ойыны оқушылар өткен тақырыптыры бойынша бір біріне сұрақтар қояды.

Қорытынды

«Қазақстанды жаңа ғасырға білімді жастар бастап барады» Н. Ә. Назарбаев Дарынды да талапты жастар - бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Осыған орай, Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Бізге керегі - шын дарындылар. Нарық қол - аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті»- деп жеткіншектер болашағына үлкен мән бергенді. Өйткені, сенім үлкен жеңіске жетелейді. Ия, «Сенің елдігің - тарихыңды зерттеуден басталады», - деген Қадыр Мырзалиев сөзі де адамға көп ой салады. Ол үшін оқушы бойындағы табиғат берген қабілетті дамыту, дарындылықтың көзін ашу қасиетті парызымыз. Дарын иелерін таңдау, талантты оқушылардың білімін жетілдіру, келешегіне жол сілтеу, құқығын қорғау басты мақсатым. Өйткені талантты, шығармашыл оқушы басқалармен салыстырғанда қоғамға көп пайда әкеледі.

Дидактикалық ойындармен мен логикалық тапсырмаларды тарих пәнінде пайдалану оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын және ойлау жүйесін дамытып, дарындылық қасиетін күшейтеді. Сонымен бірге, оқушылар тарихи мәліметті жақсы меңгереді, есінде ұзақ сақтайды, өз тарапынан материалдар іздеуге, тарих пәніне деген қызығушылығы, ынтасы артады. Оқушылардың тарих пәніне қаншалықты қызығатына көз жеткізу үшін мынандай жұмыстар жүргіздім.

2 жұмыс. Өзім сабақ беретін 9 Ә сыныптан «Логикалық және қызықты тапсырмалар» тақырыбында сауалнама алған едім. Енді осы сауалнама қортындысын көрсетпекпін. Қатысқан 9 «Ә» сыныбы, барлығы 26 оқушы.

Сауалнама:

1.Тарих пәнінде логикалық және қызықты тапсырмаларды қолданғанды ұнатасың ба?

а) иә ә) жоқ

2. Осындай әдіс тәсілдер арқылы өткізілген сабақ саған ұнай ма?

а) иә ә) жоқ

Сауалнама қорытындысы:

1. иә - 20 оқушы (75%)

2. жоқ– 6 оқушы (25%)



Қорыта келгенде келешекте осы тақырып бойынша дидактикалық тапсырмалар жинағын шығару және тарих пәні мұғалімдеріне әдістеме ретінде ұсыну.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алдамұратова Т.А. «Математика» Алматы «Атамұра» 2001 ж.
2. Ахметжанова Ф.Р., Дүсіпбаева Қ.С. «Қасиетті сандар қатысқан ескіліктері» ғылыми басылым, Өскемен 2001 ж.
3. Әлімбаев Т.Р. «Математикадан тыс жұмыстар» Алматы «Рауан» 1992 ж.
4. Бақытбек М. «Жас Алаш» газеті Алматы 2001 ж.
5. С. Әлімқұлова «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы логикалық тапсырмалардың маңызы» Қазақстан тарихы әдістемелік журналы, № 5 2006 жыл.
6. Д.Айтахунова «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы логикалық тапсырмалардың маңызы» Жалпы тарих және құқықтану мектепте журналы, №1 2004 жыл.
7. Ж.Жақсығалиев «ҰБТ: логикалық тест – заман талабы» 2011 жыл

Жармагамбет А.Т.

гимназия №3,г.Караганда

ТРИЗТЕХНОЛОГИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

В настоящее время урок английского языка невозможно представить без использования разнообразия современных педагогических образовательных технологий. ТРИЗ–теория решения изобретательных задач–это наука отворчестве, использование элементов и приемов помогает развивать умственную, познавательную и творческую деятельность обучающихся на уроке.

Структура креативного урока английского языка по методологии творчества существенно отличается оттрадиционного урока и включает в себя блоки, реализующие цели урока, адекватные целям креативного образования в целом[1]. Для формирования у школьников творческого подхода крешению возникающих учебных задач, необходимо вводить в структуру урока специальные задания творческого характера, содержание и форма которых учитывает специфику изучаемого материала. Это могут быть различные познавательные ситуации, игры, головоломки, интеллектуальные разминки. Развитие креативности (способности к творчеству)

происходит на уроке и в процессе практической деятельности, которая предполагает вариативность решения и может быть представлена различными видами деятельности. Все это позволяет повысить мотивацию обучения и в полной мере реализовывать творческие способности и интересы учащихся.

На уроке учащимся предполагаю достичь следующих результатов:

Предметных:

уметь употреблять лексические единицы по теме в заданной ситуации;

уметь выделять запрашиваемую информацию из текста

уметь строить краткие высказывания, пользуясь иллюстрацией. Метапредметных УУД:

Коммуникативных: адекватно использовать речевые средства для решения различных коммуникативных задач.

Регулятивных: развивать мотивы и интересы своей познавательной деятельности.

Познавательных: развивать исследовательские учебные действия, включая навыки работы с информацией.

На уроках английского учащимся прививаю личностное воспитание: осознавать культуру своего народа с помощью изучения культуры англоязычных стран. Через уроки комплексного применения различных форм работы с учащимися. Это получение знаний через удивление, которое будет способствовать любознательности, а следовательно, развитию творческого потенциала.

Good afternoon, boys and girls! Nice to see you! Look at the pictures of the most unusual houses in the world and try to guess the theme and the aim of the lesson. Добрый день, ребята! Приятно вас видеть! Посмотрите на картинки с изображением очень необычных домов всего мира. Как выдумаете, какова же тема нашего занятия? Какие цели мы преследуем изучая данную тему?

Student's answers: -Houses; Unusual houses; Dens for people;...

Teacher: Great! What do you think we'll do during the lesson? What will we read, listen and talk about? What will we make?

Student's answers: We'll read, listen and talk about unusual houses all a round the world. We'll talk about the furniture in the se houses. Maybe, we'll make a mode of our dream house orange unusual house.

Мы будем читать, слушать и говорить о необычных домах, мебели, находящейся в них. Может быть, мы сделаем макет или нарисуем свой необычный до мили дом нашей мечты.

Teacher: Yes, you're right. Let's go!

На уроках использую развитие творческого воображения и фантазии учащихся, посредством актуализации лексических навыков по теме.

На этом этапе необходимо учитывать, что для достижения результата при решении сложных задач важны три фактора: способности, возможности и индивидуальность. Способности к острому, живому восприятию, абстрактному и сложному мышлению, речевой, математической или технической легкости. Важно, чтобы эти способности были положительно оценены другими людьми. Содержательная часть включает в себя изучение определённой темы и должна обеспечить формирование системы технологических знаний.

Упражнения на усвоение понятия «система»:

A teacher shows the figure of the furniture (the leg of the table) and asks: What's this? Учитель показывает часть мебели (ножку стола) и спрашивает, что это.

Students: It's a table. Это стол.

A teacher: Right! And where is the table? Верно, а где может находиться стол?

Students: In the kitchen/living room/dining room. На кухне, в гостиной, в столовой.

A teacher: Right! And where is the kitchen/living room/dining room? Верно, а где находится кухня,

Students: In the flat. В квартире.

A teacher: Right! And where is the flat? Верно, а частью чего является квартира?

Students: In the house. Дома.

A teacher: Right! And where is the house? Верно, а частью чего является дом?

Students: In the town/city. Города.

A teacher: Right! Now look at the blackboard and put these words in a chain from the most general word to the specific one: neighbourhood, table, room, country, flat, house, world, town, the leg of the table. Верно. Теперь посмотрите на слова на доске и постройте цепочку слов от общего к частному.

Students: world—country—town—neighbourhood—house—flat—room—table—the leg of the table.

Teacher: Great! Now continue the chain of the sentences:

The leg is a part of the table.

The table is a part of the...

Отлично, теперь постройте цепочку предложений.

Ножка—часть стола.

Стол—часть...

Учащиеся выполняют задание, делают логическое умозаключение от общего к частному, и наоборот.

Во время занятия уделяю время психологической разгрузке, что, по мнению физиологов, психологов, будет способствовать не только снятию эмоционального, умственного, но и мускульного напряжения.

Teacher: Children, close your eyes and imagine that you are at the seaside. The sun is shining. It is warm and nice. You can feel fresh breeze and hear sound of soft waves. There is a seaside bungalow in front of you. It is your own bungalow. What colour is it? Is it big? What is there inside?

Open your eyes, children! Answer the questions, please!

Students: It's not big but cosy. It's light blue. There is some furniture inside. There are my friends inside....

Ребята, закройте глаза и представьте, что вы прогуливаетесь по морскому побережью. Светит солнце. Тепло и приятно. Вы чувствуете прикосновение свежего ветра, слышите плеск волн. О, перед вами домик на самом берегу моря! Это ваш дом. Какой он? Какого он цвета? А что там внутри?

Решение задач-головоломок, ребусов, занимательных задач, задач на смекалку также способствует развитию креативности. По-моему, при выполнении таких задач учащимся чаще всего приходится пользоваться методом проб и ошибок, что, в конечном счете, развивает интуицию, творчество, способность искать другой способ решения, отказываясь от старого пути. Поиск решения таких задач воспитывает усидчивость, развивает различные виды памяти, внимание.

Teacher: Children, look at the pictures and guess the words. Посмотрите на ребусы и отгадайте слова, (позже предоставлены картинки с изображением угаданных видов построек) а теперь соотнесите их с картинками на доске.

Интеллектуальная разминка, как и головоломки, позволяет обеспечить мотивацию учащихся и включить их в творческую деятельность на уроке.

Teacher: Find the odd word in each line and give arguments. Найдите лишнее слово и аргументируйте свой выбор.

Bedroom, dining room, bookcase, hall.

Hut, igloo, bungalow, villa.

Sink, cooker, window, fridge.

Wash, cook, clean, sleep.

He, she, it, out. На этапе закрепления урока английского языка я стараюсь активизировать лексико-грамматические навыки, развивать умение прогнозирования содержания по заголовку и иллюстрациям.

Teacher: Children, look at the picture and read the first exchanges. What is the dialogue about? Think of six words you expect to find. Прочитайте первые реплики. О чём этот диалог? Назовите 6 слов, которые вы надеетесь встретить в диалоге.

Students: house, door, bed, small, fridge, chair. Дом, дверь, кровать, маленький, холодильник.

Teacher: Read the dialogue to yourself and complete it with a/an, some/any. Прочтите диалог про себя и заполните пропуски. Now read aloud and check. Теперь читаем вслух и проверяем.

Литература

1. Иванов Г. Формула творчества или как научиться изобретать. М.: «Просвещение», 1994.
2. Альтшуллер Г. Творчество как точная наука. М., 1979.

3. Три поколения ТРИЗ. Санкт-Петербург, 2007.
4. Гин А. Приемы педагогической техники, 2006

Жидкова Н.В.
КГУ «СОШ № 16», г. Караганда

ФОРМИРОВАНИЕ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ У ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ И ХИМИИ

В современных условиях роль предметов естественнонаучных дисциплин, имеющих множество «пограничных» с другими дисциплинами областей исследования возрастает и обеспечивает разработку эффективных путей и средств решения, жизненно важных для людей задач и проблем (производство энергии, защита окружающей среды, здравоохранение и другие).

У учащихся должно быть сформировано обобщённое умение решать задачи. Выявлено, что учащиеся, владеющие обобщёнными методами решения задач, смогут грамотно решать любые практически значимые задачи с использованием естественнонаучных знаний. Навыки формирования решения задач начинаются в процессе решения задач по конкретной теме, затем идет обобщение его и пополнение обобщённой структуры конкретным содержанием.

На современном уроке важно умение решать реальные жизненные проблемы и самостоятельно работать с информацией.

В основе тестов PISA лежат задания, для решения которых, мало просто, знать факты и правила, нужно ещё уметь их использовать.

Это требует от естественно научно грамотного человека следующих компетентностей: научно объяснять явления; понимать основные особенности естественнонаучного исследования; интерпретировать данные и использовать научные доказательства для получения выводов.

Все задания, которые направлены на формирование умений и навыков школьников в развитии естественнонаучной грамотности, можно объединить по блокам:

Задания на формирование компетенции: научное объяснение явлений.

Задания на формирование компетенции: понимание особенностей естественнонаучного исследования.

Задания на формирование компетенции: интерпретация данных для получения вывода

Задания такого типа позволяют формировать универсальные учебные действия, использовать индивидуальную и групповую формы работы с учащимися, делают урок более содержательным и интересным для учащихся и преподавателя, способствуют саморазвитию личности в процессе обучения. Они нацелены на проверку умений, характеризующих «естественнонаучную грамотность», в большинстве основываются на ситуациях, которые можно назвать жизненными, реальными или просто интересными обучающимся.

Поэтому я поставила себе задачу: найти способы и приёмы для развития у школьников умений использовать свои знания в своей повседневной жизни, что позволит выпускникам активнее и успешнее включиться во взрослую жизнь, занять устойчивую жизненную позицию, влиять на процессы, происходящие в обществе.

Для этого проанализировала понятие «естественнонаучная грамотность» и подобрала задания по биологии и химии, направленные на формирование у учащихся умения выходить за пределы учебных ситуаций.

Хочу привести несколько примеров из опыта работы.

В седьмом классе при изучении темы по химии «Физические и химические явления» на этапе закрепления материала использую задание:

Один из древнейших способов получения соли для приготовления пищи до сих пор применяется в некоторых частях Африки. Листья и кожуру бананов сжигают на земле. Смесь золы и частично обуглившихся листьев заливают водой и помещают в глиняный котел с мелкими отверстиями на дне. Раствор медленно просачивается через листья и стекает в кувшин и сразу используется для варки овощей.

Объясните, какие физические и химические процессы происходят при этом?

Дайте обоснованный ответ.

При изучении биологии в 7 классе по теме «Фотосинтез» я предлагаю ребятам лабораторный опыт исследовательского характера:

В книге голландского естествоиспытателя Ян Батист ван-Гельмонта (ещё в начале XVII века) был описан еще один известный опыт, который Ксения решила повторить сама. В этом ей помог папа, потому что в опыте надо было использовать электрическую плитку и спирт. Их опыт состоял из следующих шагов.

- 1) Растение герани (пеларгонии) поставили в тёмный шкаф и продержали там несколько дней (3-4).
- 2) Растение выставили на свет, закрепив на одном из листьев с двух сторон полоску плотной бумаги.
- 3) Через сутки срезали лист с полоской бумаги, сняли полоску и опустили лист в кипяток на 2-3 минуты; после этого весь лист, в том числе и там, где была полоска, остался зелёным.
- 4) Лист опустили на несколько минут в горячий спирт, в результате чего лист обесцветился, а спирт приобрел зеленоватый оттенок.
- 5) Лист промыли в воде, а затем в стеклянной чашечке залили слабым раствором йода.

6) Когда лист вынули, он имел такой вид:

Вопрос 1: В чем состоит цель этого опыта?

Выберите один ответ.

А. Показать, что хлорофилл, содержащийся в листе, растворяется в спирте.

Б. Показать, что лист в кипятке сохраняет зелёную окраску.

В. Показать, что в листьях на свету образуется крахмал.

Г. Показать, что под закреплённой бумажкой лист теряет хлорофилл.

Вопрос 2. Каким был бы результат опыта, если бы лист срезали сразу после 4 дней в тёмном шкафу и, так же обработав в воде и спирте, положили в раствор йода?

Задачи на нахождение массовой доли вещества в растворе для 8 класса на этапе урока: закрепление материала (задачи для групп)

1) Антисептические (противомикробные) свойства йода первым использовал в хирургии французский врач Буанэ. В России впервые великий русский хирург Н. И. Пирогов применял иодную настойку при лечении ран в 1865-1866 г. г.

Рассчитайте массы йода и этилового спирта, необходимых для приготовления 20г 5 процентного спиртового раствора йода

2) Учёные давно подметили схожесть состава морской воды с соляным раствором крови и тканевой жидкости — ещё одно напоминание о том, что миллиарды лет назад все живое зародилось в океане. Несколько десятилетий назад морскую воду не без успеха использовали в медицине в качестве кровезаменителя, вводя внутривенно облучённую ультрафиолетовыми лучами морскую воду.

То есть, морская вода очень схожа с соляным составом крови человека. Во время Великой Отечественной Войны при нехватке донорской крови советские медики в качестве кровезаменителя вводили внутривенно морскую воду, что спасло жизнь многим бойцам.

Определите состав и рассчитайте процентную концентрацию физиологического раствора, если в 1000 г морской воды содержится ... г поваренной соли.

3) В Древнем Египте жрецы из почвы оазиса бога Амона добывали нашатырь (хлорид аммония). Из него термическим разложением получали аммиак, растворяли его в воде для приготовления раствора нашатырного спирта.

Рассчитайте, какой объем газа надо растворить в 0, 5 л воды для получения 10 процентного раствора аммиака? Какая масса нашатыря необходима для этого?

Задание по биологии для 8 класса на тему: «Пищеварение» на этапе закрепления материала:

Верхний отдел тонкой кишки – двенадцатиперстная кишка. В неё впадают протоки печени и поджелудочной железы. Вырабатываемый поджелудочной железой поджелудочный сок (панкреатический сок), имеющий слабощелочную реакцию, играет важную роль в пищеварении. Кроме пищеварительной функции, поджелудочная железа выполняет и внутрисекреторную функцию.

Пищеварение в тонкой кишке состоит из трех этапов.

Вопрос 1: Каким образом ферменты поджелудочного сока действуют на белки, жиры и углеводы?

Вопрос 2: К каким последствиям может привести нарушение функций поджелудочной железы?

В 11 классе при изучении темы «Углеводы» на этапе закрепления материала:

У дельфина слёзы сладкие, потому что в слезе дельфина содержатся сахара – галактоза и фруктоза. Углеводно-белковые, напоминающие белок куриного яйца, слёзы служат смазкой. Дельфины плачут, чтобы лучше видеть и быстрее плавать.

Задание 1. Установите молекулярную формулу фруктозы, которая придаёт дельфиньим слезам сладкий вкус, если массовые доли элементов в ней составляют: 40,0%(С), 6,6%(Н), 53,4%(О).

Задание 2. Сравните (в табличной форме) физические свойства глюкозы и фруктозы

Подобные задания, прорабатываемые ежеурочно, позволяют диагностировать уровень сформированности следующих умений: использовать естественнонаучные знания в жизненных ситуациях, выявлять вопросы, на которые может ответить естествознание.

С помощью сравнительной диаграммы уроков с применением заданий естественнонаучной грамотности и обычных стандартных уроков наблюдается следующая картина результативной деятельности учащихся (диаграмма 1)




Диаграмма 1 Результативность деятельности учащихся

Завершить свой доклад я бы хотела словами Ч. Дарвина:

«Выживает не самый сильный или самый умный, а тот, кто быстрее откликнется на изменения»

Литература:

1. Новый взгляд на грамотность. По результатам международного исследования PISA-2000. -М.: Логос, 2004. -296
2. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 48 с.
3. Программа повышения квалификации педагогических кадров по методам развития функциональной грамотности учащихся в рамках проведения международного исследования PISA. Естественнонаучная грамотность. Рабочая тетрадь участника.

Жолымбетова А.К.

№101 мектеп- лицейі, Қарағанды қаласы

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл - ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі. Десекте қазіргі

таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Осы ретте мектебімізде әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп білім берілуде. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр.

Білім – теңіз, оның тереңіне сипатын жетік білетін, сырын меңгерген, құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын мұғалім. Ал мұғалім білімді оқушы санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол мұғалімнің бір – біріне ұқсамайтын жан – жақты өткізген сабақтары.

Инклюзивті білім беру – біріктірілген білім беру жүйесі. Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың дамуына өз үлесін қосқан педагогтерді дайындау мен дамыту, біздің елімізде күн тәртібінде өзекті мәселе болып отыр.

Өзекті мәселелердәі бірі – педагогикалық кадрларды қайта дайындау.

Ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылып келе жатқан мектеп мұғалімдерді даярлаудың дәстүрлі түрі көбіне дамуында ешқандай ерекшеліктері жоқ «қалыпты» балаға білім беруге бағыттауды қарастырады.

Сондықтан инклюзивті білім беруді тәжірибеде жүзеге асыратын мұғалімдер даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын және оқу пәндері бойынша бағдарлама мазмұнын беімдеуде қиналатыны. Олардың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, қабілеттерін түсінбеу, жекелеген оқытудың әдістемелерін қолдана алмауы. Бұның себебі, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогикалық кадрларды даярлау көбінесе оқушыға қажетті кәсіби құзыреттілігінің барлық жүйесін қалыптастырмай, инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайындықтың жеке элементтерінің дамуы негізінде жасалады.

Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, заманауи технологияладың әдіс-тәсілдерін, элементтерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру. Осы мақсатта физика пәнінде әртүрлі әдістермен жүргізуге болады.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі- мұғалімнің теориялық білімдер жүйесі мен оларды белгілі педагогикалық жағдайда қолдану, педагогтің құндылықтары, оның мәдениеті, сөйлесу мәнері, өзіне және жұмысына қарым-қатынасы.

Атақты неміс-педагог П.Шуман айтқандай, баланың психикалық даму деңгейі төмен болған сайын, мұғалімнің білім деңгейі соғұрлым жоғары болуы керек.

Инклюзивті білім беру жағдайда жұмыс істеу үшін ерекше білімнің қажеттілігін айқындайды. Инклюзивті білім беру жағдайда мұғалімнің позициясы өзгереді. Мұғалім арнайы педагогтермен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен және ата-аналармен тығыс әрекетте жұмыс істейді.

Әрбір сабақ мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушылардың есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану ұстаз шеберлігінің белгісі. Қазіргі уақыт бүкіл адамзат қоғамының ғылыми – техникалық үрдіс пен өркениеттің даму кезеңінде бет бұрған уақыт деп есептеймін. Оқушылардың физика пәніне деген қызығуын арттыру, өз – өзіне деген сенімін күшейтіп, таным қабілетін дамыту үшін жаңа инновациялық технологияның маңызы зор. Осы орайда физика сабақтарында үнемі жаңа технологиялық әдістерді қолданып, сабақты тартымды, есте қалатындай етіп түрлендіріп отырамын. Осындай әдістердің бірі – Англиядан шыққан оқытудың интерактивті әдісі. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір – бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар мұғаліммен мойындалған жағдайда ғана өзіне лайықты орын табады. Мұғалім инклюзивті білім берудің философиясы мен саяси бағытын мойындау керек. Сонда жұмысы нәтижелі болады. Бұл балаларға тым жоғары талаптар қоймау керек, олардың мүмкіндіктерін естен шығармау керек.

Мектеп мұғаліміне қойылатын тағы бір маңызды талап - медициналық, психологиялық және дефектологиялық саладағы мамандармен бірге әрекет етуге дайындығы мен қабілеті. Инклюзивті білім берудің «алтын ережесі» - топта жұмыс жасау. Инклюзивті топта нәтижелі жұмыс істеу үшін мамандар бірігіп әрекет жасау керек.

Жалпы білім беретін үдерісте даму мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу барысында әр түрлі мамандар мен мектеп мұғалімдерінің өзара әрекеттестігінің спецификасы болып білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың мұғалім -дефектолог жетекшілігімен өзара тығыз әрекеттесуі және білім беру, тәрбиелеу мен түзету міндеттерін бірігіп шешу болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамту – қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж
2. А. А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы

Жукова Л. Н. Ефимик М.Н.,
КТУ «Гимназия № 93», г. Караганда

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ ЧЕРЕЗ СИСТЕМУ УПРАЖНЕНИЙ

Изменения в мировой экономике, породившие необходимость приспособления к конкурентной экономической среде, обострили проблемы качества образования, поскольку «образовательный интеллект» населения рассматривается важнейшим стратегическим ресурсом государства.

Образовательный интеллект является ключевым индикатором качества образования, так как именно через призму образовательных результатов рассматривается эффективность образовательной политики страны и определяется необходимость реформ в системе образования и их темпов. Именно результаты международных исследований PIRLS, TIMSS, PISA служат целевыми показателями качества образования страны, которые отражены в Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы от 27 декабря 2019 года №288 [1].

Основой высокого уровня математического образования на разных ступенях обучения является математическая грамотность подрастающего поколения. Поэтому обеспечение математической грамотности школьников ориентировано на развитие компетентностей, способствующих реализации концепции «образование через всю жизнь».

Каждый учитель математики сталкивается в процессе своего преподавания с вопросом, который при изучении нового раздела задают ученики во всех классах «Где мне это пригодится?». И в старших классах эта проблема встает более остро и зачастую сложно найти практическое применение новому материалу. Данная проблема усугубляется тем, что учащиеся обладают низким уровнем чтения и анализа чертежей, графиков, и не видят как явно, так и неявно заданные условия на готовых чертежах [3].

По этой причине нами была выбрана именно эта тема для исследования. Обобщая полученные выводы и понимая, что учителя дают сильные предметные знания, но не учат применять их в реальных, жизненных ситуациях. Мы стали реализовывать на практике поставленные цели по развитию функциональной грамотности учащихся нашей гимназии, через чтение графиков и решение задач на готовых чертежах с практическим применением.

Так в 5 классе при повторении действий с натуральными числами в 1 четверти учащимся предлагается провести действия с натуральными числами, но предварительно, прочитав информацию из таблицы.

Задание: Алия решила приготовить салат «Оливье». Для этого написала список продуктов и их количество. После исследования цен в супермаркетах составила таблицу, куда выписала диапазон цен по каждому наименованию. Определите, в каком супермаркете Алие экономично сделать закуп продуктов?

	Смолл	Грин	Астыкжан	Магнум	Кенмаркет
Колбаса (1 штука)	1050	980	1160	1200	1000
Соленые огурцы (1 банка)	180	180	175	190	170
Картофель (1 кг)	110	125	90	120	130
Горошек консервированный (1 банка)	180	180	175	190	170
Яйца (10 штук)	280	300	290	260	270

А в 6 классе дается задание, выполнив которое, еще нужно провести с ним математический расчет.


Задание: Даны функции $f(x) = 3,5x + 6$ и $g(x) = 8/(x-1)$

Графа А	Графа В
$f(-1)$	$g(5)$

- 1) Значение в графе В на 0,5 меньше
- 2) Значение в графе А на 2 меньше
- 3) Значение в графе В больше на 5
- 4) Значения в графах А и В равны

Или найти необходимое число из графика и использовать его при расчетах.

Задание: На графике указано содержание водяного пара в 1 м^3 воздуха при разных температурах:



Графа А	Графа В
Содержание водяного пара при 0°C	3 грамма

Значение графы А на 3 больше 3) $A > B$

$A = B$ 4) Значение графы В на 2 больше

Главное отличие в конкретизации понятия математической грамотности связано с отличиями между умениями и способностями. Но, несмотря на это существенное отличие, толкования понятия математической грамотности имеют одинаковый главный признак – готовность человека применять математику в различных ситуациях, связанных с жизнью.

Состояние математической грамотности учеников оценивалось группой показателей. Один из этих показателей характеризовал уровень развития «математической компетентности». Математическая компетентность определяется в исследовании как «сочетание математических знаний, умений, опыта и способностей человека», которые обеспечивают решение разных проблем, нуждающихся в применении математики [2].

Принято три уровня математической компетентности: уровень воспроизведения, уровень установления связей, уровень рассуждений.



Задания для понимания и запоминания используются на первом этапе обучения и широко распространены в настоящей практике. Задания, предназначенные для развития мышления более высокого уровня, это те, при выполнении которых ученики анализируют, делают выводы, оценивают, творят. Такие задания используются в настоящей практике реже, хотя эти навыки мышления очень важны для учащегося.

Например, при изучении темы «Функция» 8 класс, задания можно разбить в следующем порядке.

1	Знание	Определи сходства и различия между графиками функций $y = x^2$, при $x \geq 0$ и $y = \sqrt{x}$
2		Вспомни свойства функции $y = x^2$ и сравните их со свойствами функции $y = \sqrt{x}$.

3	Понимание	Проиллюстрируй, как располагаются графики функций описанных выше относительно прямой $y=x$ (на одной координатной плоскости)?
4	Применение	Руководствуясь правилом построения графика функции $y = \sqrt{x}$ построй график функции $y = -\sqrt{x}$. Как они расположены?
5	Анализ	Проанализируй, как изменится значение функции $y = 1 - \sqrt{x}$ при возрастании значения аргумента.
6	Синтез	Напиши зависимость: А) радиуса круга r от его площади S ; Б) длины ребра a куба, от площади его полной поверхности.
7	Оценка	Оцени степень точности решения уравнения $\sqrt{x} = 3 - x$ графическим способом от арифметического способа.

Тема «Координатная плоскость», 6 класс

1	Знание	Вспомни и запиши: как называются координаты точки на координатной плоскости, как называются горизонтальная и вертикальная координатные прямые. Определить и записать порядковые номера координатных четвертей, знаки абсцисс и ординат в каждой четверти.
2	Понимание	Проиллюстрируй, как записываются координаты точки и отмечаются на координатной плоскости собственным примером.
3	Применение	Установи и запиши координаты вершин пятиугольника. 
4		Примени программу Excel для построения фигуры по заданным координатам, предварительно использовав знания по решению уравнений. 
5	Анализ	Проанализируй: является ли полученная фигура симметричной. Если да, то распознать, к какому виду симметрии она относится и записать свои доводы.
6	Синтез	Спроектируй задание по схеме. Задание: Точки $A(m;n)$, $B(p;q)$ и $C(s;t)$ лежат в разных четвертях прямоугольной координатной плоскости. Абсциссы и ординаты точек определите из условий: $1,2m = -6$; $\left(-1\frac{3}{7}\right) : p = \left(-\frac{5}{7}\right)$; $-1,72-s = -3,72$; $\frac{n}{5} = \frac{21}{35}$; q на 50% больше p ; $ t = 1$. Построить точки A, B, C на координатной плоскости.

7	Оценка	Аргументируй выбор координаты t , выполненного задания и дострой фигуру до логического завершения
---	--------	---

Подводя итог, отметим, главная цель обучения научить учащихся добывать знания, умения, навыки и применять их в практических ситуациях. А также воспитать человека, умеющего анализировать прочитанное, самостоятельно оценивать факты, явления, события и на основе полученных знаний формировать свой взгляд на мир. Ученику важно знать, в какой области те или иные знания могут ему пригодиться, а применение полученных знаний к конкретной задаче, с представлением применимости её в жизни даёт глубокое понимание предмета.

Литература:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы №988 от 27 декабря 2019 года
2. Алексашина И.Ю., Абдулаева О.А., Киселев Ю.П. «Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся»/ Учебно-методическое пособие, Санкт – Петербург, Каро - 2019 г, 160 с
3. Богданова Ю. Н., Хасенов А. К., Темирова Д. М., Балыкова Б. Ж. «Как развить функциональную грамотность учащихся 8 класса через чтение графиков и решение задач с практическим применением на готовых чертежах?» — Молодой ученый. — 2017. — № 18.1 (152.1). — С. 9-12

Жумабекова А.С.
№ 46 ЖББМ, Қарағанды қ.

ЗАМАНАУИ САБАҚ: ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті — оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» — деп көрсетілген. Тек білім иесі болу бүгінгі күні жеткілікті емес. Жас ұрпақтың өмір бойы білім алуын тиімді ету үшін олардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, білім беру шеңберінде тиімді ойлау қабілетін дамыту қажет екені сөзсіз. Сондықтан да білім беру ұйымдары оқушыларға бар білімді үйіп-төгіп берумен ғана шектелмей, оларды өз бетінше алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуға үйрету керек. Жанартылған білім мазмұны оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын дамытуға бағытталған. Оқушылар білім алу барысында өмірде кездесетін түрлі мәселелерге қатысады. Олар комплексті ойлануды талап ететін жоспарлау жаттығуларын, дәлелдемелер келтіруді және шешімдер қабылдауды қажет ететін тапсырмаларды орындайды.

Қазіргі маңызды проблемаларды шешуде қазақ тілі мен әдебиеті пәні айырықша орын алады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, алған білімдері өмірлік мәселерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады.

«Кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!» демекші білім оқумен келсе, түсінік оқығанды көкейге тоқумен, ой қорытумен келеді. Осы тұрғыда оқушылар қай нәрсеге болса да терең оймен қарайды, салыстыра отырып талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді, өзіндік мәнін қалыптастырады, өз ойын тұжырымды жеткізе алады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы -сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты -оқушының пәнді терең түсіну


қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқыту мұғалімдерден көп дайындықты талап етеді. Өзге ұлт өкілдерін тілге үйретуде мұғалім оқушының ана тілі мен қазақ тілінің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды есепке ала отырып оқытады, түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды тиімді қолданады. Оқыту барысында қолданылатын жаңа технологиялардың түрлері жақсы нәтижеге жеткізеді және оқушылардың тілге деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмегін тигізеді.

Мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары мен меңгере білу деңгейлерін бағалау үшін мынадай тапсырмалар орындаймыз.

«Кластерлер»

«Жүзімнің шоқтары» - идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосады да, өзара байланыстары туралы әңгімелейді. 9-сыныпта «Алаш қайраткерлері» тақырыбын өткенде 1 топқа бірінші кестені, келесі топқа екінші кестені толтыру арқылы мәтінді түсіну деңгейін анықтауға болады.



Айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруда «ПОПС» формуласын қолдану өте тиімді. 11-сынып оқушыларымен «Құсбегілік - өнер» тақырыбын өткеннен кейін оқушылар тақырып бойынша өз пікірін дәлелдеп, көзқарасын білдіріп, шешім шығарды.

«Саятшылық өнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне ерекше орын алады»

«ПОПС» формуласы

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ...»
- Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»
- Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»
- Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

«Саятшылық өнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне ерекше орын алады»

- Менің ойымша, саятшылық өнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне ерекше орын алады.
- Себебі, мен оны былай түсіндіремін: Бұратпін жн аулау - халқымыздың қытайтанбағн мерғасы.
- Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын: Біріншіден, бұл жн аулаудан мақалы (орнитология) - адамның қызығатын бұратпн.
- Екіншіден, бұратпн сұрақтан бірнеше есе ұзақ және ауыр - ол неснен көпте мен тұрған ғана емес, қасқар мен елтаң да аулау қабілетті.
- Үшіншіден, Бұратпін жн аулау қызығатын қызықтар үшін ел халқына мақалдан басты себебі болып табылады, ал ашықтар үшін бұл дәстүрді дәріптеу аябарылы мәселе.
- Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: Бұратпін жн аулау - қазақ халқының басты артықшылығы.

«Синквейн» әдісітілдік қорды байытуға, қысқаша мазмұндауға, ой-пікірді қалыптастыруға үйретеді. Синквейнмен жұмыс жасау барысында әр түрлі лексикалық тақырыптарға сай сөздік қорын толықтырады. 8-сынып. Сабақтың тақырыбы: «Т.Айбергенов»

2-тапсырма Төлеген Айбергенов сөзіне СИНКВЕЙН құрастыр.

- 1. Төлеген Айбергенов
- 2. Ақылды, әдемі
- 3. Жазады, ойлайды, дәлелдейді
- 4. Төлеген Айбергенов - қазақтың әйгілі ақыны және ғалымы.
- 5. Ғалым

9-сынып. Сабақтың тақырыбы: «Күн энергиясы». Проблемаларды анықтау және одан шығу жолдарын қарастыру моделі болып табылатын әдістің бір түрі – «Балық қаңқасы».



Осы тұрғыда оқушылардың жауаптары әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан «ТӨДК» әдісі бойынша әр оқушы сыныптастарының пікірін тыңдай отырып, берілген пікірді ТОЛЫҚТЫРЫП, ӨЗГЕРТПІ, ДАМЫТЫП немесе КҮРДЕЛЕНДІРЕ алатынын шешуі керек.

«Телебағдарлама жүргізушісі» әдісі. Мұғалім бүгін ерекше телестудияға баратындарын хабарлайды. Ол жерде оқушылар өздері қалаған телебағдарлама жүргізушісі болуға мүмкіндіктері болатынын айтады. Мысалы: «Айтуға оңай» бағдарламасында «Сабақтас құрмалас сөйлем түрлері» бас қосады. Жүргізуші олардың әрқайсысын тыңдап, проблемаларын айтқызу керек.

Берілген сөйлемдерден мезгіл бағыныңқы сабақтасты табыңыз. Жауабыңызға дәлел келтіріңіз.

1. Сөйлесіп болған соң, телефон құлағын іліп қойды.
2. Жетпіс жыл өмір сүрсем де, аз секілді білгенім.
3. Тұрмыс жақсы болу үшін, еңбек өнімді болу керек.
4. Іші бауыры елжіреп, сорлы шеше балапанын қорғайды.
5. Жамбыл-Жамбыл болғалы, есіткен талай батырды.
6. Абай үйге кіргенде, Әбіш конверттегі бар қағазды оқып шыққан екен.
7. Көктем болғанымен, күн әлі жылына қойған жоқ еді.
8. Базаралы әңгімесін бітіргенде, ол бір қызық ойынқысқа түйді.



Сонымен қатар, оқу процесінде топтық пікірсайыстар, жазбаша мазмұндамалар және шығармалар, сұхбаттар, жастарды «тең – теңімен» қағидаты бойынша құрдастарымен жұмыс істеуге оқыту, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды өткізу–оқушының ауыз және жазба тілінің дағдыларын қалыптастырады. Үлгерімі жақсы оқушыларға көбіне «РАФТ» немесе «Кейіпкерге хат» стратегиясын жиі қолдануға болады, өйткені ол оқушының қиялын өрбітіп, тілін дамытады.

В.А.Сухомлинскийдің «Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына ойландырып қоймас үшін оны ойланту керек» деп айтқан сөздерін негізге ала отыра, заман талабына сай жаңа заман оқушысының функционалдық сауаттылығы жоғары болуы тиіс деп ойлаймын. Ал оқушының функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруда баланы ойландыруымыз маңызды болып табылады. Яғни оқушы мектеп қабырғасында алған білімдерін өмірде қолдана білсе ғана ол табысты бола алады.

Қорыта келе, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. «Қыран - түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз - шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды», - деген даналық сөзіндей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады.

Қазақтың бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде дейтін болсақ, жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беруді темірқазық қылып ұстасақ қателеспеспіз.

Әдебиет:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс - қимыл жоспары.
2. «Мектеп» журналы
3. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
4. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның басты талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасынан сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Туған тілінің бай қазынасын игеріп, грамматикасын терең меңгерген білім алушы қоғамның кез келген саласында қиналмай қызмет етіп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Себебі білім алушылардың берілген білімді игеруі мен іске асыру қабілеті, ойының дәлдігі, өмірге көзқарасының қалыптасуы, өз бетінше білім алуға дайындығы, басқа ғылым негіздерін меңгеру нәтижелері сауаттылық деңгейіне байланысты болғандықтан бүгінгі күннің мәні мен маңызы зор өзекті мәселелерінің бірі – оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері арқылы білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол-ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Бүгінгі күн талабындағы оқушылардың сөздік қорларының жеткілікті болуы, оқу сауаттылығының яғни, мәтіндерді дұрыс ұғына алуы, алған білімін шығармашылықпен ұштастыра алу бағыттарын тиімді әдістер мен берілген тапсырмалар арқылы қалыптастыруға тырысамын.

Негізгі мақсат:

- оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ой ұшқырлығын дамыту;
- сөйлеу шеберлігін шындау;
- тіл мәдениетін көтеру;
- пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың ізденгіштік, танымдық іс әрекетін, көзқарасын қалыптастыру;
- жеке тұлға ретінде белсенді сезіне білуге тәрбиелеу;

Тәжірибе ретінде оқушыларды оқу сауаттылығына жетелейтін, бүгінде қолданып жүрген, бірнеше тапсырмаларды ұсынамын.

«Мәтінмен жұмыс» әдісі білім алушыларды жеке не жұпта жұмыс жасауға, ақпаратты өз бетінше жинақтауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, шығармашылық жұмыс жасауда өте тиімді әдістердің бірі. Алдымен мұғалім оқушыларды жұпқа бөліп алады да, оларға тапсырманы орындаудың реті түсіндіріледі. Әдісті жүзеге асыру үшін төмендегі қадамдармен жұмыс жасау қажет.

Бірінші қадамда мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу ұсынылады.

Екінші қадамда бөлінген бөліктерге атау қою керек.

Үшінші қадамда бөліктердің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді анықтау керек.

Төртінші қадамда кейіпкерді сипаттайтын сөз, сөз тіркестері, сөйлемдерді табу Бесінші қадамда мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атайды.

Алтыншы қадамда оқиға орын алған жерледі атайды.

Жетінші қадамда мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсынады.

Бұл әдіс арқылы функционалдық сауаттылықтарының алғы шарттарының бірі қарым-қатынас жасай алу, бейімделу дағдыларына қалыптасады. Оқушылардың бойындағы оқылымнан кейінгі оқу сауаттылығын жетілдіреді.

Білім алушылардың оқыған мәтінін қаншалықты түсінгенін немесе түсінбегенін анықтау үшін ашық сұрақтар қоюға болады:

1. Оқыған мәтініңізді өз сөзіңізбен баяндап бере аласыз ба?
2. Мәтінді оқығаныңызды қалай немесе немен дәлелдер едіңіз?
3. Мәтін мазмұнын жеке көзқарас тұрғысынан түсіндіріңіз?
4. Мәтінде берілген ақпаратты жіктеп айтыңыз? Мәтінде берілген ақпараттарды жіктеп айтыңыз?
5. Қысқа ғана бірнеше сөйлеммен негізгі ойды анықтаңыз?

6. Мәтінде көтерілген негізгі ойдың басқа құбылыстардан, жағдаяттардан не болмаса ұғымдардан ерекшелігі неде?

7. Мәтіндегі көтерілген мәселеге қарама-қайшы не мәселе болуы мүмкін?

8. Мәтіндегі оқиғаның не құбылыстың әрі қарай өрбуін, оның себебі мен салдарын болжап айта аласыз ба? Осындай сұраулар оқушылардың жан-жақты мәтін жайлы ойлау дағдыларын қалыптастыруға өз көмегін береді. Оқушы ойлауы – оның зейіні мен ынтасының көрсеткіші десек, әр қойылған ашық сұрақтар дұрыс нәтижеге бағыттайды.

Бұдан кейін бүгінде қолданыстағы әдістердің бірі – «Бағытталған әдісін» де қолдануға болатынын айтуға болады. Бұл әдіс – оқушылардың мәтінді оқу барысында сұрақтар арқылы оны түсінуге бағытталған тәсілі. Оқушылардың мәтінді оқу үдерісін мұғалім әр мағыналы бөліктерінде тоқтатып отырады. Әдісті жүзеге асырудың тәсілдеріне тоқталсақ:

1-қадамда мұғалім әңгімені алдын ала мағыналы бөліктерге бөлу керек. Содан соң түсінуге бағытталған әр үзінді бойынша, әр бөлікті оқығанға дейін немесе оқыған соң қойылуы мүмкін сұрақтар ойластырылады.

2-қадамда соңында оқыған мәтінін қайта қарауға және алынған білімді қолдануға ықпал ететін тапсырма беру керек. Бұл үй тапсырмасы болуы мүмкін. Аз ғана әдіс оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталу қажет.

«Ойын жинақтау» әдісі оқытылатын пән немесе зат құбылыс туралы терең толық мәлімет беретін логикалық түрде рәсімделген жалпы бір нәрсенің идеясын айқындайды.

Ойын жинақтау 3 кезеңмен өткізіледі.

1) Мұғалім ұғымдар сипаттамаларына кіріспе береді. Бұл сипаттамалар бойынша оқушылар қандай түсінік туралы әңгіменің өрбігенін бақылайды.

2) Мұғалімнің ұғымға қосымша мінездеме енгізуі. Сипаттамалар осы ұғымға жататындығын оқушылар анықтауы қажет.

3) Сабақта әлі айтылмаған сөздердің сипаттамаларын беруге тиіс. Осы ұғым бойынша оқушылар қорытынды жасайды. Сабақтың оқылымға және тыңдалымға дейінгі бөліктеріне қолдауға болады.

«Данышпан үкілер» әдісі ойлаудың бірнеше түрлерін дамытып, оқыған мәтінін тереңірек түсінуге көмектеседі. Ол үшін білім алушылардың әрқайсысы мәтінді өз бетінше оқып, оны топ ішінде, кейін сынып болып талқылайды. Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадамда білім алушыларды топқа бөліп, мәтінді оқуға уақыт беріледі.

2-қадам. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңыз.

Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табыңыз.

Сізге жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.

3-қадам. Маңызды өмірлік даналық. Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз.

4-қадам. Таныс және таныс емес. Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.

5-қадам. Иллюстрациялық бейнелеу. Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз.

6-қадам. Үлгі боларлық қорытынды. Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

7-қадам. Талқылауға арналған маңызды тақырыптар. Сыныпта талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табыңдар. Тәжірибеме енгізген әдістің оқушының ізденіс жұмысының жанданып жатқанын байқатты. Сонымен бірге ойлау деңгейлеріне сай ой-пікірлері қалыптасты. Сабақтың жинақтау бөлігінде қолдануға болады.

Өткен уақыттардағы көп қолданысқа енген ұтымды әдістердің бірі - «Кубизм» әдісі. Оқушылардың берілген мәтінді жан-жақты қарастыруына, мәтінмен терең танысып, әртүрлі ойлау дағдыларын жүзеге асыруына және мәтін бойынша рефлексия жасай алуына мүмкіндігі зор. Ұсынылған өзекті мәселе бойынша өз көзқарасын шығармашылық тұрғыдан жеткізе алады. Бұл әдісте білім алушыларды 6 топқа бөліп, кубиктік әр қыры бойынша өздеріне берілген көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің әлеуметтік жағдайы, құндылығы, т.б. қырлары бойынша тапсырмалармен жұмыс жасайды., талқылайды, ортақ әзірлеме әзірлейді. Жасаған жұмыстары бойынша таныстырылып дайындап, қорытынды жасайды. Әдісті жүзеге асыру бағыттары:

1-қадам. Мұғалім білім алушыларды өз қалауына қарай сыныпты 6 топқа бөледі.
2-қадам. Білім алушыларға кубиктің көмегімен тапсырмалар беріледі.
Суретте (түсі, пішіні, өлшемі).
Салыстыр (неге ұқсас, неге ұқсамайды?).
Байланыстыр (бұл туралы ойлағаныңызды көзге елестетіңіз).
Таңда(Неден жасалған? Неден тұрады? Не үшін?).
Қолдан (бұнымен не жасауға болады?).
Дәлелде («ия», «жоқ» деп оған дәлел келтіру, бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Неге?)
3-қадам. Әр топ кубик бойынша берілген тапсырмалармен жұмыс жасайды.
4-қадам. Жазған мәліметтерін топта талқылап, таныстырылымға дайындайды.
5-қадам. Білім алушылар таныстырылымдарын сынып ортасында тұрып қорғайды. Сабақтың өн бойына арналған зерттеу тапсырмасы – оқушылардың ортаға бейімделуіне, кез келген тақырыпты өмірмен байланыстыра алуына жол ашады.
Ойымызды жинақтай келе, сабақ барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатындағы тиімді әдістердің нәтижесі бар. Жүйелі жұмыс пен міндетті жауапкершілік арқылы оқушылардың бойында бірнеше дағды қалыптастыра аламыз:
Ізденімпаздық
Зерттеушілік
Өмірге бейімделу
Сенімділік
Интеллектуалдық
Шығармашылық.
Оқушыларды функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Заман талабына сай дайындалған мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – функционалды сауатты шәкірттерінде болмақ.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Даулетова Н.А «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру әдістері» Атырау, 2019ж
2. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015 Халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. Астана, 2017 жыл.

Жунусбеков Сабыржан Ермуханович
Қарағанды қаласы «№27 ЖББОМ» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУДАҒЫ «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті әлемде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. [1, 15б.]

Мектептегі еңбекке баулу пәні «Технология» атауынан «Көркем еңбекке» өзгеруінде үлкен мән бар. Алғашқысында оқушыларға техникалық бағытта ғана білім берілсе, қазіргі талап шәкірттер алдында мол мүмкіндіктер ашып отыр, оған себеп пән мазмұнының техникалық және эстетикалық бағыт алуы. Бейнелеу, сызу және технология пәндерінің бір пән аясына кіріктірілуі мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, машықтарын иелену болып табылады.[2,16.]

«Көркем еңбек» оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалдық сауаттылықты арттыру, шынайы өмірге шығармашылықпен қарайтын тұлғаны тәрбиелеу.

Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды бес ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады:

Визуалды өнер;

Сәндік-қолданбалы өнер;

Дизайн және технология;

Үй мәдениеті;

Тамақтану мәдениеті.

Аталған бөлімдердің алғашқысына қысқаша тоқталатын болсақ: «Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны: Классикалық және заманауи өнер; Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы; Бейнелеу өнері жанрлары мен түрлері; Сандық өнер (фото-сурет, анимация, медиа құралдар); Бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдері; Көркемдік материалдар және техникалармен эксперименттеу бөлімдерін қамтиды. Байқап отырғанымыздай «Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны мұғалімнен жан-жақты бейнелеу өнері саласының заманауи бағыттары бойынша хабардар және сауатты болуды талап етеді.

Бұрынғы бағдарламаға жақын болғанымен өзінше алға қояр мол мүмкіндіктерді байқауға болады; заманауи материалдар түрлері, өңдеу құралдарын білу және қолдана білуге міндеттейді.

Оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған. *«Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу»* бөлімі .[3,96.]

«Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі .

«Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі.

Аталған оқу мазмұнын пайымдай келе, іс- тәжірибеде біршама жұмыстар атқарылды. Мұғалім мен оқушының арасындағы оқу іс-шарасының негізгі дәнекері-оқулық. Бірақ оқу үрдісінде тек оқулық мазмұнымен шектеліп қалсақ онда оқушының қабілет деңгейін, дарындылығын дамыту жолын тежеген боламыз. Сондықтан сабақта және үйге тапсырма бергенде баланың пәнге деген қызығушылығына және өз бетімен ізденуіне назар аударамын. Оқу үрдісінде топпен жұмыс жасау барысында, зерттеу жұмысын жүргізуде ақпараттық сауаттылықтарын арттыру мақсатында тапсырмалар беріледі. Оқушылар ұялы телефондарын интернет жүйесіне қоса отырып, ақпараттар жинақтап, постерге сызба-суретті салады. Топтық жұмыс нәтижесінде берілген тақырып бойынша оқушылар өз жұмыстарын шығармашылықпен дайындап, ортаға салады.

Топпен жұмыс оқушыларды бірлікте жұмыс жасау үрдісіне бейімдейді. Сыныптағы оқушыларды 6 топқа бөліп әр топқа әр түрлі жәндіктер: құмырсқа, көбелек, өрмекші, инелік, қоңыз және шегіртке үлгісінде болашақ муляж эскизін орындауға постер таратылды. Әр топтың алдына түрлі қолданудан босаған ыдыстар: пластикалық шөлмектер, тетрапакеттер берілді. Осы материалдар пішінін трансформациялау (өзгерту) арқылы тиісті жәндіктер үлгісін елестете отырып, суретін (нобайын) бейнелейді. Әр топтағы оқушылардың сыни ойлау қабілеті әртүрлі, өз ойын- идеяларын ортаға сала отырып, сабақ соңында әр топ өз эскиздерін қорғап шығады.

Келесі сабақта оқушылар жәндіктер муляжын жасау ісіне кіріседі. Алдыңғы сабақта дайындалған эскиздер негізінде дайындап әкелген қалдық заттардан (бос шөлмектер, сым, жіп, веер, т.б.) құралған материалдар негізінде әр жәндіктің сұлбасын өлшеп-пішіп, қиып-жалғап, кесіп-үзіп, созып-иіп, т.б. көптеген әдіс-тәсілдер балалардың ой-қиялынан туындап жатты.

Сабақ барысында эскизбен жұмыстың сәйкестілігіне және жұмыс барысында материалдың ыңғайына қарай кейбір бөлшектер өлшемі, пішіні өзгеруіне оқушылар көз жеткізді. Осы сәтте алдыңғы сабақта көрсетілген шетелдік суретшілер макеттеріндегі бөлшектер (сағат тілі, көзілдірік құлағы, шприц т.б.) балалар жұмыстарында тиімді қолданыс тапты.

Оқушылардың өздері әкелген тұрмыстық ұсақ-түйек заттары да муляж жасауда қолданысқа пайдаланылып, көдеге жарады.

Сабақ арасында сергіту сәті жасалды, әр топ өз жәндіктерін интерпретациялап дыбыстар шығарып әртүрлі қозғалыс қимылдарын 2-3 минут белсенділікпен қызықты көрсетті, серігу кезінде де балалар шығармашылықтың тағы да бір қырын көрсете білді. Топтағы балалар өз жұмыстарының күшті және әлсіз жақтарына тоқталып, өзіндік баға беріп, рефлексия жасалды.

Сабақ соңында әр топ мүшелері жұмыстарын сынып алдында қорғады, эскиз және муляж бойынша жеткен жетістік, кемшіліктер туралы айтылды. Жалпы идея мен жұмыс соңына дейінгі кезеңдермен пікір алмасты. Әр топ шыққан топтарды бағдаршам үлгісінде бағалады. Сабақ аяғында оқушылар өз пікірлерін стикерге жазып тақтаға қалдырды.

Қорыта айтқанда, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушыларда белсенділікбайқалады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады, ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімділікпен қарайды.

Оқушылар әлемді түсіну үшін құрылымдар мен модельдерді игеріп қана қоймай, өз құрылымы бар ортаға қатысады. Оқу сан алуан тәжірибелік қызметке қатысуды қамтиды [1, 78б.].

Үй тапсырмасын бергенде оқушының сабақта алған білімін әрі қарай өзінің мүмкіндігінше дамытуына мүмкіндік беремін. Сабақта және үйде орындаған жұмысының нәтижесінде оқушының пәнге деген қабілеті және қызығушылығы артады. Мысалы, 7-сыныпта «Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар» тақырыбында оқушылар топтық тапсырмаларда: «Инсталляция», «Поп-арт», «Граффити» және «Абстракционизм» бағыттары бойынша сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізеді, әр топ пікірлерін білдіріп, дәлелді материалдарды сынып назарына таныстырып қорғайды. Үйге тапсырма берілгенде осы ойларын әрі қарай дамыту мақсатында әр топтың мүшелеріне өздері зерттеген тақырыптың бір нұсқа-үлгісін дайындап келуі ұсынылады. Сонда оқушының сабақта зерттеген тақырыбы үй тапсырмасы негізінде жалғасын тауып, толыққанды нәтижеге жетеді.

Оқу үрдісіндегі тәжірибе көрсеткендей соңғы бір-екі жылда оқушылардың жаңа пәннің талаптарына төселіп қалғандары байқалады және қуантады. Әсіресе зерттеу жұмыстарында оқушылардың бірден интернет желісінде ақпараттар табу, және қорғау жұмыстарында қолданыс табуы, жаңартылған білім берудің өз алдына жақсы жолда келе жатқандығын дәлелдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Қазақстан мектебі» журналы. 2008ж. №1
- 2.Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
- 3.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 2016 ж.

Жупышева С. Г., Байленова Ж. А.

№23 ЖББОМ, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Заманауи мектепте мұғалімнің дайын білімді беруші рөлінде емес, бағыттаушы, сілтеуші рөліне ену қажеттілігі мәлім. Ал оқушы дайын білімді алушы емес, өзінің мықты және әлсіз жақтарын сезініп, оқу үдерісінде не ұнайтынын, не ұнамайтынын түсініп, жеке мақсаттарды белгілей алатын тұлға ретінде қарастырылады. Сондықтан оқытудың технологиялары да түрлендіріліп, жаңа тәсілдер де қолданылуда. Оқытудың формасын түрлендіру, білім алушылардың қызығушылығын тудырумен қатар оқуға мүдделігін арттыруға қызмет етеді.

Біз қарастыратын мәселе – өзге тілді ортада қазақ тілін меңгертудің коммуникативтік тәсілін ұйымдастыру. Коммуникативтік оқыту технологиясын зерттеуші Пассов Е. И. өзінің



«Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению» атты еңбегінде [1, 127] оқу үрдісін ұйымдастыруда сөйлесуді меңгерудің 3 кезеңін атап көрсетеді:

Сөйлесу дағдыларын қалыптастыру кезеңі;

Сөйлесу дағдыларын дамыту кезеңі;

Өз бетімен сөйлей алуды дамыту кезеңі.

Әрбір кезең мақсаттарын төмендегі кестеден көрсетуге болады:

I кезең	II кезең	III кезең
Сөйлесу дағдыларын қалыптастыру	Сөйлесу дағдыларын дамыту	Өз бетімен сөйлеу дағдысын дамыту
 <p>Лексико-грамматикалық</p>	Алдын ала меңгерілетін материалдарды ұштастыру және оны негізгі сөйлеу мәтіні ретінде жеткізу.	

I кезеңде көрсетілгендей, екі түрлі дағдының орнын ауыстыруға болатынын, немесе оқытуда екеуінің бірі ғана қатыса беретіндігін ескере отырып, оларды қалыптастыруды қалай ұйымдастыруға болады? Ол үшін сөйлесуді көздейтін арнайы шартты-сөйлесу жаттығулары керек. Мәселен, әдетте жаттығу шарты былай қойылады: бұйрық райлы етістік жасаңыз. Ал тапсырма «Менің мына ойыма кеңес беріңіз» немесе «Маған кеңес беріңіз» деп беріліп, мынадай сөйлем айтылады:

№1 мысал. – Мына кітапты оқығым келмейді.

- Бұл кітап өте қызық. Оқы.

- Оқымаймын.

№2 мысал. – Маған қысқы бақ ұнамайды.

- Сен барып көрші. Онда лимон өсіп тұр.

- Жақсы, барайын т.с.с.

№3 мысал. Әдеттегі тапсырма: сөйлемдерді өткен шақта жаз.

Жаңа әдісте: оқы немесе тыңда. Енді сұра.

Мен күнде кешке кітап оқимын.

(Сен кеше де оқыдың ба?)

- Әрине, кеше де кітап оқыдым.

№4 мысал. Мен күнде таңертең жаттығу жасаймын.

(Сен бүгін де жасадың ба?)

- Иә, мен бүгін де жасадым.

№5 мысал. Лексикалық дағдыны қалыптастыру жолдары.

Мысалы: Менің сөзімді жолдасыңа айт. (Передай мои слова товарищу)

Мен жазда Алматыға болдым. Ол «Алматыда болдым» дейді. (Трансформациялау немесе жеткізу жолы.)

№6 мысал. Ойлан, тап.

- Мен кеше дүкеннен бірдеңе сатып алдым.

- Жаңа көйлек пе?

- Жоқ, қызыл шалбар. (Репродуктивті жолы)

№7 мысал. Солай ғой? (Подтверди или это так.)

- Иванов – жақсы оқушы.

- Иә, ол – жақсы оқушы. (имитативті жолы).

Ал II кезеңде сөйлесу дағдыларын дамыту, іске асыру сәтінде жұмыс істеу кезеңдері іске асады дей келе, автор, мәтін – сөйлесу мәтіні болу керек деп ескертеді, яғни, мазмұндауға арналған мәтін тыңдалым әрекетін дамыту керек. Мысалы, мәтін мазмұнын ашуда 2 түрлі шағын мәтін

Функциональная грамотность учащихся – это тот уровень образованности, который может быть достигнут им за время обучения в школе, и предполагает способность человека решать стандартные жизненные задачи в различных сферах жизни и деятельности на основе преимущественно полученных знаний.

Современное общество ставит перед школой задачу подготовки выпускников знающих, мыслящих, умеющего самостоятельно применять знания на практике. В связи с решением проблем современного образования осуществляется поиск содержания, форм, методов, средств обучения, обеспечивающих на практике более широкие возможности самоактуализации, саморазвития и самореализации личности.

Чаще всего на сегодняшний день наблюдается такая тенденция, когда учитель стремится на своих уроках, увидеть удивление, открытость, азарт, любопытство в глазах детей.

В соответствии с годовым рабочим планом школы на 2020-2021 учебный год в октябре 2020 года проведена диагностика по функциональной грамотности в 4-х классах.

Цель диагностики - выявление уровня функциональной грамотности обучающихся на основе методологии и инструментария международного исследования качества подготовки обучающихся PISA.

Диагностика проводилась в формате оффлайн. На выполнение работы отводилось 120 минут. Работа состояла из трех частей, направленных на диагностику: читательской, математической и естественнонаучной грамотности.

В диагностике приняли участие 50 учащихся 3-4 классов, что составляет 94%.

Максимальный балл по читательской грамотности (13) не набрал ни один участник. 4 участника набрали 11 баллов, что соответствует повышенному уровню. 21 человек набрали 8-10 баллов, что соответствует базовому уровню, 17 человек набрали 5-7 баллов, что соответствует пониженному уровню, и 8 участников набрали 0-4 баллов, что соответствует недостаточному уровню. Данные о распределении результатов участников по уровням представлены на диаграмме 1.




Диаграмма 1 – Результаты по читательской грамотности

Максимальный балл по математической грамотности (12) не набран ни одним участником. 11 баллов набрали 3 участника (6%), что соответствует повышенному уровню, 7-10 баллов набрали 10 участников (20%), что соответствует базовому уровню, 4-6 баллов набрали 22 человека (44%), что соответствует пониженному уровню, 0-3 балла набрали 15 участников (30%), что соответствует недостаточному уровню. Данные о распределении баллов по уровням представлены на диаграмме 2.




Диаграмма 2 – Результаты по математической грамотности (%)

Максимальный балл по естественнонаучной грамотности (9) не набрал ни один участник диагностики. 6 участников набрали 8 баллов, что соответствует повышенному уровню, 5-7 баллов набрали 20 человек, что соответствует базовому уровню, 3-4 балла набрали 14 участников, что соответствует пониженному уровню, 0-2 балла набрали 10 человек, что соответствует недостаточному уровню. Данные о распределении баллов по уровням в процентном отношении представлены на диаграмме 3.




Диаграмма 3 – Результаты по естественнонаучной грамотности

Таким образом, результаты обучающихся начальных классов показали пониженный уровень по читательской и естественнонаучной грамотности, и недостаточный уровень по математической грамотности. Исходя из полученных результатов диагностики перед администрацией школы и педагогам поставлены следующие задачи:

1. Расширение кругозора учащихся путем привлечения на дополнительные занятия и реализации проектной деятельности.
2. Включение в текущий контроль заданий, которые вызвали наибольшие затруднения у учащихся.
3. Развитие навыков функциональной грамотности через применение продуктивных форм и методов обучения.
4. Проводить диагностики 2 раза в учебный год, с целью выявления западающих тем.
5. Активизировать работу педагога-психолога по оказанию психологической помощи обучающимся, имеющим затруднения в обучении.

Таким образом, мы хотим добиться высокой функциональной грамотности учителя, которая в свою очередь приведет к функциональной грамотности ученика. Функциональная грамотность учителя порождает обстановку приподнятости и энтузиазма на уроке и приводит к максимальной вовлеченности учащихся в процесс познания окружающего мира. Все это будет способствовать формированию познавательного интереса к предмету, следовательно, и функциональной грамотности ученика.

Литература

1. Гершунский Б.С. Философия образования. М.: МПСИ, Флинта, 1998.
2. Ермоленко В.А., Перченко Р.Л., Черноглазкин С.Ю. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях: Пособие для работников системы образования. Российская академия образования, теории образования и педагогики. - М.: ИТОП РАО, 1999.
3. Онушкин В.Г., Огарев В.И. Проблема грамотности в контексте социальных перемен. Человек и образование. - 2006. - том. 8,9.
4. Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании. //Школьные технологии. 2004. №5.

Идрисова З.Р. Кондрашова Е.В.

*КГУ «Школа-лицей №14» отдела образования Абайского района
управления образования Карагандинской области*

ПРИЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

В современный период развития образования Казахстана четко обозначены новые приоритеты соответствующие мировым тенденциям. Одна из важнейших задач современной школы – формирование функционально грамотных людей. Стратегически важной задачей в рамках достижения этой цели является построение общества, в котором главными функциональными качествами личности являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, готовность обучаться в течение всей жизни. Все данные функциональные навыки формируются в условиях современной школы.

В Послании народу Первый президент государства Н.А.Назарбаев выделил следующее: «Чтобы стать развитым конкурентоспособным государством, мы должны стать высокообразованной нацией. Наши граждане должны быть готовы к тому, чтобы постоянно овладевать навыками работы на самом передовом оборудовании и самом современном производстве. Необходимо также уделять большое внимание функциональной грамотности наших детей, в целом всего подрастающего поколения. Это важно, чтобы наши дети были адаптированы к современной жизни» [1].

Кто же такой функционально грамотный человек? Это человек самостоятельный, умеющий жить среди людей, обладающий определёнными качествами [2]. Мы, учителя начальных классов считаем, что формировать функциональную грамотность необходимо с момента поступления детей в школу. На своих уроках создаём такую образовательную среду, благодаря которой учащиеся активно участвуют в учебном процессе, а не пассивно принимают информацию. Ведь мы понимаем, что роль ученика сильно зависит от педагога.

Важным средством повышения эффективности урока является многообразие видов деятельности на уроке. К. Д. Ушинский отмечал, что ребенок требует деятельности беспрестанно и утомляется не деятельностью, а ее однообразием, односторонностью. Младшие школьники усваивают знания лучше, если на уроке чередуются разнообразные и непродолжительные виды работы.

Работая в четвертых классах, мы поставили перед собой задачу не просто научить ребенка читать и писать, но и развить способность учащегося свободно использовать навыки чтения и письма в целях получения информации из текста (понимания, сжатия, преобразования и т.д.), а также в целях передачи такой информации в реальном общении.

На уроках русского языка и литературы формируются навыки и умения, без которых сегодня невозможно справляться с решением жизненно важных задач [3]:

1. Осмысленно читать и воспринимать на слух, а также воспроизводить тексты с пониманием основной мысли и идеи произведения.
2. Уметь извлекать информацию из разных источников;
3. Учиться находить и критически оценивать информацию из Интернета;
4. Уметь пользоваться источниками и ссылаться на них;
5. Уметь читать таблицы, диаграммы, схемы, условные обозначения;
6. Реализовывать разные стратегии критического мышления при работе с текстом.

В начале 2020-2021 учебного года 4 классы приняли участие в исследовании по определению уровня сформированности функциональных навыков в области читательской грамотности. Использовалась письменная форма контроля (тест). Проанализировав данные работы получили следующие результаты: осмысленное чтение и воспроизведение текста с пониманием основной мысли и идеи произведения – 26 %; умение извлекать информацию из разных источников – 15%; находить и информацию из Интернета – 40%; умение пользоваться источниками и ссылаться на них – 9%; умение читать таблицы, диаграммы, схемы, условные обозначения – 23%; применять разные стратегии критического мышления при работе с текстом – 37%.

Для повышения качества функциональных навыков в области читательской грамотности, в своей работе мы использовали различные технологии, такие как: «Приёмы работы с текстом для просмотрового чтения, ознакомительного чтения, изучающего чтения». Приёмы работы с текстом при изучении нового материала: «Письмо с дырками (пробелами)», «Прием «Верите ли вы, что...». Приемы активизации ранее полученных знаний «Прием «Ассоциация», Приём “Шаг за шагом”. Приемы графической переработки учебного материала: Прием «Составление кластера», «Постер», «Синквейн». Приемы, используемые при групповой работе: Приём «Корзина» идей, понятий...», «Горячий стул». Творческое чтение: Прием «Выделяем существенные признаки». Приемы и стратегии смыслового чтения: “Мозговой штурм”, “Глоссарий”, “Рассечение вопроса” “Чтение с остановками”, “Чтение с пометками”.

В конце первого полугодия 2020-2021 учебного года, нами было проведено повторное тестирование, для определения того, как данная работа повлияла на качество функциональных навыков в области читательской грамотности (Рисунки 1,2).




Рисунок 1.

Уровень сформированности функциональных навыков в области читательской грамотности, сентябрь 2020 г.

Уровень сформированности функциональных навыков в области читательской грамотности
январь 2021 г.



Рисунок 2.

Уровень сформированности функциональных навыков в области читательской грамотности, январь 2021 г.

Проанализировав нашу работу, пришли к выводу, что данные технологии являются наиболее результативными в достижении повышения качества функциональных навыков учащихся. Ведь наша цель – воспитать ученика, умеющего обучаться, знающего, как использовать информацию в нужных целях; взаимодействовать с другими людьми и обладать целым рядом компетенций ученика XXI века, способного жить и действовать в условиях быстро меняющегося мира.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». 27 января 2010 года.// Электронный ресурс: [Официальный сайт Президента Республики Казахстан] –<http://akorda.kz/>
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.// Электронный ресурс: <http://gu.government.kz/>
3. Азимов Э. Г., Щукин А. Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам).// М.: Издательство ИКАР, 2009.
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология// М.: Педагогика, 1991. С
5. Материалы сайта «Курс «Развитие навыков функционального чтения» <https://sites.google.com/site/kursusfunctreading>
6. Леонтьев А.А. Психология обучения чтению “Начальная школа: плюс–минус”, № 10,1999г
7. Таксономия Блума. // Электронный ресурс: http://strenadko.ucoz.ru/publ/ikt/piramida_bluma_taksonomija_bluma_romashka_voprosov/2-1-0-1

Исабекова С.Б.

«№ 82 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Функционалдық сауаттылықты арттыруды» Үкіметке негізгі тапсырма етіп жүктеген болатын.

Функционалдық сауаттылық–бұл адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуы, яғни жаһандану дәуіріндегі қазіргі тенденцияларды ұстанып, жасына, мамандығына қарамастан адамның білімін үнемі жетілдіруі. Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани жағынан дамыған азаматты қалыптастыру, оны әлемге әлеуметтік бейімдеу басты мақсат болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық тұжырымдамасының мәні тарихи түрде өзгерді, жеке тұлғаның талаптарында оқу, жазу, санау, яғни қол жеткізу, қалыптастыру, функционалдық сауаттылықты игеру қабілетіне емес, белгілі бір қоғамда өмір сүру үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығын алды. Қазіргі әлемде дамып келе жатқан көп бағытты эзирлемелердің әсерінен қоғамның адамға деген талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігіндегі халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес оқыту процесінің орталық тұлғасы білім алушы субъект болып табылады, ал оның субъектісінен алынған білімнің түпкі нәтижесі білім беру жүйесіндегі «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсатына негізделі отырып, құзыреттер болып табылады.

Қарапайым сауаттылық-бұл адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндер құрастыру және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеті.

Функционалдық сауаттылық-адамның сыртқы ортамен өзара әрекеттесу қабілеті мен осы ортаға тез бейімделу және қарым-қатынас жасау қабілеті деңгейінің көрсеткіші. Осылайша, функционалды сауаттылық белгілі бір мәдени ортада адамның өмір сүруі үшін қажет деп саналатын және оның әлеуметтік өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін білім, дағды, іскерліктер жиынтығынан тұрады. Кең мағынада-бұл білім мен дағды әлеміне апаратын жол ғана емес, бұл ұлттың, елдің немесе адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалы сипат тұрғысынан функционалдық сауаттылық жеке тұлғаны дамыту тетігі ретінде қолданылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы-бұл оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сабақтан тыс іс-әрекетте, кез-келген жағдайда тиімді пайдалану қабілетін қамтамасыз ету. Егер, бұл шарттар бастауыш мектепте орындалса, оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығының мазмұны келесі мағынамен сипатталады:

- оқу, жазу сауаттылығы;
- жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылығы;
- математикалық сауаттылық;
- компьютерлік сауаттылық;
- денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық;
- құқықтық сауаттылық.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу тапсырмаларының рөлі зор. Осыған орай сабақтың әр тақырыбы бойынша ойлау операцияларын дамыту, визуализацияны, идеяларды біріктіруді және т. б. дамыту барысында сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін зияткерлік тапсырмалар жүйесін құрастырамын.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында Д. Толлингерованың идеяларын басшылыққа ала отырып, келесідей оқу тапсырмаларының таксономиясын қолданамын (1-кесте):

1-кесте

Д. Толлингерованың идеялары негізінде әзірленген оқу тапсырмаларының таксономиясы

№	Функционалдық сауаттылық түрлері	Тапсырмалар мен жағдайлар келес сөздерден басталуы керек	Функционалдық сауаттылықтың қалыптасу көрсеткіштері
1	Меңгерілген материалды өзге (оның ішінде практикаға бағдарланған) қызмет салаларына көшіру.	Қабылданған (алынған) ақпарат негізінде ... тексеріңіз, шешіңіз...	Басқа қызмет салаларына білім беру ауыстырылған тапсырмаларын орындаған оқушылардың үлесі. Бұл жағдайда тапсырмалар болуы мүмкін: - орындалған жоқ; - ішінара орындалды; - орындалды; - оның орындалуын дәлелдеумен орындалды.
2	Объектілер (объектілер, параметрлер) арасындағы тәуелділікті анықтау.	Нысандар арасындағы тәуелділікті анықтаңыз..., неге..., себебі неде...	Тәуелділіктерді анықтау тапсырмаларын орындаған оқушылардың үлесі. Бұл жағдайда тапсырмалар болуы мүмкін: - орындалған жоқ; - ішінара орындалды; - орындалды; - оның орындалуын дәлелдеумен орындалды.
3	Берілген көзден ақпарат алу.	Экранға назар аударыңыз (сурет / фото / сурет /	Берілген дереккөзден ақпарат алу тапсырмаларын орындаған оқушылардың үлесі. Бұл жағдайда тапсырмалар болуы мүмкін:

	<p>нысан) ... көргенге сүйене отырып, тізімдеңіз ... байланыстарды анықтаңыз...; ұсынылған объектінің сипаты қалай әсер етеді..., сіздің көзқарасыңызды дәйектермен растаңыз, дәлелдеңіз...</p>	<p>- орындалған жоқ; - ішінара орындалды; - орындалды; - оның орындалуын дәлелдеумен орындалды</p>
--	---	--

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығының дамыту үшін сабақ барысында оқу тапсырмаларын ұтымды пайдаланғанымыз абзал.

Әдебиет:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012 жылғы 25 маусым.

Исина С.Қ.

№3 гимназия, Қарағанды қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық, психологиялық негіздерін терең білу мен барлық оу әрекетін соған негіздеуге байланысты болады. М. Жұмабаевтың «Сыртқы дүниемен адамзат тұрмысымен жаңа таныс болып келе жатқан бір нәрсені білуге, бар білгенін есте ұстауға ұмтылады. Естің қатынасын қатты керек қылатын ғылымдарды үйретуге қолайлы шақ осы. Бұл жаста баланың міндеті ой жүгіртіп білімді іске асыру емес, білімді молайта беру, даярлай беру, бір нәрсені еске ала беру», - деп, балаларды жасынан білуге, тануға ерекше талпыныс пайда болатынына тоқталады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылық дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық негіздеріне алынатын дидактикалық ұстанымдар екі бағытта белгіленеді.

1. Функционалды сауаттылықты қалыптастырудың дәстүрлі ұстанымы. Ол - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы.

2. Функционалды сауаттылықты қалыптастырудың арнайы ұстанымдары.

Оқушының сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалды сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалды сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылықтың тетіктері:

1. Жалпы сауаттылық
2. Тұрмыстық жағдаяттарды шешу барысындағы сауаттылық
3. Компьютерлік сауаттылық
4. Шет тілдерінде байланыс жасай алу сауаттылығы
5. Оқу әрекеті кезіндегі сауаттылық

6. Төтенше жағдайларда әрекет ету жолдарын білу сауаттылығы

Бастауыш білім беру сатысында қарапайым функционалды сауаттылықтың тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады. Оқушы пәнді терең түсініп, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орны ерекше.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек.

Бастауыш сынып оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады.

Оқушы ертегіні оқып түсінуін, сұраққа жауап беруін, кейіпкерлердің мінез-құлықтарына баға беруін, олардың іс-әрекеттерін бағалауын, ертегі мазмұны бойынша қаржылық сауаттылыққа, оқу, жазу сауаттылығына үйрету. Ертегі қалай аталады? Кемпір «Алтын балықтан» не сұратты? Оған керекті не еді? Байлық пен қанағат дегенді ажырата алды ма? Ертегі қалай аяқталды?



А.С.Пушкин «Алтын балық» ертегісі.

Құқықтық сауаттылық және қаржылық сауаттылыққа қазақ тілі пәнінде тапсырма арқылы оқып жазуға үйретуге болады. Берілген сөздерді пайдаланып, суретке әңгіме құрату. Тапсырма: «Кім не алады?» Керекті сөздер: жалақы, зейнетақы, шәкіртақы.



Менің отбасым

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда математикалық сауаттылық және компьютерлік сауаттылықтарын математика сабағында мына тапсырманы ұсынуға болады. Балалар өз ойларын ұтымды дәлелдеп айта алады. Тапсырма: Асан мен Әлия қолда бар ақшаларына спорт үйірмесіне киетін футболка сатып алмақшы болды. Ойлана келе, Әлия қаладағы дүкен қызыметін, ал Асан интернет-дүкен қызыметін пайдаланды.

Сұрақ: Балалар таңдауындағы ұтымды жақтарын ата. Жауабы:



Дүкен

Бастауыш сыныптарда математикадан сандық өрнектермен арифметикалық амалдарды, сонымен қоса 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сандар, «+», «-», «*», «/» секілді таңбалар және I, V, X, M, L, C рим цифрларын оқимыз. Ал алгебра, геометрия элементтерін өткенде, латын әріптерін пайдаланамыз. Әріптерді дұрыс жаза және оқи білумен қоса, берілген тапсырманы орындау математикалық сауаттылықты білдіреді. Тапсырма: Тоғыз жастағы баланың жасы екі жылдан соң және екі жыл бұрын нешеде болғанын есептеп, рим цифрымен көрсет.

Есеп құрастыр

Қазір	2 жылдан соң	2 жыл бұрын
IX	?	?
9 жаста		

Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Мен өз әріптестерімді шәкірттері өз бетінше өмір сүре алатын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты меңгерген, бүгінгі күннің талабына сай функционалды сауатты азамат тәрбиелеуге шақырамын.

Әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген. – Астана, 2012. – 19б.
2. Е.Иманғалиев. Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы».№ 9 (69) 2012 жыл.6-9 бет.
3. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы. – Астана, 2012. – 16б.

Исина Жанагул Картабаевна

«Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы № 44 жалпы білім беретін мектебі тірек мектебі (ресурстық орталық) жанындағы интернат»

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТҮРЛЕРІ

Тіл байлығы- ой байлығы. Ой байлығын дамытатын, қуаттайтын жұмыс түрі ол-мәтінмен жұмыс. Бастауыш сыныптарда білім алушының тілдік қорын байытудың басты бағыты – көркем әдебиет. Бұл мұғалімге үлкен шеберлік пен үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Бастауыш сынып білім алушысы «Сауат ашуды» оқып үйренгеннен-ақ түрлі-түсті, оқиғасы қызық, мәтіндерді оқи бастайды. Кейіпкерлердің қызықты оқиғаға толы өмірлері, олардың бастарынан кешкен түрлі жағдайлар балаларды өз әлеміне тартып, елікереді. Осы кезде мұғалім мәтінмен жұмыс жасау кезеңін кеңінен қолданып, бала бойына көркем әдебиетке деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

Мәтінмен жұмыс жасау дегеніміз- сабақ үстінде жұмыс қарқындылығын дамытып қана қоймай, ойлау қабілеті мен оқу сауаттылығын арттыру мақсатын көздейтін, тіпті кейде оқыту

процесінде күрделілік тудыратын, аса ыждахаттылықпен жұмыс жасауды талап ететін жұмыс түрі.

Мәтінмен жұмыс жасау негізі



Бірінші кезеңде Мәтін тақырыбы, авторы, мәтін жанрымен танысып қана қоймай, сөйлем үлгілері мен тілдік тұлғаларын мәтінде танып, оны айыра білу атап айтқанда, сөйлем түрлері, сөзжасам элементтері, сөздердің бір-бірімен байланысу әдістері меңгеріледі.

Екінші кезеңде мәтін ішінен қажеті ақпараттар мен мәліметтерді бөліп алу, және оларды айра білуге машықтандырса, тапсырмаларды түрлі тәсілдермен орындату сияқты іс-әрекеттер жүзеге асырылады. Оқулықта берілген тапсырмамен жұмыс мұғалімге берілген бағдар, білімалушы білімін нығайту мақсатында жетілдіре түсу – ұстаз шеберлігінің бір қыры. Кітап тапсырмаларын орындаған соң, қосымша сөздермен түсіндірме сөздік арқылы жұмыс істеуді мақсат тұтуға болады. Ойымыз дәлелді болу үшін Қ.Жұмаділовің «Дарабоз» туындысын алайық:

Сөздер	Мағынасы
Күлік	
Адырна	
Дуалы	
Ойрат	

Енді білімалушының мәтінмен танысып, өз пікірлерін айтуы барысында зейін-зерделеріне бағдар берген соң, мәтінмен жұмыс барысында тереңірек үңіліп, мәтін мазмұнын игеруге ықпал ету мақсатында сөйлемдермен жұмыс бағыттарын ұсынуға болады.

Мәтінен үзінді	Мағынасын түсіндір (қарамен жазылған сөзге назар аудар)
Ауылдағы жеңгелері ат қойды	Маған да жеңгелерім Еркедай деп ат қойған
13 жаста-ақ бойы үлкендермен теңесті, ол мінген тайларының белін қайыстыратын және екітесі күліктің мойнын қағып жүретін.	Күлік дегенді білмедім, мүмкін аттың түрі шығар.

Үшінші бөлікте, яғни мәтінді оқығаннан кейінгі атқарылатын жұмыс басты кезең деп айтуға болады. Себебі бұл кезең ұстаздың белсенді оқыту әдістерін неғұрлым кеңінен қолданатын, ал білім алушы мұғалім ұсынған әдістермен кеңінен жұмыс жасайтын уақыты. Мәтінмен жұмыс кезінде шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып, оқушыларды ойландырып сөйлеуге, күрделі мәселелерді шешуге жетелейтін жұмыс.

Бұл кезеңде сюжетті кесте толтыру іс-әрекеті жүзеге асырылады:


Тақырыбы	Авторы	Жанры
Мәтін кейіпкерлер кімдер?	Кейіпкерлерге баға беріп көр	Мәтіндегі басты кейіпкерге портрет құр (иллюстрациялық бейнелеу)
??????	??????	??????
Қандай оқиға болды?	Болған оқиғаның орны мен уақыты	Болған оқиғаның себебі мен салдары
?????	?????	?????
Саған ұнамаған тұсын белгіле	Саған ең ұнаған жері	Мәтіннен негатив тұстарын позитивке ауыстыр
?????	?????	?????

Мәтін мазмұнына сай мақал тауып көр	Мәтін сені неге үйретті?	Мәтін мазмұны бойынша қасыңдағы парталас досыңа не айтар едің? (пікіріңді жаз)
?????	?????	?????
Талқылауға болатын, ерекше көңіл бөлетін пікір бар ма?	Түйін	Нәтиже
?????	?????	?????

Сюжетті кесте толтыру- яғни бұл кесте бойынша жұмыс барысында :

- нұсқау беру және айту;
- көрсету және модельдеу;
- түсіндіру және сипаттау;
- сұрақ қою және талқылау;
- зерделеу және зерттеу;
- бекіту және қолданысқа енгізу;
- қортынды және есте сақтау; сияқты практикалық әрекетке итермелейтін әдістер қолданылады.

Сонымен қоса мәтінде кездескен кейіпкерлер туралы білетіндерін сұрап, оларды толықтыру мақсатында энциклопедия, мерзімді басылымдарды, мақалаларды қарап, өздігінен жұмыс істеуге уақыт беріледі. Енді мәтіннің негізгі ойын ашып көрсету мақсатында келесі сызбаны ұсынуға болады:



Енді білімалушының мәтінмен танысып, өз пікірлерін айтуы барысында зейін-зерделеріне бағдар берген соң, мәтінмен жұмыс барысында тереңірек үңіліп, мәтін мазмұнын игеруге ықпал ету мақсатында сөйлемдермен жұмыс бағыттарын ұсынуға болады.

Мәтіннен үзінді	Мағынасын түсіндір (қарамен жазылған сөзге назар аудар)
Ауылдағы жеңгелері ат қойды	Маған да жеңгелерім Еркетай деп ат қойған
13 жаста-ақ бойы үлкендермен теңесті, ол мінген тайларының белін қайыстыратын және екітисесі күліктің мойнын қағып жүретін.	Күлік дегенді білмедім, мүмкін аттың түрі шығар.

Мәтінмен жұмыс жасау ерекшеліктері:

2. Танымдық процестерді: жады, зейін, ойлау, елестету, қабылдау, танымдық, шығармашылық қажеттілігін қанағаттандыруды дамытады.
3. Сыйласу, өзін өзектілендіру, өзін-өзі бекіту «негізгі қажеттіліктер» өзара қатынас, ойын қажеттілігі, қиындықтарға дайын болу және оны жеңуге мүмкіндік береді.
4. Танымдық қабілеттерін дамытады. Б.Блумның таксономиясын пайдалану, сөйлесу бөлім сабақтарын ұйымдастыру, тұлғалық бағытталған формалар.
5. Белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілі) дамытады. Тұрақты түрде өзара сөйлесу, ортақ тақырыпта әңгімелесу сөйлесуде тұрақтылық қалыптасады.
6. Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастырады. Танымдық қызметтен қанағаттанып қуаныш сезіміне бөлену дағдысы жанданады.
7. Жаңа тақырыпты балалар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін оларға проблемалық

сұрақтар қойылып отырады да, тақырып бойынша жасақталған тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.-Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет
2. Әлметова Ә. “Сөйлеу әрекеті әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007.-114 бет”).
3. Қазбекова Н.Т. “Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану”. // 12 жылдық білім, 2014-№1.
4. Рахымбаева А., Тойымбаева Ж. “Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзырлылығын дамыту”. Ғаламтор желісі
5. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі «Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал» №5 2011 ж.
6. Байжұманова М. Қ., Жапсарбаева Л. Қ. Қазақ тілінен сын тапсырмалары. Астана - 2004
7. Кірісбаева Қ. С. Білім теориясы. Алматы - 2002
8. Бөрібаева Б. Мәтіннен 30 сабақ. Алматы – 1999
9. Балпанова Е. Қ., Мадиярова Г. Жаңа ақпараттық технологиялар. Алматы - 2000
10. Мұхаммади А. Н., Ахметова О. Тілдік құрал негіздері курсына арналған практикум. Алматы – 2000
11. Хакимова Т. Мәтінмен жұмысты өңдеудің әдістемелері. Алматы: «Ғылым» - 2002
12. Аймағанбетова К. З. Бастауыш оқыту әдістемесі. Алматы: «Білім» - 2000

Ибраева М.Р.

Қарағанды облысы білім басқармасының «№10 арнайы мектеп-интернаты» КММ

БАЛАЛАРДЫҢ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұзылыстың күрделі құрылымы бар балаларда ақыл-ой кемістігі (зияткерлік бұзылулары) бар білім алушыларға бірінші кезектегі қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты күнделікті өмірлік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастыру қажет. Ең алдымен, бұл өзіне қызмет көрсету мүмкіндігі: дәретханаға бару, гигиеналық процедураларды орындау және т.б. Балалардың көпшілігі бұрын игерілген дағдыларды жалпылау арқылы өздігінен қызмет етуді үйренеді. Біздің педагогикалық тәжірибеміз көрсеткендей, ақаудың күрделі құрылымы бар балалар сол дағдыларды игеру үшін бірнеше рет қайталауға негізделген мінез-құлық тәсілі аясында құрылымдалған бағдарламаны қажет етеді. Балаларға өзін-өзі күту дағдыларын үйрету кезінде біз әр баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруіміз керек. Біз мұғалімдердің, ең алдымен тәрбиешілердің, жоғарыда аталған санаттағы балаларға күнделікті өмірде мүмкіндігінше тәуелсіз болуға көмектесу міндеті деп санаймыз. Бала өзін-өзі күту және жеке гигиена дағдыларын қаншалықты игерсе, ересек жасында өзгелерге соншалықты тәуелсіз болады деген пікірмен келісеміз. Біздің мақалада ақаудың күрделі құрылымы бар балаларда өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру бойынша педагогикалық тәжірибемізді қорытындылағмыз келеді. «Бұзылыстың күрделі құрылымы» ұғымын біз бір балада дамудың бұзылуының жаңа, күрделі құрылымын құрайтын екі немесе бірнеше бастапқы психофизикалық бұзылулардың жиынтығы деп түсінеміз (Л. С. Выготский, М. Г. Блумина, Р. А. Мареева, Н. М. Назарова, М. С. Певзнер және т.б.). Ең алдымен, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруға деген көзқарас жүйелі және біркелкі болуы керек екенін атап өткіміз келеді. Арнайы жеке даму бағдарламасын құру кезінде мұғалімдер мен ата-аналар мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру бөліміндегі жалпы мақсаттарды бірлесіп анықтайды. Түзету-дамыту оқу-тәрбие процесіне қатысатын барлық мамандарды қазіргі уақытта қандайдағдыларға ерекше назар аудару керек және оларды қалыптастыру үшін қандай нақты жаттығулар (құралдар және т. б.) қолданылады. Мысалы, бала шеберлікті қалыптастыру үшін бірдей заттарды байланыстыруды үйренеді - қолды жуу және күнделікті кестені ұстану дағдылары. Мұны тек мұғалім мен дефектолог қана емес, сонымен

бірге логопед, әлеуметтік педагог және оқушы үнемі байланыста болатын басқа мамандар мен қызметкерлер де білуі керек. Бұл жағдайда ата-аналармен үйлесімділік шешуші рөл атқарады, өйткені үйде ата-аналар қалыптасқан қабілеттіліктер мен дағдыларды үнемі қолдайды. Екінші кезекте, біз ақаудың күрделі құрылымы бар балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру үшін қажетті оқу материалдары мен бейімдеу жабдығын қолдану ерекшеліктеріне тоқталғымыз келеді. Жоғарыда айтылғандай, ақаудың күрделі құрылымы бар балаларда өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастырудың мақсаты оларды күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерді өз бетінше қанағаттандыруға үйрету болып табылады. Бірақ бала өздігінен орындай алмайтын жағдайларда біз көмекші құрылғыларды қолдануды қарастырамыз. Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру процесінде мыналарды қолдану қажет: нақты заттарды көрсету (мысалы, сабын немесе сұйық сабыны бар бөтелке), иллюстрациялық-бейнелеу материалдарын көрсету (мысалы, қолын жуып жатқан қыздың бейнесі бар сурет). Оқытудың практикалық әдістері мен тәсілдерін қолдануға көп көңіл бөлу қажет: жаттығулар практикалық әрекеттерді бірнеше рет қайталау ретінде; көрнекі-әсерлі көрсету (әрекет ету тәсілі) оқыту әдісі ретінде; дидактикалық ойын; модельдеудің көрнекі және практикалық әдісі, мысалы, қол жуу дағдысын қалыптастыру үшін модель құру және оны қолдану процесі ретінде. Үшіншіден, біз өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары мен мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастырудың кейбір стратегияларын ашқымыз келеді. Біз белгілі бір дағдылар мен қабілеттерге үйрету кезінде біз «кішкентай қадамдар» технологиясын қолданамыз, оның мәні әр әрекетті кезеңдерге бөлу болып табылады - «қадамдар».

Тәрбиеленушіге әрбір «қадамды» кезекпен оқытамыз, бірте-бірте барлық іс-әрекеттің өз бетінше орындалуына қол жеткіземіз. Мысалы, бала бірден қранды ашып, қолдарын жууды үйренеді деп күтпеу керек. Бұл әрекетті талдағаннан кейін, біз бірлесіп шешім қабылдадық, ол келесі «қадамдардан» тұрады: – суық сумен шүмекті ашыңыз; – ыстық сумен шүмекті ашыңыз; – қолды жуу үшін судың қажетті температурасын таңдаңыз; – жеңдерді орап алыңыз (қажет болса); – сабын алыңыз; – қолды жуыңыз; – сабынды орнына қойыңыз; – қолды ағынды сумен жуыңыз; – ыстық сумен шүмекті өшіріңіз; – суық сумен шүмекті өшіріңіз; – сүлгіні алыңыз; – қолды сүртіңіз; – сүлгіні орнына іліп қойыңыз. Айта кету керек, мекемеде әртүрлі топтарда араластырғыштардың әртүрлі түрлері бар. Тұтқасы бар араластырғыштар бар топтар бар, мотор функциялары бұзылған, бұлшықет әлсіздігі бар балаларға мұндай араластырғыштарды қолдану оңайырақ. Бұл жағдайда біз балаларға су температурасын реттеу және жабу үшін араластырғыш тұтқасын басқаруға үйретеміз. Біз баланың барлық әрекеттерді бірден өз бетінше орындай алатындығын қалаймыз, бірақ бір немесе екі «қадамдардың» тәуелсіз орындалуын оқушының айтарлықтай жетістігі ретінде қарастыруға болады. «Кішкентай қадамдарды» қалыптастыру кезінде біз визуалды кестені жиі қолданамыз. Егер, әрине, баланың визуалды кестемен жұмыс істеуге көмектесетін алдын-ала дағдылары болса ғана. Жоғарыда атап өткеніміздей, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары мен мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруды табиғи жағдайда жүргізу қажет. Мысалы, қолды жууға үйрету топтағы немесе кеңседегі бассейннің көмегімен емес, раковинаның жанындағы режимдік сәттерде жүргізілуі керек[1]. Біздің жеке педагогикалық тәжірибемізді, осы тақырыптағы әріптестеріміздің тәжірибесін талдау өзін-өзі күту дағдылары мен мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру оларды табиғи жағдайда, нақты заттарды қолдана отырып және тиісті уақытта тәрбиелеу кезінде тиімді болатындығын көрсетеді. Осылайша, өзіміздің педагогикалық тәжірибемізді, басқа мекемелердегі әріптестеріміздің тәжірибесін, сондай-ақ отандық және шетелдік әдебиеттердегі теориялық мәліметтерді жинақтай отырып, кемшіліктің күрделі құрылымы бар балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары мен мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру кезінде ескеру қажет әдістемелік ұсыныстарды тағы бір рет атап өткіміз келеді:

- мамандар мен ата-аналардың өзара әрекеті мен келісімділігі;
- «өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары және мәдени-гигиеналық дағдылар» бөлімі бойынша арнайы жеке даму бағдарламасының мазмұнын;
- дағдыларды қалыптастыру нәтижелерін бекіту;
- қажетті дағдыларды қалыптастыру бойынша әрекеттерді талдау кезінде «кішкентай қадамдарды» қолдану;
- физикалық кеңестерді қолдану (мысалы, «қолды қолға қою»);

- нақты нұсқаулықтарды қолдану;
- тұрмыстық заттарды қолдана отырып, табиғи жағдайда өзін – өзі күту дағдыларын және мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- көмекші жабдықты пайдалану (қажет болған жағдайда). Мұның бәрі күрделі құрылымы бар балаға болашақ өмірінде мүмкіндігінше дербес және тәуелсіз болуға мүмкіндік береді.

Мәдени-гигиеналық дағдылар мен өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыруға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулардың мысалдары[2]:

Сабын қолғаптары. Мақсаты: Баланы қолды мұқият жуып, кірді дұрыс жууға үйрету. Денеңіздің тазалығынан қуанышты сезіну. Сөздікті іске қосыңыз: сабын, сабын ыдысы, кір сабын, көбік, шаю.

Кірқожалақ қыз. Мақсаты: балаларға қуыршақты шомылуға үйрету, ойын әрекеттерінің тізбегін есте сақтау. Ойынға алмастырғыш заттарды қолдануға шақырыңыз. Ойынды жаңа сюжеттермен байытыңыз. Сөздікті іске қосыңыз: шомылу, жуу, жылы су. Жақсы сезімдерді, қуыршаққа қамқор көзқарасты тәрбиелеу.

Ыдыс-аяқтарды жуу. Ыдыс-аяқ ойыншықтары: ыдыс жуғыш, губка, аз мөлшерде тазалағыш зат, металл зат (кішкене табақ, шайнек немесе қасық). Күрделі және жауапты іс-әрекет, әсіресе бала үшін қызықты. Кәстрөлді тазартудың барлық процедурасы балаға баяу және іс-әрекетке деген қызығушылықпен көрсетіледі. Сондықтан балаға іс-әрекеттің барысын өзара білуге, жеке әрекеттерді нақты түсінуге және тұтастай әрекетке назар аударуға мүмкіндік беріледі. Балаға жаттығуды басқа заттармен қайталау ұсынылады. Біраз уақыттан кейін сізге кетуге болады, бірақ жұмыс істейтін баламен үнемі байланыста бола аласыз. Ойын сабағы аяқталған кезде, сіз балаға бәрін қалай жинап тастау керектігін көрсетуіңіз керек. Бәрін жинастырғаннан кейін ғана жаттығу аяқталды деп саналады.

Тазалау. Ойыншықтар: жарма, қасық, науа, губка немесе щетка, қалақша. Дәнді бір банкадан екіншісіне қасықпен құю, қарақұмық немесе тары сұрыптау, сондай-ақ шашыранды, әсіресе губкамен және қопсытқышпен тазарту.

Таза бол. Мақсаты. Балалардың оң көңіл-күйін, өзіне-өзі қызмет көрсету процесіне қатысуға деген ынтасын ояту. Суреттерде және өмірде жуу процесін, оны жүзеге асыру үшін қажетті заттарды біліп, дұрыс атай білу.

Қуыршақты шешіндіру. Мақсаты: балаларға шешіну ретін есте сақтауға көмектесу; оларды киімді ақырын іліп, бүктеуге үйрету.

Ұйқыдан кейін қуыршақты киіндіру. Мақсаты: Балаларды 3-5 дәйекті әрекеттерді ойнауға үйрету. Балалардың киім заттары және оларды кию тәртібі туралы білімдерін бекіту. Ойын барысында білу дағдыларын қалыптастыру. Серуендеуге өзіміз киініп шыға аламыз. Мақсаты: өзіне-өзі қызмет көрсетудің тұтас процесі ретінде киінуді игеру, іс-әрекеттерді ұтымды орындаудың дәйектілігі мен әдістерін бекіту. Серуендеуге арналған киім тізбегінің пәндік-схемалық моделін қарапайым өзін-өзі бақылауды үйрету. Заттардың атауын бекіту. Көмек ұсына білу, Алғыс айту. Үлкен түймелер, кішкентай түймелер, басқыш түймелер, тесікке енетін бау, ілмектер мен ілмектерге оралған бау, белдіктерден жасалған ілгектер.

Біз қонақтарды қарсы аламыз. Мақсаты: балаларға жеке ыдыс-аяқтарды дұрыс атауға үйрету, олардың функциялары туралы түсінік қалыптастыру. Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетінің кейбір ережелері мен дағдыларын бекіту. Мейірімділікті, қамқорлықты тәрбиелеу.

Әр түрлі қызықты сабақтар балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастырып, қуаныш әкелуі керек екенін есте ұстаған жөн. Бала жаңа нәрсені білгеніне қуанады, оның жетістігіне қуанады. Сонда ғана балалардың дербестігін қалыптастыра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бердникова Е.К. Особенности формирования навыков самообслуживания и культурно-гигиенических навыков у детей со сложной структурой дефекта / Е. К. Бердникова. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. 2019. №16 (254). 249-251бб.

2.Максимова М. В. Особенности формирования самостоятельности у детей дошкольного возраста в процессе самообслуживания / М. В. Максимова, Н. В. Логина. — Текст: непосредственный // Вопросы дошкольной педагогики. 2018. № 6 (16). 12-15бб.

Игенова А.А

№1 «Білім-инновация» лицейі, Қарағанды қаласы

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ – МАҒЖАН «ПЕДАГОГИКАСЫНДА»

Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер,
жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер.

М.Жұмабаев

Функционалдық сауаттылықты бала тәрбиесінен тыс қарастыра алмаймыз. Бүгінгі үздіксіз білім тәрбиесіз ұрпаққа берілсе, адамзат үшін қауіп-қатер, апат әкелетінін ғұлама бабамыз Әл-Фараби айтып кеткен. Инновациялық технология, инновациялық білім-ғылым тәрбиесіз өз шешімін таппайды. Адамзатқа бақыт сыйлау үшін білім-ғылым тәрбиемен ұштастырыла қатар жүргізілмесе, қоғамның дерті асқынады. Асқынған дертті емдеу қиынға соғады. Сондықтан қайырусыз кетіп бара жатқан ұл-қыздарымыздың бетін саналы түрде бері қаратып алу үшін ұлттық үлгі-өнегеміз бен тәрбиемізді функционалдық сауаттылықтың талаптары мен міндеттеріне бағыттай отырып, сапалы білім берудің технологиялық тетіктерін шығармашылық ой еңбегіне бағыттау абзал.

Осы орайда функционалдық сауаттылықтың сапалы білім беруде атқаратын мақсат-міндеттерін іске асыруда әр ұстазға көмекке келетін ғылыми әдістемелік құрал – Мағжанның «Педагогикасы.»

«Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау болмаса, адам басқа жануар сықылды заттарды, көріністерді құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді. Келешекте не болатынын, тұрмысы қалай өзгеретінін білмейтін бір саңлаусыз соқыр болар еді. Адам ойлау арқасында ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Қысқасы, ойлай білетін адам – шын мағынасымен адам» деп, Мағжанның ой топшылауы – функционалдық сауаттылықтың жауапты қызметіне дәлме-дәл, айна қатесіз берілген анықтама. «Педагогика» – функционалдық сауаттылықтың атқаратын функциясын ғылыми тұрғыда жан-жақты зерделеп, оны іске асырудың амал-тәсілдері физиологиялық, педагогикалық тұрғыдан да сауатты түрде дәлелденген. Таңғажайып, таңғаларлық ғылыми еңбек!

Кемеңгер ақын-ұстаз ойлауды өркендетудің мынадай жолдарын ұсынады: «Баланың жанында дұрыс әсерленулер һәм ашық суреттеулердің көп болуына иждиһат қылу керек. Әсерленулер, суреттеулер өздері аз болып және дұрыс һәм ашық болмаса, баланың ұғым, хүкім жасауы һәм ой шығаруы хата болады. Ойдың өзінің терең болуы үшін әсерлеу һәм суреттеулердің көп һәм ашық болуы керек. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойлайды.

Осы орайда мектеп бағдарламасында берілген әдеби шығармалардан бірнеше үзінділерді мысалға келтірейін. 11-сыныпта берілген О.Бөкейдің «Атау-кере» романынан: «Табиғат ием-ай, тамашаң қандай көп еді... Әдемі, шыншыл, ақылды, сондықтан да адамдар секілді қателеспейді. Табиғат мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап-арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені оның жүрегі таза. Табиғат бізді алдаған емес, тек өзімізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыламыз,» деген үзіндіні түсінгенде оқушылар әсерленді, ойдан ой туып, сұрақтарды қарша боратты, талдау барысында адамға ғана айтылатын «әдемі, шыншыл, ақылды» қасиеттерінің табиғатқа тән айтылу себебіне ой жүгірте отырып, барлық асыл қасиет адамға тек табиғаттан берілетіндігіне көз жеткізді. Табиғат пен адам арасындағы ерекше бір мәңгілік үзілмейтін байланыс туралы терең әңгіме қозғады... Нәтижесінде табиғат-ананы «жан-тәнімен сүю, қадірлеп қастерлеу, аялап күту» ұғымдарына терең мән бере бастады, табиғаттың арқасында өсіп-өніп, ел болып, ержетіп жатқандарын мойындады. Әрқайсысы өзінше бір қорытындыға келіп, ой топшылады...

«Балаға бір пікірді ұқтырмақшы болсақ, жалаңаш пікірді айтуда қасиет жоқ, бала пікірді суреттеудің өзінен шығарып алсын.»

«Айна ерте тұрды. Есік алдындағы пешке от жақты. Пештің үстіндегі қазанға су құйды. Беті-қолын жуып, тілерсегіне түсетін шашын тарап, төбесіне түйді... Мол шаштың ұйысқанын жазып, тарап өруден қиын нәрсе жоқ-ты. Ыза болған күні кесіп тастамаққа сан рет оқталса да, енесі: “Қайшыны жалақтатпа, мен өлген күні қиясың,” - деп, келісімін бермейтін. Енесінің сөзін екі етпейтін Айна “қойдым, апа, қойдым” деп, бетінен сүйетін. “Ұлымнан гөрі сені жақсы көрем, келінжан” деп, Нюра кемпір айналып-толғанатын...» («Атау-кере»): Оқушы осы суреттеуден ауыл тіршілігін көз алдына елестетіп, қазақ қызының еңбекқорлығын, сұлулығын, ене сөзін екі айтқызбай тыңдайтын тәрбиелі қыздың қайын енесін туған анасындай жақсы көріп, сыйлайтынын сезді, кейіпкердің адамгершілік қасиеттеріне сүйсінді. Шығармашылық талдау барысында суреттеуден өздері шығарған қасиеттерді бойларына сіңіретіндігіне күмән келтірмедім. Оқушы оны өзі байқамайды, ұстаз оның іс-әрекетінен, жауабынан сезіп, ерекше қуанышқа бөленеді.

«Кимешек киіп аппақ шатыр астында отырғандай аналық мол мейірім төккен Нюра Фадеевнаның әр сөз, әр қимылынан кіршіксіз тазалықпен қатар, кісіні арбап алар кірпияздық, кісіні баурап алар бауырмалдық, абзал бәйбішелерге жарасар жайсаң мінез, саумал сабыр, самалдай байсалдылықты аңғарасың, жаны жадыраңқы, жүзі шырайлы, маңайына шуақ таратып, шешіле сөйлеп шешен болып кетер еді. Сырттай бақылаған пендеге: бәрі бар, бәрі жеткілікті құдайдан жалғыз ұлының тілеуін тілеп көсем жасқа келді: өмірінің барлық ыстық-суығы соңында қалды, алдан күтер ештеңесі жоқ “Алланың” аманатын орындау ғана. Ол қара басының мұң-мұқтажын емес, қайран елінің ертеңін ойлап амалсызданатын.» Талдау, талқылау, саралау жұмыстарының арқасында үзіндіден оқушы анаға тән бірнеше асыл қасиеттерді сүйсіне тізбектеді. Өз баласын жанындай сүйетін ана ешкімді жат санамай, елдің қамын қоса ойлайтынына, жүрегінің үлкендігіне таңғалды, тамсанды. Ана махаббатының ерекшелігіне, шексіздігіне қайран қалды.

